

Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті

ӘОЖ: 378.091.12

Қолжазба құқығында

КУАНЖАНОВА КУНДЫЗ ТУГЕЛБАЕВНА

Білім беру субъектілерінің тұлғалық-кәсіби қасиеттерін дамыту

6D010300 – Педагогика және психология

Философия докторы (PhD)

ғылыми дәрежесін алу үшін дайындалған диссертация

Отандық ғылыми жетекші:
Психология ғылымдарының докторы,
профессор Ж.И.Намазбаева

Шетелдік ғылыми кеңесші:
PhD доктор, профессор И.Кисач
(Түркия, Анкара)

Қазақстан Республикасы
Алматы, 2015

МАЗМҰНЫ

НОРМАТИВТІК СІЛТЕМЕЛЕР	3
АНЫҚТАМАЛАР	4
БЕЛГІЛЕУЛЕР МЕН ҚЫСҚАРТУЛАР	5
КІРІСПЕ	6
1 БІЛІМ БЕРУ СУБЪЕКТИЛЕРІНІҢ ТҰЛҒАЛЫҚ-КӘСІБИ ҚАСИЕТТЕРІ ДАМУЫНЫҢ ТЕОРИЯЛЫҚ - ӘДІСНАМАЛЫҚ НЕГІЗДЕРІ	13
1.1 Философия, психология және педагогика ғылымдарындағы «тұлға» ұғымының мәні	13
1.2 Білім беру субъектілері тұрғысынан ЖОО оқытушыларының тұлғалық-кәсіби қасиеттеріне сипаттама	36
1.3 Білім беру субъектісі тұрғысынан ЖОО оқытушыларының өзін-өзі белсендіруі – тұлғалық-кәсіби дамуының негізі	59
2 БІЛІМ БЕРУ СУБЪЕКТИЛЕРІ – ЖОО ОҚЫТУШЫЛАРЫНЫҢ ТҰЛҒАЛЫҚ-КӘСІБИ ҚАСИЕТТЕРІ ДАМУЫН ЭКСПЕРИМЕНТТІК ЗЕРТТЕУ	84
2.1 Білім беру субъектілері – ЖОО оқытушыларының тұлғалық-кәсіби қасиеттері дамуын эксперименттік зерттеу жұмысын ұйымдастыру және анықтаушы эксперименттің нәтижелері	84
2.2 Білім беру субъектілері – ЖОО оқытушыларының тұлғалық-кәсіби қасиеттері дамуын психологиялық қамтамасыздандыру	105
2.3 Қалыптастырушы эксперименттің нәтижелері	150
ҚОРЫТЫНДЫ	157
ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ	159
ҚОСЫМШАЛАР	170

НОРМАТИВТІК СІЛТЕМЕЛЕР

Бұл диссертациялық жұмыста келесі нормативтік құжаттарға сілтемелер көрсетілген:

Қазақстан Республикасының «Білім туралы» 2007 жылғы 27 шілдедегі №319-III Қазақстан Республикасының Заңы (Берілген өзгерістер мен толықтыруларымен, 2015.21.07).

Жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандартын бекіту туралы Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2010 жылғы 19 наурыздағы № 130 бұйрығы (наурыз, 2010 ж.).

Қазақстан Республикасында білім беруді дамытудың 2011-2020 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасын бекіту туралы (Берілген өзгерістер мен толықтырулармен, 2014.12.08).

Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә.Назарбаевтың «Қазақстан - 2050» Стратегиясы қалыптасқан мемлекеттің жаңа саяси амалы атты Қазақстан Халқына Жолдауы (желтоқсан, 2012 ж.).

Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә.Назарбаевтың «Қазақстан жолы – 2050: Бір мақсат, бір мүдде, бір болашақ» атты Қазақстан халқына Жолдауы (17 қаңтар, 2014 ж.).

Қазақстан Республикасының президенті Н.Ә.Назарбаевтың Ұлт жоспары «100 нақты қадам» бағдарламасы (20 мамыр, 2015 ж.).

АНЫҚТАМАЛАР

Бұл диссертациялық жұмыста келесі терминдерге сәйкес анықтамалар қолданылған:

Білім беру – қоғамдағы әлеуметтік топтарды мәдениетке және өркениетке қосатын, әлеуметтік тәжірибелерді зерттейтін әлеуметтік-педагогикалық үдеріс.

Тұлға теориялары – тұлғаның мәні, даму заңдылықтары туралы болжамдардың немесе көзқарастардың жиынтығы.

Тұлғаны зерттеу – тұлғаның нақ қазіргі жағдайда кім екенін және осы жағдайға қалай жеткендігін анықтау.

Тұлға – әлеуметтік-мәдени ортада, біріккен іс-әрекет үдерісі мен қарым-қатынаста пайда болатын адамның ерекше сапасы, саналы іс-әрекет субъектісі.

Субъект – өзін-өзі өзгертетін, өзін-өзі дамытатын, түрлендіретін, белсенді әрекет ететін адам немесе ұжым.

Оқытушы – өскелең ұрпаққа білімді жеткізетін, адам бойында адамды бекітетін, адамды жасау борышы міндеттелген жоғары санатты маман.

Оқытушылардың кәсіби әрекеті – бұл психологиялық, педагогикалық, өндірістік-технологиялық қызметтерден тұратын кіріктірілген іс-әрекеттердің жиынтығы

Қасиет – маңызды, қажетті заттарға тән, бұрынғы қалпына келмейтін ішкі және сыртқы белгілер жүйесі, сапаны дамытудың алғышарты.

Тұлғалық-кәсіби қасиеттер – іс-әрекетті тиімді жүзеге асыруға қажет сапалардың алғышарты, әлеуетті мүмкіндігі, өзара әрекетке түсу барысында орын алатын тұлғалық ерекшелік.

Құзыреттілік – теориялық білімін өзінің кәсіби әрекетінде, мәселелерде шешуде, өзінің жеке өмірінде тиімді, сапалы қолдана алу қабілеті.

Деформация (лат. deformation) – ішкі және сыртқы факторлардың өзара әрекеттерінің нәтижесінде пайда болған кез-келген өзгеріс.

Кәсіби деструкциялар – тұлға құрылымындағы еңбек табысына және осы үдеріске қатысушылардың арабайланысына теріс әсер беретін өзгерістер.

Психологиялық қамтамасыздандыру – адамның үйлесімді дамуы, табысты жұмыс жасауы мен оқуы үшін нақты әлеуметтік ортада әлеуметтік-психологиялық шарттарды құруға бағытталған, әлеуметтік-психологиялық қамтамасыздандырудың шеңберінде қолданылатын дербес диагностикалық, қалыптастырушы және түзету технологиясынан тұратын кешенді көмек көрсету үдерісі.

Психотехнология – тұлғаның дамуына бағытталған психологиялық әсер ету әдістерінің мақсатқа бағытталған тұтас жүйесі.

Тұлғалық өсу – өзін-өзі дамыту, өзін-өзі жетілдіру, өзін-өзі тәрбиелеуге бағдарланған қалыптастыру үдерісі.

Тұлғалық-кәсіби өсу – кәсіби іс-әрекетінде жүзеге асатын тұлғаның кәсібилігіне қарай бағытталған үдеріс.

БЕЛГІЛЕУЛЕР МЕН ҚЫСҚАРТУЛАР

Бұл диссертациялық жұмыста келесі белгілер мен қысқартулар қолданылған:

ҚР	Қазақстан Республикасы
ЖОО	Жоғары оқу орны
PhD	философия докторы
ҚР БҒСБК	Қазақстан республикасының білім және ғылым саласындағы бақылау комитеті
ҚазҰПУ	Қазақ Ұлттық педагогикалық университеті
ҒЗИ	Ғылыми зерттеу институты
АӨМУ	Ақтөбе өңірлік мемлекеттік университеті
т.б.	тағы басқалары
ЭТ	эксперименталды топ
БТ	бақылау тобы
ТЖ	топ жетекшісі

КІРІСПЕ

Зерттеудің көкейкестілігі. Қазіргі жаһандану жағдайында мемлекеттің әлемдік білім кеңістігіне енуі барысында болашақ мамандарды даярлаудың сапасын жақсарту мәселесіне баса назар аударылып отыр [1-6]. Осы тұрғыдан Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә.Назарбаев Ұлт жоспары [6] «100 нақты қадам» бағдарламасында «Ұлттың дамыған мемлекеттердің отыздығына кіруі үшін адам капиталының сапасын көтеріп, кадрлардың бәсекелестік қабілетін арттыруымыз қажет» – деп, нақты тапсырмаларды міндеттеген болатын.

Осыған орай, ағымдағы заманауи білім беру әлемнің жетекші мемлекеттерінің бәсекеге қабілетті талаптарына және инновациялық даму моделінің стратегиялық дамыту бағытына сәйкес құрылуы қажет. Бұл жағдай әлемдік білім беру кеңістігінде жан-жақты интеграциялық білімге құмар, күнделікті өзгерістерге тез бейімделетін, өз бетімен шығармашылық іс-әрекеттер жасай алатын, әлеуетті, зияткер ұлтты қалыптастыруды талап етіп отыр.

Ал бұл болса, білім беру субъектілері бойында белсенділік, бастамашылдық, өзін-өзі анықтау, өзін-өзі белсендіру, өзін-өзі жетілдіру, өзбетімен шешім қабылдау сияқты тұлғалық-кәсіби қасиеттерін дамыту қажеттілігін арттыра түседі.

Жоғары оқу орнындағы (ЖОО) білім беру субъектілерінің негізгілерінің бірі болып оқытушы саналатыны белгілі. Ал заманауи педагогтың білім беруді ізгілендіруде, білім алушыларды оқыту мен тәрбиелеу үрдісінде олардың әлеуметтік рөлінің басымдығы маңызды болып табылады. Осыған байланысты олардың құзыреттілігінен, шығармашылығынан және тұлғалық-кәсіби қасиеттерінің дамуынан білім беру сапасын артуы мен нәтижелігі талап етеді.

Мұғалімнің тұлғасының дамуы мәселесі ерте замандарда ақ Шығыс философы Конфуцыздан бастап, ежелгі антикалық философтар (Платон, Аристотель, Сократ), орта ғасыр ойшылдары (Әл-Фараби, А.Иүгінеки, Ж.Баласағұни, Қ.Иассауи) қазақтың ағартушылары (Ш.Уәлиханов, Ы.Алтынсарин, А.Құнанбаев, Т.Тәжібаев, М.Жұмабаев, Ж.Аймауытов т.б) еңбектерінде [7-16] көрініс тапқан. Бұдан басқа да, біздің зерттеу жұмысымыз үшін «тұлға» мәнін қасиеттер тұрғысынан сипаттаған шет ел [18-20] және Ресейлік ғалымдарының [21-24] еңбектері маңызды болып табылады.

Аталған мәселе ғылыми әдебиеттерде жан-жақты қарастырылған. Қазақстанда мұғалімді кәсіби даярлаудың теориялық-практикалық негіздерін Х.Д.Хмель, М.Н.Сарыбеков, А.А.Калюжный, А.А.Бейсенбаева, Р.К.Бекмағамбетова, Н.Н.Хан, К.М.Беркімбаев, С.Н.Жиенбаева және т.б. [25-31] ғалымдар зерттеген.

Мұғалімдердің тұлғалық-кәсіби сапаларына қатысты мәселелер де зерттеуден тыс қалмаған. Педагогтардың өзіндік санасы мен эмоционалдық иілгіштігі (А.Де-Жуанс, Е.Наварро, Э.Ф.Зеер, Л.М.Митина, А.К.Бейсенбаева, З.Б.Мадалиева т.б), педагогикалық қабілеттері (В.Н.Гоноболин, Н.В.Кузьмина,

В.А.Крутецкий т.б), кіріктірілген сапалары (А.К.Маркова, Б.С.Тлеубаева, К.Т.Жансүгірова, Х.Санфей, Е.Л.Ушер т.б), кәсіби құзыреттілігі (Л.Хьелл, Д.Зиглер, И.Ф.Исаев, А.Р.Тұрғанбаева, М.А.Абсатова, Г.И.Мұратова т.б), педагогикалық шығармашылығы (В.А.Кан-Калик, Н.Д.Никандров, Ұ.М.Әбдіғапбарова, Б.А.Тұрғынбаева т.б), өзін-өзі тәрбиелеуі, өзін-өзі дамытуы (А.А.Жайтапова, Б.К.Альмурзаева, Г.С.Сагаутдинова, С.Холландс, Д.В.Морисс т.б) және т.б сынды тұлғалық-кәсіби қасиеттері ғылыми тұрғыдан зерделенген.

ЖОО оқытушыларының кіріктірілген тұлғалық-кәсіби сапалары Ж.Ы.Намазбаева, Н.С.Ахтаева, Э.А.Орынбасарова, Г.С.Кусаметованың [32-35] еңбектерінде талданып, негізделген.

Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті, Психология ғылыми зерттеу институтының білім беру субъектілерінің тұлғасын зерттеу нәтижелері бүгінгі таңда олардың жағымсыз қасиеттері көрсеткіштерінің (агрессивтілігі, фрустрациясы, ригидтілігі, стреске тұрақтылық деңгейлерінің төмендігі) басым екендігін көрсетті. Сондай-ақ, бұл зерттеулерде ЖОО оқытушыларының жасы ұлғайған сайын пәнді оқыту барысында студенттердің тұлғасын дамытуға емес, пәннің мазмұнын меңгертуге баса көңіл бөлінетіндігі айтылған.

Қазіргі жоғары білім беру жүйесіндегі үздіксіз туындап жатқан көпжоспарлы өзгерістер, яғни көлемді жаңалықтарды қабылдап, шұғыл игеру қажеттілігі, нақты бағыттардың болмауы, жұмыстың шамадан тыс жүктелуі педагогикалық іс-әрекеттегі оқытушылардың сана-сезімінің, стереотиптерінің, кәсіби іс-әрекетінде және өмір сүру салтында қондырғыларының түбегейлі өзгерісіне, еңбек әрекетін жүзеге асыру үшін жаңа жағдайларға бейімделу т.б сынды қиыншылықтарды тудырып отыр. Әсіресе, бүгінгі таңдағы білім берудің мақсатты, мазмұнды, процессуалды қызметтерінің жаңаруына сәйкес педагогикалық білім берудің технологиясы мен мазмұны, ұйымдастыру бағытындағы инновациялар ЖОО оқытушыларының шығармашылық, стандартты емес шешімдерді қабылдау, студенттермен тиімді өзара қарым-қатынас жасауға тұлғалық және кәсіби дайындығын жеткілікті деңгейін қамтамасыз етпейді.

Бұған қоса, бүгінгі күннің тәжірибесі педагогикалық әрекеттің объективті жағы үнемі білім беру субъектілерімен жетілдіріліп, дамытылып отырылғанымен, алайда осы үдерістің тиімділігінің маңызды шарты субъективті, яғни тұлғалық-кәсіби қасиеттерін дамыту және түзету мәселесінің маңыздылығы әлі де болса өз деңгейінде толыққанды зерттелмегенін бірқатар зерттеу жұмыстарында байқадық.

Аталғандардың әсерінен маман бойында агрессия, агрессивті мінез-құлық, мазасыздану, кәсіби стресс, фрустрация, ішкі терең дағдарыс қалыптасады, бұл қасиеттер ЖОО оқытушыларының психоэмоционалды күйлеріне әсер етіп, бейімделе алмаушылығын арандатып, әлеуметтік-психологиялық жайсыздық сезімдерді тудыратын кәсіби деформациямен анықталып отыр [36-37].

Бұл өз кезегінде оқытушылардың интеллектуалды-шығармашылық әлеуетін тежеп, маңыздысы - студенттік ортада үйлесімді психологиялық жағдайды ұйымдастыруға кедергі келтіреді.

Кәсіби іс-әрекетпен байланысты жағымсыз үдерістер тұлғаның өзгерісінде бейнеленетін кәсіби деформация мәселесі тұлғаның кәсіби тұрақтануында үлкен мәнге ие. Болашақ маманның тұлғасын қалыптастыру барысындағы ЖОО оқытушының ролін жете бағаламауға болмайды, өйткені кәсіби іс-әрекетте пайда болатын деформация патологиялық деформацияға ұласып, тұлғаның жекелігін бұзатыны анықталған.

Осы айтылып өткендер, ЖОО оқытушыларының тұлғалық-кәсіби қасиеттерін дамытуда мынадай қарама-қайшылықтардың бар екендігін көрсетті:

– ЖОО-да педагогикалық іс-әрекеттегі қарым-қатынасты ізгілендіру қажеттілігі мен оқытушылардың басым бөлігінің оны жүзеге асыра алмауы арасында;

– ЖОО-ның педагогикалық іс-әрекеттегі қарым-қатынасты ізгілендіруде оқытушылардың тұлғалық-кәсіби қасиеттерін тұтастық тұрғыдан зерттеу қажеттілігі мен оның ғылыми-практикалық тұрғыдан жеткіліксіз зерттелгендігі арасында;

– ЖОО оқытушыларының тұлғалық-кәсіби қасиеттерін тұтастық тұрғыдан қарастыруда өзін-өзі белсендірудің маңыздылығы мен оның ғылыми-әдіснамалық негіздерінің жасалмауы арасында;

– ЖОО оқытушыларының тұлғалық-кәсіби қасиеттерін дамытуға арналған психотехнологияны қолдану қажеттілігі мен олардың жеткілікті өңделмеуі, сонымен қатар мақсатты, жүйелі жүзеге асырылмауы арасында.

Ғылыми әдебиеттер мен практиканы талдау барысы ЖОО оқытушыларының тұлғалық-кәсіби қасиеттерін тұтас тұрғыдан зерттеудің және кешенді психологиялық көмек көрсету қажеттілігінің маңыздылығының айқындалуы зерттеу проблемасын тудырды. Бұл өз кезегінде оқытушылардың бойынан көрініс алып қалатын жағымсыз қасиеттерді болдырмау білім беру үдерісін әлеуметтік-психологиялық тұрғыдан кешенді қамтамасыздандыруға арналған ғылыми-әдістемелік құралдарды талап етеді.

Осы аталған қарама-қайшылықтардың және проблеманың шешімін табу зерттеу тақырыбын «**Білім беру субъектілерінің тұлғалық-кәсіби қасиеттерін дамыту**» - деп таңдауымызға негіз болды.

Зерттеудің мақсаты. ЖОО оқытушыларының тұлғалық-кәсіби қасиеттерін дамытудың ерекшеліктерін ғылыми тұрғыдан негіздеу, психотехнологиялық дамытушы-түзетуші бағдарламасын және әдістемесін жасау, оның тиімділігін эксперимент жүзінде тексеру.

Зерттеудің нысаны. ЖОО оқытушы тұлғасының даму үдерісі.

Зерттеудің пәні. Білім беру субъектісі – ЖОО оқытушыларының тұлғалық-кәсіби қасиеттерін дамыту.

Зерттеудің негізгі болжамы. Егер ЖОО оқытушыларының тұлғалық-кәсіби қасиеттерін дамытудың ғылыми-әдіснамалық негіздері

анықталса; тұлғалық-кәсіби қасиеттерін дамытуға арналған психотехнологиялық дамытушы-түзетуші бағдарлама жасалса, онда маманның үдемелі өзін-өзі белсендіруіне қажеттілігі қамтамасыз етіледі, өйткені бұл білім беру үдерісін ізгілендіруде қажет.

Зерттеудің міндеттері:

1. «Тұлға» ұғымының мәнін ашу арқылы зерттеудің әдіснамалық тұғырларын анықтау.
2. ЖОО оқытушыларының «тұлғалық-кәсіби қасиеттері» түсінігінің мәнін, құрылымын анықтау және оларға сипаттама беру.
3. ЖОО оқытушыларының тұлғалық-кәсіби қасиеттерінің ерекшеліктерін ғылыми-эксперименттік тұрғыдан негіздеу.
4. ЖОО оқытушыларының тұлғалық-кәсіби қасиеттерін дамытуға арналған психотехнологиялық дамытушы-түзетуші бағдарламасын, оны жүзеге асырудың әдістемесін жасау және тиімділігін эксперимент жүзінде тексеру.

Зерттеу әдістері: Зерттеу жұмыстарын жүзеге асыруда **теориялық** (философиялық, психологиялық, педагогикалық және ғылыми-әдістемелік әдебиеттерді талдау, қорытындылау, салыстыру, синтездеу, топтастыру); **эмпирикалық** (сауалнама, әңгімелесу, бақылау, тест, тәжірибелік-эксперименттік жұмыстар: анықтаушы және қалыптастырушы эксперимент) **статистикалық** (зерттеу нәтижелерінің сенімділігін математикалық-статистикалық тұрғыдан өңдеу) әдістер қолданылды.

Зерттеудің теориялық негіздері: мұғалімдерді кәсіби даярлау мәселелері (А.А.Бейсенбаева, Н.Д.Хмель, Н.С.Ахтаева, А.К.Маркова, Л.М.Митина, Ұ.М.Әбдіғабарова және т.б.), субъект-субъектілік тұғыр (Н.Н.Хан, А.Р.Ерментаева, И.А.Зимняя, В.А.Демченко), тұлғаның психологиялық қорғанысы туралы тұжырымдама (З.Фрейд), тұлғалық өсуді психологиялық қамтамасыздандыру (И.В.Вачков, Ж.Ы.Намазбаева, Т.А.Подольской, А.И.Шнейдер).

Зерттеудің әдіснамалық негіздері: тұлғаны зерттейтін тұтастық тұғыр (Л.С.Выготский), субъект-субъектілік тұғыр (Н.Н.Хан, А.Р.Ерментаева, И.А.Зимняя, В.А.Демченко), жүйелік-іс-әрекеттік тұғыр (А.Н.Леонтьев, Б.Г.Ананьев), кешендік тұғыр (Ж.Ы.Намазбаева), ізгілендіру тұғыр (А.Маслоу, К.Роджерс, А.А.Бейсенбаева).

Зерттеу жұмысының жетекші идеясы: ЖОО оқытушыларының тұлғалық-кәсіби қасиеттері олардың өзін-өзі белсендіруге қажеттілігінің деңгейлерін жоғарылату мен тұтас тұлғалық өсуге бағытталған ғылыми негізде дайындалған психотехнологияларды мақсатты және жүйелі қолдану барысында үдемелі дамиды.

Зерттеудің ғылыми жаңалығы және теориялық мәнділігі:

1. ЖОО оқытушыларының «тұлғалық-кәсіби қасиеттері» түсінігінің мәні мен құрылымы анықталды және оларға сипаттама берілді.
2. ЖОО оқытушыларының тұлғалық-кәсіби қасиеттерінің ерекшеліктері теориялық тұрғыдан негізделді.

3. ЖОО оқытушыларының тұлғалық-кәсіби қасиеттерін дамытуға арналған психотехнологиялық дамытушы-түзетуші бағдарламасы және оны жүзеге асыру әдістемесі жасалды.

Зерттеудің практикалық маңыздылығы:

- ЖОО оқытушыларының тұлғалық-кәсіби қасиеттерін дамытуға бағытталған психотехнологиялық дамытушы-түзетуші бағдарламасы жасалды;

- «Интеграцияланған пән мұғалімдерін дайындау» атты оқу-әдістемелік құралы, «Модернизация жағдайында кәсіби-педагогикалық кадрларды даярлау» атты оқу құралы, «Білім беру субъектілерін тұлғалық-кәсіби дамыту» бойынша тренингтік жинақ жасалды.

- Автордың жасаған психотехнологиялық дамытушы-түзетуші бағдарламасын және оны жүзеге асыру әдістемесін жоғары және арнаулы орта оқу мекемелерінде, педагог мамандарын даярлауда және республикалық, аймақтық мұғалімдердің кәсіби білімін жетілдіру институттарында семинарлар, тренингтер жүргізуде пайдалануға болады.

Қорғауға ұсынылатын негізгі қағидалар:

1. ЖОО оқытушылары білім беру субъектісі тұрғысынан тұлғалық-кәсіби қасиеттерге ие. Оның құрамын өзін-өзі белсендіру контексіндегі тұлғалық, кәсіби-танымдық, әлеуметтік-қарым-қатынас және эмоционалды компоненттер құрайды.

2. ЖОО оқытушыларының тұлғалық-кәсіби қасиеттерінің дамуы субъект-субъектілік қатынастарда өзара бір-бірімен тығыз байланысты жүзеге асырылады. Осы байланыстар өзін-өзі белсендіруінің төмен, орташа және жоғары деңгейлеріне тән тұлғалық-кәсіби қасиеттердің ерекшеліктерімен анықталады.

3. ЖОО оқытушыларының білім беру субъектілері тұрғысынан тұлғалық-кәсіби қасиеттері дамуының нәтижелі іске асуы тұлғалық өсуге бағытталған психотехнологиялық дамытушы-түзетуші бағдарламаны мақсатты және жүйелі қолданудан талап етіледі.

Зерттеудің кезеңдері:

Теориялық (2012-2013) – зерттеу проблемасының әдіснамалық және жалпы ғылыми негіздері анықталды, зерттеудің базалық ұғымдары қарастырылған педагогикалық, психологиялық еңбектерге талдау жасалды, шетелдік және отандық тәжірибелер жүйеге келтірілді. Жұмыстың ғылыми аппараты анықталып, эксперименттік зерттеу жұмыстарын ұйымдастыру әдістемесі жасалды. Оқытушылардың тұлғалық-кәсіби қасиеттерін зерттеудің амалдары анықталды

Эксперименттік (2013-2014) – оқытушылардың тұлғалық-кәсіби қасиеттерінің ерекшеліктері зерттелінді. Тұлғалық-кәсіби қасиеттердің өзара байланыстарын анықтап, инновациялық психотехнология бағдарламасы даярланды және нәтижелердің тиімділігі тексерілді.

Қорытындылау (2014-2015) – оқытушылардың тұлғалық-кәсіби қасиеттерін зерттеу бойынша теориялық және эксперименттік зерттеу кезеңдерінің нәтижелері қорытындыланды. Диссертацияның мазмұны ғылыми

мақалаларда жарияланды және семинарларда талқыланды. Зерттеудің нәтижелері жүйеленіп, қорытындыланды. Нәтижелер диссертацияның мазмұнына еңгізіліп, тиісті тұжырымдар жасалып, ұсыныстар берілді.

Зерттеу базасы: Экспериментке барлығы 100 студент және 174 ЖОО оқытушылары қатысты (Қ.Жұбанов атындағы Ақтөбе өңірлік мемлекеттік университеті (87 оқытушы, 100 студент), С.Бәйішев атындағы университеті (37 оқытушы), М.Оспанов атындағы Батыс – Қазақстан медицина университеті (50 оқытушы)).

Алынған зерттеулердің дәйектілігі және сенімділігі:

Диссертацияның теориялық-әдіснамалық тұғырлары, эксперименттік зерттеу нәтижелері 2012-2015 жылдар аралығында келесі отандық және шетелдік басылымдарда жарық көрді: «Жоғары оқу орынынан кейінгі білім беру жағдайындағы ғылыми-педагогикалық әлеуетті дайындаудың өзекті мәселелері» атты халықаралық ғылыми-практикалық конференцияда (Алматы., 2012); Россия и Европа: связь культуры и экономики, Материалы VII международной научно-практической конференции (Прага, Чешская республика., 2013); «Білім әлеуметтануы» Екінші Халықаралық симпозиум материалдары жинағы (Алматы., 2013); «Инновация және білім беру технологиялары» халықаралық ғылыми-практикалық конференция, (Жетісай., 2014), Обучение и воспитание: методики и практика 2014/2015 учебного года, XIX Халықаралық ғылыми-практикалық конференция материалдар жинағы (Новосибирск., 2015).

Жарияланымдар. Диссертация нәтижелері бойынша 14 еңбек жарияланды, оның ішінде Scopus базасына кіретін журналдарда – 2, Халықаралық ғылыми-практикалық конференцияларда – 4, Халықаралық симпозиум материалдарында – 1, ҚР БҒСБК-мен ұсынылған журналдарда – 4 мақала жарық көрді. 1 – оқу-әдістемелік құрал, 1 – әдістемелік құрал, 1 – тренингтік жинақ басылым көрді.

Диссертацияның құрылымы. Диссертация кіріспеден, екі тараудан, қорытындыдан, пайдаланылған әдебиеттер тізімі мен қосымшалардан тұрады. Жалпы көлемі – 169 бет, 22 кесте және 8 суреттен тұрады.

Кіріспе бөлімінде зерттеу тақырыбының көкейкестілігі негізделеді, зерттеудің нысаны, пәні, мақсаты, міндеттері, жетекші идеясы, әдіснамалық-теориялық негіздері, әдістері, кезендері, ғылыми жаңалығы мен теориялық және практикалық маңыздылығы, ғылыми болжамы, қорғауға ұсынылатын қағидалары анықталады.

«Білім беру субъектілерінің тұлғалық-кәсіби қасиеттері дамуының теориялық - әдіснамалық негіздері» атты бірінші тарауда философиялық, психологиялық және педагогикалық әдебиеттердегі тұлға мәселесінің зерттелу жағдайына талдау жасалу негізінде «тұлға» ұғымының білім беру субъектісі тұрғысындағы мәні ашылады. ЖОО оқытушылардың кәсіби іс-әрекетінің ерекшеліктері, атқаратын қызметтері және маңызды тұлғалық-кәсіби қасиеттерінің мәні қарастырылған отандық және шетелдік әдебиеттер мен тәжірибелерге талдау жасалды. Оқытушылардың тұлғалық-кәсіби қасиеттерін

дамыту мәселесінің әдіснамалық тұғырлары айқындалды. «Сапа», «қасиет» ұғымдары нақтыланды. ЖОО оқытушыларының білім беру субъектісі тұрғысындағы тұлғалық-кәсіби қасиеттеріне, оның негізін құрайтын кәсіби деформацияға және өзін-өзі белсендіру ерекшеліктеріне сипаттама берілді. ЖОО оқытушыларының тұлғалық-кәсіби қасиеттерін дамуындағы өзін-өзі белсендірудің мәні мен маңызы айқындалды.

«Білім беру субъектілері - ЖОО оқытушыларының тұлғалық-кәсіби қасиеттері дамуын эксперименттік зерттеу» атты екінші тарауда зерттеудің эксперимент жұмысын ұйымдастырудың мазмұны мен әдістері мазмұндалады. ЖОО оқытушыларының тұлғалық өсуіне бағытталған психотехнологияның дамытушы-түзетуші бағдарламасының мазмұны жасалады, мәні сипатталады. Оны қолдану әдістері іріктеледі, әдістемесі жасалады. Анықтау және қалыптастыру экспериментінің нәтижелері талданады, даму динамикасы көрсетіледі. Оқытушылардың тұлғалық-кәсіби қасиеттерін дамытудың психотехнологиялық дамытушы-түзетуші бағдарламасының тиімділігі тексеріліп практикалық-зерттеу жұмыстың мазмұны және оның нәтижелері қорытылады.

Қорытынды бөлімде теориялық және эксперименттік жұмыстың нәтижелеріне негізделген қорытындылар мен ұсыныстар берілді.

Қосымшада ЖОО оқытушыларына жүргізілген сауалнамалар, әдістемелердің сұрақтары, ЖОО оқытушыларының тұлғалық-кәсіби қасиеттерінің көрсеткіштері және Спирмен критериясының нәтижелері берілді.

1 БІЛІМ БЕРУ СУБЪЕКТИЛЕРІНІҢ ТҰЛҒАЛЫҚ-КӘСІБИ ҚАСИЕТТЕРІ ДАМУЫНЫҢ ТЕОРИЯЛЫҚ-ӘДІСНАМАЛЫҚ НЕГІЗДЕРІ

1.1 Философия, психология және педагогика ғылымдарындағы «тұлға» ұғымының мәні

Біздің зерттеу пәніміз білім беру субъектілерінің, соның ішінде жоғары оқу орны оқытушысының тұлғалық-кәсіби қасиеттерін дамыту болып табылатындықтан, диссертацияның әдіснамалық ұстанымдарын анықтау мен ұғымдық аппаратын нақтылауға септігін тигізетін «тұлға» ұғымының мәнін ашуды міндет санадық. Әрбір тұлғаның, жекелік қайталанбайтын ерекшелігін сипаттайтын қасиеттері көптүрлі және сан алуан екендігі мәлім. Сол себепті тұрмыста тұлғаны сипаттайтын мыңдаған түсініктер бар. Біз әрбір адамға оның бойындағы қасиеттерін, қандай да бір жағдайдағы мінез-құлығын, іс-әрекетін болжау, анықтау арқылы өзіміздің жеке түйсігімізге тән баға береміз [38, 134-135 б.]. Тұлғалық қасиеттер тұлғаның өзінің өзгелерге тұлға ретінде танылатын бойындағы қасиеттері арқылы сипатталады.

Зерттеу барысында біз тұлғаның мәнін қасиеттер тұрғысынан сипаттайтын еңбектерді талдау арқылы тұлғалық қасиеттерді нақтылай аламыз. Демек, тұлға ұғымының мәнін аша отырып, тұлғалық қасиеттерді анықтаймыз.

Барлық кәсіби іс-әрекеттегі субъект адам болғандықтан «тұлға» түсінігінің көптеген ғылым салаларының (психология, әлеуметтену, саясаттану, құқық, т.б.) негізгі объектісіне айналуы тегін емес. Адамның әлеуетін, қабілетін, қасиетін, мүмкіндіктерін қалыптастыру мен дамытуға қатысты білімдерге деген сұраныстардың күннен-күнге артуы аталған мәселенің педагогика ғылымы тұрғысынан өзектілігі мен маңыздылығын дәлелдей түседі.

Тұлға ұғымына жасаған талдау нәтижесінде бүгінгі таңда тұлғаны сипаттайтын анықтамалардың сан алуан (шамамен 200) екендігін, тұлға ұғымының мәнін ашатын түсініктерді біріктіру жұмыстары күрделі мәселелердің қатарынан табылып, ғылыми еңбектерде оған берілген бәріне бірдей ортақ анықтаманың қалыптаспағандығын байқадық [39-45].

1937 жылы американдық психолог Г.Оллпорт өзінің алғашқы “Тұлға - психологиялық интерпретация” атты кітабында тұлғаға байланысты 50-ден астам түсінік береді. Түсініктерді синтездеудің нәтижесінде бір шешімге келе алмай, тұлға ұғымына анықтама беруден бас тартып, «адам – бұл объективті шынайылық» деп қорытындылаған болатын [45].

Тұлға теориялары – тұлғаның табиғаты, даму тетіктері туралы болжамдардың немесе көзқарастардың жиынтығы. Тұлға теориялары тек адамның мінез-құлығын түсіндіріп, болжап қана қоймай, мынадай сұрақтарға жауап беруді мақсат етеді (А.Хьелл, Д.Зиглер):

- Тұлға дамуы туғаннан немесе жүре пайда болады ма?
- Тұлғаның қалыптасуы үшін қандай жасаралық кезең маңызды?
- Тұлға құрылымында қандай үдерістер (саналы немесе санасыз) маңызды саналады?

– Тұлғаның бойында еркіндік бар ма және ол өзінің мінез-құлығын қаншалықты деңгейде басқара алады?

– Тұлғаның ішкі дүниесі субъективті ме, әлде объективті ме? Объективті әдістер арқылы оны қалай анықтауға болады?

Осындай күрделі сұрақтар адам бойындағы мінез-құлықтары, іс-әрекеттерімен сыртқы кескіндерінің арасында орын алатын айырмашылықтарға байланысты туындаса керек. Психологиялық құрылым тұрғысынан тұлғаны талдауға мүмкіндік беретін үш деңгейді бөліп қарастыруға болады: тұлғаның дербес элементтерінің қасиеттері, күйлері және біртұтас қасиеттері. Осы үш деңгейдің бірігуінен тұлғаның құрылымы анықталады [39, 273-273 б.].

Ғылыми әдебиеттерде бастапқыда «тұлға» түсінігінің ежелгі театрдағы актердің киген бетпердесін білдіргені, содан кейін актердің өзін және оның рөлін түсіндіргені, соңғы уақытта қоғамдық өмірдегі адамның өмір сүру бейнесіне қатысты айтылатындығы анықталған [44, 9 б.].

Философия ғылымында «тұлға» қоғамдық қарым-қатынастардың жиынтығы деп сипатталса, әлеуметтануда «тұлға» дегеніміз – индивидті сипаттайтын әлеуметтік маңызды қасиеттердің тұрақты жиынтығы болып түсіндіріледі. Педагогикада «тұлға» эволюциялық үдерістің призмасы тұрғысынан қарастырылады. Психологияда «тұлға» әлеуметтік-мәдени ортада, біріккен іс-әрекет үдерісі мен қарым-қатынаста иеленетін адамның ерекше сапасы [38, 134-135 б.] деп берілген.

Қазақстан ұлттық энциклопедиясында «Тұлға» – жеке адамның адамгершілік, әлеуметтік, психологиялық қырларын ашып, адамды саналы іс-әрекет иесі және қоғам мүшесі ретінде жан-жақты сипаттайтын ұғым [48, 525 б.] деп түсіндірілген.

Көрсетілген анықтамалар «тұлға» ұғымының кеңдігі мен күрделі екендігін және әр ғылымда оның зерттеу пәніне қатысты түсіндірілгенін байқатады.

Бірқатар зерттеушілердің (А.Н.Леонтьев, Л.С.Выготский, С.Л.Рубинштейн) тұжырымдауынша «адам тұлға болып туылмайды, жүре қалыптасады». Бұл тұрғысынан да тұлғаның дамуы мен қалыптасуына байланысты нақты бір теорияның жоқ екендігі анықталды.

Зерттеулерге жасаған талдау тұлғаның дамуы мен қалыптасуын түсіндіретін бірнеше амалдар бар екендігін көрсетті. Мәселен, биогенетикалық амал (С.Холл, З.Фрейд) тұлғаның дамуын организмнің жетілуіндегі биологиялық үдерістермен байланыстырса, социогенетикалық амал (Э.Торндайк, Б.Скиннер) тұлғаның дамуын қоғамның құрылымы, әлеуметтену тәсілдері мен қоршаған ортадағы өзара қарым-қатынастың ықпалы арқылы түсіндіреді. Ал, психогенетикалық амал (Ж.Пиаже, Дж.Келли) биологиялық және әлеуметтік факторларды жоққа шығармайды, алайда тұлғаның бойындағы психикалық көріністерді, күйлерді маңызды деп санап, бірінші орынға қояды [44, 9 б.].

Осы аталған амалдар бірін-бірі жоққа шығармайды, керісінше толықтыра түседі. Олай дейтініміз олардың әр бірінде көрсетілген

факторлар арқылы тұлға дамиды және тұлғаны сипаттайтын қасиеттер де осы үдеріс барысында қалыптасады. Біз зерттеу барысында өз пәнімізге сәйкес тұлғаның дамуы мәселесіне де тоқталуды жөн көрдік.

Адамның болмысы туралы ойлар ежелгі философтардың еңбектерінен бастау алып, осы күнге дейін әлі де зерттеушілердің арасында өзінің құндылығын жоғалтқан емес.

Философиялық еңбектерде адамның болмысы ерекше құбылыс тұрғысынан қарастырыла отырып, «адам-әлем» қатынасындағы мәселелерде оның биофизикалық табиғи көрінісіндегі айырмашылықтар зерделеленді.

Ежелгі грек философы *Сократтың тұжырымдауына* Антикалық кезеңдегі Ежелгі Батыс философиясының өркениетінде адамның өмір сүруінің негізгі мақсаты болып оның *өзін-өзі адамгершілік тұрғыдан белсендіру* қажеттілігі саналады. Сондай-ақ ол «адам өзін танығанда ғана, өзіне не пайдалы екенін, нені істей алатынын, нені істей алмайтынын білетіндігін және анық түсінетіндігін» айтады. Адам санасының жақсылық пен ақиқатқа бағытталатынын, оның өз бойындағы қабілеттерінен анықтай алуы оның өзін танып білуіне байланысты екендігін көрсетеді [47, 334-335 б.].

Белгілі грек философтары Аристотель мен Платонның философиялық ойларының психологиялық негізіне «адамның өзі түсінбейтін, түсіндіре алмайтын құбылыстарға ең алғаш таңдану, таңырқау сезімдерін білдіреді» деген пікірлері жатады [47, 336-337 б.]. Платон адамның міндетін өзінің жанын барлық заттық субстанциядан ажырату арқылы өзіне зейін қоюы деп түсіндірсе, Аристотель «Метафизика» еңбегінің бірінші тарауында адамдардың барлығы табиғатынан білімге ұмтылатынын, ұстаздар өнерпаздардан іскерлік жағынан емес, жасалатын нәрсенің себебін түсіндіре алатындықтан даналы келетіндігін айтады [47, 348-360 б.].

Ал, *Қайта өрлеу кезеңінде* адамның шынайы өмірінің шарттарын, еркіндігін оның тұлғалық әлеуетін зерттеу арқылы түсінуге болатындығы туралы идеялар кең тараған.

М.Вольтер, Ж.Ж.Руссо қоғамдағы әлеуметтік-экономикалық және рухани-саяси өзгерістерге адамзаттың табиғаты (эгоизм, құштарлық, әуестік) ықпал ететіндігін анықтады. Ж.Ж.Руссо «адам еркін, бостандықпен дүниеге келеді, бірақ барлық уақытта оны құрсаулар қаптайды» деп, адамды түсіну үшін оның жанын терең бойлау қажеттігін көрсетеді [47, 23-27 б.]. Демек, адам үнемі бостандықта өмір сүре алмайды.

Цицерон адамдарды саналы тіршілік иесі ретінде танып, тәрбиеге қабілетті деп санайды. Ол адам болмысында жақсылыққа шақыратын және жамандықтан қашыратын бір күштің болатынын айтқан [47, 386-387 б.].

Жаңа дәуір философиясының көрнекті өкілі Ф.Бэкон «Адам табиғаты мен патшалығын тұжырымдайтын қанатты сөздер» атты еңбегінің «Адам табиғаты туралы» бөлімінде адам табиғаты көпшілік жағдайда жасырын, кейде жаншылған, ішінара қираған күйінде болатындығын айтады [48, 32-37 б.].

Франклин бойынша адам еңбек құралдарын жасайтын хайуан делінсе, Гете «Адамдық қасиет оған тек туғанда берілген ерекшеліктермен емес, оның өзі жасаған құндылықтары арқылы өлшенеді» деп жазды [48, 250-251 б.].

Р.Декарттың [48, 42 б.] «күмәндану» ұстанымында: «Егер мен күмәндансам, демек менің ойлай алатыным сөзсіз. Егер мен ойлайтын болсам, онда менің өмір сүргенім» делінеді. Дж.Локк «туғаннан берілетін идеялар мен ұстанымдар» теориясына қарсы шыға отырып, жан дегеніміз—«*tabularasa*» (таза тақта) деп, білімнің адамзат тәжірибесінен шығатынын дәлелдеп [48, 126-127 б.], түсініктер мен идеялардың адамда туғаннан берілмейтінін дәлелдеуге тырысады. Адам өмірде қоршаған әлемді өз сезімдерінің көмегімен, ішкі тәжірибе – рефлексия арқылы қабылдауға дайын [48, 126 б.] болады. Адамдар арасындағы айырмашылықты тәрбиелеу мен өмірдің жағдайларына байланысты ажыратылатындығын атап, жеке тұлғаның физикалық және рухани қалыптасуына (дені сау денедегі үйлесімді жан) үлкен мән берсе, француз философы К.А.Гельвеций, Дж.Локктың пікірімен келісе отырып, «Адам туралы» еңбегінде: «Физикалық сезімталдық дегеніміз – адамның өзі және өз болмысының иесі» дейді. Барлық адамдардың табиғатынан тең екендігін айтып, адамның барлық қабілеттері мен дарындылығы, оның адамгершілік қасиеттері белгілі бір ортаның ықпалымен қалыптасатынын [48, 170-171 б.] айтады. Д.Дидро адам тұлғасының қалыптасуында және әлеуметтік құрылымды белсендіруінде тәрбиенің рөлін жоғары бағалады [48, 193 б.]. Байқап тұрсақ, *зерттеушілер тұлғаның бойындағы қасиеттердің туа бітпейтінін, оның дамуында тәрбиенің, қоршаған ортаның маңызы туралы айтады.*

Г.Гегель «адамға екі жақты, яғни жекелік және жалпыға ортақ қасиет тән екендігін көрсетеді. Осыған байланысты адамның өз алдындағы борышы, бір жағынан, физикалық өзін қорғау болса, екінші жағынан, өзінің жекелігін жалпыға ортақ ортада көрсету – «өзін-өзі белсендіру» болып табылады. Ол алғаш рет рефлексияны тек ойлау категориясына жатқызып қоймай, эмоционалды-құндылықпен байланысты түсіндірді [49]. Л.Фейербах адамның болмысын әлеуметтік байланыстармен қатар қарастырып, табиғаттың бөлшегі ретінде тұлғааралық қарым-қатынаста ғана адам өзін-өзі белсендіре алады деп, адамды іс-әрекеттік, жекелік, физикалық даму тұрғысынан қарастырды, бірақ оның іс-әрекеттік болмысын толық ашып көрсетпейді.

И.Фихте адамның өмір сүру мәні мен мақсаты – өзін өзі ғана анықтайтынын дәйектеді. Ішкі анықтық индивидке адамның өзін-өзі белсендіруі мен тендестірудің өзара байланысы мен өзара шартталғандығын көрсететін өзінің маңызын түсінуіне мүмкіндік беретінін қоса айтады.

Философиялық тұрғыдан, адам тағдырының мәні туралы кеңейтілген түсінік *XX ғасырда* орын алған. Э.Гуссерелдің адамның «Менін» ажырамайтын екі үдеріс «өзіндік мәнін өзінің бойынан және жалпы мәдени туындылардан іздеуі мен іске асыруы» арқылы тануға болады деген идеясынан тарайды [50, 23 б.].

Байқасақ, жоғарыда аталған философиялық көзқарастарда тұлға өзін-өзі анықтау, өзін-өзі тану, рефлексия сынды қасиеттермен анықталғанын байқаймыз.

Тұлға бойындағы қасиеттердің ерекшеліктері туралы ойлар одан әрі *орта ғасыр ойшылдарының* еңбектерімен жалғасады. Әл-Фараби [10, 341-349 б.] адам баласының бойында ортақ қасиеттердің болатынын айта отырып, сонымен бірге әр адамның тек өзіне ғана тән қасиет-қабілеттерінің болатындығын сөз етіп, тапқыр ойлы, зерек адамдарды, яғни кез келген пікір алалығын туғызатын мәселелердің шешімін дұрыс тауып, тапқырлық көрсете алатын болса, кез келген іс-әрекетті уақыт өткізбей, аз уақыт ішінде тамаша етіп аңғара алатын, яғни зерек, өзі ойлаған заттарды адамдардың көпшілігі қабылдап, жалпы жұртқа мәлім қағидалар мен тәжірибелерді байқау арқылы дұрыс қабылдай алатын болса, ол адамды бойында тұлғалық қасиеті бар адам деп айта аламыз дейді. Ж.Баласағұни тұлға бойындағы қайырымдылық, кішіпейілділік, сабырлылық қасиеттерді ерекше атап, адам баласының қадір-қасиеті біліммен, ақылмен екендігі айтылады [11, 90-107 б.]. А.Иүгінекидің [12, 79-82 б.] «Ақиқат сыйы» деген еңбегінде адамның бақытты болуы оның мінезіне байланысты, қатты ашуы келгенде оған тежеу жасай алатын адамға Алла тағаланың сыйы бар. Алла адамның жүрегіне жылылық береді, себебі алла тағала «сабырлылықты, жақсылықты, жақсы мінезді сүйеді», – деп адам бойындағы ізгі қасиеттерді өз шығармаларына арқау етеді. Қожа Ахмет Иассауи [52, 135-158 б.] адам бойындағы кездесетін даңқ, құмарлық, күншілдік, екіжүзділік, надандық, кекшілдік, алдау сияқты жаман әдеттердің болатынын өкінішпен айтып, адамның іс-әрекетін оның адамгершілік деңгейімен бағалайды.

XIX ғасырда өмір сүрген Ш.Уәлиханов, Ы.Алтынсарин, А.Құнанбаев [14-16] секілді қазақ ағартушы-ойшылдары еңбектерінде тұлғаның бойындағы маңызды қасиеттерді әр қырынан қарастырғаны бәрімізге аян. Ш.Уәлиханов адамды бойлай берген сайын, оның таңғажайыптылығының құпиясына таңданатынымызды айтады. Табиғаттың таңғажайып құбылысы – адамның өзі болып табылады. Ол – *қабілетті, ойлай алатын, жан-жағын бағдарлай алатын, білімді, ұят сезімі бар, ақылды, имандылық* секілді қасиеттерді атап, оларды ұрпақ бойынан көруді және дарытуды қалаған. Ы.Алтынсариннің *қазақ халқына тән қасиеттерді* зерттеулері, қоғамның сұранысын толығымен қанағаттандырып, бәсекелестікке түсе алатын тұлға қалыптастыру барысында ойшылдың айтқан ойлары мен еңбектері бүгінгі күннің өзекті мәселелерімен қиылысып келеді. Ал А.Құнанбаевтың [15, 133-148 б.] адами жетілу «Адам» ұғымына байланысты ой-пікірлерінің негізінде адамгершілігі мол, сүйе білетін және сүйікті бола алатын, толық адамның бейнесі жан-жақты суреттелген. Хәкім Абай бұл игі қасиеттерді одан әрі жалғастырып, адам мен қоғам арасындағы байланысты еңбекпен, біліммен, ақыл-ой, санамен байланыстыруға болатынын айтады. Ол халық болмысын адамның кісілігімен, қабілет-қасиетімен түсіндіруге тырысады.

Философтардың адам болмысы және адам дамуы туралы пікірлеріне жасаған талдау орта ғасыр ойшылдары мен қазақ ағартушыларының бүгінгі

күні де құнды саналатын, тұлғаның бойынан табылуға тиісті әділеттілік, ізгіліктік, адамгершілік сынды қасиеттерге аса мән бергендігін көрсетті.

Тәуелсіз мемлекет тұсындағы егеменді ел философтары Т.Ғабитов «Адам – ақыл-ойы бар әлеуметтік жан» деп, тұлға бойындағы ақыл мен ойға баса назар аударса, В.П.Тугаринов тұлғаның: 1) саналылық; 2) жауапкершілік; 3) еркіндік; 4) жеке басының қадірі; 5) даралық қасиеттер мен қоғамдық белсенділікпен бекіген саяси-идеялық бағытты қасиеттерін қатар қояды [53, 7 б.; 54, 5б.]. Ал С.Мырзалының пікірінше, «адам – санасы арқылы дүниені танып білетін, соның нәтижесінде еңбек құралдарын жасап, өзара бірігіп, айнала қоршаған ортаны өзгертіп, сан алуан қажеттіліктерін өтей алатын пенде» болып табылады [55, 550 б.].

Қазақстандық белгілі философ Ғ.Есім өзінің «Адам зат» еңбегінде адамзаттың болмысын толық сипаттайды. Оның тұжырымдауынша, адамзатқа болмысы тән (дене құрылымы); жан (жүрек); нәпсі (бейімделу, сақтану, инстинкт, сопылық дүниетаным, саясат және мәдениет); ақыл (ақыл, парасат, зейін, даналық, зерде, зеректік, пайым); көңіл (жан, сана, сезім, хал); рух (Отан, жұрт, ел қорғау ісі); ар (ұят, намыс); ғажайып (жаралыс, періште, шайтан) атты сегіз жүйеден тұрады. Ғалымның адамзаттың ғұмыры қысқа және оның өзін-өзі тануына мүмкіндік бермейтіні туралы ой-тұжырымдары біздің зерттеу жұмысымыздың өзектілігін айқындайды [56, 6-110 б.].

«Тұлғаны зерттеу – тұлғаның нақ қазіргі жағдайда кім екенін және осы жағдайға қалай жеткендігін анықтау. Әрине, адамдар бір-бірінен өмір бойы жинаған білімдеріне қарай ажыратылады: әр адам – әмбебап құбылыс. Бірақ білім алу, үйрену, даму үдерісі барлық адамдарға тән ортақ заңдылықтарға бағынады.

Н.Стенфордтың пікірінше, тұлғаны анықтауда психология заңдылықтары маңызды орынды иеленетіндігін ескерсек, тұлға мәселесін зерттеуде оның психология ғылымында қарастырылу жағдайын зерделеу қажеттілігі артады [57, 34-35 б.].

XX ғасырдың басында тұлғаның мәні олардың жүріс-тұрысы және іс-әрекеттерінің себебін анықтауға байланысты болжамдар түрлі теорияларда көрініс табады.

Соның бірі – Батыс психологиясының теориялық және әдіснамалық жетекші идеяларының таралуына негіз болған австриялық ғалым З.Фрейдтің «классикалық психоанализ» атты бағытынан бастау алады. Оның түсіндіруінше, адамның психикасы организмге тән түрлі инстинкттер, құштарлықтар мен тілектерге байланысты. Адамның қалыптасуына Эрос (жыныстық инстинкт, өмір сүру және өзін-өзі қорғау инстинкті) және Танатос (өлім, агрессия және деструкция инстинкті) атты екі маңызды инстинкт ықпал етеді [18].

Адамның өмірі – Эрос және Танатос атты екі күштің бір-біріне қарсы тұруының нәтижесі. Аталған инстинкттер негізгі қозғаушы прогресті айқындайды. Екі күш индивидтің болмысын ғана емес, сонымен қатар

әлеуметтік топтардың, халықтардың, мемлекеттердің іс-әрекеттерінің себептерін түсіндіре алады дейді зерттеуші.

З.Фрейд бойынша, адамның мінез-құлығы жартылай болса да бейсана (адамның мінез-құлығы, іс-әрекеттері оның психологиялық импульстері мен ұмтылыстарына ықпал ететін инстинкттерін қанағаттандыруға бағытталады) кейпінде болады. Психоаналитикалық теорияға сәйкес, біз өзіміздің болашағымызда жүзеге асыратын іс-әрекеттерімізбен ерте балалық шақтағы мінез-құлық шаблондарын бекітеміз және адамдар барлық уақытта бейсана тұрғыдан агрессивті конфликт күйінде болады. Ғалымның теориясы бойынша, адамның өмірі либидоға (жыныстық инстинкт) байланысты анықталады [18, 17 б.].

Тұлғаның бейсана деңгейіндегі құштарлықтары оның әлеуетін және белсенділігін қамтамасыз етіп, іс-әрекеттерге мотивациясын тудырады. Адамның инстинктік қажеттіліктерін әлеуметтік нормалық шектеулер қанағаттандыра алмағандықтан, адам өзі бойында тереңде жатқан құштарлықтарын жүзеге асыру үшін қоғаммен қабылданған іс-әрекеттер арасынан ортақ бір шешімді табуға тырысады.

З.Фрейд құрған тұлғаның моделі үш құрылымнан тұрады: төменгі санасыз импульстер, «туғаннан берілетін нышандар» («Ол» немесе «Ид»), ортасы («Мен» немесе «Эго») және жоғары деңгей («Артығымен Мен», немесе «Супер-Эго»). Бұлар – адаммен қабылданған нормалар жиынтығы. Ид –импульсивті қанағаттану принципіне бағынып, бейсаналық ниеттерден (жыныстық және агрессивтік) тұратын тұлғаның негізгі инстинктік ядросы. Эго тұлғаның рационалды аймағының шынайы принципінен тұрады. Оның міндеті индивидтің мақсаттарын қанағаттандыру үшін әлеуметтік әлемнің шектеулерін есепке алып, іс-әрекеттердің жоспарын саналы құру. Адамның танымдық және орындаушылық қызметтерінің жиынтығы, Ид пен Суперэго арасындағы күресті реттейді, жалпы алғанда, біздің шынайы әлем туралы біліміміз деп айтуға болады. Суперэго тұлғаның моральды (адамгершілік) жағын айқындайды, өмір сүріп жатқан ортасының әлеуметтік нормалары, құндылықтары, қондырғылары, ар-ұят және эго-идеал атты екі құрылымнан тұрады және дамудың ең соңғы сатысында ғана тұлға қалыптасады [58, 143-164 б.].

З.Фрейд тұлғаның дамуын – баланың әлеуметтік нормалар мен құндылықтарды мәжбүрлі игеруімен, яғни сыртқы мәжбүрленген күштеу адамның ішкі күйіне еніп, кейін «Артығымен Мен» деңгейіне өтетіндігімен түсіндіреді. Ол адам үнемі бейсаналық ішкі қарама-қайшылықтардан тұратындығын және соның нәтижесінде тұлға дамитындығын көрсетеді.

З.Фрейдтің тұлға туралы теориялары мен көзқарасы неофрейдистер К.Г.Юнг, А.Адлер, Э.Фромм, К.Хорни т.б. еңбектерінде жалғасын табады.

К.Г.Юнг [19] З.Фрейдтің теориясын дамыта отырып, іс-тәжірибеде қолдануға ұмтылады. Дейтұрғанмен өзінің теориясын, яғни тұлғалық сана, ұжымдық сана, тұлғалық санасыздық және ұжымдық санасыздық атты төрт әмбебап элементтерден тұратын адамзат психикасының күрделі құрылымын ұсынады. Ол *адам бойында өзін-өзі тани алатын және өзін-өзі дамыту*

қабілетінің бар екенін айтады. Аталған қабілет тұлға құрылымының бес қабатынан тұрады: персоны, Эго, көлеңке, анима және анимус, өзіндік. Персоны – адамның күнделікті орындайтын әлеуметтік рөлдері, «Мен» бейнесі, эго – сана және бейсаналықтың өзара байланысына жауап беретін сана орталығы, көлеңке – ұжымдық бейсаналықтағы Эгоның кері бейнесі, тұлғалық бейсана орталығы, анима және анимус – өзін ер немесе әйел адам ретінде сезінетін ежелгі архетиптердің бірі, өзіндік – тұтас адамның дербестігін бейнелейтін біртұтас тұлғалық архетип. «Өзіндік – әр адамның әмбебап, қайталанбайтын өмірін айқындайды, адам психикасының барлық құрылымын ұйымдастырып, бағыттап, кіріктіреді [39, 276 б.]. К.Юнг бойынша, тұлға өзін талдау арқылы дамуының жоғары шыңына жетеді. Өмірдің мәні – өзінің «Менін» мүмкіндігінше толық, жан-жақты жүзеге асыру яғни біртұтас, қайталанбайтын индивид болып қалыптасу. Әр адамның дамуы әмбебап және индивидуация деп аталатын үдерістерден тұрады. Индивидуация – тұлғаишілік кіріктірілген күштердің бір-біріне қайшы динамикалық эволюциялық үдерісі [19]. К.Юнг индивидуацияны тұлға дамуының соңғы сатысы және ол шығармашылықпен айналысатын, жоғары білімі бар өзін-өзі белсенділендіретін адамдарға тән деп айтады.

Индивидуалды психотерапияның негізін салушы А.Адлер тұлға қалыптасуындағы тұқымқуалаушылық пен қоршаған ортаның байланысын қарастырып, адам – аталған екі ықпалдың нәтижесінен де жоғары тұратындығын дәлелдейді. Өзінің өмірін басқаруға мүмкіндік беретін шығармашылық күш – (еркіндігі бар, саналы, белсенді) адамның дамуына әсер ететін маңызды фактор. Аталған күш әр адамның өзін-өзі анықтап көрсете білуіне, тұлға ретінде қабылдауына, танымдық үдерістеріне және арман-қиялына ықпал етеді.

А.Адлер адам жанұя, қоғам секілді кіріктірілген жүйелерден тұратындығын, адамның барлық іс-әрекеттері әлеуметтендірілген болып табылатындығын, адамды әлеуметтік қарым-қатынастарда анықтауға болатындығын түсіндіреді. Әр адамның бойында әлеуметтік қызығушылықтар немесе туғаннан қоғамға араласуға ұмтылдыратын табиғи қоғамдық сезім болады. Зерттеуші осы сәттегі адам мен қоршаған орта арасындағы қарама-қайшылықтар нәтижесінде тұлға бойында ауытқушылықтардың пайда болатынын да айтады.

Адам дамуының маңызды факторларының біріне іс-әрекетіне ықпал ететін өзі туралы және қоршаған ортаға қатысты ой-пікірлер жатады. Адам болу – өзінің кемшілігін сезіну. А.Адлер [60] адамның дамуы, қалыптасуы, өзін-өзі белсендіруі өзінің толық емес, жеткілікті жетілмегендігін түйсінуімен анықталатындығына мән берген. Аталған сезімдер ерте балалық шақтан басталады. Бұл сезімдер тұрақты әмбебап, субъективті төзгісіз келеді, адам үнемі өзін-өзі белсендіруге, барлық уақытта биік шыңдарды бағындыруға, пайда болған іштегі күйзелістерді жоюға ұмтылады [59, 320-326 б.]. Сонымен, А.Адлер өмірлік стильді анықтап, қоршаған орта туралы саналы пікірінің қалыптасуының нәтижесінде тұлға дамиды, деген қорытындыға келеді.

Э.Фромм іс-әрекет барысындағы тұлға бойындағы психикалық ықпалдың тетіктерін зерттей отырып, З.Фрейдтің көзқарастарын сыни тұрғысынан бағалады. Ол адамзаттың табиғаты өзгермейді деген түсінікке қарсы шығып, эволюциялық даму барысында адамның бірін-саран соқыр сезімнен айырылып, әлеуметтік ортада жаңа сапаларды игеретінін айтады. Адам бойындағы көркемдікке, әсемдікке, көріксіздікке бейімдігі биологиялық тұрғыдан берілмейді, әлеуметтік үдерістердің нәтижесінде ғана тұлға қалыптасады. Адамзаттың болмысы, құштарлығы, үрейі, күйзелістері – мәдениеттің нәтижесі дейді [61, 349-361 б.].

Оның айтуынша, қазіргі қоғам патологиялық мінезді қалыптастырып, адамның «Менін» тұншықтырып келеді. Адамдар еркіндікке жете алмай, қоғаммен қабылданған, мақұлданған ойлау, мінез-құлық таптаурындарын көбейтіп, нығайтып, оның тасымалдаушысына айналып барады. Бұл мәселені шешудің дұрыс та сенімді жолы – адамның шынайы келбетін қайтаруына мүмкіндік беретін махаббат сезімін сезіндіру қажет.

З.Фрейдтің теориясындағы биологизмді жеңуге тырысқан неофрейдизм өкілдерінің бірі К.Хорни [62] әлеуметтік қатынастар және балалық шақтағы өзін қорғау қажеттілігін қанағаттандыру – тұлға дамуының шешуші кезеңін анықтайды дейді. Бұл сәбидің ана құрсағынан шыққан сәтінен бастап өзін жайсыз сезінген күйлерден басталады. Әлеуметтік сыртқы ортаның ықпалынан өшпенділік қондырғылары қалыптасады. Осылайша іштегі қарама-қайшылық, бір жағынан, ата-анасына тәуелділікті, екінші жағынан, ыза, өкпе-реніш сезімдерінің пайда болуына түрткі болады. Ішкі қарама-қайшылықтар – ығыстыру әрекеттеріне, ал өкпе-реніш салдарынан туындаған ығыстыру – күйзелістерге әкеледі.

К.Хорни өзге неофрейдизмнің өкілдеріне қарағанда өмірлік психологиялық мәселелердің астарында қорқыныш, жалғыздық, әлсіздікпен қатар дамуға итермелейтін бейсана түрткілер бар екендігіне мән береді. Тұлға өзінің ішкі қарама-қайшылықтарын жойғанда ғана өзін-өзі белсендіре алады. Адамның тұлғалық үйлесімді дамуы өзін-өзі тану үдерісіне тәуелді. Өзін-өзі талдау үдерісі – күрделі жұмыс. Оған адам өзінің бойындағы ішкі қарама-қайшылықты, келіспеушіліктерді жою тәсілдерін саналы меңгеріп, өзі туралы шындықты қабылдаған сәтте жетеді. К.Хорни өзін-өзі тану үшін өзінің сезімдерін бағалау, қарым-қатынастарын қайта қарау, түзету түрткілеріне мән береді. Алайда зерттеуші өкінішпен адамның барлық қиыншылықтар мен кедергілерді жеңе алмайтынын, өзінің шынайы «Меніне» жол табу мүмкін болмайтынын айтады [59, 326-330 б.].

Аталған теориялармен қатар, американдық ғалым Э.Эриксон тұлғаның іс-әрекетінде, мінез-құлығындағы эго (Мен) жеке құрылымды әлеуметтік бейімделуден тұратынын және дамуының негізгі бағытын айқындайтынын айтып, «ид» пен «инстинкттерде» де даму үдерісі жүреді дейді. Э.Эриксонның теориясында адамның өмірі бірнеше әмбебап кезеңдерден өткенде ғана эго дамитынын көрсетеді. Аталған кезеңдер жетілудің эпигенетикалық ұстанымдары негізінде реттілікпен жүзеге асырылады: біріншіден, тұлға әр

кезеңдердің міндеттеріне сәйкес дамиды, яғни кейінгі өсу бағытымен қозғалуға тұлғаның дайындығы мен бір кезеңнен екінші кезеңге өту жолы алдын ала анықталады – әлеуметтік дүниетанымның және әлеуметтік өзара іс-әрекеттер байланыстарының кеңеюі, екіншіден, қоғам адамның әлеуметтік мүмкіндіктерін жағымды қабылдайтындай ұйымдастырылады [63].

Ол «Балалық және қоғам» атты еңбегінде адам дамуын сегіз психоәлеуметтік кезеңдерге бөлді. Аталған кезеңдер генетикалық тұрғыдан алдын ала берілетін жоспардан тұратынын көрсетеді. Дамудың эпигенетикалық тұжырымдамасында өмірдің әр кезеңі белгілі бір уақытта пайда болады және барлық даму кезеңдерінен өткенде ғана тұлға қалыптасады. Әр психоәлеуметтік кезең дағдарыстардан тұрады. Дағдарыс – тұлғаның жаңа кезеңге өтуіне мүмкіндік беріп, белгілі бір ересектену деңгейіне жетуінің нәтижесі болып табылады. Әр психоәлеуметтік кезеңнің нәтижесі оң немесе теріс бағыт бойынша шешіледі. Даму барысындағы қарама-қайшылықтар қанағаттанарлық шешілген жағдайда тұлғаның кейінгі үйлесімді дамуына кепілдік беретін оң тәжірибелер жинақталады. Ал, дамудың кезеңіндегі дағдарыс сәтті шешілмеген жағдайда Эго-ның дамуы тұлға бойында жағымсыз қасиеттерді қалыптастырады. Сонымен, Э.Эриксонның тұжырымдамасы бойынша, тұлға – индивидтің динамикалық даму үдерісі арқылы түсіндіріледі [64, 235-264 б.].

XX ғасырдың 60 жылдарында тұлға – өзін-өзі белсендіруге қабілетті әмбебап біртұтас жүйе ретінде анықталған. Бұл жаңа бағыт– гуманистік психологияның негізгі тұжырымдамасы болып табылады және біздің зерттеу жұмысымыздың құндылығын арттырды. Аталған бағыттың өкілдері адамның ішкі әлемі, ойлары, сезімдері, эмоциялық күйлері ақиқатты шынайы көрсете алмайтындығын анықтайды. Әр адам ақиқатты өзінің субъективті қабылдауына сәйкес өзінше пайымдайды. Адамның ішкі әлемі өзіне ғана түсінікті және жетімді. Іс-әрекеттерінің мәнін субъективті қабылдауы мен субъективті күйзелістері анықтайды. Субъективті тәжірибе ғана адамның мінез-құлықтарын түсіндіре алады [39, 277 б.] деген тұжырым жасайды.

Гуманистік психологияның негізін салушылардың бірі А.Маслоудың [20] айтуынша, адамның іс-әрекеттері, мінез-құлықтары үнемі өзін-өзі белсендіруге бағытталады, өзін-өзі көрсетуге ұмтылады. Біріншіден, бұл ізгілікке, яғни, адамдарға жақсылық, қамқорлық жасауға, мейірімділікке ұмтылуға қажеттіліктің пайда болуы жатады. Адам табиғатынан мейірімді болып келеді. Екіншіден, өзін-өзі белсендіру – өзінің мүмкіндіктері мен қабілеттері арқылы өзі қалайтын адам болып қалыптасады. А.Маслоудың гуманистік теориясындағы негізгі тезис – әр адам біртұтас қайталанбайтын, ерекше ұйымдастырылған жан. Тұлғаның біртұтастығын, біріншіден, өзінің достарымен, жақындарымен жағымды психологиялық байланыс орнатуға ұмтылуы, екіншіден, өзінің кім екендігін және нені қалайтынын білуі, үшіншіден, жаңа тәжірибелерді, өмірін «қазір және осында» қағидасы бойынша қабылдауға дайындығы, төртіншіден, барлық адамдармен бірдей жағымды қарым-қатынаста болуы, бесіншіден, өзінің бойында өзге адамдарға деген

эмпатияны жаттықтырууы, яғни адамның ішкі әлемін түсінуге, оның көзқарасымен өзгелерге қарауға ұмтылуы арқылы түсіндіреді [65, 56-63 б.].

А.Маслоу мотивацияның бес деңгейін бөліп, адам үшін өзін-өзі белсендіруді қажетсінуі маңызды деп атады. Өзін-өзі белсендіру – адамның ақырғы жетілу күйі емес. Ешбір адам барлық мотивтерін ысырып қоятындай өзін-өзі белсендіре алмайды. Әр адамның бойында әлі де дамытуды қажет ететін қабілеттері болады. Зерттеуші бесінші деңгейге жеткен адамды «психологиялық дені сау тұлға» деп атады.

Гуманистік психологияның өкілдерінің бірі К.Роджерс адам психикасында туғаннан берілетін екі үрдіс орын алатынын айтады: біріншісі – алғашқы уақытта жасырын жүзеге асырылатын «өзін-өзі белсендіруге қажеттілік» қасиеті, екіншісі – тұлғаның дамуын басқаратын тетік – «организмді қадағалайтын үдеріс». К.Роджерстің теориясы бойынша әр организмнің бойында өзінің өмірін сақтап қалуға және оны жетілдіруге қамқорлық жасауға деген ұмтылысы болады. Өзге адамдармен қарым-қатынас жасау мен жинақтаған өмірлік тәжірибесі бойындағы өзінің «шынайы Мені» туралы түсініктерді қалыптастырады. Өзінің мүмкіндіктерін жүзеге асыру нәтижесінде өзі қалайтын, ұмтылатын адамы – «Идеалды Менді» анықтайды.

«Шынайы Мен» – «қазір және осындағы» ойлары, сезімдері мен күйзелістерінің жиынтығы, «идеалды Мен» – адамның қалайтын, ұмтылатын ойлары, сезімдері мен күйзелістеріне жету үшін тұлғалық әлеуетін жүзеге асыру үдерістерінен тұрады.

«Шынайы Мен» әрдайым «Идеалды Менге» жетуге ұмтылады. Адамның даму үдерісіндегі екі тенденция «идеалды Мен» және «шынайы Меннен» тұратын «Мен» атты ерекше тұлғалық құрылым болады. «Мен» тұжырымдамасы әлеуметтену үдерісінде дамиды. Әр адам үшін басқалардың оны түсінуі және жақсы көруі маңызды. Адамның өзін-өзі сыйлау қажеттілігі өзге адамдардан оған деген жағымды қатынасты қалайды, сондықтан қоршаған ортаға ұнау үшін өзінің шынайы ойлары мен сезімдерін, құштарлықтарын жасыруына тура келеді. Нәтижесінде, адам өзімен-өзі бола алмай, құштарлықтары мен сыртқы мінез-құлығы арасында іштей қолайсыздықтар пайда болады, ішкі күйзеліске, мазасыздыққа әкелетін тұлғаның бір бөлігі тұншығады, тығылады нәтижесінде «шынайы Мен» «идеалды Меннен» алшақтай береді [59, 352-356 б.].

К.Роджерс теориясына сүйенсек, өмірдің мәні – өзінің туғаннан берілетін әлеуетін жүзеге асыруы, «толығымен қызмет жасайтын тұлғаға» айналу, барлық қабілеті мен талантын, мүмкіндігін пайдаланып, шынайы табиғатына сәйкес өзін-өзі, өзінің күйзелістерін толық тануға ұмтылуға арналады.

Сонымен К.Роджерс те, А.Маслоу да адам бойындағы өзін-өзі белсендіру әлеуетін шексіз деп санағанымен, теорияларының арасындағы айырмашылықты байқауға болады: К.Роджерс тұлға мен оның мінез-құлқы қоршаған ортаны қабылдауына байланысты қалыптасып дамиды десе, А.Маслоу адамның мінез-құлқы мен тәжірибесі қажеттіліктер иерархиясымен реттелетіндігін айтады.

Гуманистік психологияның келесі өкілі Г.Олпорттың [66, 232-234 б.] айтуынша, «тұлға – индивидуумның ішіндегі оның мінез-құлығы мен ойлау үдерісін анықтайтын психологиялық жүйелердің динамикалық ұйымдастырылуы. Зерттеушінің «тұлға – адамның мінез-құлығы мен ойлауына тән индивидуумның ішкі психофизикалық жүйелерінің динамикалық ұйымдасуы» деген анықтамасы осы уақытқа дейін өзінің мәні мен құндылығын жоғалтпай отыр.

Сонымен, гуманистік бағытқа сәйкес, тұлға – өзін-өзі белсендіру нәтижесіндегі адамзат «Менінің» ішкі әлемі, ал тұлғаның құрылымы – шынайы «Мен», «идеалды «Мен» және өзін-өзі белсендіруге қажеттілігінің өзара қатынасынан тұрады.

Шетел психологтарының көзқарастарын талдаған А.Б.Орловтың [67, 5 б.] «тұлға – үнемі өзгеріп жатқан қоршаған ортаға бейімделудің нәтижесінде айқындалып, өзгертін индивидтің барлық мінездемелерінің синтезі, бірігуі» және «қоршаған ортаның реакциясына сәйкес индивидтің мінез-құлығының қалыптасуы» деген көзқарасымен келісеміз. Адамның тұлғалығы – табиғатынан әлеуметтік субъектінің және объектінің өзара іс-әрекетімен шартталатын, өмір барысында пайда болатын мотивациялық-қажеттіліктер жүйесінен тұратын тұрақты психологиялық құрылым деп қарастырылғанын анықтадық.

Кейін тұлға мәселесі өзінің теоретикалық ұстанымдарымен ерекшеленетін Кеңестік және отандық зерттеушілердің еңбектерінде әрі қарай дамыды.

К.Маркс және Ф.Энгельстің [68] жұмыстарында тұлғаның тұрақтануы – индивидтің әлеуметтік тұтастыққа – қоғамдық жүйелерге қосылуы деп қарастырылады. Диалектикалық материализмнің теоретиктері тұлғаның дамуы адамның жекелік тәжірибесіне байланысты дейді. Практикалық әрекет негізінде адам шынайылықты және өзін өзгертеді. Тұлға – өзін-өзі жасайтын индивид.

Классикалық марксизм адамды оның барлық қоғамдық қатынасы мен адамзат тарихының жиынтығы контекстінде қарастырды. Бұл тұғыр бойынша, адам – биологиялық эволюция және әлеуметтік өмір сүру ортасының нәтижесінде пайда болатын биоәлеуметтік зат. Тұлғаның болмысы – әлеуметтік эволюция формасында дамып отыратын, барлық қоғамдық қарым-қатынастардың жиынтығы, яғни адам әлеуметтік рөлдерді, нормаларды, құндылық бағдарларды игерумен анықталады.

Марксизм іліміне сүйенген, ресейлік психология ғылымында тұлға теориялары К.А.Абульханова-Славская, Б.Г.Ананьев, Л.С.Выготский, Л.И.Анцыферова, А.Г.Ковалев, А.Н.Леонтьев, В.С.Мерлин, В.Н.Мясищев, К.К.Платонов, С.Л.Рубинштейн т.б. ғалымдар мен олардың шәкірттерінің ықпалымен дамып келеді.

Ресейде тұлға туралы көзқарастар 1930 жылдары жарық көрген «мәдени-тарихи» теорияның авторы Л.С.Выготскийдің еңбектерінен бастау алады. Ғалымның ойынша, индивид – әлеуметтік белсенділікті тасымалдаушы. Демек, тұлға – белсенді әлеуметтік индивид. Ал психологиялық құралдар индивидтің күшімен бекітілген, қалыптастырылған құралдар деп қарастырылады. Екіншіден, қоғамдық қатынастардың интериоризациясы тұлғаның

индивидуалды бейнесінің көріну және жетілу тәсілі болып табылады. Үшіншіден, «тұлға өзі үшін өзгелерге қандай болып көрінсе, сол арқылы өзінде бар нәрсеге айнала бастайды» [21, 238-290 б.]. Қорытындылай келе, ол индивидтің тұлғалығы аталмыш индивидтің өзге индивидке және өзге индивидтерде бола алуы арқылы ашылады. Л.С.Выготскийдің жұмыстарында элеуметтік орта психикалық дамудың негізі, яғни интериоризация үдерісінде жүзеге асырылады дейді.

А.Н.Леонтьев тұлғаның дамуын зерттей отырып, іс-әрекет түсінігін енгізді. Іс-әрекет теориясы бойынша тұлға – индивидтің қарым-қатынас барысында қалыптасатын психикалық үдерістермен басқарылатын жоғары интеграцияланған инстанцияны орындайтын қайталанбайтын жүйе, іс-әрекеттің ішкі жағы және нәтижесі. Тұлғаның дамуы іс-әрекеттердің өзара әрекеттесу үдерісі, іс-әрекеттердің иерархиялық жиынтығы. А.Н.Леонтьевтің пікірінше тұлға қарапайым биологиялық түр емес, ол өзінің табиғаты бойынша қоғамдық, тарихи жоғары деңгейдің бірлігі, тұтастығы. Адам тұлғалық сапалармен туылмайды. Тұлғалық адамның дамуы барысында дамиды.

Зерттеушінің пікірінше, тұлға – психикалық үдерістердің емес, іс-әрекеттердің иерархияларының байланысы. Индивид жеке өмірбаянының барысында тұлға болып қалыптасады. Басқаша айтқанда, тұлға биологиялық, элеуметтік шарт та, фактор да емес, ол – өмірбаян, өмірлік тәжірибе [22].

Сонымен, А.Н.Леонтьев адамның алғаш рет тарихқа қадам басып, қоғамдық қатынастардың субъектісіне айналғанда ғана тұлға болып қалыптасатындығын айтады.

Кеңестік зерттеушілердің ішінде *тарихи-эволюциялық тұғырды* дамытқан А.Г.Асмоловтың жұмыстарын ерекше айтуға болады. Аталған тұғырда бір адамды екінші адамнан ажырататын кескін-келбеті, жоғары жүйке жүйесінің типі, бейімделуі, мазасыздануы, қабілеттері мен мотивтерін тізіп қою арқылы түсіндіретін тұғырларға қарсы тұрады. А.Г.Асмоловтың теориясында қарастырылған мәселелер тұлғаның және оны сипаттайтын мінездемелердің пайда болу мәні мен себебін анықтау қажеттілігі туралы айтады.

А.Г.Асмолов ұсынған тұлға дамуының жүйелі детерминациясына:

– адамның индивидтік қасиеттері тұлға дамуының алғышарты;

– өмірдің элеуметтік-тарихи бейнесі – тұлға дамуының негізі;

– біріккен іс-әрекет – қоғамдық қатынастар жүйесінде тұлғаның өмірін жүзеге асырудың кепілі. Ол адамды биологиялық және элеуметтік эволюция, табиғат пен қоғам эволюциясымен қатар қарастыру қажет деп айтады [69, 69-71 б.].

А.Г.Асмоловтың теориясына [69, 5-6 б.] тұлға болу – белсенді өмірлік ұстанымды ұстана отырып, «осы қалпында қаламын, басқаша амалым жоқ» пікірін басшылыққа алумен түсіндіріледі. Тұлға болу – қажеттілікке байланысты таңдау еркіндігіне ие болу, шешім қабылдаудың нәтижесін өзіндік бағалауы, өзінің және қоғам алдында жасаған әрекеті үшін жауап бере алуы, елдің тарихына айналатын қоғамға өз үлесін қосуы.

Ал Б.Г.Ананьев адамды кешенді тұрғыдан зерттеп, оның қалыптасуын психофизиологиялық (индивидтің біріншілік, екіншілік қасиеті, жыныстық деформизмі, конституционалды ерекшеліктері, мидың нейродинамикалық қасиеті) табиғатына және әлемге қатынасы арқылы түсіндіреді. Әр адам тұтастық ретінде индивид, тұлға және іс-әрекеттің субъектісі болып табылады [70, 6 б.].

Тұлға – адам бойындағы қасиеттер құрылымының ең жоғары сатысы. Тұлғаның дамуы даралықтың дамуымен қатар жүреді. Б.Г.Ананьевтің пікірінше адамзаттық эволюция – қоғамдағы адам өмірі тарихи жағдайлармен айқындалатын оның көптүрлі күйлері, қасиеттерінің біртұтас үдерісі.

Даралық – адамның жекелік дамуындағы биологиялық және әлеуметтік бірігуінен пайда болады. Даралық индивидті, тұлғаны және субъектіні бағыттады, тұлғалық қасиеттерді өзара байланыстыра отырып, ұзақ өмір сүрудің кепілі болып табылады. Тұлға – оның бағыттылығы болып саналады. Бағыттылық және әрекеттің индивидуалды стилі адамның тұлғалық және әрекеттік мінездемелерінің тұтастығында орын алатын барлық деңгейлерінің жиынтығын қамтамасыз етеді [24].

Ғалым тұлғаға қатысты үш қосымша түсінікті атады: «қатынас субъектісі», «таным субъектісі», «еңбек субъектісі». Әр түсініктің өзіне тән мағынасы болды, яғни еңбекті, қатынасты және танымды жүзеге асыру мен ұйымдастыру тәсілдерін ажыратты. Б.Г.Ананьев адам туралы тұжырымдамасында субъектілікті талдауға тән келесідей ерекшеліктерді атады:

– субъектілік адам деңгейін сипаттайды, субъекттік қасиеттер тұлғалық дамудың нақты деңгейлерінде дамиды және экстериоризация мен интериоризация үдерістерінің өзара байланысымен анықталады.

– адамның субъекттік қызметі оның орындау барысындағы белсенділігімен байланысты: субъект іс-әрекет жиынтығымен және оның нәтижелілігімен сипатталады.

– кез келген іс-әрекетке деген қатынас адамның субъекттік қасиетімен анықталмайды, субъекттің әрекеті нәтижелілігімен ғана емес, сонымен қатар оны өзгерте алу қабілетімен ерешеленеді [70, 357-378 б.].

Сонымен, Б.Г.Ананьев тұлғаны өзінің өмір жолын белгілей алатын, даралық қайталанбайтын ерекшелігін сезінетін субъект ретінде анықтайды. А.В.Брушлинский болса, бойындағы барлық сапаларын (табиғи, әлеуметтік, қоғамдық, жекелік т.б.) бір жүйеде үздіксіз дамытатын адамның тұтастығын субъект – дейді.

Ресей психологиясында (Б.Г.Ананьев, С.Л.Рубинштейн, Д.Н.Узнадзе т.б.) отандық ғылымда (Х.Т.Шерьяданова, А.Р.Ерментаева) субъект ұғымын белсенділікпен дамуға, интеграцияға, өзін-өзі детерминациялауға, өзін-өзі реттеуге, өзін-өзі қозғалысқа келтіруге, өзін-өзі жетілдіру қабілеттілігімен сипаттайды.

Тұлғаның субъектілігіне қатысты идея С.Л.Рубинштейннің адам баласы болмысты құруға және өзін саналықпен құрауға, өзгертуге, түрлендіруге қабілетті болатыны жайлы басты идеясының негізінде пайда болды [71, 10 б.].

Аталғандармен қоса, ғалым өзінің «Адам және әлем» жұмысында субъект түсінігіне философиялық баға береді. Оның айтуы бойынша, адамның өмір сүруінің және соған сәйкес өмірге қатынасының екі негізгі тәсілі бар. Біріншісі – адам өмір сүретін байланыстардың шегінен аса алмауымен, екіншісі – рефлексияның пайда болуымен байланысты. Рефлексия үздіксіз өтіп жатқан өмірді тоқтатып, адамды ойша оның шегінен шығарады. Осы сәттен бастап, адамның әр іс-әрекеті өмірге деген қатынасымен байланысты өмір туралы мәселелерді философиялық талқылай бастайды. Дәл осы кезеңде адамның адамгершілік, жауапкершілік мәселесі алғашқы орынға шығады [71, 634-641 б.].

С.Л.Рубинштейн субъектінің негізгі қасиеттеріне өзін-өзі дамыту, өзін-өзі анықтау, өзін-өзі белсендіру ұмтылысын, өзінің дамуының жоғары деңгейіне, шыңына жету қабілетін жатқызады. Ол «өзін-өзі белсендіру» түсінігін тұлғаның динамикалық, мазмұндық, қатынастық (эмоционалды) сипаттамасы тұрғысынан қарастырылатын «бағыттылық» категориясы арқылы анықтап, тұлғаның қалыптасуы мен өзіндік сананың дамуы – өзінің сапаларын, мотивтерін, ұмтылыстарын тануды жүзеге асыратын ұзақ үдеріс деп түсіндіреді.

С.Л.Рубинштейн тұлғаның дамуын зерттей отырып, сана мен іс-әрекет бірлігінің мазмұнын анықтады. Тұлғаның дамуын түрлі әдістемелік қағидалармен байланыстырды: ерте кезең – сана мен іс-әрекеттің тұтастығы, кейін детерминизм қағидасы, соңында адам мәселесін философиялық тұрғыдан талдайды. Бірінші қағида бойынша, адамның санасы объективті әлеммен байланысқа түсу барысында қалыптасады, ал осы байланыстар іс-әрекеттерден тұрады, нәтижесінде адам әрекет ете отырып әлемді және өзін өзгертеді. Екінші қағида бойынша, адам мен әлемнің іс-әрекеттік байланысындағы өзіндік ішкі тұлғалық механизмдердің мүмкіндіктерін іздейді. Механикалық көзқарастарға қарсы шыға отырып, біз сыртқы объектіге ішкі жағдайларымыздың ықпалы негізінде жүзеге асырамыз дейді. Үшінші қағида бойынша, тұлға өзі дамиды, қалыптасатын нақты тарихи-қоғамдық жағдайлармен айқындалады. Сонымен С.Л.Рубинштейн тұлғаны қоғамдық болмысқа, оның әрекеттері өзі қосылатын қоғамдық қатынастар мен нақты жағдайларға және санасы оның іс-әрекетіне тәуелді болатынын атап көрсетті [72, 268-276 б.].

Ғалым сана мен іс-әрекеттің бірлігі қағидасына сүйене отырып, эмоционалды күйлердің іс-әрекетпен байланысын қарастыра келіп, осы екі үдерістің бір-бірімен өзара байланысты, өзара шартталғандығын айтады. Субъектінің эмоциясы мен іс-әрекеті әлемге деген қатынасына тәуелді, егер эмоциялар субъективті күйзелістер арқылы бейнеленсе, іс-әрекет шынайы нәтижелерге әкелетін субъектпен жүзеге асырылады, яғни адамзаттың әрекеті қандай да бір іске сезімді тудырады. Демек, адамның сезімі оның іс-әрекетіне әсер етеді. Эмоция тек іс-әрекетпен анықталмайды, оның негізгі қасиеттері ағымдағы әрекетке байланысты [73, 46-60 б.] екенін көрсетеді.

Сонымен, С.Л.Рубинштейннің пікірінше, тұлғаның қасиеттері, іс-әрекеті оның сыртқы мінез-құлығынан көрінеді. Тұлғаның психикалық бейнесі,

қасиеттері өмір сүру болмысымен анықталып, іс-әрекетімен қалыптасады, қайталанатын жағдайда тұлғаның іс-әрекеті оның бағыттылығына, қондырғыларына себепкер болып, қасиеті күйінде бекітіледі, белгілі іс-әрекет саласына деген қызығушылығы, кәсіби іс-әрекетінің табыстылығында көрінеді дейді.

И.С.Кон бойынша, «тұлға» бір жағынан, іс-әрекеттің субъектісі ретінде өзіне тән жекелік қасиеттері мен әлеуметтік рөлдердің бірігуінен тұратын нақты индивид, екінші жағынан, адамдармен тікелей немесе жанама қарым-қатынас барысында қалыптасатын адам бойындағы маңызды әлеуметтік индивидтің кіріктірілген әлеуметтік қасиеттерімен айқындалатын еңбек, таным мен қарым-қатынас субъектісі [74, 79-100 б.].

В.А.Демченко өзі үшін өзіне қатынасы бір уақытта интеллектуалды, еріктік, эмоционалды сапаларын дамыту бойынша өзін-өзі белсендірудің объектісі болып табылатын адамды ғана расымен субъект деп атауға болатынын айтса [75, 70 б.], аталған мәселеге қатысты А.Г.Асмолов: «Тұлға өзінің іс-әрекетін, қабілетін, мінезі мен әлеуетті мотивтерін, өзінің тәжірибесіне белсенді қатынасқа түсе отырып, жаңаны жасауы, өзімен қоса заттық шынайылықтарды түрлендіруі арқылы біз іс-әрекеттің субъектісі ретінде тұлғаны анықтайтынымызды [76, 21 б.] айтады» - дейді.

В.С.Мерлин айтуы бойынша, адам өзінің алдына қойған мақсатын саналы түсініп, іс-әрекетінің ақырғы нәтижесін болжауы, осы мақсатқа жетудің жолдары, құралдары мен шарттарын саналы түсінгенде ғана субъектіге айналады [77, 82 б.].

К.А.Абульханова-Славская тұлға мен іс-әрекеттің арақатынасын қарастыра отырып, тұлға іс-әрекет негізінде дамиды, бірақ барлық іс-әрекетті жүзеге асыру барысында тұлға дамып қана қоймайды, тұлғаның дамуына іс-әрекеттің де ықпал жасайтынын айтады. Ғалым тұлғаның дамуына түрткі болатын келесі арнайы қабілеттерді бөліп көрсетті. Олардың қатарында жеке тарихының барлық жағымды мазмұнын сақтайтын, дамудың нәтижелерін өзінің бойында жинақтайтын, өз санасының мәнін белсендіріп, тұлғасында және қоршаған әлемде жаңашылдықтарды түрлендіре алуы жатады. Аталғандармен қоса, зерттеуші тұлғаның іс-әрекетті орындаудағы жауапкершілікті басты міндет деп санайды – әрекеттену барысындағы белгілі уақыт арасында тұлғаның ұмтылысын, бойындағы талабы қиындықтарға қарамастан орындау сапасын бір деңгейде ұстап тұруын және жеке өмірінің субъектісін өзектейтін тұлғаның белсенділігін атап көрсетеді. Тұлғаның белсенділігі – оны қозғаушы күші, тұлғаның өмірлік және жеке өмірінің қоғаммен реттелуінің нәтижесінде өзін реттеу ерекшеліктеріне тәуелді [78].

А.В.Брушлинский пікірінше, әр тұлға – субъект, бірақ тұлғаға теңестірілмейді. Ол субъектінің практикалық, теориялық және т.б. іс-әрекет ішінде психикалық әрекеттің орны мен рөлі анықталады. Осы таңда іс-әрекетті екі жағдайда қарастыру керек: 1) субъектінің іс-әрекеті және 2) ағзаның іс-әрекеті [79, 11-28 б.].

Онтогенездегі тұлғаның даму мәселесімен айналысқан Л.И.Божович тұлғаны психикалық дамудың жоғары деңгейіне шыққан ересек адам деп, тұлғаның негізгі ерекшеліктеріне өзін саналы басқара алуы және жағдайды өзінің мақсаты мен міндетіне сай өзгерте алу қабілетімен сипаттайды [80].

В.М.Бехтерев тұлғаның өзара бір-бірімен байланысты болатын, бірінші – органикалық, екіншісі – әлеуметтік сапалардың жиынтығынан тұратындығын айтады [81]. Зерттеуші тұлғаның дамуы ұжымсыз мүмкін болмайтындығын көрсетеді. Сонымен қатар, ұжым әр кезде тұлғаның дамуына жағымды әсер етпейді. Кез келген ұжымға тұлғаны өзінің ортасының ерекше шаблонуы етіп жасау тән. Салт-дәстүрлер мен қоғамдық таптаурындар тұлғаның қажеттіліктерін еркін көрсете алу мүмкіндігін шектейді.

А.Ф.Лазурский [82, 77-89 б.] үшін тұлға екі топқа біріктірілген элементтердің жиынтығынан тұрады: олар эндопсихикалық элементтер (адамның психофизиологиялық қасиеттері: темперамент және мінез) және экзопсихикалық элементтер (адамның түрлі объектілерге және қоршаған ортаға қатынасы). Тұлғаның міндеті – қоршаған ортаға бейімделу. Бейімделудің белсенділігі үш психикалық деңгейдің негізінде жүзеге асады – төменгі, орта және жоғары.

Төменгі деңгей адамның психикасына қоршаған ортаның үдемелі ықпалымен түсіндіріледі. Қоршаған орта адамның эндоерекшеліктерімен санаспайды, барынша өзіне бағындыруға тырысады. Осыдан адамның мүмкіндігі мен игерілген кәсіби дағдысы арасында қарама-қайшылық пайда болады. Сол себепті де тұлға өз бетінше шешім қабылдауға қабілетсіз болып келеді.

Ортанғы деңгейде тұлғаның қоғамда орны бар және қоршаған ортаға бейімделуге мүмкіндігі жоғары. Өзінің нышандарына сәйкес кәсіппен айналысады, жұмысқа қабілеті жоғары. Оларды бейімделгендер деп айтуға болады.

Психикалық даму үдерісіндегі бейімделудің жоғары деңгейінің күрделілігі мынада, яғни рухани өмірдің қарқындылығы, мазасызданудың орын алуы қоршаған ортаға тек бейімделуге мәжбүрлеп қана қоймай, сонымен қатар, оны өзінің қажеттілігіне, құштарлығына сәйкестендіріп қайтадан өзгерте алуы. А.Ф.Лазурский осылардың ішінде альтруизм, білім, сұлулық, дін, қоғам, сыртқы әрекет, жүйе және басшылық маңыздылығына мән береді.

В.Н.Мясищев [80] тұлға мәселесіне байланысты екі көзқарасты ұсынды: біріншісі – адамның құрылымының сипаттамасы мен оның тұтастығы немесе бөлшектенуі, бірізділігі немесе қарама-қайшылығы, тұрақтылығы немесе өзгергіштігі, тереңдігі немесе үстірттілігі секілді қандай да болмасын психикалық қызметтерінің басым болуы немесе жеткіліксіз дамуы туралы ақпарат береді. Тұлғаның қатынасы – тұлғаның саналы, белсенді, интегралды, тәжірибелерді таңдау еркіне негізделген шынайылықтардың түрлі жақтарымен байланысы. В.Н.Мясищев қатынастың құрылымына «эмоционалды (өзіне, қоршаған ортасына, адамдарға деген эмоционалды қатынасты қалыптастырады)», «бағалау (өзін, қоршаған ортасын, адамдарды қабылдау,

бағалау, түсіну, түсіндіру)», «конативті (мінез-құлықтық (өзі, қоршаған ортасы, адамдар үшін маңызды болып табылатын объектілерге мінез-құлығын таңдау стратегиясын жүзеге асыруға мүмкіндік береді)» қатынастарды бөледі. Қатынастың түріне В.Н.Мясищев қажеттіліктерді, мотивтерді, эмоционалды қатынасты (махаббат, симпатия, антипатия, ұнатпау, құштарлық), қызығушылықтар, бағалау, наным-сенімдер, басқаларды өзіне бағындыру және адамның өмірлік жолын анықтайтын – бағыттылықты жатқызды.

А.Г.Ковалев тұлғаны психикалық үдерістердің, психикалық күйлердің және психикалық қасиеттердің интегралды ұйымдасуы тұрғысынан қарастырады [80].

Танымдық үдерістер адамның психикалық өмірінің негізі және психикалық күйлердің себебін анықтайды. Психикалық қасиеттер психикалық күйлердің негізінде қызмет ететін психикалық үдерістерден құралады. Психикалық қасиеттер адамға тән тұрақты белсенділікпен шартталған. Өз кезегінде белсенділіктің деңгейі тұлғаның әлеуметтік құндылығына байланысты және адам дамуының ішкі субъективті жағдайынан құралады. Даму барысында психикалық қасиеттер бір-бірімен байланысып күрделі құрылымды жасайды.

Аталған қасиеттерге А.Г.Ковалев темпераментті (адамның табиғи қасиеттер жүйесі), бағыттылықты (қажеттіліктер, қызығушылықтар, идеалдар), қабілетті (интеллектуалды, еріктік және эмоционалды қасиеттер) және мінезді (қатынастар жүйесі және мінез-құлықтар тәсілдері) жатқызды. Автордың бөліп көрсеткен тұлға құрылымы шартты емес, себебі қандай да бір қасиеттер тек бағыттылықты сипаттамайды, сонымен қатар мінез адам қабілетінің жүзеге асуына әсер етеді. Зерттеуші тұлға құрылымына бірінші бағыттылықты, екінші – қабілетті, үшінші – мінезді, төртінші – «Мен» түсінігін анықтайтын басқару жүйесін, бесінші – психикалық үдерістерді қойды.

И.В.Павлов адамзат миының қызметін зерттей отырып, шартты рефлексдердің маңызын ашты. Үнемі өзгеріп жатқан қоршаған ортаға организмнің бейімделуі ми қыртысына байланысты, яғни оның әрекетінен эмоционалды реакциялар пайда болып, жүзеге асырылады. Ми қыртысында сыртқы қоздырғыштарға организмнің жауап беру реакциясын қамтамасыз ететін организм қызметтерінің кіріктірілуі жүзеге асырылады [81, 220-221 б.]. И.П.Павлов эмоцияны шартты рефлексдердің көмегімен жүзеге асырылатын механизмнің бір бөлігі деді. Мінез-құлықтың актісі ретінде шартты рефлексдердің пайда болуына эмоция мен таным ықпал етеді. Ғалым эмоционалды үдерістерді зерттей келе, сезімдер ми қыртысының әрекетіне байланысты, сол себепті де адам өзінің сезімдерін ерікті басқара алатынын айтты.

Адам психикасының біртұтастығы бір жағынан, оның тұлғалығымен шартталса, екіншіден, тұлғаның маңызды анықтамаларының бірі – оның тұтастығы. Педагогикалық үдерісті ұйымдастыруда *тұтастық тұғыр* тұлғаның кіріктірілген қасиеттерге мән берумен айқындалады. Осы тұрғыдан алғанда, тұлғаның өзі, құрылымы, қызметі мен ішкі күйі болатын күрделі

психикалық жүйе ретінде тұтастық тұрғыдан қарастырылуы керек деп ойлаймыз.

Осы таңда В.И.Слободчиков пен Е.И.Исаевтың [83, 117 б.] пікірлерін ескеруді орынды деп санаймыз: «Адам психологиясын тұтастық тұрғыдан қарау немесе жеке мәселелерін шешу үшін адамды іс-әрекет тәжірибесімен байланыста қарау қажет. Адамзаттың тұтас тәжірибесі адамды біртұтас ретінде тануды қажет етеді». Сонымен адамның біртұтастығына қатысты сұрақтар тек академиялық емес, эксперименттік тұрғыдан келгенде де маңызды.

Соңғы уақытта Ресейде тұлға мәселесімен айналысып жүрген В.А.Иванников адамның тұлға ретінде қалыптасуын ең алдымен сана мен өз санасының дамуы, жеке әрекеті мен іс-әрекеттерін, мотивтері мен құндылықтарына баға беруі мен түзету қабілеті, яғни өзін тұлға ретінде өмірінің жаңа мән-мағынасын құра білуі, өзгелердің іс-әрекеттерінің мәнін түсіне алу қабілетімен байланыстырады [84, 131 б.].

Тұлғалық құндылықтардың ерекшелігі мен сан-алуандығы әр тұлғаның даралығын айқындап, денелік және нейродинамикалық ерекшеліктерімен қатар әмбебап адамның қайталанбайтын біртұтас көпөлшемді (а) физика-химиялық шарттар кеңістігінде – организм ретінде; (б) экологиялық түр – түр өкілі ретінде; (в) заттық шарттардың этологиялық кеңістігінде – табиғи қатынастардың субъектісі ретінде; (г) қоғамның кеңістігінде – қоғамдық қатынастардың субъектісі ретінде; (д) мәдениет кеңістігінде – тұлға ретінде анықталады. Адам ретінде жеке қабылдаған шешімінің нәтижесінде өзінің денесін, мінез-құлқын, қажеттіліктері мен мотивтерін, әрекеттерін және тұлға ретінде өзіне берілген организм, табиғи индивид немесе қоғамдық қатынастардың субъектісі ретінде қабылдайды немесе қабылдамайды [84, 4-9 б.].

Ал Б.С.Братусь өзінің зерттеуінде: «Тұлға – басқа құрылымдармен салыстыруға келмейтін ерекше құрылым, оны тұрақты толық ұғым ретінде қабылдауға болмайды» деген қорытынды жасайды. Қалыптасқан қарым-қатынасқа қарай, адами болмыстың мағыналық сипаттарымен байланыста оның мәні ашылады. Басқаша айтқанда, тұлғаның мәні мен адамның мәні арасында айырмашылық бар, алғашқысы екіншіге жету жолындағы әдіс, тәсіл, құрал, яғни алғашқысында мағына бар, екіншісі – соның мақсаты. Адам болу – мақсат [85, 5-7 б.].

Жоғарыда аталған зерттеушілердің еңбектерін талдай отырып, Н.И.Непомнящая өзінің әріптестері және шәкірттерімен адамды *тұтастық тұғыр* нәтижесінде зерттеудің көпжылдық нәтижесінде келесідей астарларын бөледі:

1. *Тұлғалық* (Л.С.Выготский, А.А.Бодалев, М.И.Лисина, С.Л.Рубинштейн, Д.Н.Узнадзе, В.Н.Мясищев, К.Джеймс). Бұл аспектіге сәйкес, тұлға ештеңеден шықпайтын және ештеңеге тең келмейтін құндылық болып табылады.

2. *Тұтастық* (Н.А.Бердяев, С.Л.Рубинштейн, П.Флоренский) – тұлға тұтастық жүйе, ал адамның тұтастығы тұлғалығын білдіреді.

3. *Субъектілік* (А.В.Брушлинский, В.И.Слободчиков, Е.И.Исаев) – тұлғалық және тұтастық аспектілерінің бірігуінен тұрады.

4. *Болмыстық* (А.С.Арсеньев, А.А.Асмолов, Ф.Т.Михайлов) – тұлғаны зерттеу негізінде адамның болмысы арқылы сипатталады.

5. *Деңгейлік* (Н.А.Бернштейн) – адамның деңгейлік құрылымын ескереді. Аталған астарда адамның психосоматикалық тұтастығы қарастырылады.

6. *Конструктивті* (В.Франкл, К.Ясперс, А.Маслоу) – адамның бойындағы қасиеттерін мүмкіндігінше жүзеге асыруы, тұлғаның негізгі базалық деңгейінің шыңына жетуі.

7. *Жартылай үстірт жобалық* – адамның рухани әлемінің тұтастығын эксперименттік қамтамасыздандыруға қабілеттендіреді.

8. *Әмбебап* (Н.И.Непомнящая) – адам мүмкіндігінің шексіз екендігіне сенім. Тәрбиелеудің негізгі мақсаты – адамның әлеуетті мүмкіндіктерін, бойындағы қасиеттерін барынша ашу, негізгі базалық жоғары деңгейіне жету, соның негізінде тұтас үйлесімді тұлғаны дамыту [83, 116-125 б.].

Зерттеу барысында біз де ғылыми нәтижелерге қол жеткізуде осы тұғырларды негізге аламыз.

Тұлғаны түсіндіретін кең таралған анықтамалардың бірінде: Тұлға – туғаннан және жүре пайда болған (қасиеттері, мүмкіндіктері) адамның қайталанбайтын тұтастықтығы. Зерттеушілердің бір бөлігі тұлғаның бойындағы сапалар кешенін әлеуметтік тұрғыдан қарауды ұсынып шектесе, басқалары тұлғаны ерекше қасиеттер (сапалар) жүйесімен, үшіншілері адамның мотивтері мен олардың иерархиясынан тұратын адам деп анықтап отыр [84, 4-9 б.].

Жоғарыда айтылғандарды қорытындыласақ, тұлға, бір жағынан, – биология мен физиология заңдылықтарына бағынатын физикалық денелік ағза болып табылады. Бұл тұрғыдан алғанда, оған құштарлық, өте күшті санасыз импульстер тән және оны инстинктер мен құмарлық басқарады, нәтижесінде ол қорқыныш пен мазасыздануға бой алдырады. Екінші жағынан, адамзат табиғаты біздегі саналылықты, ақыл-ойды, болып жатқан жағдайлардың мәнін ұғыну, түсіну үдерістермен қабілеттендірген. Осы тұрғыдан А.Н.Леонтьев тұлғаның санасын қалыптастыратын маңыз бен мән-мағынаны құрайтын қоғамдық тәжірибедегі рефлексияның маңызы туралы жазады. Адам өзінің биологиялық қажеттіліктеріне тікелей жауап бере алмаса да, шынайылықты объективті бағалай алады. Адамгершілікке ұмтылу арқылы адам өзінің табиғи құштарлықтарынан жоғарылап, өз еркімен таңдау жасауға талпынады. Демек, адам толығымен өткеніне тәуелді емес. Бұл тұрғыдан адам табиғатын сана, ақыл-ой және еркіндік құрайды.

Сонымен тұлға индивидтің қоғамдағы, әлеуметтік қарым-қатынаста қалыптасатын ерекше сапаларының жиынтығынан тұрады. Адамның табиғатын түсіндіруге байланысты сұрақтар олардың басқа тірі ағзалардан эмпирикалық айырмашылықтарына қатысты болса, ал болмысы туралы сұрақтар олардың табиғатында сырттай көрініс беретін және олардың жүріс-тұрысын анықтайтын сапаларына, қасиеттеріне қатысты қойылған. Демек, тұлға бойындағы қандай

да бір қасиеттердің қалыптасқандығын анықтау үшін оның қоғамдағы орнын, қарым-қатынасын, рөлін қарастыру қажет.

Ал елімізде ХХ ғасырдың 20 жылдары психологияның ғылыми негізінің қалануына Ж.Аймауытовтың [7, 80-82 б.] оқыту үдерісіндегі белсенділік мәселесі мен тұлға теориясына қатысты еңбектері негіз болды. Ол тұлға дамуындағы биологиялық және әлеуметтенудің сәйкестігіне қатысты сұрақтарды биологиялық тұрғыдан шешуді дұрыс деп санады. Зерттеушінің айтуы бойынша, адам тума берілетін қасиеттер мен нышандар жиынтығынан тұратын индивид болып дүниеге келеді. Аталған нышандар оқыту барысында дамытылуы қажет десе, М.Жұмабаев [8] адамның психикасын тұтастық тұғыр арқылы шешеді. Мұнда психика бір-бірімен тығыз байланысты ақыл-ой, жүрек және ерік-жігер үш бірлік арқылы түсіндіріледі. М.Жұмабаев этнопсихологиялық ерекшеліктерді ескере отырып қана тұлғаны тұтас зерттеуге мүмкін болатынын айтты. Т.Тәжібаев [9, 65 б.] тұлғаның психологиясы мәселесін темперамент, мінез және қабілеттер атты психологиялық қасиеттерімен айқындайды. Ғалым жеке адамды әлеуметтік қатынастармен саналы іс-әрекетті жүзеге асырушы, нақты қоғамның мүшесі, өзін басқалардан ажырата білетін, өзінің кім екенін түсінетін кісі дейді. Сондықтан адамның психологиясын дұрыс ұғыну үшін, ең алдымен, оның әлеуметтік жағдайын, көзқарасын, наным-сенімін, іс-тәжірибесін, кәсібін білу қажет деген тұжырым жасайды.

Қ.Жарықбаев «Жантану атауларының түсіндірме сөздігі» атты психологиялық еңбегінде тұлғаға мынадай анықтама береді: «Тұлға – 1) дербес әрекет ететін субъект ретіндегі нақты жеке адам болмысының қайталанбас, ерекше әдісі, адамның қоғамдық өмірінің дара нысаны. Тұлға – әлеуметтік тіршілік ету әдісі жағынан дара болады, оның өзіндік дүниесі ерекше өмір жолын белгілейді және ол мазмұны жағынан әлеуметтік жағдайлармен анықталады; 2) адамдар арасындағы өзінің ұстанымын, орнын еркін және жауапкершілікпен анықтайтын, қоғамның өкілі ретіндегі адам. Ол қоршаған ортамен, қоғамдық және адами қарым-қатынастар жүйесімен, мәдениетпен өзара әрекеттестікте қалыптасады. Адам тұлға болып туылмайды, әлеуметтену процесінде тұлға болып шығады», – деп көрсетеді [90].

Ал психологияның теориялық-әдіснамалық мәселелерімен айналысқан С.М.Жақыпов [87] өзінің зерттеу жұмыстарында психикалық күйлерді жүйелі талдаудың ұстанымдары, топтық біріккен әрекет шартында мақсат пен мотив үдерістерін детерминациялайтын факторларын ашқан. С.М.Жақыпов [88, 130 б.] тұлғаны табиғат, қоғам және өзін-өзі белсенді меңгеретін және бағытталған түрде түрлендіретін адам, оның бойында кеңістік-уақыттық икемдердің, өзін-өзі анықтау бостандығын және табиғат алдында өзінің қылықтары үшін жауапкершілік мөлшерін қамтамасыз ететін қажеттілік-еріктік бастан кешірулердің ерекше динамикалық қатынасы болады деп сипаттайды. Ғалымның ғылыми мектебімен (Г.Ж.Лекерова, А.Т.Искакова, И.К.Аманова, С.Д.Шукешева т.б.) білім беру үдерісіндегі субъектілердің біріккен диалогтік

танымдық іс-әрекетін дамыту мен қалыптастыру негізінде көпдеңгейлі психологиялық жүйе ретінде қарастырылатын оқыту үдерісі зерттеліп келеді.

Мектепке дейінгі білім беру мекемелерінің педагогтары мен психологтарын кәсіби дайындаудың психологиялық негіздерін және мектепке дейінгі жастағы балалардың тұлғасын зерттеуге үлес қосқан Х.Т.Шерьязданованың еңбектері [89] біздің зерттеу жұмысымыздың өзектілігін арттырды. Х.Т.Шерьязданованың ғылыми мектебімен онтегенездегі тұлға дамуының түрлі аспектілері нәтижелі зерттеліп отыр. А.Р.Ерментаева өзінің теориялық және эксперименттік зерттеу жұмыстарының нәтижесінде психологиялық дамуы төмен, рухани адамгершілік құндылықтарды қабылдамаған, ізгіліктік ұстанымы жетілмеген адамдарда белсенділік, дербестік, бастамашылық сынды субъективті қасиеттердің ешқашан ұйыспайтынын дәлелдеген. Өзіне және өзгелерге деген құнды қатынастар арқылы анықталатын субъект даму арқылы ұдайы жетіліп, тұлға субъект ретінде іс-әрекетті, қарым-қатынасты, әлеуметтік ортаға қатысты өзінің тұлғалық ерекшеліктерінің кейбірін өзгертеді, кейбірін дамытып жетілдіреді, ал енді басқаларының қайта құру әлеуетінің болатындығын айтады [90, 23 б.]. А.Т.Ақажановамен жасөспірімдердің тұлғалық қасиеттері зерттеліп, әлеуметтік оқшаулану мекемесіндегі девиантты мінез-құлықты түзету бойынша модель өңделіп, тәжірибеде тиімділігі тексерілген [91].

Қазақстандағы қолданбалы психологиялық зерттеу жұмыстарымен алғаш болып айналысқан Ж.Ы.Намазбаева [92] түзетіп оқыту үдерісіндегі ақыл-ой мен аффекті арақатынасының өзгеретінін дәлелденген Л.С.Выготскийдің теориясына сүйенеді. Ғалым көмекші мектептің бастауыш, орта және жоғары буынындағы оқушылардың өзіндік сана, эмоционалды және мотивациялық сферасының даму ерекшеліктерінің заңдылықтарын ашты. Зерттеуші тұлға мәселесін зерттеуінде әртүрлі іс-әрекет (ойын, еңбек, спорт т.б) барысындағы жас ерекшелік шамасының тұлғалық компоненттерінің механизмдері мен функцияларын белгілеуде түйінделетін көзқарастарды жетілдірді [93, 100 б.]. Ж.Ы.Намазбаева және оның шәкірттерімен тұлғаның қалыптасуы тікелей мәдениетпен байланысты мәдени-тарихи тұжырымдама негізінде ғана тұлғаны зерттеуге болады дейді. Адамзаттың психикасы танымдық және эмоционалы-еріктік сферасымен өзара байланысты түсіндірілетін тұлғаны зерттейтін кешендік тұғырды өңдеді [94, 241 б.]. Мұндай көзқарастардың жүзеге асуы толығымен тұлғаны түсіндіруге мүмкіндік берді.

Заманауи тұлға өз өмірін құра отырып, оған деген қатынасын қалыптастырады. Бірақ әлеуметтік-экономикалық өзгерістер оның шарттарын түсіндіруде бізден белгілі шешімдерді қабылдауды талап етеді. Бұл дегеніміз – біздің алдымызда саналы және белсенді әрекетке қабілетті адамның, субъектінің психологиясын анықтау қажет.

Біздің көзқарасымыз бойынша, субъект – саналы іс-әрекет ететін адам. Ол қоршаған ортаның әсерін сезе отырып, өзі өзгелерді таниды және өзгелерге танылады. Оның әлеммен белсенді және саналы қатынасы қоршаған әлемді және енді қалыптасып келетін адамның өзін де өзгертеді.

Осы тұрғыдан Н.Жиенбаева, Л.Макина тәжірибе тұрғысынан, жекелік белсенділіктің дамуы– оқыту үдерісіндетанымдық іс-әрекеттегі диалог барысында, сонымен қатар формалды емес ортада қалыптасатынын дәлелдейді [94, 237-238 б.].

С.Л.Рубинштейннің әлеуметтік пен биологиялық арасындағы сабақтастыққа негізделген детерминизм қағидасы бойынша сыртқы себептер тек ішкі шарттар арқылы және ішкі психикалық сыртқы материалдық арқылы жүзеге асырылады. Тұлға тек заттық қарым-қатынас арқылы анықтала алмайды, сол себепті де әлеуметтік қарым-қатынастар биологиялық организмге психика арқылы әсер етеді және мұнда әлеуметтік орта мен биологиялық организм арасын байланыстыратын негізгі мәселе тұлға болып саналады.

Аталғандармен қоса, тұлғаның біртұтастығы мен мазмұнына өзгермелі қоршаған орта мен кәсіби жетекші іс-әрекеттің ықпал ететіндігі анықталды. Сәйкесінше, тұлғаның біртұтастығы қарапайым алғанда, оның бойындағы қасиеттері мен сапаларын тізіп қою арқылы ғана анықталмайды. Тұлға өзінің болмысын қоршаған әлеммен өзара әрекет ету барысында көрсетеді, түрлендіреді, дамытады.

Сонымен біз зерттеушілердің анықтамалары мен тұғырларды талдау барысында келесі қорытындыға келдік:

1. Жалпы алғанда «тұлға» философиялық, педагогикалық, психологиялық және т.б әдебиеттерде қоғамды жасаушы, түрлендіруші, жаңартушы, өзгертуші ең басты факторы, қоғамның ең құнды бөлігі тұрғысынан қарастырылған.

2. «Тұлға» ұғымына берілген анықтамаларға жасаған талдау бізге зерттеудің міндетіне сәйкес тұлға ұғымының мәнін кеңейтіп, синтездеуге мүмкіндік берді. *Тұлға дегеніміз, біріншіден – әрбір даму кезеңдерінде қасиеттерінің өсуімен өз көрсеткіштері, деңгейлері анықталатын іс-әрекеттің субъектісі.* Тұлғалық күйлердің өзгергіштігіне қарамастан, оны құрайтын психикалық құраушылардың тұрақтылығы белгілі бір жағдайларға байланысты адамның іс-әрекетін алдын ала көруге мүмкіндік береді. *Екіншіден, тұлға біртұтас жан. Тұлға тұтастықпен ғана түсіндіріледі.* Тұлғалық қасиеттер жағымды және жағымсыз көрсеткіштермен сипатталады. Өз кезегінде оның әр қасиетінің өзге күйлермен өзара қатынастарына байланысты өзіне тән мәнге ие болады. Өз кезегінде жағымсыз қасиеттер тұлғаның басқа тұлғалық-кәсіби қасиеттеріне әсер етеді. Адамның қасиеттері бастапқыда генетикалық тұрғыда шартталып, өмірдің алғашқы сәттерінде тұлғаның қабілетінен тәуелсіз дамиды. Индивидтің сапалары әлеуметтік байланыстар арқылы даму үдерісінде қайта-қайта жаңғырып, өзгеріп, тұлғаның қалыптасуына мүмкіндік береді. Ал, тұлғалық қасиеттердің өзгергіштігі әлеуметтік және биологиялық құрылымдардың өзара байланыстарымен анықталады. *Үшіншіден, тұлға белсенді жан.* Белсенділік танымға, өзгеріске, қоршаған әлемді түрлендіруге, өзіндік болмысын өзгертуге бағытталған көптүрлі және көпаспектілі іс-әрекеттерде байқалады.

3. «Тұлға» ұғымы қарастырылған еңбектерді жан-жақты талдау нәтижесі тұлғаның дамуы мен маманның тұлғалық-кәсіби қасиеттерінің қалыптасуына ықпал ететін қоғамның үдемелі факторларына байланысты оларға *арнайы ұйымдастырылған кешенді психологиялық-педагогикалық* көмек көрсету қажеттілігі күннен күнге артып отырғандығын көрсетті.

4. «Тұлға» ұғымының мәнін жан-жақты ашу бізге зерттеу міндеттерін шешуге септігін тигізетін әдіснамалық тұғырларды анықтауға мүмкіндік берді: кешендік тұғыр (Ж.Ы.Намазбаева) және тұтастық тұғыр (Л.С.Выготский). Осы танда біз тұлғаның өзінің әр даму кезеңінде толыққанды, үйлесімді дамуы үшін арнайы үйлесімді орта құру қажеттілігін дәйектеген Ж.Ы.Намазбаеваның кешендік амалын басшылыққа аламыз. Өйткені, тұлғалық қасиеттер мен индивидтің ерекшеліктері тұлға бойында әлеуметтік тұрғыдан айқындалатын элементтер ретінде орын алады.

1.2 Білім беру субъектісі тұрғысынан ЖОО оқытушыларының тұлғалық-кәсіби қасиеттеріне сипаттама

Барлық уақытта да білім беру үдерісінің негізгі мақсаты болып халықпен, қоғаммен, өркениетпен жинақталған қоғамдық тәжірибені сақтау және әрі қарай дамыту табылды. Білім беру белгілі бір оқу орындарында білімдерді меңгеру, ақпараттарды жеткізу және қабылдау, аталған тәжірибені игеруді ұйымдастыру үдерістері арқылы жүзеге асырылады.

Қоғамның қазіргі кезеңіндегі білім беру біртұтас тұлғаны қалыптастыру мен дамытудың факторы және нәтижесі тұрғысынан анықталып отыр. Осыған орай кәсіби білім беру мемлекет тарапынан жүргізіліп жатқан реформаларды дамытудың маңызды стратегиялық бағыттарының біріне айналды.

Болашақ маманды кәсіби даярлау мәселесінің тиімді де табысты шешілуі білім беру үдерісінің субъектілеріне тәуелді екендігі анық.

«Субъект» ұғымының тұлға тұрғысындағы мәні осы диссертацияның 1.1 бөлімінде 13-17 беттерде жан-жақты талданған болатын. Тұлғаның таным субъектісі, еңбек субъектісі, қатынас субъектісі болып табылатындығы мазмұнды баяндалған. Сол талдаулар нәтижесінде біз зерттеу пәнімізге сәйкес педагогикалық сөздіктегі «субъект – іс-әрекетті өзгертіп, түрлендіре алатын, жеке көзқарасын айтатын, шешім қабылдап, өзінің іс-әрекеттерін бағалап, өзін өзгертіп, өзін-өзі жүзеге асыра алатын белсенді саналы адам немесе ұжым», делінген анықтаманы басшылыққа аламыз.

Өйткені мұнда субъектінің өзінің іс-әрекеттеріне есеп бере алатындығы, өзін-өзі тануға қабілеттілігі, өзінің санасы мен жауапкершілігі туралы айтылып тұр. Ол өзінің өткен, осы және келер шақтарын сәйкестендіре алады. Ал оның өзгеруі оның ойларына, өзіндік стратегиясына сәйкес жүзеге асырылады. Субъект психологияда «белсенділіктің, тұтастықтың, автономдылықтық жоғары деңгейіндегі адамдар» деп түсіндіріледі. Ал бұл болса, бізге білім беру субъектісі туралы сөз қозғауымызға мүмкіндік береді.

Психологияда жан-жақты зерттеліп келген *субъект* категориясы (А.Н.Леонтьев, С.Л.Рубинштейн, К.А.Абулханова-Славская, А.В.Брушлинский,

А.Р.Ерментаева) философиядағы (Аристотель, Декарт, Кант, Гегель) басты ұғымдардың бірі болып санады. Білім беру субъектісі мен субъектілер арасындағы қатынастарды зерттеуде біршама қиындықтар туындайды. Өйткені субъектілердің әрбірі басқа субъектімен және бір мезгілде «өзін-өзі» жасау атты ортамен қатынасқа түседі. Осы мәселе ғылымда «субъект-субъектілік қатынастар» деп белгіленіп, педагогика мен психологиядағы маңызды және жете зерттеле қоймаған мәселе болып қалып отыр.

Ж.Пиаже субъектінің өзінің ішкі құрылымы өзіне түгелдей «бағынбайтындығын», өзін-өзі шындыққа айналдыратындығын, өзобъектісі мен операцияларын өзі ұйымдастыратындығын айтады. Ал, *біздің ойымызша, субъектінің ықпалды белсенділік пен қайта жасауға бейімділік сипаттары* аса маңызды саналады. Белгілі бір сипаттарды бойына жинақтай алған субъектілікті жеке бір функция ретінде қарауға болады. Білім кеңістігіндегі субъектілік көпфункционалды саналады. П.Ф.Каптеревтің пікірінше: «білім беру үдерісіндегі субъектілер өзін-өзі дамытуға міндетті, оның ішкі қайрат-күші басқаның дамуының бастауы мен қуат беруші импульсы бола алады» деген қорытындыға келген [95, 81-82 б.].

«Адам - адам» типтегі мамандықтардың кәсіби әрекеті тиімділігінің субъективті көрсеткіштерін қарастырған Ю.Е.Якунин «субъект - іс-әрекет – объект - қоршаған әлем» ұғымының орнына енді «субъект (1) - іс-әрекет, субъект (2) - қоршаған әлемді» қойды. Субъект (1) - еңбек субъектісі болып табылады, субъект (2) – еңбекті тұтынушы, бірақ кәсіби әрекеттің субъектісі тек кәсіби маманы (субъект (1)) ғана бола алады, өйткені ол белсенді, барлық үдерісті жоспарлайды, реттейді, бақылап түзету енгізеді. Субъект (2) - субъект (1) қатынасына бағынышты іс-әрекеттер кейпінде ғана. Бірақ іс-әрекеттерінің мақсаттарына жететін ортақ нәтижелері екі субъектінің өзара біріккен іс-әрекеттеріне тәуелді [96, 24 б.].

И.А.Зимняя білім беру үдерісіндегі субъект категориясын психологиялық-педагогикалық тұрғыдан былайша сипаттайды: «1) субъект үшін объект қажет; 2) өзінің іс-әрекеті (танымдық немесе эксперименттік) формасында (кұралдар, тәсілдер) субъект қоғамдық болып табылады; 3) қоғамдық субъектті жүзеге асырудың нақты жекелік өзіндік формасы болады; ұжымдық субъект әр индивидтің бойында және керісінше орын алуы мүмкін; 4) саналы реттелетін өзара әрекет әрқашан субъективті, сол әрекеттің өзінде субъекттің өзі де қалыптасады; 5) жекелік әрекеттің субъектісі – саналы іс-әрекеттенетін жан; 6) субъектілік өзге адамдармен қарым-қатынас барысында анықталады – белсенділік, біреуге баулушылық; 7) субъектілік қарым-қатынастың, іс-әрекеттің, өзіндік сана мен болмыстың ажырамас тұтастығы; 8) субъектілік өзара әрекеттен тыс жүзеге асырылмайды, динамикалық басталады, тұрақталады және өзгереді; 9) субъектілік - интрапсихикалық категория [97, 128 б.].

И.А.Зимняяның тұжырымдауынша субъектінің іс-әрекеттеріне мақсат қоя білу, жоспарлау, орындаушылық іс-әрекеттер, өзін-өзі бақылау, өзін-өзі бағалау жатады. Осыған сәйкес білім беру субъектісі тұрғысынан ЖОО

оқытушыларының кәсіби іс-әрекетте мақсат қоя білуі, жоспарлай алуы, оны жүзеге асырудың тәсілдерін білуі, өзбетімен нәтижелерін бағалауы, кәсіби әрекеттің талаптары мен өзінің мүмкіндіктерін білуі, қиыншылықтар пайда болғанда оларды талдау және жеңу жолдарын таба білуі сынды қасиеттермен сипатталады [97].

Сонымен *білім беру субъектісі дегеніміз оның іс-әрекетінің нәтижесі, ортаны өзгертуші, оны жасаушы немесе түрлендіруші.*

Өзіндік әрекеттер жасай алған адам субъектінің мәніне айналады. Адам өмірінде осы өмірдің субъектісіне айналатын белгілі бір сәті (жол басы) болады. Мүмкін тұлғаның даму динамикасы осындай сәттен басталып, *«субъектілік» іс-әрекетке түседі, соның нәтижесінде тұлға ретінде дамығаны байқалады.* Ал бұл әрекет субъектілік қарым-қатынастар (яғни, эмпатиялық, фасилиттенген) арқылы өзіндік ішкі жағдайдың табиғатына сай туындауы тиіс. Осыған орай, білім беру кеңістігіндегі *субъект-субъектілік қатынастарды* түсіну негізінде білім мен тәрбие пассионарлықты (баланың еңбектегі, танымдағы, еркін рухты тұлға ретінде қалыптасуындағы жекелей әлеуметтік қажеттіліктерін дамыту) жүзеге асыруға болады, сондай-ақ синергиялықты (үдеріске қатысушы – мұғалім, оқушы, ата-ана арасындағы өзара әрекеттесуден туындайтын энергетика) өркендетуге де мүмкіндік туындайды.

Біздің түсінуімізше *субъект-субъектілік қатынастардағы* басты ұстаным қатарында өзіне-өзі қызығушылығы (ата-ананың, мұғалімнің, баланың) және өзіне қарама-қарсы адамға қызығушылығының (ата-анаға, мұғалімге, балаға) болуы тиіс.

Зерттеуші И.А.Зимняя ұстаздың шәкірттерімен өзара тең серіктестік, сенімге құрылған қарым-қатынас орнатудағы субъект-субъектілік маңыздылығын айта отырып, мұндай өзара қатынас болған жерде білім алушылардың барлық оқу жағдаяттарында ерікті түрде өзін-өзі көрсетуіне жол ашатынын, олардың бойында жеке өзіндік бағалау мен жеке дамуын қамтамасыз ететінін ерекше атайды [97].

Оның жұмысында субъектілердің сипаттамалары туралы мәліметтерді психология-педагогикалық тұрғыдан жүйелендіруге талпыныс жасалған. Атап айтқанда, ол: *«субъективтілік – бұл қарым-қатынас, өзіндік сана мен болмыс құндылықтарының бөлінбес біртұтастығы»* және *«субъектілік – бұл бірде пайда болып, бірде жоғалып тұратын, өзара әрекеттесуден тыс өмір сүре алмайтын динамикалық бастау»* деп атап өткен. Бізге автордың субъектілікті қарым-қатынас жүйесіндегі белсенділік және ынта деп айтқан пікірлері құнды болып отыр. Қарым-қатынастағы субъект пен субъектілікті дамыту бұл субъектілер мен оны жасаушылардың дамуы деп түсінген дұрыс.

Л.С.Выготский болса, оқытушы мен студент қана араласуға мүмкіндік алатын ерекше бір ақиқаттың болатындығын мойындамайды, ол үнемі екеуін байланыстыратын динамикалық ортаны бөліп алып: *«... білім беруші белсенді болса, білім алушы да белсенді, сондай-ақ олардың арасындағы орта да белсенді»* - деп тұжырым жасаған. Өздігінен белсенді орта болып табылатын

білім беру кеңістігіндегі өзара әрекеттеріндегі психологиялық табиғат оның көзқарасының «секіріс кейіптегі және революциялық» даму үдерісінде болуына ықпал етеді [98, 89 б.].

Біздің ойымызша, аяқасты, мүлдем жаңа, субъектінің іштей өзгеруіне, өзін-өзі тәртіпке салуына және В.А.Петровский дәлелдеген «өзінше интериоризациялы басқа субъектілер тұрғысынан» даму үдерісіне алып келеді. Ол «әлеуметтік қарым-қатынастарды белсендіру мен интериоризациялауды қолға алу керек деген логиканы ұстанатын болсақ, онда тұлға осы индивид бойындағы сапаның өзіндік синтезі және өзіндік құралдық актілермен қатар берілетін басқа индивидтердің субъекті-интенционалдық жолмен интериоризацияланатын сапаларды бойына жинаған күйге түседі»-деп айтқан. Әлеуметтік қарым-қатынастарда көрініс табатын өзіндік субъектілік сәттерді интериоризациялау идеясы біздің зерттеуіміздің сипатын анықтап берді. Л.С.Выготский интериоризациялау актісі негізінен қарым-қатынасқа түсу кезінде жүзеге асатынын, демек нақты индивидтер арасындағы қарым-қатынастың мәні болып отырған әлеуметтік қатынастардың жекелікке әсер ететінін айтады [98].

В.В.Давыдов еңбектерінде оқу ісін ғылыми, эстетикалық, әдептілік пен құқықтық секілді адам бойындағы теориялық ілімдердің әртүрлі салаларына бағдар ұстанған адамның қабілетін ашудың жалпы формасы екенін баса айтады. Л.С.Выготский жеке бағдарланған оқытуға – «бала өз ісінің субъектісі бола алатындай етіп баланың дамуын ұйымдастыру» қажет деген анықтама береді [98].

Біз де субъектінің білім беру кеңістігіндегі қарым-қатынастар арасындағы өзара байланысты дамыту актісін жүзеге асырудағы орнын жоққа шығармаймыз. Осы тұрғыдан Б.Д.Элькониннің тұлғаны дамыту психологиясын басшылыққа аламыз. Әрбір субъектінің өзін-өзі дамытуда өздігінен оқуы, өзін-өзі тәрбиелеуі, яғни өзін-өзі маңыздылыққа айналдыруы аса мәнге ие болуы қажет.

Н.Н.Хан жоғары оқу орнындағы педагогикалық үдерістің ынтымақтастықтығына берген негізгі сипаттамасында *субъект-субъектілік қарым-қатынасты оқытушы мен студент арасындағы өзара іс-әрекет* деп түсіндіреді [29, 210 б.].

Өйткені педагогикалық үдеріске қатысатын субъектілер тек ынтымақтастықта ғана белсенділік танытады. Адам тек белсенділікпен әрекет еткенде ғана жаңа нәрсеге үйренеді, білім, іскерлік, дағдыларды игереді, құзыреттілігі дамиды, шығармашылығы артады. Біздің осы ойымызды В.Н.Петрованың «Егер, бүгін педагогикалық ынтымақтастық мәселесі басты болса, бұл ертеңгі күні біргеліктегі шығармашылыққа ұласады» деген пікірі де айғақтай түседі [99].

Осы тұрғыдан білім алушы мен білім берушінің шығармаластық мәселесі – ағымдағы педагогиканың ғасырлық мәселесіне айналып отыр. Ынтымақтастық – білім беру үдерісінің алдында тұрған міндеттерді шешудің бірінші кезеңі бола отырып, ол білім беру үдерісіндегі теңдік мәселесіне тәуелді саналады. Яғни

оқытушы студентті білім беру субъектісі ретінде қабылдап, өзін осы үдерістің субъектісі етіп сезінуіне жағдайлар жасаумен анықталады.

Жалпы алғанда, ғалымдар субъектінің негізгі көрсеткіштеріне шынайылықты, дұрыс және адекватты өзара кері байланыс негізінде өзін және өзгелерді өзгерте алу қабілеттерін жатқызады. Демек, *білім беру субъектісі* - білім мен білікті үйретуге қабілетті, өзінің кәсіби іс-әрекетін өзгерте алатын, түрлендіретін, өзіне-өзі баға бере алатын тұлға болып табылады. *Оқытушылардың субъективтілігін біз кәсіби педагогикалық кеңістіктің маманы тұрғысынан оның өзіне және іс-әрекетіне қатынасында көрінетін кіріктірілген тұлғалық қасиеттері деп түсінеміз. Оқытушының субъектілігі өзіне құндықатынасымен және студентке өзіндік құндылық және жеке білім алушы субъект тұрғысынан қатынас жасауынан тұрады. Ол сонымен қатар тек педагогикалық емес, кез келген басқа әрекеттің субъектісі де болуы мүмкін.*

Е.А.Климов тұлғаның субъективтік сипаттамасына оның бағыттылығын, мотивін; қоршаған ортаға, іс-әрекетіне, өзіне қатынасын; өзін-өзі реттеуін; креативтілігін; эмоционалдығын жатқызады [100].

Білім беру субъектілерінің (тәрбиеші, мұғалім, оқытушы) тұлғасына, тұлғалық-кәсіби қасиеттеріне қатысты білімдер, эксперименттік зерттеу нәтижелері күннен күнге толықтырылып отыр. Аталған субъектілердің бойына қажет маңызды тұлғалық-кәсіби қасиеттер ерте заманғы философтардың еңбектерінен бастап, қазіргі педагогика мен психология саласындағы ғалымдардың еңбектерінде жалғасын тапқан.

Оқытушының кәсіби құзыреттілік деңгейіне баға беру үшін оның кәсіби іс-әрекетінің мазмұнын анықтау қажет болады. Сол үшін де алдымен, ЖОО оқытушыларының кәсіби іс-әрекетіне қойылатын талаптарға тоқталуды жөн көрдік.

Оқытушылардың негізгі кәсіби іс-әрекеті педагогикалық іс-әрекет болғандықтан, алдымен *педагогикалық іс-әрекеттің* мәнін ашуға ден қойдық. Кәсіби педагогикалық іс-әрекеттің мазмұны мен атқаратын қызметтері Н.Д.Хмель, Э.Ф.Зеер, А.К.Маркова, Л.М.Митина, Н.В.Кузьмина, В.А.Сластенин, В.Д.Шадриков және т.б. ғалымдардың еңбектерінде қарастырылған.

Педагогикалық іс-әрекет дегеніміз ықпал ету құралдарының көмегімен оқыту мен тәрбиелеудің міндеттері шешілетін педагогтың кәсіби белсенділігі (А.К.Маркова), оқыту-тәрбиелеу міндеттерін шешетін үдеріс (Ю.Н.Кулюткин, Г.С.Сухобская), тұлғалық, зияткерлік сапаларды дамытуға бағытталған, сонымен қатар өзіндік даму мен өзін жетілдірумен айналысатын, мұғалімнің оқушыны тәрбиелеу және оқытудағы ықпалы (И.А.Зимняя), адамның мамандығына сәйкес құралдары арқылы өзге адамның тұлғасын қалыптастыра алу шеберлігін игеруі (Н.В.Кузьмина), педагогикалық жүйедегі тәрбиелеудің объектісі мен субъектісінің өзара қарым-қатынасымен шартталған байланыс (Л.Ф.Спирин) [101, 11-24 б.].

Қазақстандық белгілі ғалым Н.Д.Хмель [17] педагогикалық үдеріс – қызметтік мақсатқа бағытталған жүйе, оның барлық компоненттері қатаң

тәртіппен бір-біріне тәуелді және бір компонентінің бұзылуының өзі қалған барлық педагогикалық үдерістің нәтижелері мен жағдайында әсер етеді деп, оның маңызын айқындаған.

Оқытушы бүгінгі таңда үлгі емес, оны өзгенің түсінгенін қалайтын және ол үшін барлық амалдарды пайдаланатын тұлға болып саналады. Бірақ осындай тұлға өзінің білім алушыларын жеке пікірі бар, сыни ойлай білетін, өзгелерді түсіне алатын тұлға болып қалыптасуын қалайды. Осыған байланысты педагогикалық іс-әрекеттің әр түрлі құралы, амалы, әдіс-тәсілдері жүзеге асырылады.

Біздің зерттеуіміз үшін оқытушылардың іс-әрекетінің мазмұнын көрсетуге тырысқан А.К.Маркованың тұжырымдамасы маңызды. Ол оқытушылардың кәсіби іс-әрекетінің компоненттеріне: кәсіби психологиялық және педагогикалық білімдер, кәсіби педагогикалық біліктіліктер; кәсіби психологиялық көзқарас; мұғалімнің қондырғысына кәсіптің тарапынан қойылатын талаптар; кәсіби білім мен біліктілікті игеруге мүмкіндік беретін тұлғалық ерекшеліктерді жатқызды [101, 20-24 б.].

ЖОО-ның оқытушылары үшін әсіресе педагогикалық және ғылыми іс-әрекеттерге қатысты жұмыстар тән, атап айтсақ, ғылыми-зерттеу жұмыстары олардың ішкі әлемін кеңейтіп, шығармашылық әлеуетін дамытады, білімдерін жаңа деңгейге көтеруіне мүмкіндік береді.

С.Д.Смирнов барлық ЖОО оқытушыларын шартты үш топқа бөледі:

1. Педагогикалық бағыттылығы басым оқытушылар (жалпы санының 2/5-н құрайды);
2. Зерттеушілік бағыттылығы басым оқытушылар (1/5);
3. Педагогикалық және зерттеушілік бағыттылығының бірдей мүмкіндігі бар оқытушылар (шамамен 1/3-ке жуық) [102, 216-217 б.].

Ал педагогикалық іс-әрекеттің қызметтеріне қатысты жіктемелерге Н.Ф.Кузьмина [103] (гностикалық, конструктивті, ұйымдастырушылық, коммуникативті, жобалаушы), А.И.Щербаков (ақпараттық, дамытушылық, бағдарлық және ұтқырлық), В.И.Гинецкий (презентативті, интенсивті, түзетуші және диагностикалау), Э.Ф.Зеер (мақсаттық және операциялы), Г.Ф.Красноженова (педагогикалық еңбектің кезеңдеріне байланысты келесідей қызметтер тобын бөледі: талапкердің мүмкіндігін, білім алу қажеттілігін диагностикалау, оқыту мен бақылау формаларын, әдістерін, құралдары мен оқу үдерісін жоспарлау және жобалау; өзіндік тәжірибиені талдау және жеткізе алуы; оқыту үдерісін зерттеуді ұйымдастыру) еңбектерінде [104] талдау берілген.

Сонымен оқытушылардың педагогикалық іс-әрекетіне қойылатын талаптар ауқымды және сан-алуандығымен ерекшеленеді: оқуға түсуге келген талапкердің мүмкіндігі мен қабілетін анықтаудан бастап, кәсіби маман тұрғысынанбойынан табылуға тиісті білім, білік, дағдыларды қалыптастыруға байланысты талаптар енеді.

Білім беру үдерісінде адамның рухани бейнесі моралдық және рухани құндылықтардан тұратын оның мәдени игіліктері мен тәрбиесі, өзін-өзі

тәрбиелеуі негізінде, яғни, адам бейнесін қалыптастыру үдерісін өңдеудің әсері арқылы жетіледі. Бұл жағдайда білімділікпен қатаркісби маман боында тұлғалық қасиеттердің қалыптасып дамуы да аса маңызды саналады.

Оқытушылардың тұлғасы педагогикалық іс-әрекеттің субъектісі тұрғысынан өзін-өзі ұйымдастырушы субъект болып табылады және мынадай сипаттамалармен анықталады [96, 97, 99]:

– заттар әлемі мен идеяларын игеріп қана қоймай, оларды қайта жаңғырту, жаңашыландыру, түрлендіру мен өзгерте алуы;

– іс-әрекетті жүзеге асырудың барлық кезеңдеріндегі міндеттерін саналы түсініп, қабылдау, қажетті жағдайларда оларды анықтай алу қабілеті мен ұмтылысы;

– қарама-қайшылық жағдайларда адамгершілікті таңдауға қабілеті, өзіндік ішкі «МЕН»-ін таңдауын негіздей білуі, анықтай алуға ұмтылысы;

– рефлексияға қабілеті, бір жағынан, қабылданған мақсаттары мен тілектеріне сәйкес өзінің мінез-құлығы мен іс-әрекеттерін саналы реттей алуға қажеттілігі, екінші жағынан, «өзінің басы бастық еместігінің шегін саналы түсінуі»;

– тұлғаның белсенділігі, ұмтылысы, іс-әрекеті мен қарым-қатынасының нәтижелерін сын тұрғысынан ойлауы және рефлексияға қабілеті;

– өзін-өзі дамытуға бағыттылығы;

– өзінің іс-әрекетіне өзбетіндік түзетулер еңгізе алу қабілеті, «сыртқы әлемге» ішкі тәуелсіздік. Көзқарастарының, ниеттерінің тұрақтылығы оларды түзету және өзгерте алуы;

– Шығармашылық әлеует, әмбебаптылық, қайталанбастық.

Яғни, жоғарыда аталғандардан біз білім берудің субъектісі – педагогикалық іс-әрекетті жүзеге асырудың әдіс-тәсілдерін білуі, өзбетімен шығармашылық шешімдерді қабылдау мен шешуге дайындығы және ұмтылысы деп түсіндіреміз.

Осыған байланысты жоғары оқу орны оқытушыларының тұлғалық-кәсіби дамуы мәселелерін қарастыруда тұлғалық және кәсіби қасиеттердің мәні мен мазмұнын зерттеп, талдаудың қажеттілігі артады.

Зерттеу барысында ғылыми әдебиеттерге жасаған талдау педагог тұлғасы, оның тұлғалық-кәсіби қасиеттері мен сапаларының сипаттамасы, мәні мен құрылымы жан-жақты қарастырылғанын көрсетті. Сондай-ақ, білім берудің негізгі субъектілерінің бірі болып табылатын оқытушының кәсіби, тұлғалық-кәсіби дамуы, түсініктері анықталып олардың факторлары, қозғаушы күштері, жағдайлары, механизмдері әлі де зерттеле түсу керектігін байқатты.

Олай болса, біз алдымен зерттеудің базалық ұғымы «тұлғалық-кәсіби қасиет» түсінігінің мәнін ашып алуды жөн санадық. Диссертацияның 1.1 бөлімінде тұлға ұғымы жан-жақты талданған болатын. Ал кәсіби ұғымы маманның шеберлігіне қатысты айтылады. Бұл түсінік теория мен практикада жеткілікті талданып, санамызға сіңіп кеткендіктен, бұл сөздің семантикалық мағынасына талдау жасап отыруды жөн санамадық. Ал,

зерттеу жұмысымызда бұл ұғым жоғары оқу орны оқытушысының кәсіби сапалары, қасиеттері тұрғысынан осы бөлімде сөз етіледі.

Зерттеудің негізгі ұғымдары қатарында «сапа» және «қасиет» терминдері қарастырылады. Өйткені ғылыми әдебиеттерде кәсіби маңызды сапалар [105, 76 б.], кәсіби сапалар [106, 189 б.], кәсіби іскер сапалар [107], тұлғалық сапалар [108, 208 б.], кәсіби қасиеттер [109, 111 б.] және тұлғалық қасиеттер [115]) ұғымдары қолданылады. Бұл бізге не себепті «тұлғалық-кәсіби сапалар» емес, ал «тұлғалық-кәсіби қасиеттер» деп алуымызды негіздеу қажеттігін көрсетеді.

«Сапа», «қасиет» ұғымдарының мәнін нақтылауда осы түсінік қарастырылған философиялық, педагогикалық, психологиялық әдебиеттерге талдау жасадық.

«Қазақ халқының философиялық мұрасы» атты еңбекте қасиет сапаның мазмұнды әлеуетті мүмкіндігі ретінде қарастырылған. Мысалы, жауынгерлік қасиет – жауынгерлік сапа көрінісі [110, 50 б.] делінген.

Ал Ә.Ыбырайым, А.Жаңабековтың қазақ әдеби тілінің сөздігінде: «қасиет – «әр затқа, нәрсеге тән айырмашылық белгі, сапалық ерекшелік», «сапа – белгілі бір заттың немесе құбылыстың басқа бір заттар мен құбылыстардан өзгеше қасиеті, ерекше айырмасы, белгісі» [111, 421 б.; 112, 661 б.] деп анықталған. Н.Уәли, Ш.Құрманбайұлы, М.Малбақов, Р.Шойбековтің қазақ тілі сөздігінде: «қасиет» адам бойына жаратушы өзі дарытқан айрықша қабілет, тылсым күш, кие, әулиелік, құпия сыр, құдырет [113] деп көрсетіліп, келесі мысал келтірілген: Еңбек - тек адамға ғана тән қасиет [124, 127 б.].

Алғашқы болып екі түсініктің мағынасын ашқан И.Т.Огородников: «Сапа – ортамен қалыптасатын әлеуметтік ерекшеліктер, ал тұлғаның қасиеті – оны дамытудың табиғи алғышарттары» [115, 71 б.] десе, философиялық тұрғыдан баға береді. А.П.Алексеевтің философиялық сөздігінде [116, 137 б.] сапа түсінігі өзіне тән қасиеті арқылы жандыларға сырттай баға берумен сипатталады. Қасиет – кез келген белгілі бір жүйенің басқа бір жүйемен өзара әрекетке түсу барысындағы болмысының көріну күйі, тәсілі. Қасиет – маңызды, қажетті заттарға тән, қайта қалпына келмейтін ішкі және сыртқы белгілер жүйесі.

Психологияда тұлғаның қасиеттері қарым-қатынас пен өзара әрекетте көрінетін адамның өзіне, басқа адамдарға, қоршаған әлеміне оның субъективті қатынас жүйесі ретінде сипатталады [39].

С.О.Ожеговтың сөздігінде «сапа» – заттар мен көріністердің бір-бірінен ажыратылатын белгілері мен қасиеттердің жиынтығы болса, «қасиет» – қандай да бір заттың немесе бір адамның ерекше айырмашылығының белгісі, сапасы» делінген [117, 137 б.].

Сонымен қасиет дегеніміз – сапаны дамытудың алғышарты болса, ал сапа – сол қасиеттің сырттай көрініс беруі. Демек, тұлғалық-кәсіби қасиеттер – тиімді іс-әрекетті жүзеге асыруға қажет сапалардың алғышарты, әлеуетті мүмкіндігі, өзара әрекетке түсу барысында орын алатын тұлғалық ерекшелік. Біз қандай да болмасын қасиеттерді атау барысында оның сол сәттегі

тұлғалылығын сипаттайтын іс-әрекетінде, мінез-құлығында орын алатын ерекшеліктерін атаймыз.

Әрине жоғарыда көрсетілген «сапа», «қасиет» ұғымдарына берілген анықтамалар қазақ тілінде бұл түсініктердің мәні бойынша бірін бірі толықтыра түсетіндігін, даму үдерісінде бірине бірі себеп болатындығын, бірине бірі қажет болатындығын көрсетіп отыр. Маманның тұлғалық-кәсіби құрамында қасиетті сапасыз, сапаны қасиетсіз елестету, сондай-ақ дамыту мүмкін емес.

Дейтұрғанмен зерттеу барысында философ С.Мырзалының «педагогикада тұлғаның қасиеттеріне адамның психофизиологиялық ерекшеліктері, ал сапаларына тұрақты дүниетанымдық, адамгершілік-саяси, эстетикалық және басқа да сенім-нанымдар, сезімдер мен әдеттер жатады» деген пікірін басшылыққа аламыз. Бұл дегеніміз кәсіби ұғымына «сапа» сөзінің, тұлғалық ұғымына «қасиет» түсінігінің жақын келетіндігін білдіреді.

Алайда біз, **біріншіден** «сапа» мен «қасиет» сөзін біріктіріп қолдану мүмкін еместігіне байланысты, **екіншіден**, зерттеу міндетіне сәйкес өзіміздің таңдап алған проблемамыздағы даму үдерісін психотехнологиялық қамтамасыздандыру мақсатында жоғары оқу орны оқытушыларының тұлғалық-кәсібилігі құрамындағы негіздері тұрғысынан олардың психофизиологиялық ерекшеліктерін зерттеуге аса ден қойғанымызды ескеріп, **үшіншіден** сапа ұғымының өзі адам бойындағы қасиеттерді дамытудан пайда болатындығы мен тұлғаны дамыта отырып оның кәсібилігін шыңдаудың басымдығын негізе алдық. Сол себепті зерттеу пәнінің негізгі ұғымын «тұлғалық-кәсіби қасиеттер» деп алдық.

ЖОО оқытушыларының тұлғалық-кәсіби қасиеттерін анықтау мақсатында философиялық, психологиялық және педагогикалық еңбектерге талдау жасадық.

Мұғалім, тәрбиешінің тұлғасы туралы еңбектер сонау Ежелгі қиыр Шығыс философиясында Қытай өркениетінің идеологиясын құрған – Конфуций ілімінен бастау алады. Конфуций ұлы ұстаз болу үшін, – дейді мына қасиеттерді игеруі шарт деп, көрсеткен болатын. Атап айтқанда:

1. Өзінше ұстаздыққа жету;
2. Ұстаздыққа лайық биязы болу;
3. Ұстаздыққа іштей бейімділігі;
4. Адамдармен тіл табыса білу;
5. Өз өсиетіне берік болуы;
6. Өз уәжінде тұру;
7. Ұстаздық даралығы;
8. Ұстаздың еркін тәуелсіздігі;
9. Жұмыстағы мінез-құлықтың ұстамдылығы;
10. Ұстаз ниетінің адалдығы;
11. Ұстаз жанының мейірімділігі;
12. Ұстаздың ақылдыны айқындап, таланттыны қолдай білуі;
13. Жолдасқа деген сенімділігі;

14. Ұстаздың құрметтеуі және төзімділігі;

15. Ұстаздың қарым-қатынастағы тартымдылығы. Яғни, адамның, әлеуметті жанның әлеуметтік ортадағы нағыз орны, қызметі анықталады. Адамның табиғаты туа бітсе, адам өмірінің мән - жайы қоғамда басқа адамдармен қарым-қатынаста қалыптасады, тіпті ашылады [47, 86 б.] деп, ұстаздың баланы тәрбиелеудегі алатын рөлінің маңызын көрсетіп отыр. Бұл қатарға «тәрбиешінің өзін-өзі тануы керек» деген

Сократтың педагогикалық ойларының түп негізі адамның өмірлік мәні – өзін адамгершілік жағынан белсенділендіруге арналып, «Мейірбан адамға» тән үш негізгі қасиетті атады: 1) сабырлылық; 2) ерлік; 3) әділдік [47, 334-335 б.].

Ал Аристотель ұстаздар өнерпаздардан іскерлік әрекеттер тұрғысынан емес, жасалатын нәрсенің себебін білгендіктен дана болады деген қорытынды жасаса [47, 348-360 б.], Цицерон ұстаз өз шәкірттеріне тиісті қаталдықпен, әділдікпен қарауы керек [47, 386-387 б.] дейді. Ұстаздың бойына қажет қасиеттердің маңызы отандық психология және педагогика ғылымы бастау алған XI - XIV ғғ. түркі ғұламаларының (Ж.Баласағұни, М.Қашқари, А.Жүйнеки, Қ.Ахмет Иассауи т.б.) тағылымдамаларында жалғасты.

Әбу Насыр әл-Фараби «Қайырымды қала басшысының қасиеттері туралы» атты еңбегінде өз бойында туа біткен он екі кісілік қасиетті ұштастырған адам ғана қайырымды қаланың бірінші басшысы болатынын айтып [118, 34-35 б.] мұғалім тұлғасын әділдік, оқушыларға талап қоюшылық, қатаңдық, зейін қоюшылық, өзіне талап қоюшылық, ерік күші, педагогикалық такт [119, 293 б.] атты қасиеттермен сипаттайды. XIX ғасырдың екінші жартысында Қазақстандағы психологиялық, педагогикалық ой-пікірлер ұлы демократ ойшылдар Ы.Алтынсариннің, А.Құнанбаевтың шығармаларында да мұғалім тұлғасының маңызы көрсетілген.

XX ғасырдың 1-жартысында Ж.Аймауытов [120, 19-24 б.] С.Торайғыров [121, 346 б.] адамның санасы іс-әрекет барысында дамитынын, оқу-тәрбие адамның өзіндік белсенділігін қажет ететінін айта келіп, талант, зейін, зерде секілді қасиеттердің мән-мағынасын ашады және баланы іспен ғана емес, сөзбен, үлгімен, ақылмен үйретудің, тәннің үйлесімді дамуының маңызын көрсетті. Әсіресе ақын, ұстаз Ғ.Қарашев [121, 364-365 б.] «Педагогика» атты еңбегінде кісі жасап шығару үшін алдымен өзінің бойында кісіліктің қасиеттері болуы керек және кісіге берелік үлгі-өнегелі болуға тырысу қажет деген ұлағатты сөздері зерттеу жұмысымыздың өзектілігін арттыра түсті.

Аңғарып қарасақ, философтар, ақын-жазушылар оқытушының өзін-өзі тануына, шәкіртінің бойына дарытатын қасиеттерін алдымен өзінің бойында дамытуы қажеттігіне, өз білімін үнемі жетілдіріп отырудың маңыздылығына мән берген.

Педагог тұлғасын қарастыруға арналған психологиялық-педагогикалық әдебиеттерде оқытушы тұлғасының кәсіби басты жетпістен аса сапалары анықталған. Еліміздің және ресейлік ғалымдардың еңбектерінде педагогтардың маңызды тұлғалық-кәсіби қасиеттеріне мынадай жан-жақты мәселелер қарастырылған. Психологиялық-педагогикалық әдебиеттерде оқытушылардың

тұлғалық-кәсіби қасиеттерінің моделі (Ж.Ы.Намазбаева, З.Ш.Каракулова, Н.С.Ахтаева, А.К.Маркова, Л.М.Митина, Н.Ф.Талызина, Т.К.Есарева т.б.), өзіндік санасы мен эмоционалдығы (И.В.Вачков, Л.М.Митина, Э.Ф.Зеер, Г.А.Карпова, А.К.Бейсенбаева, З.Б.Мадалиева), педагогикалық қабілеттері (Ф.Н.Гоноболин, Н.В.Кузьмина, В.А.Крутецкий), педагогикалық такті (И.В.Страхов), кіріктірілген сапалары (А.К.Маркова, Б.С.Тілеубаева, К.Т.Жансүгірова), оқытушылардың кәсіби құзыреттілігі (Н.В.Кузьмина, И.Ф.Исаев, М.В.Семенова, А.Р.Тұрғанбаева, Г.К.Қалтаева, Б.Ж.Нұрбеков, Г.У.Сыздықбаева, М.С.Сапиева, Г.К.Құлжанбекова, М.А.Ғалымжанова, Г.И.Мұратова) педагогикалық шеберлігі (Т.Ш.Маханова, Б.Г.Ананьев, Ю.К.Бабанский, Е.М.Павлютенков т.б.), педагогикалық шығармашылығы (В.А.Кан-Калик, Н.Д.Никандров т.б.), кәсіби өзін-өзі тәрбиелеуі, өзін-өзі дамытуы (Б.К.Альмурзаева, А.А.Жайтапова, Д.С.Шаяхметова, С.Б.Елканов, Л.М.Митина, Е.П.Ильина, О.В.Москаленко т.б.) жан-жақты қарастырылған.

Білім беру субъектілері таным, іс-әрекет және қарым-қатынас субъектісі тұрғысындағы қасиеттерімен қоса өздеріне тән ерекшеліктерімен сипатталады. Л.В.Волкова білім беру субъектілеріне тән арнайы тұлғалық ерекшелікті үш топқа бөліп қарастырады: қабілет, мотив, ресурс. Аталған факторлар үш субъективті белгілерге сәйкес («істей алады» - «бойында бар» - «қалауы») және аталған түсіндірменің мазмұнын айқындайды. Білім беру субъектілерінің қабілеті – ол не істей алады?, неге қабілетті?, білім беру жүйесінің міндеттерін қандай тәсілмен шеше алады? деген сұрақтарға жауап іздеуден тұрады. Қабілет - адамның өмір бойы жинақтайтын психологиялық қабілеті, бір немесе бірнеше іс-әрекет түрін табысты орындауға мүмкіндік беретін тұлғаның жекелік қасиеті [122, 63-69 б.].

Ал Ж.А.Жүсіпова педагог тұлғасының арнайы қасиеттері мен сапаларын келесі түрлерге бөледі:

- әрекетшілдік сапа (жауапкершілік, ар, намыс, еңбексүйгіштік, нақтылық);
- рефлексивті сапа (ұқыптылық, тиянақтылық, өзіне сын көзімен қарау, білімпаздық);
- коммуникативтік сапа (шыншылдық, сенімділік, ұстамдылық, талап қоя білушілік, міндеттілік);
- эмпатиялық сапа (өзін түсіну, қайырымдылық, өзгелерді түсіну, қайғыға ортақтаса білу қабілеттілігі) [123].

Э.Ф.Зеер педагогикалық қабілеттер жүйесінен тұратын тұлғалық қасиеттерге:

- жұмысында шығармашылық тұрғыдан әрекет етуі;
- оқушыларға педагогикалық-еріктік ықпал ете алуы;
- оқушылар ұжымын ұйымдастыра білу қабілеті;
- балаларға деген қызығушылық және сүйіспеншілік;
- сөйлеу әрекетінің мазмұндылығы, анықтылығы, бейнелігі және сендіре білуі;
- педагогикалық әдеп;
- оқу пәнін өмірмен байланыстыра алу қабілеті;

- байқағыштығы;
- педагогикалық талап қоя білуді атады [124].

Сонымен ЖОО оқытушының қабілеті – студенттерге білім беруде жоғары көрсеткіштерге жетудің шарты.

Кәсіби іс-әрекеттің сұранысынан туындаған маманның бойына қажет кіріктірілген тұлғалық-кәсіби қасиеттер бүгінгі таңда заманауи деңгейдегі әлеуеттерін дамытуды талап етіп отыр.

Ж.Р.Бәшірова, Н.С.Әлқожаева пәндік білімнің жүйесін, ғылыми білімнің әр саласы бойынша білік пен дағдыны игеріп қана қоймай, оқыту технологиясының жүйесін, оқу қызметінің біліктілік пен өмірлік дағдыларды игеруіне бағытталған құралдары мен әдістерін игерген маман ғана жаңа дәуір педагогі бола алатынын айтады [125].

Жалпы алғанда, қазіргі таңдағы тұлғаға бағдарланған білім беру саналы мақсатқа бағытталған өзін-өзі дамыту арқылы өз өмірінің басшысы болуына мүмкіндік беретін қасиеттерді дамытуды көздейді. Аталғандармен қоса, тұлғаға бағдарланған білім беру тұлғаның бойындағы қасиеттерді қалыптастырумен ғана емес, білім беру саласында тұлғалық іс-әрекеттерді дамыту мен олардың ашылуына жағдай жасауды міндет етеді. Мұндай тұлғалық іс-әрекеттер:

- уәж (іс-әрекетті қабылдау мен негіздей алуы);
- орта құру (сыртқы ықпалдар мен мінез-құлықтың ішкі импульсіне қатынасы);
- қайшылық (шынайылықтардың жасырын, қарама-қайшылықтарын көру);
- сыншылдық (ұсынатын құндылықтар мен нормалардан тыс қатынасында);
- рефлексия («Мен» бейнесін ұстауы мен құрылымын жасауы);
- шығармашылықтың мәні (өмірдің мәнін анықтау);
- бағдары (тұлғаның әлем бейнесін құруы, даралық дүниетанымы);
- автономдылық пен ішкі әлемнің тұрақтылығын қамтамасыз ету;
- шығармашылық жаңғырту (кез келген маңызды іс-әрекеттерді шығармашылық қамтамасыздандыру);
- өзін-өзі белсендіру (өзіндік «Мен» бейнесін қоршаған ортаны мойындатуға ұмтылысы);
- тұлғалық талаптары мен өмірлік әрекеттерінің руханилық деңгейімен сәйкестенуін қамтамасыз ету (пайдакүнемдік мақсаттардан алшақ).

Білім беру үдерісіндегі субъектілер әрекетіндегі аталған іс-әрекеттердің тұтастығы олардың өзіндік қызметтерінің тұлғалық деңгейіне жеткендігін айқындайды.

Сонымен тұлғаға бағдарланған білім беру оқытушыларға мынадай міндеттер қояды:

- студенттердің өзін-өзі дамытуына ықпал жасау, субъективтілігін дамыту, тұлғалық өсуін қамтамасыз ету;
- интеллектуалды даму үдерісін қамтамасыз ету;
- тұлға санасында тұтас әлем бейнесін қалыптастыру [126, 11-13 б.].

Экономикалық дамудың көрсеткіштері бірте-бірте өмір сапасының көрсеткіштеріне ауысып, адамзат әлеуетін дамыту – экономикалық өсудің факторына айналып келеді. Бұған қоса, білім беру мазмұнының талаптары тұлғаның интеллектуалды, мәдени, өнегелік қажеттіліктерін қанағаттандыруға, тұлғаның өзін-өзі көрсетуін қамтамасыз ету, белсенді іс-әрекет субъектісіне қабілетті студентті тәрбиелеу, өзін-өзі белсендіру үшін орта құрып, сол үшін білім беру қоғамдастықтарын бағыттап келеді.

Мәселен, жұмысқа қабілеттілік – кәсіби іс-әрекетте адамдардың қарқынды жүктемеге төзу қабілеті емес, ең алдымен, өзінің жекелік ресурстарын тиімді қолданып, энергетикалық әлеуетін қалпына келтіру икемділігі; құзыреттілік – кәсіби дүниетанымы мен оның практикалық қосымшасы ғана емес, бұған қоса үздіксіз үнемі өздігінен білім алу мен өзін-өзі дамыту қабілеті, белсенділігі; қарым-қатынасшылдық – адамдармен байланысқа түсу икемділігін сипаттап қана қоймай, адамды түсіну, біртұтас күйінде қабылдап, өзара нәтижелі қарым-қатынас құра білу әлеуеті.

Педагогикада оқытушы тұлғасын түсіндіруде және оның құрылымын анықтауда типологиялық амал орын алған. Бұл амалдың басты мәні орын алған көптеген эмпириялық құбылыстарды жүйелеу негізінде кейбір маңыз заттар туралы болжамдар жасау. Педагогтың кәсіби типтерін айқындауда білім алушы тұлғасына бағытталу деңгейі (В.Н.Сорока-Росинский), педагогтың «пән оқытушы» немесе «тәрбиелеуші» типіне бағытталуы (Н.А.Тарасова) есепке алынады. Білім беру субъектілері педагогикалық үдерістің басқа субъектілерімен өзара байланыста, олардың еңбегін бағалауда және т.б. білім алушы туралы тұтастық түсінігін ұстанады (Г.С.Абрамова). Мысалы, Г.С.Абрамова педагогикада оқытушының үш типін ұсынады: бірінші типтегі оқытушы оқушының педагогикалық іс-әрекеттінің құралы деп қарастырса, екінші типті ұстанған педагог білім алушыны өз қызметінің қажеттішарты деп біледі. Үшінші типтегі педагог білім алушыны өз қызметінің мақсаты деп санайды.

В.И.Карикаш педагог тұлғасын типтеудің негізі тұрғысынан қарым-қатынас жасау типін алуды ұсынады, ол осы тұрғыда кең тараған бес қарым-қатынас жасау типтерін атайды. Олардың қатарында тұлғалық-іскер, таңдамалы-іскер, ресми-іскер, дифференциацияланбаған «симбиоз», «араластық қосынды» аталады [101].

Бұл жағдайларда ғалымдар білім беру субъектілерін типтеу іс-әрекетінде педагог тұлғасының нақты бір сапасын алмайды, керісінше негіз ретінде типтің тұлғаның жалпы сипаттамалық көрсеткіштерімен байланыстарын пайдаланады. Мәселен, тұлғаның жалпы сипаттамалық көрсеткішінің біріне қарым-қатынас жасау стилі алынса - білім алу үдерісіне қатысушылармен жүзеге асырылатын қарым- қатынастар қарастырылады. Педагогтың кәсіби типтеуін қарастырғанда білім алушы субъектілері тұлғаларын елемеуге болмайды, өйткені, бұл жағдай «педагог-оқушы» жүйесіндегі барлық қатынастар аясының ескеруден тыс қалуына апарады.

Педагог тұлғасының құрылымын сипаттауда зерттеушілердің басқа бөлігі оның жалпыланған құрылымын немесе сипаттамасын жасау керек деп ұйғарады. Мысалы, А.И.Щербаков педагог маман жан-жақты білімділік, ғылыми эрудиция, жоғары тәрбиелілік және кәсібилік сияқты сипаттамалық көрсеткіштерге ие болу керектігін айтады [102]. В.А.Сластениннің пікірінше, мұғалім, яғни білім беру субъектісі - тек қана қарапайым қасиеттер мен сипаттар жиынтығы емес, керісінше, логикалық орталығы және негізі оның қоғамдық, кәсіби-педагогикалық және танымдық бағытын айқындайтын уәждік өрісі болатын біртұтас құрылым. В.А.Сластенин заманауи білім беру субъектісінің үлгісі ретіндегі профессиограмманы басты деп мұғалім тұлғасының қоғамдық, кәсіби-педагогикалық және танымдық бағытын анықтайтын арнайы қасиеттер мен сипаттарды белгілейді [127, 80-88 б.].

Педагогикалық психология бойынша берілген әдебиеттерді талдау білім беру субъектісі тұлғасын түсінуге және оның құрылымын анықтауға арналған зерттеулерде оқытушының тұлғалық құрылымында төменгі басымдылықтар орын алған[127, 35-44 б.; 128, 481-485 б.; 129, 90-94 б.]:

– тұлға құрылымына әрекеттік компоненттердің кіріктірілуі немесе педагог тұлғасының оның кәсіби қызметі арқылы бейнеленуі;

– педагогтың кәсіби сапаларының педагогикалық қабілеттер арқылы ашылуы;

– педагогикалық мамандықтың барлық ерекше қабілеттерінің педагогтың тұлғалық сапаларының негізінде анықталуы,

– педагог тұлғасының педагог еңбегінің негізгі бірқыры ретінде қарастырылуы.

Бірінші басымдық – тұлға құрылымына іс-әрекеттік компоненттердің кірістірілуі. Аталған әдебиеттерде тұлғалық байқалымдарды екі салаға бөлуді ұсынады: *кәсіби бағыттар кеңістігі*, яғни адам қызметінің кәсіби аясы; *тұлғалық кеңістік* - адами құндылықтар.

Екінші басымдыққа сай, – педагогтың кәсіби сапаларының педагогикалық қабілеттері арқылы ашылуы, оқу үдерісі мен эксперименттік жұмыста дамитын және білім беру субъектісінің жұмысын жақсартуға қажет, жеткілікті түрде тұрақты болатын сапаларға төмендегілерді жатқызады: білім алушыларға білім беру қабілеті; байқампаздыққа негізделген білім алушыны түсіне білу қабілеті; ойлаудың өзіндік және шығармашылық түрі; педагогикалық тапқырлықты және бағыттылықтағы шапшаңдықты, ұйымдастыру қабілеттері.

Үшінші басымдыққа, – педагогикалық мамандықтың барлық айрықша қабілеттерінің педагогтың тұлғалық сапаларының негізінде анықталуы, – тұлғалық кәсіби-педагогикалық сапаларды, педагогикалық және ерекше қабілеттерді бір-бірінен ажыратты.

Берілген жағдайларда зерттеушілер тұлға құрылымына тұлғалық сапалар мен қасиеттермен қатар кәсіби қабілеттерді, психофизиологиялық ерекшеліктерді, икемділіктерді жатқызды.

Білім беру субъектісі тұлғасының түрлі типологияларына және педагог тұлғасын түсінуге арналған зерттеулерге тән үрдістеріне жүргізген талдау бізге мынадай қорытындылар жасауға мүмкіндік берді:

– кәсіби типологиялардың көптеп жасалуы, педагог тұлғасын түсінуде, оның құрылымын анықтауда ғалымдар арасында көзқарастардың көптілігі мен көпжақтылығын дәлелдейді;

– педагог тұлғасының мәні мен оның құрылымын анықтаудағы түрлі амалдарғалымдардың педагог тұлғасының негізгі кәсіби сапаларын айқындауға, білім беру субъектісі тұлғасының құрылымын баяндауда оның тұтас бейнесін жасауға талпынғандарын көрсетті;

– маман тұлғасы, соның ішінде білім беру субъектісінің ерекшеліктерін зерттеушілерінің бірсыпырасы тұлға құрылымының нақтылы тұжырымдамасы шеңберінде берілген тұлға құрылымының үлгісіне сүйенеді. Мысалы, Э.Ф.Зеер тұлға құрылымы туралы К.К.Платонов жасаған ұсынымға сүйенеді және кәсіби қызметтің субъектісітұрғысынан маман тұлғасының төрт компоненттік құрылымын ұсынады:

А.К.Маркова және Л.М.Митина мұғалім тұлғасының педагогикалық іс-әрекет пен педагогикалық қарым-қатынас барысында дамуының ерекшеліктерін қарастыру қажеттілігін көрсетеді. Ал бұл болса, білім беру субъектісінің тұлғалық сапаларына ерекше талаптар қояды және оның педагогикалық ұстанған жолын айқындайды.

Төртінші басымдыққа - білім беру субъектісі тұлғасы педагог еңбегінің негізгі жағының бірі ретінде қарастырылады. А.К.Маркова білім беру субъектісі тұлғасын педагогикалық қызметте және педагогикалық қатынаста кәсіби ұстанған жолын анықтайтын оның еңбегінің негізгі факторы деп санайды [101, 20-24 б.]. Зерттеуші тұлға құрылымына төменгі компоненттерді кіргізеді:

– тұлға уәжін (тұлғаның бағыттылығы және оның түрлері);
– тұлғаның сапаларын (педагогикалық қабілеттер, мінез және оның сипаттық көрсеткіштері, психикалық үдерістер және тұлғаның қалыптары);
– тұлғаның кіріктірілген сипаттары (педагогикалық өздік сана, тұлғааралық стиль, шығармашылық әлеует ретіндегі креативтілік.

Жоғарыда айтылғандай, тұлға дамуында оның іс-әрекеттері үлкен рөл атқарады. Білім беру субъектісі үшін оның дамуын анықтайтын - педагогикалық қызмет. А.А.Деркач [130] тұлғалық-кәсіби дамуда тұрақты байланыс бар екеніне көңіл бөледі: бір жақтан жұмыс істейтін тұлға ерекшеліктері кәсіби қызметтің үдерісі мен нәтижесіне әсер береді, екінші жағынан – тұлға дамуының өзі едәуір дәрежеде кәсіби қызметтің әсерімен қалыптасады.

ЖОО оқытушылары «адам - адам» типіне жататын мамандық болғандықтан, осы салаға қажет қасиеттерге тоқталуды жөн көрдік.

Е.А.Климов «адам-адам» типтегі мамандықтардың кәсіби әрекеттерін зерттеп, оларға қажет келесі қасиеттерді атайды:

– адамдармен жұмыс жасау барысында өзін үнемі жақсы сезіну;

- қарым-қатынасқа түсу қажеттілігі;
- өзін өзге адамның орнына ойша қоя білуі;
- өзге адамдардың ойын, ниетін, көңіл-күйлерін тез түсіне алу қабілеті;
- түрлі және көп адамдардың тұлғалық сапаларын жадында сақтауы.

Ал, білім беру субъектілерінің бойынан табылуға тиіс кәсіби сапалар қатарында мыналарды атауға болады:

1. басқара алу, оқыту, тәрбиелеу икемділігі, «адамдардың түрлі қажеттіліктеріне қажет пайдалы әрекеттер жасау»;
2. тыңдай алу икемділігі;
3. дүниетанымның кеңдігі;
4. сөйлеу мәдениеті;
5. «Ақыл-ойдың жанға бағытталуы», адамның мінезін, әрекеті мен сезімдерін байқағыштық, өзінің немесе басқаның тәжірибесі арқылы таныс емес адамның ішкі әлемін ойша елестете алу біліктілігі мен қабілеті;
6. «Адам үнемі бұдан да жақсы бола алады» түсінігіне негізделген жобалау бағдары»;
7. өзге адамның көңіліне ортақтасу біліктілігі;
8. байқағыштық;
9. «Халыққа қызмет ету түсінігінің дұрыстығына сенімділігі»;
10. стандартты емес жағдаяттарды шеше алу біліктілігі;
11. өзін жоғары деңгейде реттей алуы.

Аталғандармен қатар, зерттеуші «адам-адам» жүйесіндегі мамандардың ерекшелігін:

- тұлғааралық қарым-қатынасқа бағыттылығы;
- қарым-қатынасшылдықтың жоғары деңгейі;
- өзгенің көңіліне ортақтаса алуы (эмпатия); адамдарды дұрыс қабылдау және бағалау қабілеті;
- сөйлеудің тазалығы, нақтылығы, анықтығы;
- өзін басқара алу икемділігі және адамдармен бірігіп өзара әрекет ете білуімен сипаттайды

Ал «Адам - адам» типтегі адамдардың психологиялық сипаттамасына қарым-қатынасшылдық, өзгенің көңіліне ортақтаса білуі, өзін игере алуы және ұстай білуі, психологиялық-педагогикалық такт, ұйымдастырушылық біліктілікті [131] атады.

Жоғарыда көрсетілген ежелгі грек философтарынан бастап бүгінгі ғалым психологтар мен педагогтардың білім беру субъектілерінің тұлғалық-кәсіби қасиеттеріне берген жіктемелері біріне бірі қайшы келмейді. Керісінше бірін бірі толықтыра түседі.


Маман тұлғасының ерекшеліктерін зерттеушілердің бірсыпырасы тұлға құрылымының нақты тұжырымдамаларының шеңберінде тұлға құрылымының үлгілерін ұсынады. Мысалы, Э.Ф.Зеер тұлға құрылымы туралы К.К.Платоновтың түсінігіне сүйенеді. Автор кәсіби қызметтің субъектісі ретінде маман тұлғасының төрт компоненттік құрылымын ұсынады. Бірінші құрылымдық бөлікте ол маман тұлғасының жүйе құрушы факторы ретінде

тұлғаның *кәсіби бағыттылығын* атайды. Оған түрткілерді, құндылық бағыттарды, кәсіби ұстанымдарды (мамандыққа деген қатынасты, үміттерді, мақсаттарды, педагогикалық дамуға даярлықты), әлеуметтік-кәсіби мәртебені жатқызды. Автордың пікірінше, екінші құрылымдық бөлікке кәсіби білімдерден, икемділіктерден, дағдылардан, біліктіліктерден тұратын *кәсіби құзыреттілік* жатады. Үшінші құрылымдық бөлікте зерттеуші маман тұлғасының *кәсіби маңызды сапалары* ықыластылықты, байқағыштықты, креативтілікті, батылдықты, өзін-өзі бақылауды, дербестікті, мақсатқа ұмтылушылықты және т.б. анықтайды. Тұлғаның кәсіби келісілген төртінші құрылымдық бөлігіне, автордың айтуынша, кәсіби қызметті меңгеру барысында дамитын кәсіби маңызды психофизиологиялық қасиеттерді жатқызуға болады [139].

Э.Ф.Зеер, А.М.Павлова және Э.Э.Сыманюкпен [139] бірігіп кәсіби-білім беру қызметі субъектісінің негізгі психологиялық жаңадан пайда болған түрлерін анықтауда тұлғаның логикалық-мәндік үлгісіне сүйенді. Олар тұлғаны ашық, ұзындық өлшемнен тыс және өзгерісті жүйе ретінде қарастырады. Бұл үлгіде ақпарат көпөлшемдік мәндік кеңістікте байқалады. Аспаптық функцияны орындай отыра үлгі тұлғаның интегративтік психологиялық түр ретіндегі көпөлшемдігін және ашықтығын байқатады. Үлгіде тұлғаның орталық түрі болып оның қызметі немесе олардың түрлері алға шығады.

Аталған авторлардың ұсынған үлгісінде бес координаттық білік анықталған: *бағыттық компоненті, кәсіби білім беру компоненті, коммуникативтік компоненті, реттеушілік компоненті*. Төменде берілген сұлбада тұлғаның логикалық-мәндік үлгісі келтірілген (Сурет 1.).

Біздің зерттеуіміздің аясында тұлғаның логикалық-мәндік үлгісінің дамытушылық білім беру технологияларын анықтауда психологиялық негіз болуы мүмкін деген авторлардың ескертпесінің маңызы зор.



Сурет 1 - Тұлғаның логикалық-мәндік үлгісі
(Э.Ф.Зеер, А.М.Павлова, Э.Э.Сыманюк бойынша)

Аталған компоненттер педагог тұлғасының бірегейлігін және қайталанбастығын анықтайды.

Зерттеуші атағандай, тұлға уәжі (мотивация) оның құндылық бағыттардан, түрткілерден, мақсаттардан, мәндерден, мұраттардан құрастырылған бағыттылықпен алдын ала белгіленеді. А.К.Маркова «педагогикалық бағыттылық – бұл мұғалім мамандығына деген уәж, оның ішіндегі бастысы – оқушы тұлғасын дамытуға әсерлі бағыт, ол тек балаға деген сүйіспеншілікпен шектелмейді», - деп есептейді. Білім беру субъектісі тұлғасының бағыттылығы оның кәсіби тіршілік әрекетінде және жеке алынған педагогикалық ахуалда байқалады, оның қабылдауы мен мінез-құлық логикасын, адамның бүкіл бейнесін анықтайды.

Сондай-ақ, педагогикалық әдебиеттерде оқытушы тұлғасының моделі де қарастырылған. Мәселен, Н.С.Ахтаеваның зерттеу жұмысында 1986 жылы ІХ халықаралық педагогикалық конгресте Бельгия ғалымдарымен жоғары мектеп оқытушысының үш блоктан тұратын моделі ұсынылған:

1. Оқытушыға тұлға тұрғысынан қойылатын талаптар;
2. Оқытушыға маман тұрғысынан қойылатын талаптар;
3. Оқытушыға кәсіби шебер тұрғысынан қойылатын талаптар.

Ұлыбританиялық зерттеуші М.Розенберг оқытушының кәсіби іс-әрекетіне қарай оған қойылатын талаптарды тоғыз салаға бөлді:

1. Студенттің қажеттілігін білу;
2. Өзінің іс-әрекетін тиімді бағалау;
3. Оқыту бағдарламасы мен материалдарын өңдей алу;
4. Кәсіби шебер болу;
5. Кеңес бере алу және өзгелермен кеңесе алу;
6. Қарым-қатынасшыл болу;
7. Ғылыми-зерттеу жұмыстарын жүргізе білу;
8. Өзінің кәсіби шеберлігін белсендіру [132, 4 б.].

Ресейлік және шетелдік жоғары білім беру саласы мамандарының пікірлері бойынша ЖОО оқытушыларына қойылатын жалпы талаптарға мыналар жатады:

- кәсіби құзыреттілігінің жоғары болуы;
- педагогикалық құзыреттіліктер;
- әлеуметтік-экономикалық құзыреттіліктер;
- коммуникативтік құзыреттіліктер;
- кәсіби және жалпы мәдениетінің жоғары деңгейі [133, 29-37 б.].

Еуропалық кеңестің ұсыныстарында оқытушылардың тұрақтану тұжырымдамасының бес негізгі топтан тұратын талаптарды ескеру қажеттілігі туралы айтылған [134, 25 б.]:

– әлеуметтік – шешім қабылдауда өзіне жауапкершілік сезімін алумен байланысты саяси және әлеуметтік құзыреттіліктер.

– көпмәдениеттілік – көпмәдени қоғамның өміріне қажетті құзыреттіліктер (мысалы, толеранттылық).

– тіл – бірнеше тілді игеру, сауатты сөйлеу, өзара түсіністік, қарым-қатынасшылдық.

– ақпараттық – ақпараттық технологияларды игеру, БАҚ-ын сын тұрғысынан бағалау.

– ілеспелі – өмір бойы оқуға деген қабілеті, ұмтылуы (кәсіби және тұлғалық тұрақтанудың үздіксіз белсендендіруі).

Ал А.Д.Абашина, Т.В.Бондарева кәсіби құзыреттілікті оқыту-тәрбиелеу үдерісінің нәтижесі ғана емес, оқыту үдерісінде қалыптасатын білім, білік пен дағдылардың жиынтығы, кәсіби іс-әрекетке дайындығы мен оның нәтижесінде және сапасында көрінетін тұлғаның кіріктірілген қасиеттерінің жиынтығы, деп түсіндірсе [135, 134-139 б.], А.А.Жайтапова теориялық талдау негізінде кәсіби құзыреттілік дегенімізді өзгермелі әлемде үйлесімді өмір сүретін және жұмыс жасайтын, өзбетімен ақпаратты талдай алатын және оны тиімді қолдана білетін маманның кіріктірілген сапасы дейді [30, 17 б.].

Зерттеушілердің еңбектерін талдай келе, біз құзыреттілікті кәсіби біліктілікті артыру үшін бір нәрсені жасап үйрену емес, кең мағынасында алғанда, түрлі жағдайлардағы қиыншылықтарды жеңуге мүмкіндік беретін сапалардың жиынтығы деген қорытындыға келеміз [134, 24 б.]

Ал педагогтардың кәсіби құзыреттіліктерінің құрылымын теориялық талдау негізінде оның үш құрылымын бөлеміз: пәнге байланысты арнайы құзыреттілік, әлеуметтік құзыреттілік және тұлғалық құзыреттілік [136, pp.1104-1107].

Қазақстан Республикасының Білім және ғылым министрлігінің ұсыныстарымен студенттердің көзқарасы бойынша жаңа формациядағы педагогты анықтау мақсатымен 8 педагогикалық жоғары оқу орындарына және педагогикалық мамандықтары бар аймақаралық университеттерде кездейсоқ 18700 студентке жүргізілген сауалнаманың нәтижелерінде сұралғандардың (58%) формалды емес қарым-қатынас, тәрбиеленушілермен өзара қарым-қатынасты реттей алу мен құра білу икемділігін атаған [137, 5 б.]. Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті жанындағы Психология ҒЗИ-ның қызметкерлерімен кәсіби мамандарды даярлау және оқытушыларға қажет тұлғалық сапаларды анықтау мақсатымен университеттен барлығы 330 студент пен 314 оқытушыға сауалнама жүргізілді. Студенттердің жауаптары бойынша оқытушылар кәсібилік, қарым-қатынасқа түсе білу икемділігі, адал және позитивті болу, материалды жеткізе білуге қабілетті, шынайы, қайырымды, ұқыптылық сапаларды атаған. Сауалнаманың «Қазіргі мамандарға қажет кәсіби-тұлғалық сапалар» атты сұрағына оқытушылар бойында стереотипті түсініктің (меңгерген білімдерін тәжірибеде қолдану) қалыптасқаны анықталған. Оқытушыларға қарағанда студенттер мақсатқа бағыттылық, топтарда жұмыс жасай білу, әсіресе қуантатыны, өз ісінің кәсіби маманы адамдармен дұрыс қарым-қатынас орната білу қабілетін атады [32, 37-44 б.].

Тараз мемлекеттік университетінің 1, 2-курс студенттері «Студенттің сүйіспеншілігі мен құрметіне бөлену үшін оқытушының бойында қандай

сапалар болуы керек?» деген сұраққа: сыйластық, пәнін жетік білу, үйретуге ниеттері, қызығушылықтарын ояту, өздерінің міндеттерін жауапкершілікпен атқару, тәрбиелілік, сыпайылық және педагогикалық шеберлікті атады [138].

Ал Э.А.Орынбасарованың ЖОО оқытушыларының [34, 110-114 б.] эмоционалды-еріктік сапаларын эксперименттік зерттеу нәтижесінде (n=29) 55% орташа агрессивтілік, 6% агрессивтіліктің жоғары деңгейі, 86% шектен тыс тұйықтық тән екендігі анықталған. Бұл мінез-құлықтағы агрессивтіліктің жоқ екендігін білдірмейді, оқытушылардың оларды әбден тым баса беретіндігін көрсетеді дейді зерттеуші. Оқытушылардың психологиялық дайындығының маңызды компоненті эмпатиясын зерттеу барысында (n=26) 96%-да төмен, тек 4%-да ғана орташа екендігі анықталған. Мұндай нәтиже Абай атындағы ҚазҰПУ, Психология ҒЗИ-ның зерттеушілерімен жүргізілген эксперименттік жұмыстары нәтижесінің көрсеткіштерінде қайталанатын.

Бұдан басқа зерттеушілермен (Ж.И.Намазбаева, Г.Б.Ниетбаева, К.Т.Куанжанова, Н.Л.Нагибина, 2013 ж) жүргізілген зерттеу жұмыстарының нәтижесінде оқытушылардың қарым-қатынас стилі студенттердің психологиялық денсаулығына әсер ететіні дәлелденген [139, p. 1299-1303; 34, 110-114 б.]

Сонымен кең ауқымды жүргізілген зерттеу жұмыстарының нәтижелерінен студенттердің оқытушы бойындағы тұлғалық (адамгершілік, сыйластық) және әлеуметтік (қарым-қатынасшылдық, эмоционалды үйлесімді орта құру қабілеттілігін т.б.) тұрғысынан сипаттайтын қасиеттерге мән беретіндігі анықталды.

Аталған қасиеттер субъект-субъектік қарым-қатынас барысында жүзеге асырылатындығын ескерсек, біз үшін келесі мәселе – осы субъект-субъекттік қатынас барысындағы қасиеттерді анықтау маңызды.

Субъект-субъекттік қатынас тұлға үшін эмоционалды құнды болып келеді. Өйткені мұндай қатынастар барысында сенімділік пайда болады, сабақ үстінде және сабақтан тыс жағдайларда субъектілердің тұлғалық жақтан көрінуін қамтамасыз етеді және өзіндік маңыздылығын сезінуі мен тұлғалық өсуіне жол ашады. Адам өзін-өзі жігерлендірсе немесе өзіне-өзі көңілі қалса, ол өз мазасыздығын ақиқаттың дәлелденіп қойған белгісі деп қабылдайды, ол енді уайымды да ақиқаттың бір болжамы екен деп қарай алмайды. Адам қауіп пен қайғыны сезінеді де, қорғануға көшеді, ойы да тар ауқым аясында қалып қояды. Білім беру кеңістігіндегі субъект-субъекттік қатынастарды дамыту мәселесі, адамды субъект ретінде қарастыру, сондай-ақ субъектілікті, оның артықшылықтары мен ерекшеліктерін талдау мәселелерімен тікелей байланысты болып келеді.

Жаңа мағыналық ұстанымдардың көмегімен феноменологиялық тұлғаны түсінуге мүмкіндік береді, демек «саналы және санадан тыс компоненттердің бірлігінде, эмоционалды және рефлексивті бастаулар арқылы» *өзін-өзі маңыздылыққа айналдыру* үдерісін айқындауға жол ашылады. Даму логикасына сала отырып, өзіндік-бағдарланған оқу әрекеттерін қарастыру арқасында осы

әрекеттің «құрылымдық бірлігі» (Э.Н.Гусинский) түріндегі субъектілер арасындағы қатынастар туралы айтуға мүмкіндік туады.

Біз үшін оқытушылардың білім беру ортасын ұйымдастыру барысында субъект-субъектік қатынаста орын алатын тұлғалық-кәсіби қасиеттің бірі – эмпатия. Эмпатия адамның ішкі күйіне ене алуы, өзге адамның іс-әрекеті мен мазасыздануына эмоционалды ортақтаса алуы және қоршаған ортаға адекватты реакциясымен сипатталады. Т.Шибутани, Т.П.Гаврилова, А.В.Петровский [140] эмпатияның үш негізгі компонентін бөледі:

1) танымдық, өзара түсіністік пен өзге адамның күйін адекватты қабылдаумен байланысты;

2) эмоционалды – өзге адамның көңіліне ортақтасуы;

3) мінез-құлықтық, әрекеттік компонент, өзара көмек көрсету мен қолдаудан тұрады.

Ізгілендіру парадигмасы бойынша эмпатия мінез-құлықтың әлеуметтік мотиві деп анықталып, келесі қасиеттерден тұрады:

– қатынас серіктестерінің бір-бірімен ашықтығы, бір-бірінің күйіне бағытталуы;

–бағалаудың болмауы;

–сенімділік;

–сезімдер мен күйлердің шынайылығы.

Сонымен, эмпатия тұлғаның эмоционалды, адамгершілік қасиеті ретінде субъект-субъектік қатынастың қалыптасуында әлеуметтік-эксперименттік маңыздылығымен анықталады. Т.Шибутанидің айтуы бойынша, эмпатияның болмауы тіпті адамзат қарым-қатынасын физикалық объект ретінде қарастырады.

Ал эмоционалды байланыс бұзылған жағдайда субъект-субъектік қатынас жүзеге асырылмайтынын зерттеу жұмыстары дәйектеп отыр.

Зерттеу барысында біз Ж.И.Намазбаева, З.Ш.Каракулова, Н.С.Лавриненко қазіргі таңдағы жоғары мектеп оқытушысына тән тұлғалық-кәсіби сапалардың ерекшеліктерін анықтауға бағытталған теориялық және эксперименттік зерттеулердің нәтижесінде тұлғалық кәсіби қалыптасудың келесі *стратегиялық үлгісін басшылыққа алдық* (Сурет 2.):


– құндылық-адамгершілік: кәсіби және кәсіби емес құндылықтардың өзара байланысы; кәсіби іс-әрекет пен өмір мәнінің сәйкестігі; аталған құндылықтарды мағыналы түсіну деңгейі: мейірімділік, шынайылық, ұқыптылық, жауапкершілік, тиянақтылық, өзін-өзі сыни бағалауы.

– эстетикалық: эстетикалық сезімінің болуы, нақты эстетикалық қабілеттер (музыкалық, әдеби, моторлы т.б.).

– коммуникативті сапалар: ұйымдастыру қабілеттері, лидерлікке дайындығы; коммуникативті қабілеттер, сөйлеу – ішкі, сыртқы, вербалды, вербалсыз, ауызша, жазбаша, дауыстың күші, ырғағы; коммуникативті такт және тәрбиелілігі, әзіл-сықақ сезімі.

– уәж: кәсіби қызығушылықтар мен икемділігі, мотивтердің тұрақтылығы; мотивтердің бір-біріне қайшы келмеуі.

– тұлғаның эмоционалды-еріктік қасиеттері: эмоционалдығы, тұрақтылығы, шыдамдылығы, стреске тұрақтылығы.



Сурет 2 – ЖОО оқытушыларының кәсіби-тұлғалық сапалары

Үлгінің негізгі ядросына ұлттық ерекшеліктер, мәдени салт-дәстүрлер, тіл және тарих алынған. Бұдан оның жас ұрпақтың рухани-адамгершілік қасиеттерін дамытуға бағытталғандығы көрініп тұр. Ал, оқытушы тұлғасының әлеуметтік белсенділігінің дамуы яғни, тәрбиелік жұмыстарды және ұйымдастыруды жүзеге асыру үшін қажетті әлеуметтік маңызды білікті игеруі тиіс [32, 55-56 б.].

Н.С.Ахтаева өзінің зерттеу жұмысында магистранттар көзқарасымен контент-талдау әдісінің негізінде төрт фактордан тұратын (қазіргі оқытушының кәсіби сапалары, қазіргі оқытушының тұлғалық сапалары, қазіргі оқытушының қабілеттері, қазіргі оқытушының қызметтері) «21 ғасыр оқытушысының үлгісін» жасады.

Қазіргі оқытушының кәсіби сапаларына кәсіби қызметіне шығармашылық тұрғыдан қарауды, жаңашылдықты, кәсібилігін үнемі үздіксіз жоғарылатуды, өзідігінен білім алуды, өзін дамытуды, педагогикалық шеберлікті, кәсіби құзыреттілікті, кәсіби дамудың жан-жақтылығын, эрудиция, студенттің психологиялық ерекшеліктерін ескеру, жекелік тұғырды, студенттің мотивациясын, қызығушылығын оята алу біліктілігін, мамандығын сүюін, қызығушылығын жатқызамыз.

Қазіргі оқытушының тұлғалық қасиеттеріне қатарында еңбекқорлық, жауапкершілік, әділеттілік, объективтілік, ұстанымшылдық, ұйымдастырушылық, тәрбиелілік, шыдамдылық, гуманистік, балаларға деген сүйіспеншілік, өнегелік, ұқыптылық, адалдық, оптимизм, әзіл-сықақ сезімі, мейірімділік, достық, демократиялық, талап қоя білу, өзін-өзі бақылау, өзін-өзі

ұйымдастыру, өзін сыни тұрғыдан бағалау, өзін-өзі талдау, абырой, харизма, беделдік, сүйкімділік, эмпатияға қабілеттілік, ықыластық, зияткерлік, тактикалықты жатқызуға болады.

Қазіргі оқытушының қабілеттеріне көшбасшылық қабілеттерді, өзіне өзгелерді ілестіре алу икемділігін, суггестивті қабілеттерін, коммуникативтік қабілеттерді, шешендік, ұйымдастырушылық қабілеттерді жатқызуға болады.

Қазіргі оқытушының атқаратын қызметтері болып білім беру, оқу үдерісін ұйымдастыру және жүзеге асыру, түзету, тұрмыстық тәжірибені ғылымның тәжірибесіне ендіре алу, студенттің тұлғасын қалыптастыру және дамыту жұмыстары табылады [132, 178-179 б.].

Сонымен, оқытушы студентке қоршаған әлемде тұлғалық «Менін» саналы түсінуіне көмек беретін тұлға болып есептеледі. Ол дайын білімді беріп қоймай, өзінің тәрбиеленушілерімен бірге айтысып, ойланып, күдіктене отырып шынайылыққа бірге жетеді. Ал, осындай үрдісте оқытушының бойындағы жоғарыда аталған кәсіби-тұлғалық сапалардың дамуы маңызды орын алады [133, 29-37 б.].

Ғалымдардың бұдан басқа да оқытушының кәсіби әрекетіне қажет тұлғалық-кәсіби қасиеттер туралы зерттеулері [95-97, 101-103, 108-109, 123-125, 127-129] т.б әдебиеттерде баршылық.

Аталған зерттеулерге жасаған талдау ЖОО оқытушыларына қажет қасиеттер мен сапаларының түрлері өте көп екендігін байқатты.

Осы тұрғыдан, Т.Н.Попова [142, 40 б.] оқу құралдарын талдау барысында зерттеушілердің мұғалімдердің кәсіби мәнді сапаларын Ю.К.Бабанский– 13, С.П.Барабанов – 18, Т.И.Ильин – 17, Г.Нойнер – 4, И.Ф.Харламов – 9, Г.И.Щукина – 7-ге топқа бөліп қарастырғанын анықтайды. Ол мұғалімнің кәсіби-тұлғалық сапаларын былайша бөлуінің төменгі 3 себебін атайды:

1. Кәсіби маңызды сапалардың зерттелмегендігі, «кәсіби маңызды білім мен біліктілік» түсініктердің арасындағы шекараның болмауы;
2. Кәсіби маңызды сапаларды сипаттаудың нақты негіздеу құрылымының болмауы;
3. Оқыту, бейімделу және кәсіби өзін-өзі белсендіру үшін іріктелген кәсіби маңызды сапаларының және олардың маңызы жөнінде негіздеудің жеткіліксіздігі.

Біз диссертациялық жұмыста жоғары оқу орны оқытушыларын білім беру субъектісі тұрғысынан негіздей отырып, олардың тұлғалық-кәсіби сапаларының мәнін ашуға талпындық. Олардың түрлерінің көптігіне көз жеткіздік. Алайда біздің зерттеу пәнімізге сәйкес оқытушылардың тұлғалық-кәсіби қасиеттерін субъект-субектілік қарым-қатынасында дамытуды жүзеге асыру үшін оның психофизиологиялық ерекшеліктеріне, негізіне аса мән беруді жән деп таптық. Олай дейтініміз жоғарыда айтылып өткендей ЖОО оқытушыларының әрбір тұлғалық қасиетін, кәсіби сапасының өсу негізі оның өзін-өзі белсендіруінен талап етіледі. Ал олардың даму деңгейіне кедергі келтіретін жағымсыз қасиеттердің алдын алу немесе жою үшін, алдымен олардың кәсіби деформация көрсеткіштерін анықтап алу қажет. ЖОО

оқытушыларының білім беру субъектісі тұрғысындағы кәсіби деформациясының белгілері мен көрсеткіштері, сондай-ақ олардың тұлғалық кәсіби өсуіндегі өзін-өзі белсендірудің маңыздылығы мен мәні туралы келесі 1.3 бөлімінде жан жақты баяндалады.

1.3 Білім беру субъектісі тұрғысынан ЖОО оқытушыларының өзін-өзі белсендіруі – тұлғалық-кәсіби дамуының негізі

Қазіргі ақпараттық технологиялардың қарқынды дамуы жағдайында білім беру субъектілерінің өз бойында қалыптасқан білімдерін тәжірибеде қолдана алу икемділігімен ғана шектелуі мүмкін емес. Олар сонымен бірге *күрделі жағдаяттарда дербес шешім қабылдауға, заманауи өзгерістерге тез бейімделе алуға, рефлексиялық ойлауға, талдауға әлеуетті, өзін-өзі ұйымдастыруға қабілетті және өзіндік жеке көзқарасы қалыптасқан мамандар* болып даярлануы тиіс. Бұл талаптар олардың тұлғалық-кәсіби қасиеттерін дамытқанда ғана оң нәтижесін береді.

Психологиялық-педагогикалық зерттеулерде тұлғаның дамуы, соның ішінде, педагогтың тұлғалық-кәсіби даму мәселесін ерекше орын берілген. Психологияда, педагогикада, акмеологияда көбінесе тұлғалық-кәсіби дамуды бірыңғай тұтас қарастырады (А.А.Деркач, Е.А.Климова, Е.Н.Шиянов, А.Р.Фонарев және т.б.). Басқа сөзбен айтқанда, кәсіби даму мәселесін қозғағанда тұлғалық даму туралы да айтылады және де тұлғалық-кәсіби дамуға да баса көңіл бөлінеді.

Ғалымдар *тұлғалық-кәсіби даму* түсінігінің мәнін әртүрлі анықтайды. Кең тұрғыда алсақ, тұлғалық-кәсіби даму - тұлғаның қалыптасу үдерісі және кәсіби қызмет пен кәсіби өзарабайланыстар нәтижесіндегі кәсібилік. Тұлғалық-кәсіби даму үдерісінде тұлға төмендегі прогрессивтік құрылымдық өзгеріске ұшырайды:

- тұлғаның бағыттылығы (қызығушылықтар шеңбері кеңейіп мұқтаждықтар жүйесі өзгереді, жетістіктер уәждері өзектелініп, өзін-өзі іске асыру және өзін-өзі дамыту мұқтаждары өседі;
- тәжірибесі көбейеді және біліктілігі жоғарылайды;
- жеке күрделі қабілеттері дамиды;
- қызмет ерекшелігімен белгіленетін кәсіби маңызды сапалары дамиды;
- тұлғалық іскерлік сапалар дамиды;
- психологиялық даярлық жоғарылайды;
- кәсібиліктің акмеологиялық инварианты дамиды.

Кәсіби-тұлғалық даму «қосыла өсірілу», адам психикасын арттыру тұрғысынан қарастырылады. Өйткені маманның психологиялық жаралуы адам психикасында жаңа сапалардың пайда болуын немесе бұрын-соңды болмағанын, болса да басқа түрде болғанын, сонымен қатар кәсіби қызмет пен кәсіби қатынастың жаңа түрлерінің пайда болғанын білдіреді.

«Тұлғалық-кәсіби даму», «кәсіби-тұлғалық даму» терминдері әдебиеттерде синоним ретінде пайданылады. Бірақ тұлғалық даму кәсіби дамуға негіз

болады. Сол себепті де біз «тұлғалық-кәсіби даму» деп алып отырмыз. Ақиқатында бұл біртұтас, бірге жүретін үрдіс болып табылады.

Тұлғалық-кәсіби даму мәселесі психологияда бірнеше ғылыми бағытта зерттеледі. *Бірінші бағыт* мамандық психологиясының ғылыми негізін жасау болып табылады. С.Г.Гелдерштейннің, М.А.Рыбаковтың, К.К.Платоновтың және т.б. зерттеулерібізге *кәсіби өзін-өзі анықтау, кәсіби жарамдылық, кәсіби іріктеу және кәсіби даярлау, кәсіби біліктілік* сияқты маңызды психологиялық категориялардың мазмұнын анықтауға мүмкіндік берді. Бұл бағыттың шеңберінде профессиографиялық амалдың әдістері де жетілдірілді.

Келесі бір бағыт қызметтің әр алуан түрлеріндегі тұлғаның даралық-психологиялық және нақты қасиеттерін зерттеумен тікелей байланысты болды. Бұл бағыттың шеңберінде *маманның маңызды психологиялық кәсіби қасиеттерін қалыптастыру және дамыту тұжырымдамасы* жасалды.

Кәсіби шеберліктің психологиялық негіздерін жасаумен байланысты *үшінші бағыт психологиялық еңбек бағыты* тұрғысынан қарастырылады (Е.А.Климова, А.К.Маркова, Л.М.Митина, К.К.Платонов т.б.). Бұл бағыт бойынша *кәсіби өзін-өзі жетілдірудің, біліктілікті жоғарылатудың, кәсіби құзыреттіліктің, кәсіби икемділіктер мен дағдыларды дамытудың жағдайлары және факторлары* зерттеледі.

Төртінші бағыт акмеологиялық – кемеліне келген тұлғаның дамуын анықтау, сонымен қатар болашақ мамандарды *кәсібилілікке оқыту, олардың қызметтерін жетілдіру мен үйлестіру* сұрақтарымен байланысты акмеологиялық заңдылықтарды және детерминантты зерттеуге бағытталған (А.А.Бодалев, А.А.Деркач, Н.В.Деркач, Н.В.Кузьмина, А.П.Реан және т.б.) Маманның кәсіби-тұлғалық дамуының мәнін, оның ішінде білім беру субъектісін акмеологиялық амал арқылы талдау тұлғаның кәсіби даярлығы кезіндегі заңдылықтарды ұғынуға, даралық және шығармашылық бастамалары арақатынастығын белгілеуге, оның өзінің болашақ жұмысын саналы орындауын қолдауға мүмкіндік туғызады. Бұл біздің зерттеуіміз үшін аса қызығушылық тудырады.

Сонымен, зерттеушілердің көзқарастарын талдай келе, біз келесі қорытынды жасаймыз: тұлғалық-кәсіби даму тұлғаның үдемелі өзгеруіндегі мақсатқабағытталған күрделі үдерісі, әлеуметтік сапаларды, кәсіби құзыреттілікті қалыптастыруға бағытталған жеке белсенділігі, заманауи қоғамның даму ерекшеліктеріне сәйкес үнемі кәсіби өсуге дайындығы, педагогикалық іс-әрекеттің ізгілендіру қағидаларын қабылдауы және қолдана білуі [143, 134-139 б.].

Кәсіби іс-әрекетте тұлғаның қалыптасуы мәселесі барлық уақытта өзекті болған. Әрбір мамандық оның құрылымы мен сапасына тән, сол мамандыққа негізделген белгілі бір жұмыс жасау үдерісіне ие. Басқа сөзбен айтқанда, әрбір мамандық өзіндік негізіне байланысты - әрқашан тұлға өзінің кәсіби міндеттерінің «арнасына» түскен кезінде әрекет ететін, тұлғаның белгілі бір функционалды құрылғысына сүйенеді.

Мамандықтың тұлғаға әсер ету мәселесі отандық психологияда іс-әрекеттік бағыттың дәстүрлі түрде қарастырылғандығын атап өту керек. (С.Л.Рубинштейн, А.Н.Леонтьев, Б.Г.Ананьев, А.А.Смирнов, Б.М.Теплов). Осы бағытқа сәйкес сана, психика әрекетте байқалып қана қоймай, сонымен қатар қалыптасады. Адамның әрекеті оның санасының, психикалық процестерінің және қасиеттерінің қалыптасуын шарттайды, олар адам әрекетін реттей отырып, оның адекватты орындалуының шарты болып табылады. Мұндай әрекеттің субъектісі басқа адамдармен тығыз байланыстағы - адам, индивид, тұлға болып табылады.

С.Л.Рубинштейннің трактатында тұлға әрекеттің алғышарты бола тұра, оның қорытындысымен бірге әрекет ететіндігі жазылған. Көптеген әрекеттер мен амалдардың сан түрлілігін біріктіретін сана мен әрекеттің тұтастығы, тұлғаның мақсаты мен мотивациясы болып табылатын бастапқы мотивациялары мен соңғы мақсаттарының біртұтастығынан тұрады.

Сонымен, нақ әрекет кезінде тұлға қалыптасады, жеке дара адам болады, дүниеге, қоғамға, өзіне деген көзқарасын қалыптастырады. Көптеген әрекеттердің арасында субъектінің белсенділігінің негізгі қалыбын жасайтын, кәсіби әрекет басты орын алады. Оған адам өмірінің маңызды бөлігі арналған. «Көптеген адамдар үшін нақты осы әрекет түрі олардың қажеттіліктерін қанағаттандыруға, өздерінің қабілеттерін ашуға, белгілі бір әлеуметтік дәрежеге жетуге мүмкіндік береді». Яғни, кәсіби әрекет кезінде тұлғаның өзгеруі ерекше қарқынды жүреді, өйткені ол субъектінің негізгі белсенділігін өзіне аудартады. Әдебиеттерге талдау жасау, бұл өзгерістер тұлғаның барлық аясын қамтиды және оның барлық ұйымдасу деңгейлерінде орын алатынын көрсетті.

Кәсіби маман болу және кәсібилікті қалыптастыру үдерісі адамның өмірлік әрекетінің маңызды құрамдас бөлігі болып табылады. Тұлғаның кәсіби дамуы оны адам өмірлік мақсат етіп алғанда ғана белсенді, кәсіппен байланысты мәселелер өмірлік жоспарлар мен мақсаттарға, тұлға болашағының құрылымына айналады. Адамға кәсіби болу әсерінің күштілігі сонша, ол адамның өмірлік салтын түпкілікті өзгертуі мүмкін. Бұл өзгерістер жаңа әдеттердің, көзқарастардың, бағалаулар мен қатынастардың пайда болуынан көрінуі мүмкін. Әдетте кәсіпқойлық кәсіп талап ететін кейбір индивидуалды психологиялық құрылымды бейімдеу нәтижесінде «пайда болады» деп айтуға болады.

Т.В.Кудрявцеваның теориясының шеңберінде кәсіпқойлық тұлғаның кәсіби болудың тұтас үдерісі ретінде қарастырылады. Кәсіби шебер болу кәсіби білім беру орындарында оқу барысында үйреніп алатын қысқа уақытты акт емес. Ол – төрт маңызды сатыдан тұратын ұзақ, серпінді, көп деңгейлі үдеріс. Әрбір сатыға өту алдыңғысымен байланысты және субъектте кризисті жағдайдың пайда болуына әкеліп соғуы мүмкін [144].

Осылайша, көптеген ғалымдар (Н.В.Кузьмина, А.К.Маркова, Л.М.Митина т.б) бойынша кәсіби даму – ол адам кәсіп таңдағаннан бастап, оның кәсіби өмірінің барысында жалғасатын және ол кәсіби әрекетін тоқтатқанға дейін жалғасатын жалпылық, үзілмейтін процесс дегенді алға тартады. Бұл үдеріс

біріншіден, ішкі шарттар: адамның өмір барысында кәсіптің өзі, оған деген көзқарас өзгеруіне; екіншіден, сыртқы шарттар: адамының кәсіп туралы, ондағы кәсіби шеберлік, сондай-ақ өзіндегі шеберлік қасиетті бағалауға деген талаптарының өзгеруі болып табылады. Профессор А.А.Жайтапова кәсіби дамудың тұлғалық, пәндік, қызметтік, әлеуметтік компоненттерін бөліп, келесіні айтады: «Кәсіби даму – қоғамның, ұжымның, жеке маманның нақты қажеттіліктері қанағаттандырылатын әлеуметтік маңызды қызметті орындайды» [30, 22 б.].

Бірқатар ғалымдардың пікірінше, кәсіби шебер адам деп - кәсіби қызметтің нормаларын, қатынастарын терең меңгерген және оны кәсіби шеберліктерді сақтай отырып жоғары дәрежеде жүзеге асыра алатын тұлғаны атауға болады.

Әдебиетте жазылған тұлғаның кәсіби тұрақтануы туралы ойларды жалпылай отырып, кәсіпқой болудың психологиялық заңдылықтарын бөліп қарастыруға болады.

Кәсіби шебер болу әдетте жалпы психикалық дамуға сүйенеді және соның негізінде жүзеге асады. Маманның шебер болуы оның тұлға ретінде дамуымен тығыз байланысты. Шеберлік оны адам өмірлік мақсат етіп алғанда ғана белсенді, кәсіппен байланысты мәселелер өмірлік жоспарлар мен мақсаттарға, тұлға болашағының құрылымына айналады. Адамның тұлғалық ерекшеліктері әдетте кәсіп таңдауда, кәсіби бейімделу үдерісінде жағымды әсерін тигізеді, кәсіби шығармашылықты қолдауға ынталандырады, кәсіби деформация мен қажудан қорғайды.

Отандық және шетелдік психологияда кәсіби іс-әрекеттің тұлғаға жағымды әсер етуі туралы кең мәліметтер жиналған.

Э.Ф.Зеердің пікірінше, көп жылдар бойы бір кәсіби әрекетпен айналысу кәсіби шаршау, әрекетті орындау тәсілдерінің кедейленуіне, кәсіби біліктіктің төмендеуіне, жұмысқа қабілеттіліктің әлсіреуіне әкеліп соғуы мүмкін. “Кәсіби деструкция – бұл әрекеттің және тұлғаның құрылымында қалыптасқан, сондай-ақ тұлғаның өзінің дамуында ақырындап жиналған өзгерістер, еңбек ету мен сол үдеріске қатысатын басқа қатысушылармен болған арақатынастағы жағымсыз әсерлер” [124, 56-58 б.].

Алайда, тұлғаның жетілуі мезгілімен пайда болатын ішкі және сыртқы, аумалы кезеңдер барысында кәсіби векторының өзгерісіне ұшырайды. Кез келген даму үдерісі сияқты, адамның кәсіби қалыптасуында жетілуі мен психикалық жаңашылдықтарды иеленуімен қатар тұлғаның деструктивтік өзгерістеріне әкелетін ауытқушылықтар болады. Бұл қазіргі таңда қоғамдағы әлеуметтік-экономикалық өзгерістер, ақпараттық технологиялардың жедел қарқынмен дамуы оқытушының тұлғасына жаңа талаптар қоюмен байланысты. Ол ең алдымен әлеуметтік түсініксіз жағдайлардағы саяси және кәсіби мәселелерді шешу барысында өз бетінше шешім қабылдау, өз мамандығының субъектісі болу, тұлға аралық қарым-қатынасты тиімді ететін кәсіби сапаларды меңгеруді талап етуде.

Жоғарыда көрсетілген міндеттермен қатар, оқытушы үнемі *өзін-өзі жетілдіру, өзін дамыту үшін* кәсіби әрекетінде соңғы әдістер мен

технологияларды белсенді қолданып, кірістіріп отыруға, жаңа оқулықтар мен әдістемелік құралдарды меңгеруге, ғылымның дамуына байланысты жаңа ақпараттар қорын өңдеп, игеріп отыруға міндетті. Ал, осындай көлемді жаңалықтарды игеріп қабылдау қажеттілігі, білім беру саясаты саласындағы нақты бағыттардың болмауы, жұмыстың шамадан тыс жүктелуі кәсіби дамудың деструктивті өзгерісінде көрінетін оқытушының психоэмоционалды күйлеріне әсер етіп, дезадаптациясын арандатып, әлеуметтік-психологиялық дискомфорттық сезімдерді туғызады. Қазіргі таңда кәсіби іс-әрекетпен байланысты жағымсыз үдерістердің тұлғаның өзгерісінде бейнеленетін кәсіби деформация мәселесі психология ғылымының өзекті мәселелердің бірі болып саналуда [145, 283-287 б.]

Әдебиеттерді талдау барысында кәсіби деформацияларды зерттеуге бағытталған еңбектердің саны шектелгенін анықтадық. Деформация мәселесінің жеке аспектілері Ж.Ы.Намазбаева, А.Т.Акажанова, Г.Т.Бекмұратова, З.Ш.Мадалиева, С.М.Жақыпов, Ядгарованың, Ресейлік ғалымдар С.П.Безносова, Р.М.Грановская, Л.Н.Корнеев, А.К.Маркова, А.Л.Свеницкий, Э.Э.Сыманюк, Н.С.Пряжников, Е.Ю.Пряжникованың еңбектерінде қарастырылған.

С.П.Безносова, Р.М.Грановская, Л.Н.Корнеев, А.К.Маркова кәсіби шыңға жетуді қиындататын, кәсіби қызметтің сипаты мен жағдайлары тұлға дамуына кері әсер беретін деформациялардың ықпалымен дамиды деп көрсетеді.

А.Л.Свеницкий, берілген мәселе бойынша жүргізілген көптеген зерттеулерін нәтижелерін талдай келе, келесі қорытынды жасайды: «Кәсіби деформация мәселесі жеткілікті зерттелмеген, бірақ теориялық және практикалық тұрғыдан зерттеушілер арасында қызығушылық тудырып отырған мәселеге айналып келеді. Ол біржақтылы маманның емес, тұлғаның үйлесімді дамуын қалыптастыру міндетінің маңыздысы болады» [146].

Зерттеушілер кәсіби іс-әрекеттің сипаты мен жағдайлары психикаға ауытқушылық әсер беретінін, әсіресе эмоционалды және психикалық қысым, еңбектің түрлері, күрделі жауапкершілік және басқалардың ықпалы деформацияның дамуына әкеледі деп көрсетеді. Мұндай жағдайларда еңбек шаршауға, кәсіби икемділіктер мен дағдылардың жойылуына, кәсіби қызметтерінің төмендеуіне әкеледі. Дәлірек айтсақ, кәсіби қызмет кәсіби емес қызмет түрлерімен салыстырғанда қызметкер тұлғасына ең күшті деформациялық әсер беретіні кездейсоқ мәселе емес. Кәсіби деформация бұл объективті құбылыс, оның жағымсыз әсерлері басқа кәсіби емес факторлар (әлеуметтену, тәрбие) арқылы өтуі де мүмкін. Бұл үдеріс және алынған кәсіби еңбектің ерекшелігіне сай адамның субъективтік сапаларының қызметкер-маманның тұтас дербестік тұлғалық қасиеттеріне әсер берудің нәтижесі [146].

Ресей мемлекеттік кәсіби-педагогикалық университетінің психология кафедрасы жүргізген ғылыми зерттеулердің нәтижесінде кәсіби деформацияның түрлеріне көп шалдығатын мамандықтар арасынан педагогикалық мамандықты атаған.

Ал педагогикалық қызметтің жағымсыз құбылыстары – педагог тұлғасының деструктивтік өзгерістеріне, сонымен қатар кәсіби деформациялардың пайда болу механизмдері әзірше мамандықтар психологиясы саласында зерттеушілермен жеткіліксіз зерттеліп келеді.

XX ғасырдың басында П.Сорокин әлеуметтік стратификация мен мобильділікке қатысты сұрақтарды қарастыра отырып, кәсіби әрекеттің мамандыққа әсерін анықтау барысында «кәсіби» деформация түсінігін енгізді. 1960ж бұл түсінікті заң психологиясы саласының зерттеушілері қолданады (А.Р.Ратинов, С.П.Безносков, Е.Г.Лунина т.б). Ал, қазіргі таңда педагогтардың, журналисттер, әлеуметтік қызметкерлер, басшылардың кәсіби деформациясы төнірегінде белсенді жұмыстар жүргізіліп келеді. Осы кезден бастап аталған феноменнің жеке жақтары зерттеле басталды. «Кәсіби деформация» түсінігімен қатар, аталған жұмыстарда мағыналары бір «кәсіби деструкция», «кәсіби деградация» терминдері қолданылған (А.К.Маркова, Е.А.Климов, Е.Ю.Пряжникова, А.Ф.Шикун т.б) [147].

Т.А.Жалагинаның [148] жұмысында аталған түсініктерге келесі анықтамалар беріледі:

А) деградация (лат. gradus - деңгей) – алдында жинақталған кәсіби қасиеттерінің жоғалуы, жағымсыз жаққа беталасы.

Б) деформация (лат. deformation) – ішкі және сыртқы факторлардың өзара әрекетінің нәтижесіндегі өзгерісі;

В) деструкция (лат. destructio) – қалыптасқан құрылымның бұзылысы.

Н.С.Ахтаева бойынша кәсіби деформация – алуан түрлі кәсіби аурулардың көрінісі және көбіне олардан құтылуға болмайды дейді.

Кәсіби деструкциялар – бұл қалыптасқан әрекеттер және тұлға құрылымындағы еңбек табысына және осы үдеріске қатысушылардың арабайланысына теріс әсер беретін өзгерістер [132, 230 б.]. Кез келген кәсіби қызметтің көп жылдар бойы іске асырылуы еңбек функцияларының табысын төмендететін немесе бұл үдерісті қиындататын тұлғаның бойына деформациясының пайда болуына әкеледі. Тұлғаның кәсіби деформациясы – бұл психикалық құрылымның, тұлға сапаларының кәсіби қызметті іске асыру мен соның әсері барысындағы өзгерістер.

Г.К.Ахметова, А.К.Мынбаева, Н.А.Маликова [146, 6-7 б.] педагог тұлғасының кәсіби деформация мәселесін зерттей келе, келесі кесте ұсынады (Кесте 1).

Аталған зерттеушілердің берген анықтамаларын талдай келе, Г.К.Ахметова, А.К.Мынбаева, Н.А.Маликова [146, 6 б.] педагогтың кәсіби деформациясы – бұл педагогтың кәсіби қызметін атқару үдерісі кезінде тұлғалық өзгеріске ұшырауы және ол көбінесе тұлғаның өзіне, оның атқаратын қызметі мен өмірінің басқа да салаларына жағымсыз әсер етеді деген анықтама береді.

Кәсіби деформацияның пайда болу механизмі күрделі динамикаға ие. Ең алдымен еңбектің жағымсыз шарттары тұлғаның кәсіби әрекеттерінде, мінез-құлықтарында өзгерістерді тудырады. Қиын жағдаяттардың қайталануынан

тұлға бойында жағымсыз өзгерістер күнделікті мінез-құлқы мен қарым-қатынасында қалыптаса бастайды. Бастапқыда уақытша жағымсыз психикалық күйлер мен қондырғылар пайда болады да кәсіби әрекетті тиімді жүзеге асыруға қажет сапалар бірте-бірте жоғала бастайды, нәтижесінде даму үстіндегі кәсіби қасиеттердің орнына жағымсыз психикалық күйлер тұлғаның бойында дамып, қалыптасатындығы дәлелденген.

Кесте 1 - Зерттеушілердің кәсіби деформация түсінігіне берген анықтамалары

Зерттеушілер	«Кәсіби деформация» түсінігінің анықтамасы
Л.В.Мардахаев	Маман тұлғасының кәсіби деформациясы – бұл маманның өз кәсіби қызметінің әсерінен туындайтын, оның тұлғалық сапалары мен ерекшеліктерінің (қабылдау стереотиптері, құндылық бағдары, мінезі, қатынас тәсілдері мен жүріс-тұрысы) өзгеріске ұшырауы.
Ю.М.Кузьмина	Кәсіби деформация – бұл тұлғаның кәсіби қызметінің кейбір ерекшеліктерінің әсерінен туындайтын құбылыс, ол кәсіби қызметті атқаруда кері жағымсыз ықпал етеді немесе тұлғаның психологиялық құрылымының өзгеруіне алып келеді.
Д.Н. Вяземский	Тұлғаның кәсіби деформациясы – кәсіптік қызметті атқару кезінде көрінетін тұлға сапасының өзгеріске ұшырауы. Ол кәсіптік жаргонда, өзін өзі ұстау мәнерінде, физикалық сипатынан байқалады.
А.К.Маркова	Кәсіби деформация деп кәсіптік қызметті атқару кезінде туындайтын деструкция ретінде түсіну керек, ол маманның өніміне кері әсер етеді, тұлғалық сапалардың ауытқуына, жағымсыз сипаттардың жинақталуына алып келеді.
Ю.В.Пунанова	Кәсіби деформация – бұл жағымсыз әлеуметтік-психологиялық құбылыс, ол кәсіптік қызметтің үдерісі мен нәтижесіне деструктивті ықпал ететін әртүрлі жеке мінез-құлық түрінде білінеді.
Н. Б.Москвина	Тұлғалық-кәсіби деформация – кәсіптік және күнделікті өмірдегі тұлғаның оңтайлы дамуынан ауытқуы, ол мұғалім жұмысын ауырлатып, тиімділігін төмендетеді .

Деформация кәсіби әрекетпен шартталған адамның барлық өмірлік әрекеттерінде тарайды. Аталған ықпалдар әдетте тұлғаның бойына жағымсыз әсер етеді. Кәсіби деформация көбіне өмірлік әрекетте қиыншылықтарға және іс-әрекеттің тиімділігінің деңгейін түсіреді.

Психологиялық-педагогикалық әдебиеттерді талдау барысында тұлғаның кәсіби деформациясын түсіндіретін негізгі төрт бағытты бөліп көрсетуге болады:

Кәсіби стресс тұжырымдамасының өкілдері В.В.Бойко, Н.Е.Водопьянова т.б тұлғаның кәсіби деформациясының пайда болуына мазасызданудың жоғарылауы, эмоционалдықтың төмендеуін жатқызады. Мазасызданудың әсерінен кәсіби дағдарыстан тұлғалық қорғану механизмдері дамиды. Кәсіби дағдарысты зерттейтін зерттеушілер бойынша бұл өз кезегінде эмоционалды күйіп-пісу синдромының пайда болуына әкеледі. Тұлғаның кәсіби деформациясына әкелетін дағдарыстың негізгі пайда болуының себебі кәсіби іс-әрекеттің өзі болып табылады. Мұның ішінде жұмысшыға қойылатын кәсіби талап пен оның тұлғалық ресурстарының сәйкессіздігін атауға болады [146]. Оқытушылардың стреске тұрақтылығына кәсіби іс-әрекеттің тиімділігімен байланысты келесідей факторлар әсер етеді: кәсіби тәжірибе, оқытушылар кәсіби іс-әрекетінің мотивациясы, жұмыс ортасының материалды-техникалық жағдайы, қарым-қатынас үдеріс [149, 123-131 б.].

С.П.Безносков, Р.М.Грановская, Э.Ф.Зеер, Е.А.Климов өкілдері болып табылатын рөлдердің әлеуметтік-психологиялық теориясына сәйкес, кәсіби деформацияның негізгі механизміне адамның өз «Менінің» әлеуметтік рөлімен теңдестіруі жатады. Кәсіби рөл адамның әлемге көзқарасын шектеп, кәсіби акцентуацияның дамуына, кәсіби маңызды сапалардың артуына себеп болады [146].

Тұлғалық-әрекеттік және гуманистік амалдардың өкілдері А.К.Маркова, Н.Б.Москвина, Л.М.Митина, Л.В.Мардахаевтар еңбектің деструктивті және табысты жүзеге асуы адамның өмірлік және кәсіби көзқарасына байланысты, деп көрсетеді. Кәсіби тұрақтану – кәсіби даму ғана емес, сонымен қатар регресс болып табылады. Деформациялар еңбек үдерісінің барлық жақтарына әсер етеді. Кәсіби қызметтегі адам тұлғасының деформациясының мәні мынада, яғни еңбек шартына немесе адамның шартына байланысты кейбір жағымды психикалық қасиеттер, сапалар жоғалып, жағымсыз сапалар пайда болады [146].

Г.К.Ахметова, А.К.Мынбаева, Н.А.Маликова кәсіби деформация мәселесіне қатысты эмоционалды-ақпараттық амалды ұсынады. Бұл амал адам организмінің көптеген ақпараттық және эмоционалды әсерлердің бірігуінен тұрады. Мұндағы болжам адам арасындағы энергиямен алмасуына және динамикалығына қатысты сұрақтармен айқындалады. Аталған түсінік О.Тоффлердің постиндустриалды қоғам тұжырымдамасы мен Дж. Брунердің ғылыми ашылымның үш толқын идеясына негізделген [146, 8-9 б.].

Аталған амалдардың арасындағы айырмашылық педагогтардың тұлғалық-кәсіби деформациясының пайда болуы мен өту механизмдерінде көрінеді. Егер бір амалда кәсіби әрекетімен өзін теңдестіру болса, екінші амал бойынша кәсіби іс-әрекет жағдайларының интериоризациялануы жүзеге асады.

К.А.Абульханова-Славская [150] тұлға белсенділігінің кәсіби деформациясы екі себепке, атап айтқанда кәсіби іс-әрекеттің деформациялануы мен өзіндік тұлғаның деформациясына тәуелді екендігін айтады. Бірінші жағдайда кәсіптің тұлғаны жатсынуын атауға болады. Адамның өзіндік мотивтері бола тұра, оған қатысы жоқ мақсат пен мотивті орындауы

міндеттеледі. Екінші жағдайда тұлғаның өзі деформацияға ұшырайды, оның жоғары қажеттіліктері құндылығын түсіріп, қанағаттандыруын тоқтатады. Адам үшін оның еңбегінің, күш жігерінің, қабілеті мен тәжірибесінің нәтижелері бағаланбайды. Кәсіби іс-әрекетін, өзінің шеберлігін жетілдіру қабілетін жоғалтады.

Деформацияның пайда болуының тағы бір себебіне тұлғаның эмоционалды күйіп-пісу синдромы жататын дағдарыс пен депрессияны атауға болады.

Кәсіби даму үдерісіндегі адамның өзгеруі практикалық тұрғыдан үздіксіз жүретін үдеріс. Бір жағынан, тұлға білім, білік, дағды жинақтайды, өзін-өзі жетілдіреді, екінші жағынан кәсіби деформация деп аталатын жағымсыз күйлердің пайда болуымен анықталады.

Педагогтардың кәсіби деформацияларының ішінде көбіне қызметтік деформация орын алады. Педагогтың қызметтік бабын шектемеудің нәтижесінде өзгенің пікіріне шыдамсыздық таныту, өзінің қателіктерін көрмеу, тек өзіндік пікірдің дұрыстығы туралы сенімділік пайда болады.

Бейімделу деформациясы тек педагогтың кәсіби іс-әрекетінің нақты шарттарына бейімделу кезінде пайда болады, нәтижесінде тұлға бойында жоғары деңгейде конформизм қалыптасады, мекемедегі жалпы қабылданған мінез-құлық модельдерін қабылдап, қатаң түрде басшылықтың нұсқауына және ережесіне сәйкес әрекет етеді.

Педагогтардағы деформацияның жоғары деңгейі тұлғалық сапалардың жағымсыз өзгерісімен анықталады.

Кәсіби деградация деп аталатын кәсіби деформацияның ақырғы деңгейінде тұлға өзінің адамгершілік құндылықтарын өзгертіп, кәсіби құзыретті емес маманға айналады.

Г.М.Грановская мен В.А.Хомиский кәсіби деформация стереотипті әрекеттермен байланысты деп айтады.

С.П.Безносков, Р.М.Грановская, Л.Н.Корнеева, А.К.Маркова секілді зерттеушілер әдетте кәсіби деформацияға «адам-адам» типіндегі мамандықтарға жататын, яғни адамдармен үнемі байланысқа түсетін мамандар көп ұшырайтынын айтады.

Сонымен, тұлғаның кәсіби деформациясы – ұзақ уақыт бойы бір әрекет түрімен айналысу кезінде пайда болған тұлғалық сапалардың өзгерісі (таптаурындар, құндылық бағдар, қарым-қатынас тәсілі мен мінез-құлықтары).

Э.Ф.Зеер бойынша кәсіби деформация – еңбектің тиімділігіне және осы үдеріске қатысушылардың өзара әрекетіне жағымсыз әсер етуінде көрінетін, қалыптасқан іс-әрекет пен тұлға құрылымының өзгерісі [124, 56-58 б.].

Ресейлік ғалым Э.Ф.Зеер кәсіби деформацияның көрінуінің төрт деңгейін бөліп көрсетеді:

1.Тұлғаның ерекшеліктері мен шебердің мінез-құлқы қызметкерлердің жұмыс өтілімен анықталуы мүмкіндігін, алайда деформациялардың көрінуі мамандыққа байланысты түрлі болатындығын көрсетеді.

2. Кәсіби іс-әрекетінде мамандықты игеру үдерісінде пайда болатын арнайы кәсіби деформациялар. Біздің білуімізше әр кәсіп бірнеше мамандықтан тұрады. Әр мамандықтың өзіне тән деформациялары болады.

3. Кәсіби-типологиялық деформациялар қатарына жекелік-психологиялық ерекшеліктері – темперамент, қабілет, мінездің ықпалы жатады.

4. Дараланған деформациялар түрлі мамандықтар қызметкерлерінің ерекшеліктерімен анықталады. Кәсіби іс-әрекетті ұзақ жыл бойы орындау барысында жеке кәсіби маңызды сапалардың деңгейі төмендейді, ал жағымсыз жақтары дамиды. Бұл өз кезегінде акцентуацияға, гипербелсенділікке әкеледі [146, 13-15 б.].

В.Е.Орел кәсіби деформацияларды тұлға құрылымында олардың көріну белгілеріне қарай мотивациялық, танымдық және мінезде байқалатын деформацияларды деп, жіктейді [151, 90-101 б.].

Мотивациялық сферада пайда болатын деформация болып қандай да бір кәсіби салаға тым қызығушылық таныту, басқаларына қызығушылықтың төмендеуі табылады.

Танымдық сферадағы кәсіби деформация танымдық әрекеттегі стереотипизацияда көрінеді.

Ал, тұлға мінезінің деңгейінде мінездерінің кейбір бітістері мен темпераменттерінде орын алатын деформация, маманның тұлға құрылымының жартылай немесе толық қайта құрылуына себеп болады.

Түрлі психологиялық құрылымдар деформацияның өзіне тән деңгейлеріне тәуелді. Эмоционалды-мотивациялық сфера тұлғалық мінездемелер блогына қарағанда деформацияға көбірек ұшырайды.

Біздің көзқарасымызша, тұлғаның деформацияға ұшырауының бастапқы, орташа және жоғары деңгейлерін бөлуге болады.

Бастапқы деңгей тұлға бойындағы маңызсыз өзгерістермен сипатталады. Қызметкер кәсіби әрекетті игеріп, таниды, оны орындаудың өзіндік стилін қалыптастырады, бірақ әлі қызметіне тәуелді болмайды.

Бастапқы деңгейде кәсіби деформация қызметтік тиімділігіне әсер ете қоймайды, кейде тапсырмаларды жедел орындауға ықпал етуі мүмкін.

Деформацияның орташа деңгейі сандық және сапалық өзгерістермен сипатталады. Кәсіби маңызды сапалардың белгілері тым көріне бастайды, кейін өзіне қарсы өзгерістерге ұшырайды. Мысалы, педагогке тән сенімділік кейін өзіне сенімділігіне айналады, білім беру үдерісін бақылауда авторитарлық қасиетімен ұласады.

Педагогикалық қарым-қатынас стилі қызметтен тыс мінез-құлыққа бағытталады. Педагог өзін кәсіби маманына берілгендігі соншалық, жұмысынан тыс кездердің өзінде барлығын және барлық уақытта үйрете бастайды, ескертулер айтады, бағалайды. Кәсіби қызығушылықтар адам өмірінде ақырын, біртіндеп доминантаға айналып, өзгелерді өзіне бағындырады.

Соңғы деңгейде тұлға өзінің кәсіби іс-әрекетіне толық тәуелді болады. Жұмысшы оның пікіріне қарсы көзқарастарға, сын бағалауларға немқұрайлы,

жекелік тәжірибесіне бағытталады. Ішкі бақылаудың төмендеуі, тым өзіне сенімділігі сәтсіздіктердің орын алуына әкеледі.

Зерттеуші Е.И.Рогов, Э.Ф.Зеер ұсынған педагогке тән тұлғаның кәсіби деформацияларының түрлерін төмендегідей нақтылайды.

1. Жалпыпедагогикалық деформациялар педагогикалық іс-әрекетпен айналысатын барлық мамандарға тән. Оларға ғибраттылық, дидактизм, пікірлерді бағалаушылық, авторитарлық және т.б. жатады.

2. Типологиялық деформациялар. Мінез құлықтағы тұлғалық ерекшеліктер мен педагогикалық іс-әрекеттің құрылымда қызметтерінің сәйкестігінің өзара байланысынан туындайды. Типологиялық деформациялар педагогикалық іс-әрекеттің компоненттеріне сәйкес тұлғалық ерекшеліктердің араласуында пайда болады. Мысалы, қарым-қатынасшыл педагогтар қарым-қатынасқа көп түседі, көп сөйлейді, оқушылармен ара қашықтық сақтамайды. Интеллигент-педагогтар – ақыл айтуға, кеңес беруге бейім келеді.

3. Педагог тұлғасының арнайы деформациялары оның оқитын пәніне тәуелділігінен пайда болады. Мысалы, тілдің мұғалімдері серіктесінің сөйлеуіндегі қателіктерді дұрыстау, математиктер қарым-қатынаста ұстамды болып келеді.

4. Жекелік деформациялар тұлғаның құрылымында болып жатқан өзгерістермен анықталады [146, 17-18 б.].

Оқытушы тұлғасының кәсіби шартталған деформацияларының бірі агрессия болып табылады. Агрессия адамдар арасындағы өзара қарым-қатынастың, индивидуалды тұлғалық дамудың тиімділігін анықтайтын қасиет. Оқытушылардың төменгі эмоционалды тұрақтылығының негізінде ашу-ыза мен үрейлену деңгейлері айқын көрінеді.

Агрессия сөзі «agradі» сөзінен пайда болған, шамамен «бірденеге қарай қозғалу» дегенді білдіреді. Алғашқы мағынада «агрессивті болу» сөзі алға қойған мақсатқа қарай қорқынышсыз, күдіксіз және «тоқтаусыз қозғалу» дегенді білдірсе [152], кейін «агрессия» (лат «aggresіo» - шабуыл) – қоғамдағы адамдардың өмір сүру ережелеріне қайшы келетін, адамдарға физикалық қысым көрсетіп немесе оларда психологиялық дискомфортты (жағымсыз қайғырулар, мазасыздану күйі, қорқыныш т.б) туғызатын мотивтелген деструктивті мінез-құлық деп анықталады.

Ал оқытушылардағы агрессия – оқушы мен оқытушының өзара қарым-қатынас барысындағы кәсіби-адамгершілік нормаларының бұзылысында көрініс табатын деструктивті мінез-құлық болып саналады [153, 166-169 б.].

«Агрессивті мінез-құлықтың пайда болуы фрустрацияның барымен шартталған және керісінше – фрустрацияның болуын өз артынан агрессивтіліктің бір түрін ертедей дейді. Зерттеушілер фрустрация жеке адамның немесе организмнің өмірлік маңызы бар қажеттілігін қанағаттандыру барысында кедергілерге тап болған кезде пайда болатын күйі [154]. Яғни, адам кедергіден өту үшін өзінің барлық күші мен қабілеттерін іске қосады. Алайда, фрустрация кедергі емес, ол субъектінің бойында интенсивті қобалжуды тудыратын іс-әрекеттің орындалмауы. Бірқатар авторлар фрустрацияға ұшырау

оқытушылардың агрессивтілік реакциясының туындауына негіз болатынын айтады. Л.М.Митинаның зерттеулері нәтижесі оқытушылардың фрустрациялық толеранттылық деңгейінің көрсеткіштері басқа кәсіби топтарға (мысалы: инженерлер, ұшқыштар, студенттер) қарағанда өз деңгейінен төмен болатындығын, ал 30 % оқытушыларда (әсіресе көпжылдық жұмыс өтілімен) невроз аурулары кездесетіндігін көрсетеді [155]. Сонымен, агрессия [153, 166-169 б.] – тұлғаның ішкі ниеттендіру тенденциясы болса, ал агрессивтілік осы тенденцияны ішкі немесе сыртқы әрекеттерде көрсетуге бейімділігін түсіндіретін индивидуалды тұлғаның ерекшелігі және де көріп отырғанымыздай агрессияның пайда болуы туғаннан берілетін инстинкт, әлеуметтік орта, тұлғаның субъективті мақсаттары секілді т.б факторлар әсер етеді.

Жеке адамдағы фрустрацияның төменгі көрсеткіштеріне [156]: стрестік жағдайларға психологиялық тұрақты, қандай да бір өмірлік маңызды қажеттіліктерді қанағаттандыру барысында пайда болатын кедергілерге бағыттылығымен мінезделсе, фрустрацияның жоғары көрсеткіштері кезінде тұлға мен оның бағыттылығы арасында ішкі конфликт пайда болады, өз-өзіне сенімсіздік, жағымсыз эмоциялар, ашуланшақтық, кінәлау сезімі т.б жағымсыз күйлер басым келеді.

Жоғарыда аталған оқытушылардың агрессивтілігі ең алдымен тұлғаның мазасыздануының нәтижесінен туындайтыны белгілі.

Мазасыздану – түрлі дағдарыстық жағдайларға түйсік табалдырығының төмендеуімен бейнеленген, ұзақ уақыт бойы сақталатын тұлғалық қасиет. Мазасыздану кез-келген жағдайда үнемі өзінің «Меніне» қауіп-қатерді сезінуде көрінеді. Мазасызданудың әлеуметтік аспектісі өмір ағымының кенеттен өзгерісімен байланысты. Мазасыздық пен үрейді зерттей отырып ғалымдар екі аспектісін бөледі: үрей (эмоционалды күй) және қорқыныш (үрейді тудыратын тұлғаның қасиеті). Мазасыздану «үрей», «қорқыныш», «аландаушылық» түсініктерімен қатар қолданылады. Қорқыныш – адамның санасына оның өміріне нақты қауіп-қатермен аффектелген бейнелену болса, үрей – қорқынышқа қарағанда үнемі жағымсыздығымен қабылданбайды, өйткені ол қуанышты күйде орын алуы мүмкін [153, 166-169 б.]

Кәсіби әс-әрекетті игеру барысында субъектінің кәсіби даму бағытының жүйесі таптаурындарға байланысты. Адамда қалыптасып қалған қондырғылар мен таптаурындар өз кезегінде ригидтілікті тудырады.

Ригидтілік – (лат. rigidus – «қатты, берік») жаңа жағдаяттық талаптарға сәйкес көздеген мақсаттар немесе қалыптасқан мінез-құлық нормасын қайта құру барысында қиналу, қоршаған ортаның өзгерісіне нашар бейімделу қабілеті. Ригидтілік кенеттен пайда болған немесе тез өзгеруді талап ететін жағаяттарда мінез-құлықтың төмен иілгіштігінің салдарынан консервативтілік секілді сапаларды жоғарылатады. Ригидтілік көбіне «қандай да бір заттық әрекеттің сапасыз орындалуының шарты болып табылатын тұлғаның индивидуалды психологиялық ерекшелігін танытады. Бұл өзінің психикалық қондырғысын өзгерту, жағдаятқа әрекетін немесе қатынасын өзгерту, өзгенің

орнына өзін қою, жаңа бейімделу тәсілдерін игеру, жаңа материалды қайтадан ұйымдастыру, мінез-құлығын өзгертуді талап ететін объективті жағдаяттарға жеке адамның қабілетсіздігін көрсетеді [157, 158].

Жоғарыда аталған қасиеттер (мазасыздану, фрустрация, агрессия, ригидтілік) бір-бірімен байланысты екені және ЖОО оқытушыларының бойындағы мазасыздану, фрустрация, агрессия, ригидтілік секілді кәсіби деформациялар 6-10 және 16-20 жыл өтіл арасында жоғары, агрессия бірінші, екінші, үшінші бес жылдықта шамамен бірдей, ал ригидтілік екінші бес 21-30 жыл өтіл аралығында жоғары болатыны анықталған [145, 286 б.]

Бұдан басқа В.В.Гафнер [160, 32-37 б.] болса педагогке тән келесі деформациялар түрін бөледі:

- Ұжым мен оқушылардың өмірлік іс-әрекетіне қатысты сұрақтарды өзі ғана шешу барысында көрінетін бір түрі авторитарлық.

- Педагогтың басқарушылық қызметті орындауымен байланысты доминаттылық.

- Педагогтың пікірлермен өзара алмасуы, диалогті қарым-қатынасқа түсу қабілетінің төмендеуімен байланысты монологизм.

- Оқушылардың қызығушылықтары мен құқықтырын, сезімдерін ескермеуде орын алатын, өзіне бағындырумен анықталатын агрессия.

- Шығармашылық жұмысшыларға сыни қарау, көнерген технологияларға басым болуы, жаңашылдықтарға қарсы болуымен сипатталатын консерватизм, т.б.

Г.С.Абрамова мен Ю.А.Юдчиц аталған кәсіби деформациялардың бес негізгі салдарын көрсетеді: 1) беделінен айырылуы; 2) қатаң қарым-қатынас жасауы, болашаққа сенімсіздік; 3) шынайылықтан айырылуы; 4) оқушыларды ізгілендіру қатынасының болмауы [161, 32-37 б.].

Тұлғаның кәсіби деформациясы мезгілмен немесе тұрақты, үстіртін немесе жаһандық, жағымды немесе жағымсыз болуы мүмкін. Ол мінез-құлықта, әрекеттерде, физикалық бейнеде де көрініс табады.

Кәсіби анықталған педагог тұлғасының деформациясы формальдық кәсіби тұрғыдан дұрыс іс-қимылдармен қатар педагог пен оқушылардың ара қатынастарының кәсіби-адамгершілік нормаларының бұзылуымен байқалатын деструктивтік мінез-құлықты көрсетеді. Бұл оқушыларға деген дұшпандық қатынас тұрғысынан байқалады және өктемдік тенденциялардың, педагогикалық қызметтің кәсіби-этикалық нормаларына сай емес педагогикалық әсер берудің іске асырылуында байқалады.

Кәсіби деформацияның пайда болуына көптеген факторлар әсер етеді: объективті, субъективті және объективті-субъективті.

– Объективті факторға әлеуметтік-экономикалық жағдайлар, еңбектің мазмұны, мамандықтың имиджі, орындап жатқан әрекетінің мәні, еңбектің шарты жатады.

– Субъективті фактор адамның тұлғалық ерекшеліктері, мінезі, темпераменті мен қасиеттерімен сипатталса, соңғысы объективті-субъективті

немесе әлеуметтік-психологиялық деп аталады, оған ұйымның басқару сапасы, басшылардың кәсібилілігі, жұмыстан тыс әлеуметтік ортаның ықпалы жатады.

С.П.Безносавтың пікірінше, кәсіби деформацияның ішінен жалпы және арнайы факторларын бөлуге болады. Жалпы фактор әлеуметтік еңбекті объективті бөлу, жеке адамдардың ішкі ресурстарын шектеуден тұрады. Арнайы факторға белгілі бір іс-әрекетке тән ерекшеліктер жатады [159].

Біз психологиялық-педагогикалық әдебиеттерді талдай отырып, педагогикалық іс-әрекетке тән келесі факторларды бөлеміз:

- кәсіби әрекетінің нәтижелері үшін жоғары жауапкершіліктің болуы;
- жұмсалған күшті қалпына келтіру үшін және демалуға қажет уақыттың болмауымен байланысты психикалық және физикалық жұмысбастылық;
- кәсіби әрекеттегі шекараның болуы.

Педагог тұлғасының ерекшеліктерімен байланысты келесі факторларды бөлуге болады:

- талаптану мүмкіндігі деңгейінің адекватсыздығы және тұлғаның талаптарының жоғары болуы;
- кәсіби дайындықтың жеткіліксіздігі;
- кәсіби тәжірибе;
- кәсіби қондырғылар;
- мамандардың әлеуметтік-психологиялық ерекшеліктері;
- іс-әрекетке мотивінің өзгерісі, іс-әрекетке қызығушылықтың төмендеуі, мамандықтан көңілі қалуы.

Әлеуметтік-психологиялық факторларға:

- басшылықтың қол астындағы жұмысшыларына парапар емес стилді қолдануы;
- ұжыммен қарым-қатынастық дау-дамайлылығы;
- білім алушылармен шиеленістік қарым-қатынас;
- жұмыстан тыс әлеуметтік ортаның жағымсыз әсері (жанұя, достар т.б.);
- педагогтардың іс-әрекетінің қоғамда төмен бағалануы.

Педагогтардың кәсіби деформацияларының пайда болуындағы факторлар:

- педагогикалық іс-әрекетті жүзеге асыру барысындағы эмоционалды мазасызданудың жоғары болуы;
- еңбек технологиясының, құрал-жабдықтарының шектеулілігі;
- күнделікті бір іспен айналысу, жұмысының монотондылығы;
- жастық өзгерістер. Сонымен қатар, жастың өсуі тек физикалық емес, психологиялық және кәсіби болуы мүмкін.
- психологиялық қорғаныс.
- кәсіби іс-әрекетінде үнемі бір сапалардың қайталануы, оның уақыт өтісімен доминантты сапаға айналуы.
- тұлғаның кәсіби іс-әрекетіндегі шынайы нәтижелері мен күтетін нәтижесінің сәйкессіздігі;
- тұлға мінезінің түрлі акцентуациясы;
- кәсіби үдерістегі іс-әрекеттердің күнделікті қайталануы стереотиптердің пайда болуына әкеледі.

– кәсіби өсу перспективасының болмауы

Кәсіби тұрақтану үдерісінде *ЖОО оқытушыларының тұлғалық-кәсіби қасиеттерінің дамуы тұлғаның ішкі белсенділігімен* детерминацияланған динамикалық және үздіксіз үдеріс ретінде сипатталады. ЖОО оқытушылары білім беру субъектісіне айнала отырып, білім, біліктердің жиынтығын игеріп қана қоймай, кәсіби іс-әрекетті тұтастай меңгеріп, түрлі жағдайларға байланысты оны қайта жаңғыртып, түзетулер еңгізуге қабілетті болуы қажет.

Білім беру субъектісі тұрғысынан ЖОО оқытушыларының тұлғалық-кәсіби қасиеттері субъект-субъектілік қатынасты тиімді жүзеге асыруға мүмкіндік береді. Оның кәсіби іс-әрекет талаптарының мәні өзінің саналы түсінуі мен эмоционалды орта құра білуі, тұлғалық даму контекстінде *өзін-өзі белсендіруге ұмтылысы*, тұлғалық өзіне қарым-қатынасы арқылы анықталады.

Өйткені жоғары оқу орындарындағы педагогикалық үрдіс 1.2 бөлімінде жан-жақты баяндалғандай субъект-субектілік қарым-қатынасқа құрылады.

И.Л.Вахнянскаяның [162] тұжырымдауынша: «Өзіндік-бағдарланған өзара әрекеттесе оқыту кезінде гуманистік парадигмалардың құндылықтары анықталады және оқытушы мен студент арасындағы сүйіспеншілік пен еркіндікке құрылған қарым-қатынас орнығады. Оқу мазмұны білім алушы үшін оның өміріндегі өзекті мәселелерді шешудің құралына айналады. Білімнің өзіндік мазмұны арнайы оқыту ортасында «дән секілді себіледі». Зерттеушінің ойынша, осындай жолмен оқыту жеке даму мүмкіндіктерінің қайнар көзіне айналады және ол «адамдар расындағы елеуден өткен ерекше қатынас күйінде орнығады».

Біздің зерттеуімізге жақын келетін еңбектер қатарында К.Роджерстің гуманистік психотерапиясын (ол жеке даму қатынастарының типтерін сипаттап шыққан), А.Маслоудың тұлғаның өзін-өзі маңыздылыққа айналдыру туралы теориясын (өзін өзі маңызды ету механизмі негізгі болып табылатын фасилиттенген қарым-қатынас кезінде білінетін эмоционалды қатынастарды көрсеткен), Э.Фромм мен В.Франклдің адамның келешекте өзін-өзі жасау жолын таңдау құқығына арналған зерттеулерін атауға болады. Фасилитациялық қатынастарды біз басқалармен өзара әрекетке түсу кезінде қажетті эмоционалды құндылық деп есептейміз. Эмоционалды құндылықтық өзара әрекеттесу үдерісі өзіндік дамудың қайнар көзі болып табылады.

Оқытушы мен студенттің (кейде ғана ата-ананың) тұлғасын дамыту мен өзіндік дамыту туралы жазылған көптеген еңбектердегі психология-педагогикалық контекстердегі «тұлғаны негізгі ету» атты мағыналық констант доминант түрінде беріледі. Осы доминанттың оқу орындарындағы рөлін зерттеуге арналған ғылыми еңбектердегі авторлардың тұжырымдары әр түрлі болып табылады. Мысалы, Л.С.Выготский, А.Н.Ананьев, С.Л.Рубинштейн, В.В.Давыдов, И.А.Зимняя секілді зерттеушілер *тұлғаны* білім мен тәрбие беру үдерісі кезіндегі жекелік әрекеттесу шеңберіндегі субъектінің іс-әрекеті тұрғысынан қарастырса; И.С.Якиманская, А.К.Маркова, А.Б.Орлов, И.Л.Вахнянская, Е.В.Бондаревская, В.В.Сериков бұл жолды өзіндік бағдарланған деп есептейді. Бұл пікірлердің арасындағы мұндай шектеуде,

біздің ойымызша, қарама-қайшылық жоқ. Екі топтағы ғалымдар да білім мен тәрбие берудегі ортақ философиялық көзқарастарды ұстанып отыр, зерттеудің бірлескен әдістемелік негізін жасаған, атап айтқанда, екі жақ та іс-әрекет категориясын бөліп алып қарастырады. Білім беру мәселесіндегі әрекеттілік жолын дамыта отырып, авторлар өз еңбектерінде субъектілік байланыстардың маңызды екеніне тоқталады.

ЖОО оқытушыларының білім беру субъектісі тұрғысынан қалыптасуы үздіксіз білім алатын, өзін-өзі белсендіруін жетілдіретін, өз білімінің деңгейін, оны дамыту жолдарын білетін, рефлексияға қабілетті, өзінің санасында түрлі мәдениетті жаңғыртып, қарым-қатынасқа түсе алуымен айқындалады.

Осылайша, ЖОО оқытушылардың білім беру субъектісі ретінде олардың жеке басы белсенділігінің дамуы маңызды рөл атқарады.

Белсенділік субъектінің кіріктірілген қасиеті тұрғысынан іштей детерминацияланады, субъектінің қоршаған әлеміне көзқарасын қалыптастыру және кәсіби іс-әрекетін жаңғырту, адамның реакцияларын, іс-әрекеттерін және мінез-құлықтарын түзеуді жүзеге асырады. ЖОО оқытушыларының белсенділігі – олардың алға қойған мақсатына жетуі мен ұмтылысымен сипатталады. Олар оқытушы үшін маңызды қажеттіліктер, мақсаттар мен мотивтер және қарым-қатынасы тұратын тұлғалық ерекшеліктерімен сипатталады. Осы тұрғыда белсенділіктің қажеттілігі артады. Өйткені ол ішкі мотивацияның тереңдетеді, өзге адамдармен қарым-қатынасқа түсуде және бірлескен іс-әрекетте адамның көзқарасына яғни тұтас алғанда, өзара іс-әрекеттің нәтижелілігі мен барысына ықпал етеді.

Субъект тұрғысынан оқытушының *белсенділік қасиеті* қарама-қайшылықтарды шешуде, кәсіби іс-әрекеттің талаптарын орындауда және тұлғаның жекелік ерекшеліктеріне сәйкес қызмет ету біліктілігінде көрінеді. Тұлғалық-кәсіби дамудың негізгі психологиялық тетігі «Шынайы - Мен» және «Идеалды - Мен» арасындағы орын алатын кәсібиліктің деңгейіндегі қарама-қайшылықтарды жеңуде көрінеді [163]. Л.М.Митина қарама-қайшылықтың орын алуы мен болмауы дамуды әлі де болса айқындай алмады [155] дейді. Оқытушының ішкі қарама-қайшылықтарды белсенді өзгертуге деген анық байқалатын қабілеті ғана оның кейінгі тұлғалық және кәсіби дамуын анықтай алады. Сәйкесінше, «Мен – әрекет етуші» және «Мен – бейнелеуші» арасындағы тұлғашылық қарама-қайшылықты жеңу үшін субъектілік белсенділік қажет. Оқытушылардың ішкі қарама-қайшылықтарды түйсінуі педагогикалық үдерісті жүзеге асыруға мүмкіндік беретін тұлғалық, іс-әрекеттік және қарым-қатынас ерекшеліктерін саналы түсінуіне әкеледі. Бұл олардың жаңа мүмкіндіктерін өзіндік жүзеге асыруына ниеттендіреді. Кәсіби маман тұрғысынан өзін саналы түсіну өзіндік жекелік ерекшелігін өзгертуіне бейімдейді.

Сонымен, білім беру субъектілеріне сипаттама бере отырып, ең алдымен әр оқытушы мен студент қоғамдық болып табылатынын айту қажет. Олар біріге отырып барлық білім беру үдерісі субъектілерінің жиынтығын құрайды. Аталған субъектілердің іс-әрекеттері нормативтік-құқықтық және

бағдарламалық құжаттармен реттеліп отырады. Біріктірілген субъектілердің құрамындағы субъектінің өзара ортақ мақсаты болады.

Тұлғаға бағдарланған өзара әрекет ету теориясының негізін салушы К.Роджерс өзінің психотерапевтік тәжірибесінде бастауыш сыныптың (1973 ж.) және жоғары сынып пән мұғалімдерінің (1976 ж.) *өзін-өзі белсендіруге* қажеттілігін қалыптастыра отырып, мұғалімдердің білім беру үдерісінде оңтайлы, эмоционалды ортаны құрғанын байқаған. Бұдан оқушылардың оқуға деген қызығушылығы артып, сыныпта өзара қарым-қатынастың жақсарғанын және ұзақ уақыт бақылау нәтижесінде жалпы және арнайы қабілеттерінің жоғарылағанын анықтаған. Өз алдында оқушыларда да «жұқтыру, еліктеу» көрініп, өзін-өзі белсенділендірген мұғалім саналы эмоционалды деңгейде балалардың бойында өзбелсенділенім үдерісін белсендіруге мүмкіндік туғызатынын атады. Бұған қоса, ол өзінің эксперименттік жұмысында өзбелсенділеніммен айналысатын мұғалімдер өз жұмыстарынан қанағат алатындығын да көрсетті [163, 71 б.].

Сонымен, К.Роджерс бойынша, өзін-өзі белсендіру деңгейі жоғары оқытушылар сыныпта эмоционалды орта құра отырып, аталған қасиетті оқушылар бойына қалыптастырып және ең бастысы кәсіби іс-әрекеттеріне қанағаттанатындығын дәйектейді.

Осы уақытқа дейін зерттеушілердің назарында тұлғаның маңызды кәсіби сапаларын қалыптастыру үдерісі мен тұлғаның әлеуетті ерекшеліктерін *белсендірудің* кейбір аспектілері ғана қарастырылған (В.А.Кан-Калик, В.А.Сластенин, Л.М.Митина, А.К.Маркова т.б.) және оқыту-тәрбиелеу барысында өзін-өзі белсендіру үдерісін ендірудің кейбір әрекеттері мен талпыныстары ғана жасалған. Қазақстанда М.Ш Сагаутдинованың (1999 ж.) зерттеулерінде өзін-өзі белсендіру мәселесі ішінара айтылған [164]. Зерттеуші «өзін-өзі белсендіру - болашақ мұғалімнің тұлғалық ядросына қажетті негізгі сапа» деген қорытынды жасады.

Ал ЖОО-дағы оқытушылардың кәсіби іс-әрекетіндегі өзін-өзі белсендіру мәселесіне қатысты өзін-өзі белсендіруді құраушы өзін-өзі тану, өзін-өзі дамыту, өзін-өзі реттеусекілді құрамдары қарастырылған зерттеулер бар.

И.С.Кон өзін-өзі белсендіруді «Мен» қатынас жүйесінде қарастыра отырып, оның үш негізгі құраушыларын бөледі: «Мен - теңдестіру» – өзіндік; «Мен-Эго» – субъективтілік; «Бейне-Мен» – өзі туралы ойы. Өзіндік сананың түрлі қатынасына қарай тұлға дамиды: «Мен – Мен емес», «Мен – Өзге», «Мен– Біз», «Мен» – «Идеалды Мен» қарама-қайшылығын жоятын іс-әрекет өзін-өзі белсендіруді айқындайды [165, 69 б.].

Бұл пікірді К.Роджерс та ұстанды. Біз де И.П.Андриади, Е.В.Ильина, К.Роджерс пікірлерімен [166] келісе отырып, тұлға *«Идеалды Мен» – «Шынайы Мен» арасындағы қарама-қайшылықты шешу арқылы өзін-өзі белсендіреді* деген түсінікті қолдаймыз.

Өзін-өзі белсендірудің басқа тұлғалық қасиеттермен байланысы туралы ой-пікірлер бірқатар зерттеулерде айтылған. Шетелдік зерттеулерде POI шкаласы мен автономия бойынша өзіне-өзі есеп беру (M.Grossacketal),

шығармашылық қабілеттер (J.Braun, P.Asta), эмоционалды бейімделумен (A.Mattocks C.Jew) оң байланыста және жағымсыз қасиеттер – депрессия мен иппохондрия (E.Shostrom, R.Knapp) невротикалықпен (R.Knapp) теріс байланыста екендігі анықталған. Ал Ресейде өзін-өзі белсендіру өзіне сенімділік пен өзін жоғары бағалау мен оң және жағымсыз – депрессия, психоастения, әлеуметтік интроверсия, эмоционалды стреспен теріс байланыста екенін растайтынын практикалық-зерттеу жұмыстарында көрсетілген.

Өзін-өзі белсендіру параметрлері мен Р.Кеттел бойынша, тұлғалық факторлармен байланысы туралы да мәліметтер кездеседі. Л.Я.Гозманның зерттеулерінде мейірімділік пен босаңсу, экспрессивтілік, қайсарлық, күш, өзіне сенімділігі арасында байланыстар анықталған [167, 72-73 б.].

Өзін-өзі белсендіру екі деңгейде қарастырылады: тұлғаишілік деңгейде – субъектінің өзін-өзі жүзеге асыруы, өзін-өзі танытуға ұмтылысы, туғаннан берілетін әлеует; іс-әрекеттік деңгейде – тұлғаның өзіндік әлеуетті мүмкіндіктерін жүзеге асыруы.

Өзін-өзі белсендіру – адамның түрлі іс-әрекеттері мен мінез-құлығында өзінің әлеуетті мүмкіндіктерін жүзеге асыра алу үдерісі. Ол тұлғаның өзін-өзі белсендіруге ұмтылуы, қабілеттері мен нышандарын дамытуы және игерген білім, білік, дағдыларын қолдануы үдерістерінен тұрады. Өзін-өзі белсендіру адамның өмірінде өзі қалайтын адам болуына мүмкіндік береді. Ол өзінің құндылықтарын, адамгершілік қасиеттерін дамытып кемшіліктерін жоюына, өзінің наным-сенімдерімен үйлесімді өмір сүруіне белсендіреді.

Зерттеушілердің еңбектерін талдай келе, біз өзін-өзі белсендіру ұғымына берген ғалымдар анықтамасын кестеге түсіреміз

Кесте 2 – Ғалымдардың «өзін-өзі белсендіру» мәселесіне анықтамалары

Зерттеушілер	«Өзін-өзі белсендіру» түсінігінің анықтамалары
1	2
К.Гольдштейн	- қажеттіліктерді қанағаттандыруға бағытталған іс-әрекеттер жиынтығы. Қажеттілік – адамды қанағаттандыруға, тұтастыққа мотивациялайтын тапшылық күйі;
К.Роджерс	- адамның өмір бойы өзінің әлеуетін жүзеге асыруды мақсат тұтуы;
А.Маслоу	- жарқыраған, бір нәрсеге өзін толығымен арнап, соған бар жан-тәнімен берілуден әсер алу; өзінің тандауына жауапкершілікті алу, адал болу; әр жағдайда дамудың пайдасы үшін тандау еркіндігі; өзінің құқығын көрсету еркіндігі мен тандауы; бұл аялдайтын соңғы бекет емес, саяхаттың өзі, саяхатты қозғаушы күш. Өзін-өзі белсендіру – жоғары шаттықты арайландыратын қас қағым сәт емес, бұл «кішкентай жетістіктер үшін тынымсыз еңбек ету», ақырын, біртіндеп өсу үдерісі;

2 – кестенің жалғасы

1	2
Г.Олпорт	- адамның үздіксіз, жан-жақты шығармашылық, рухани әлеуетінің дамуын, оның барлық мүмкіндіктерін барынша жүзеге асыруы, қоршаған әлемді қалыпты қабылдауы мен өзінің орнын табуы, өзінің әлеуетін жүзеге асыруға саналы ұмтылуы;
Э.Шостром	-адалдық (анықтық, шынайылық, аутентикалық); саналылық (үнқату, өмірлік, қызығушылық); еркіндік (спонтандылық, ашықтық); сенімділік (наным-сенім, сендіру);
С.Л.Рубинштейн	- тұлғаның динамикалық, мазмұндық, қатынастық (эмоционалды) сипатамаларытұрғысынан қарастырылатын «бағыттылығы»;
А.Н.Леонтьев	- адамдардың өмірі, олардың игілігі үшін қызмет етіп, өзінің өмірлік жоғары мақсаттарын жүзеге асырғандағы бақытты шағы;
Д.А.Леонтьев	- адамға берілген мүмкіндіктердің (сыртқы талаптарға ғана емес, сонымен қатар өзіндік қажеттіліктердің) ең жоғары биігіне жетуі;
Б.Г.Ананьев	- тұлғалық өсудің қажетті факторы тұлғайшілік әлеуетті тұлға және іс-әрекет субъектісі тұрғысынан адам дамуының құрылымы;
Б.Ф.Ломов	- адамның тұлғайшілік әлеуеті оның қабілеттері, білім жүйесі, біліктілігі мен дағдысы;
Л.И.Анцыферова	- адамның психикалық өмірінде жатқан бастапқы бағыттылығы, болашаққа бағыттылығы, жеткен шыңдардың шегінен асуға ұмтылысы, іс-әрекетте өзін көрсетуі;
И.С.Кон	- «Мен» қатынас жүйесінде қарастыра отырып, оның үш негізгі құраушыларын бөледі: «Мен-теңдестіру» - өзіндік; «Мен-Эго» – субъективтілік; «Бейне-Мен» - өзі туралы ойы. Өзіндік сананың түрлі қатынасына қарай тұлға дамиды: «Мен – Мен емес», «Мен - Өзге», «Мен - Біз», «Мен» - «Идеалды Мен» қарама-қайшылығын жоятын іс-әрекет;
Е.Н.Городилова	- қажеттілік, нәтиже және адамның даралығын жүзеге асыру үдерісі;
И.А.Аткиндинова	- «кәсіби және тұлғалық өсудің бірігу» үдерісі;
Е.Ф.Яценко	- үдеріс, күй, метақажеттілік, тұлғаның қасиеті, тұлғаның бағыттылығының кіріктірілуі;

Өзін-өзі белсендіру адамның субъективті ішкі әлемімен тығыз байланысты. Л.А.Коростылева өзін-өзі белсендіру – үнемі жетілу, яғни өзін,

өзінің шынайы табиғатын сыртқа көрсету деп, түсіндіреді. Өзін-өзі белсендіру үдерісі «Мен не үшін?», «Менің мәнім неде?», «Осы мәнімді жүзеге асыру үшін мен не істеуім керек?» деген сұрақтарға жауап іздеуден тұрады [168].

А.А.Грачева және Л.А.Коростылева өзін-өзі белсендіруді өзара байланыстағы «істеймін», «қалаймын», «шешім қабылдай аламын», «өмірлік мағынамды білемін» атты бес блокқа бөледі. Мұндағы «өмірлік мағынамды білемін» тұлғаның өмірлік әрекетін бағыттап отырады, тұрмыстық құндылықтар мен тұлғалық жаңа қасиеттерді қамтамасыз етеді деп түсіндіріледі [168].

О.А.Гудименко зерттеушілердің еңбектерінде өзін-өзі белсендірудің құрылымын зерттеген авторларды кестегетүсірген [169, 84 б.]:

Кесте 3 – Ғалымдардың өзін-өзі белсендірудің құрылымдық компоненттерін топтастыруы

Авторлар	Өзін-өзі белсендірудің құрылымдық компоненттері
Б.В.Рыкова	Танымдық (өзбелсенділенім бойынша білімі, әдісі, тәсілдері); Процессуалды (гуманистік бағыттылықпен байланысты өзінің ерекшеліктерін саналы анықтау икемділігі); Эмоционалды (өзінің тұлғалығына қызығушылығы); Нәтижелік (өзін-өзі белсендіру құралдары мен тәсілдерін игеруде өзіндік деңгейі).
И.Ф.Исаев	Гносеологиялық (нені және қалай білемін); Аксиологиялық (не және қалай бағалаймын); Коммуникативтік (кіммен және қалай қарым-қатынас жасаймын); Шығармашылық (нені және қалай құрамын); Психофизиологиялық (психофизикалық дамуымды қалай реттеймін)
Ю.П.Васильев	Танымдық, этикалық, аксиологиялық, праксиологиялық.
Н.Б.Крылова	Өзін таныту, өзін-өзі жүзеге асыру, өзін-өзі тәрбиелеу, өзін-өзі анықтау, өздігінен білім алу, дербестік.
А.А.Идинов	Танымдық (өзіндік сана, өзін-өзі тану, өзін-өзі бағалау, өзін-өзі анықтау); Мінез-құлықтық (дербес әрекет ету, өзін-өзі жүзеге асыру, өзін-өзі тәрбиелеу, өзін-өзі қайта құру); Реттеушілік (өзін-өзі бақылау, өзін-өзі реттеу, өзіндік тәртіп); Интегративті (өзін-өзі тәрбиелеу, өзін-өзі дамыту, өзіндік мақсат).

Зерттеу барысында біз тұлғаның дамуы мен қалыптасуына ықпал ететін ішкі және сыртқы факторларды айқындаймыз. Біздің зерттеу жағдайымызда сыртқы факторларға қоршаған ортаның әсері, оқытушылардың кәсіби іс-әрекетіне қойылатын талаптар енсе, ал ішкі факторларға оқытушылардың

бойындағы күйлері мен сезімдері жатады. Кестеде берілген *зерттеушілердің өзін-өзі белсендірудің құрылымды компоненттерін ішкі факторлар ықпалына қарай топтастырғанын байқаймыз. Олай болса, өзін-өзі белсендіруде адамның өзін-өзі дамытуы, өзін-өзі тәрбиелеуі маңызды орынға ие болады.*

В.А.Сластенин зерттеуінде педагогикалық іс-әрекетте оқытушылардың өзін-өзі белсендіруі осы әрекеттің мазмұнымен анықталатыны айтылған. Ол оқыстан, күтпеген жағдайда жүзеге асырылуы мүмкін: педагог өзінің мүмкіндіктері туралы ойланбай, саналы түсінбей іске асыра алады. Аталған үдерісті басқару субъектінің өзіндік жекелік қасиеттерін және өзін-өзі белсендіруін саналы түсінуінен талап етіледі [127].

Ғылыми әдебиеттерде өзін-өзі белсендіру ұғымының бір жағынан, адамның бойында өмір бойы дамитын, екінші жағынан, дамыған тұлғаның нәтижесі тұрғысынан анықталуы, бүгінгі таңда осы түсінікті білдіретін нақты анықтаманың болмауынан туындап отыр.

Түрлі көзқарастарға қарамастан, барлық зерттеушілер өзін-өзі белсендіру түсінігінің көпқызметті құрылымын жоққа шығармайды. Тұлғаның өзін-өзі белсендіру сапалары оның кәсіби іс-әрекетінің ерекшеліктерімен өзара байланысты екендігі анықталады.

Демек, өзін-өзі белсендіру – күрделі категориялар қатарына жататын, динамикалық тұрғысынан – адамның әлеуетті тұлғалық сапаларының белсенді күйіне өтіп, өзін дамытудың ішкі қарама-қайшылықтарын анықтау, экзистенциалды мәселелерді шешу болып табылады. Ал мазмұны тұрғысынан – тұлғалық және кәсіби міндеттерді тиімді шешуі, өмірлік жоспарлар мен бағдарламаларды жүзеге асыру үшін өзіндік қорларын жұмылдыру, өзіндік даму барысындағы ішкі қарама-қайшылықтарды жеңу мүмкіндігі мен дайындығын қамтамасыз ете алуымен сипатталады.

Жоғарыда көрсетілгендерді талдай отырып, біз ЖОО оқытушыларының білім беру субъектісі тұрғысындағы тұлғалық кәсіби қасиеттерінің дамуында өзін-өзі белсендірудің маңызды орнын анықтаймыз.

Біздің тұжырымдауымызша **өзін-өзі белсендіру** – адамның түрлі іс-әрекеттері мен мінез-құлығында өзінің әлеуетті мүмкіндіктерін жүзеге асыра алу үдерісі. Ол тұлғаның өзін-өзі белсендіруге ұмтылылысымен, қабілеттері мен нышандарын дамытуымен және игерген білімін, білігін, дағдыларын қолдануымен анықталады.

Осы контексте ЖОО оқытушыларының тұлғалық кәсіби қасиеттерінің дамуы көрсеткіштері мен деформация көрсеткіштерін белгілейміз. Біздің түсінігімізше ЖОО оқытушыларының білім беру субъектісі тұрғысынан өзін-өзі белсендіру негізінде кәсіби деформация көрсеткіштерін болдырмаған немесе жойған жағдайда, олардың тұлғалық-даму көрсеткіштері жоғарылайды.

Осыған байланысты біз зерттеу барысында ЖОО оқытушыларының өзін-өзі белсендіру контекстінде тұлғалық-кәсіби қасиеттерінің даму деңгейін анықтайтын көрсеткіштерді белгіледік (Кесте 4).

Тұлғалық компонент – оқытушының өзі туралы пікірінен тұратын өзін-

өзі қабылдауы мен өзін-өзі бейнелеуінің, өзіне қатынасының негізгі сипаттамасы. Тұлғалық компонентке «Мен»-тұжырымдасының құраушыларын, өзіндік сананы жатқызамыз. Өзіндік сана – адамның тұлға (өзінің адамгершілік кейпіне, қызығушылықтарына, құндылықтары мен мінез-құлық мотивіне) және практикалық, танымдық іс-әрекеттің субъектісі ретінде өзіне баға беруі. Адамның өзіндік санасы өзін қоршаған әлемнен бөліп, табиғи және қоғамдық орындарда өзінің орнын анықтайды [170, 131-136 б.].

Өзіндік санасы – адамның өзін-өзі танып, өзіне қатынасы анықталатын үдеріс.

Өзіне қатынасы – тұлға ретінде субъектінің жүзеге асыратын мотивтерімен байланысты өмірлік қатынастарында, оның дамуы мен іс-әрекетіндегі әлеуметтік жағдайларында жүзеге асыруға мүмкіндік беретін тұлғаның құрылымы.

В.В.Столиннің тұжырымдамасы бойынша өзіне қатынас дегеніміз – субъектінің өзі үшін саналы феноменологиялық «Меннің» тұлғалық мәнін анықтауы болып саналады.

Өзін-өзі тануды өзінің тұлғасы мен іс-әрекетінің ерекшеліктерін рефлексиялық талдауға қабілеті деп қарастыруға болады. Оқытушының өзін-өзі тану барысында өзі туралы бейнесі қалыптасып, өзі туралы білімін әлеуметтік талаптар мен нормаларға, өзінің идеалына сәйкестендіреді.

Кәсіби-танымдық компонент – кәсіби іс-әрекетті жүзеге асыруға дайындығы, танымға қызығушылығы мен креативтілігі, шығармашылық әлеуетін жүзеге асыра алуы. Біздің жұмысымызда кәсіби компонент оқытушылардың кәсіби іс-әрекетінде танымға, шығармашылыққа ұмтылысымен және креативтілігімен анықталады Өйткені ЖОО-дағы оқытушылардың кәсіби іс-әрекеттерін, қызметтерін анықтау барысында жұмыстары шығармашылық, креативтілік әлеуеттеріне қойылатын талаптармен байланысты екенін анықтадық.

Шығармашылық оқытушының кәсіби іс-әрекет саласында жаңаны ойлап табуымен, шынайылықты шығармашылық тұрғыдан өзгерту, қайта түрлендіру, мәселені шешуде стандартты емес шешім қабылдап, шығару жолдарының өзіндік идеяларының көптігімен түсіндірдіреміз.

Әлеуметтік – қарым-қатынас компонент – студенттермен әлеуметтік өзара байланыстарды белсендіретін контактілігі мен қарым-қатынастағы иілгіштігін жатқызамыз. Қарым-қатынас оқытушылардың студенттермен адал және тұрақты қатынас құру қабілетімен, өзара нәтижелі және жағымды қатынас құру икемділігімен ерекшеленеді. Аталған компонент педагогикалық іс-әрекеттегі біріккен жұмыстарда тиімділіктің кепілі.

Л.С. Выготскийдің мәдени-тарихи дамудың генетикалық заңдылығына сүйенсек, бала дамуының кез-келген қызметі екі рет қалыптасады, біріншіден – әлеуметтік, кейін – психологиялық. Интерпсихикалық категория ретінде адамдар арасында, кейін интрапсихикалық катеория ретінде баланың ішінде дамиды. Кез-келген жоғары психикалық қызметтер мен олардың қатынасы генетикалық тұрғыдан әлеуметтік қатынастар анықтайды, бұл адамдар

арасындағы қарым-қатынас барысында іске асырылады және жоғары психикалық қызметтердің негізінде жататын барлық механизмдер әлеуметтік құбылыстардың бедері. Барлық жоғары психикалық қызметтер әлеуметтік тұрғыдан интериоризацияланған қатынастардың мәнін анықтайды. Аталған заңдылықтан студенттің қосылатын топтардың маңызын анықтауға болады. Тұлғаның қасиеттері алдымен оқытушымен өзара қарым-қатынаста қалыптасып, кейін іс-әрекетте нығайтылады. Сонымен, психика - сыртқы іс-әрекет құрылымын меңгеру, өзгелермен біріккен әрекет жасауды игеру барысындағы тұлғаның белсенділігі, оның өзіндік дамуы мен өзін-өзі реттеу жолында интериоризация үдерісінің жүруімен анықталады.

Эмоционалды компонент – өзінің және студенттердің эмоционалды күйін түсіну қабілеті, эмпатия. Өзге адамдардың эмоционалды күйіне әсер ете алу біліктілігі. Студенттердің ағымдағы эмоционалды күйіне ортақтасуы, қолдау көрсетуі. Адамның күйін бет қозғалыстары, қимыл-қозғалыстары, сөз бен дене тұрғысынан түсінуі

Кесте 4 – ЖОО оқытушыларының тұлғалық-кәсіби қасиеттерінің көрсеткіштері

Компоненттер	Тұлғалық – кәсіби қасиеттердің көрсеткіштері	Деформацияның көрсеткіштері
1	2	3
Тұлғалық	1.Өмірдің «қазір және осында» құндылығын түсінуі, осы шақпен өмір сүруі; 2.Өзінің күшіне, қабілетіне, энергиясына сенімділігі, дербестік, өмірін бағдарлай алу; 3.Қоршаған ортаға тез бейімделуі; 4.Агрессивтілігі, фрустрациясы төмен; 5. Дағдарысқа тұрақтылығы	1. Өзіне-өзі сенімсіз, өткен күйзелістерге невротикалық қатынасы, мазсыздануы жоғары; 2. Жетістіктерге жетуге ұмтылыстары төмен 3.Ригидтілігі; 4.Ашу-ызаға бой алдырмауы, болашақтағы мәселелерді адекватты қабылдауы; 5.Түрлі дағдарыстық жағдайларға түйсік табалдырығының төмен болуы
Кәсіби-танымдық	1.Кәсіби іс-әрекетінде тұлғалық-кәсіби өсуге қызығушылығы; 2.Кәсіби іс-әрекетіндегі мәселелерді қабылдауға дайын болуы және оларды шеше алуы;	1.Кәсіби іс-әрекетінде тұлғалық-кәсіби өсуге қызығушылығының болмауы; 2.Кәсіби іс-әрекетіндегі мәселелерді қабылдамауы;

4 – кестенің жалғасы

1	2	3
	<p>3.Барлық ішкі мүмкіндіктерін пайдалана отырып жаңа жағдайға шығармашылық бейімделуі;</p> <p>4.Жаңаны іздеу, шығармашылық өзін-өзі белсендіруге қызығушылық танытуы.</p>	<p>3. Жаңа жағдайларға шығармашылық тұрғыдан бейімделе алмауы;</p> <p>4. Бұрынғы сәтсіздіктердің нәтижелерінен түнілуі, қызығушылықтың төмендеуі, көзқарастары, сенім мен нанымдардың мінез-құлықтардың тұрақсыздығы.</p>
<p>Әлеуметтік – қарым-қатынас компонент</p>	<p>1.Қоршаған ортамен шынайы өзара әрекет жасауға ұмтылуы;</p> <p>2.Тұлғалық қарым-қатынасқа түсуге бағыттылық, қарым-қатынаста манипуляцияға жол бермеуі, өзін көрсету үшін талап қоймауы;</p> <p>3. Достық қарым-қатынас құру қабілеті;</p> <p>4. Өзге адамдармен өзара пайдалы және жағымды байланыс құру икемділігі</p>	<p>1. Қоршаған ортамен шынайы өзара әрекет жасау ұмтылысының төмендігі;</p> <p>2.Тұлғалық қарым-қатынасқа бағыттылықтың болмауы,</p> <p>3. Манипуляция, өзгелерді өзіне бағындыруға ұмтылысы;</p> <p>4. Достық қарым-қатынас құра алу қабілетінің төмендігі;</p> <p>5. Өзге адамдармен пайдалы және жағымды байланыс құру икемділігінің төмендеуі.</p>
<p>Эмоционалды компонент</p>	<p>1. Эмоцияларын саналы түсінуі, үнемі өзінің эмоция қорын толтыруы.</p> <p>2. Эмоциясын тез реттеп, эмоционалды иілгіштік басым, өзінің эмоцияларын ерікті басқара алуы.</p> <p>3. Эмоцияларын басқарудың нәтижесінен өзінің мінез-құлқын басқаруы.</p> <p>4. Эмоциялық мотивация.</p> <p>5. Стреске тұрақтылығы.</p>	<p>1.Эмоцияларын саналы түсінбеуі;</p> <p>2. Эмоцияларын ерікті басқара алмауы;</p> <p>3.Өзінің мінез-құлқын түрлі жағдайларда басқара алмауы;</p> <p>4.Эмоциялық мотивацияның төмен болуы.</p> <p>5. Түрлі стрестік жағдайларға түйсік табалдырығының төмен болуы</p>

Сонымен, ЖОО оқытушыларының тұлғалық-кәсіби қасиеттері олардың кәсіби іс-әрекетіне қойылатын талаптарға сәйкес анықталады. Әдебиеттерде ЖОО оқытушысына тән жетпістен аса сапалар мен қасиеттер берілген. Сондықтан біз үшін аталған қасиеттерді тізіп қою емес, олардың негізгі өзегі болып табылатын тұлғалық ерекшелікті анықтау маңызды еді.

Педагогикалық, психологиялық еңбектерді талдай келе, біздің анықтауымызша *ЖОО оқытушыларының өзін-өзі белсендіруі*- тұлғаға бағдарланған білім беру парадигмасы мен ізгілендіру бағытының маңызды құраушысы және өзінің құндылықтарын, адамгершілік қасиеттерін дамытуы, кемшіліктерін жоюға, наным-сенімдерімен үйлесімді өмір сүруге белсенуі, нәтижесінде өз бойында өмір бойы жалғасатын өзін-өзі, өзінің тағдырын, өзінің құндылық бағдарларын белгілеуі.

Қорыта айтқанда ЖОО оқытушыларының тұлғалық-кәсіби қасиеттерін дамыту бойынша қарастырылған ғылыми әдебиеттерге жасаған талдау бізге мынадай тұжырымдар жасауға мүмкіндік берді:

1. Психологиялық-педагогикалық әдебиеттерде оқытушылардың тұлғасы, оның құрылымы, кәсіби іс-әрекеті мәселесінің жан-жақты қарастырылғанын, оның тұлғалық-кәсіби дамуында алдымен кәсіби деформацияны анықтау мен оны болдырмау және жою мәселерінің зерттеу қажеттілігін көрсетті.

2. Оқытушылардың кәсіби іс-әрекеті – бұл психологиялық, педагогикалық, өндірістік-технологиялық қызметтерден тұратын кіріктірілген іс-әрекеттер жиынтығы. Кәсіби педагогикалық іс-әрекетінің нәтижесі оның көпқызметтілігімен анықталады: дидактикалық (педагогикалық технология, сабақтар, техникалық құралдар және т.б.), психологиялық (жекелік тәжірибие, психологиялық жаңашылдықтар, қабілеттерінің дамуы және т.б.). Оқытушыларының кәсіби іс-әрекеттерінің негізгі нәтижесі тұлғаны кәсіби дамыту болып табылады.

3. Ғылыми әдебиеттерде тұлғаның қалыптасуына оның оқу мен кәсіби іс-әрекетінің жағымды ықпал ететіні туралы зерттеулер кең орын алған. Алайда тұлғаның жетілуі мезгілімен пайда болатын ішкі және сыртқы, аумалы кезеңдер барысында кәсіби векторының өзгерісіне ұшырайды. Әрбір даму үдерісі сияқты, адамның кәсіби қалыптасуында оның жетілуі мен психикалық жаңашылдықтарға ерісумен қатар тұлғаның деструктивтік өзгерістеріне әкелетін ауытқушылықтары орын алады.

4. ЖОО оқытушыларының тұлғалық-кәсіби қасиеттері – өзін-өзі белсендіру контексінде тұлғалық, кәсіби-танымдық, әлеуметтік–қарым-қатынас және эмоционалды компоненттерден тұратын жүйелі психологиялық білім.

5. Әр қоғамның дамуына сәйкес оқытушының тұлғалық-кәсіби қасиеттері мен сапаларына қойылатын талаптар да өзгеріп отырады, тек өзін-өзі белсендіретін тұлға ғана қоғамның сұраныстарын қанағаттандыра алады деген қорытындыға келдік. Демек, ЖОО оқытушыларының өзін-өзі белсендіруіне қажеттілігі жоғары болған сайын, кәсіби табыстылығының көрсеткіштерін айқындайтын жағымды тұлғалық қасиеттердің деңгейлері жоғары, ал деформация ретінде орын алатын жағымсыз тұлғалық ерекшеліктердің деңгейлері төмен болады деген болжам жасай отырып, аталған пікірімізді тексеру үшін зерттеу жұмысымызды эксперименттік бөлімде жалғастырамыз.

2 БІЛІМ БЕРУ СУБЪЕКТИЛЕРІ – ЖОО ОҚЫТУШЫЛАРЫНЫҢ ТҰЛҒАЛЫҚ-КӘСІБИ ҚАСИЕТТЕРІ ДАМУЫН ЭКСПЕРИМЕНТТІК ЗЕРТТЕУ

2.1 Білім беру субъектілері – ЖОО оқытушыларының тұлғалық-кәсіби қасиеттері дамуын эксперименттік зерттеу жұмысын ұйымдастыру

Эксперименттік зерттеу жұмыстың мақсаты – білім беру субъектілері тұрғысынан өзін-өзі белсендіру контексінде ЖОО оқытушыларының тұлғалық-кәсіби қасиеттерінің ерекшеліктерін анықтау.

Мақсатқа сәйкес келесідей міндеттер анықталды:

- Магистранттар және ЖОО оқытушылары арасында олардың тұлғалық-кәсіби қасиеттерін бағалауға мүмкіндік беретін сауалнама құрастыру;
- Оқытушылардың өзін-өзі белсендіру деңгейлерін анықтау;
- Өзін-өзі белсендіруге байланысты тұлғалық-кәсіби қасиеттердің көрсеткіштерінің деңгейлерін анықтау;

Эксперименттік зерттеу жұмысы үш кезеңнен тұрды:

- 1-ші кезең: зерттеу мақсаты мен міндеттеріне сәйкес психодиагностикалық әдістер мен әдістемелерді іріктеу.
- 2-ші кезең: психодиагностикалық әдістерді жүргізу.
- 3-ші кезең: нәтижелерді қорытындылау.

Әдістемелерді таңдау барысында мынадай қағидалар басшылыққа алынды:

1. Жүргізілетін әдістемелердің сенімділігі мен валидтілігінің сақталынуы.
2. Әдістемелердің қолжетімділігі;
3. Әдістемелердің топтық зерттеу жұмыстарына жарамдылығы;
4. Нәтижелерді сапалық және сандық өңделу мүмкіндігі.

Экспериментке барлығы 100 студент және 174 ЖОО оқытушылары қатысты (Қ.Жұбанов атындағы Ақтөбе өңірлік мемлекеттік университеті (87 оқытушы, 100 студент), С.Бәйішев атындағы университеті (37 оқытушы), М.Оспанов атындағы Батыс-Қазақстан медицина университеті (50 оқытушы)).

Эксперименттік зерттеу жұмысының нәтижелерін сапалық-сандық талдау барысында тәуелсіз айнамалылар үшін Спирменнің корреляциялық коэффициенті [171] келесі реттілікпен жүзеге асырылды:

1) Ранжирлеу

2) Ранг арасындағы айырмашылықты анықтау;

3) Әр айырмашылықтың квадраты анықталды;

4) Спирменнің формуласы бойынша рангтік корреляцияның коэффициенті

есептелінді:
$$r_s = 1 - 6 \cdot \frac{\sum d^2}{N \cdot (N^2 - 1)}$$

б) Критикалық мәнділігі есептелді.

Ал өзгерістердің сенімділігін бағалау айнымалылар арасындағы айырмашылықтарды анықтау үшін Стьюденттің Т-критериясы қолданылды. Мәліметтердің көрсеткіштері STATISTIKA EXCELL 2007 бағдарламасы негізінде өңделді.

Эксперименттік-зерттеу жұмысында қолданылған психодиагностикалық әдістер мен әдістемелер: Субъект-субъектілік өзара қатынастың тиімділігін анықтауға мүмкіндік беретін авторлық сауалнама құрастырылды (Қосымша А, Б).

Сауалнаманың мақсаты: ЖОО оқытушыларының кәсіби іс-әрекетін табысты орындауға мүмкіндік беретін тұлғалық-кәсіби қасиеттерін және қазіргі кездегі қалыптасу деңгейлерін анықтау.

Сауалнамаға барлығы 100 оқытушы мен 100 студент қатысты. Авторлық сауалнама студенттердің көзқарасымен бүгіндегі ЖОО оқытушыларының тұлғалық-кәсіби қасиеттерінің қалыптасу деңгейлерін анықтауға, бағалауға арналған сұрақтарды қамтыды. Студенттер мен оқытушыларға сұрақтары бірдей сауалнама берілді. Мұндағы айырмашылық студенттер оқытушылардың бойындағы, ал оқытушылар өздерінің тұлғасындағы қасиеттерін бағалауы қажет. Сауалнама барлығы 11 сұрақты қамтиды. Мұндағы сұрақтар оқытушының тұлғалық-кәсіби қасиеттерінің көріну деңгейлерін бағалауға және оқытушының тұлғалық-кәсіби даму бойынша қолдайтын іс-әрекеттерін, студенттерге ықпалын анықтайтындай етіп құрастырылған.

ЖОО оқытушыларының тұлғалық-кәсіби қасиеттерінің компоненттеріне байланысты іріктелген әдістемелер:

Тұлғалық компонент үшін «Өзіне қатынасын анықтау тест-сауалнамасы» (В.В.Столин, С.Р.Пантелеев), А.В.Лазукиннің Н.Ф.Калин бейімдеген «Тұлғаның өзін-өзі белсендіруін диагностикалау» тестінің 1, 3, 6, 8, 9 шкалалары және ассоциативті эксперимент қолданылды.

Кәсіби-танымдық компонент А.В.Лазукиннің Н.Ф.Калин бейімдеген «Тұлғаның өзін-өзі белсендіруін диагностикалау» тестінің 4, 5 шкаласы көмегімен жүзеге асырылды.

Әлеуметтік – қарым-қатынас компонентінің нәтижелері А.В.Лазукиннің Н.Ф.Калин бейімдеген «Тұлғаның өзін-өзі белсендіруінің диагностикалау» тестінің 2, 10, 11 шкаласы арқылы анықталды.

Эмоционалды компонент эмоционалды интеллектіне анықтауға арналған тест (Н. Холл) және стреске тұрақтылық типін бағалау әдістемесі негізінде анықталды. Аталған компоненттердің деформациялық көрсеткіштері үшін Басса-Дарки сауалнамасы және Г.Айзенктің «Психикалық күйді өзіндік бағалауын диагностикалау» әдістемесі жүргізілді.

Әдістемелердің мазмұнына тоқталайық:

1. ЖОО оқытушыларының тұлғалық-кәсіби деформацияларын анықтау үшін Басса-Дарки сауалнамасы (Қосымша В) және Г.Айзенктің «Психикалық күйді өзіндік бағалауын диагностикалау» әдістемесі (Қосымша Г). Сауалнаманың мақсаты: ЖОО оқытушыларының деформация күйінде көрініс беретін тұлғалық қасиеттерінің даму деңгейлерін анықтау.

Басса-Даркидің агрессивтіліктің дейгейін анықтау сауалнамасы (Қосымша В) [172]. (Buss-Durkey Inventory) А.Басса және А.Даркимен 1957 ж өңделіп, агрессивті және өшпенділік реакцияларының деңгейлерін анықтауға арналған. Агрессивтілік түсінігінің астарында субъект-объект, субъект-субъект

катынасындағы деструктивті мінез-құлықпен шартталған тұлғаның қасиеттері анықталады. Өшпенділік, жағымсыз сезімдер, адамдарды және жағдайлар мен оқиғаларды жағымсыз бағалауды дамытатын реакция деп анықталады.

Сауалнамаға нұсқау: Әр пікірді оқып, Сіздің мінез-құлығыңызға, өмір сүру салтына келетін «иә» және «жоқ» жауаптарын тандаңыз.

Агрессия мен өшпенділіктің кейпін анықтайтын сауалнаманы құрастыра отырып, А.Басса мен А.Дарки келесі олардың көрсеткіштерін бөлді:

- физикалық агрессия – басқа адамға қарсы физикалық күшін қолдануы.
- жанама агрессия – өзгеге жанама немесе ешкімге бағытталмаған агрессия.
- ашушандық, наразылық – сәл қызулықтың өзінде жағымсыз сезімдерді көрсетуге дайындығы (ашушандық, күйгелектік).

- негативизм – мінез-құлықта қалыптасқан дәстүрлер мен заңдылықтарға қарсы селқос қарсыласудан бастап, белсенді күресуге дайын оппозициялық іс-әрекет.

- өкпе – шынайы және жалған іс-әрекеттер үшін қоршаған ортаға қызғаншақтық пен жеккөрушілік.

- күдіктенушілік – адамдарға сенбеу мен күдіктенушіліктің салдарынан өзгелер зиян жасайды, жоспарлайды деген сенімнің болуы.

- вербалды агрессия – жағымсыз сезімдерге сөздік жауаптар (айқай, айбат сөздер) арқылы жеткізу.

- кінә сезімі – субъектіні өзі үшін нашар, жаман қылық жасағалы тұрғанын сендіру және өзін кінәлі сезінуі.

Агрессивтіліктің индексі 1, 2, 3 шкалаларынан, ал өшпенділік индексі 6 және 7 шкалаларының қосындысынан тұрады. Агрессивтіліктің қалыпты деңгейінің индексі 21 ± 4 -ке, ал өшпенділік – $6-7 \pm 3$ -ке тең.

Г.Айзенктің «Психикалық күйді өзіндік бағалауын диагностикалау» әдістемесі (Қосымша Г) [165]. Әдістеме мазасыздану, фрустрация, агрессивтілік және ригидтілік атты қасиеттерді өзіндік диагностикалауға арналған. Сауалнамадағы әр шкала 10 пікірден тұрады және үш деңгей бойынша бағаланады: төмен, орташа және жоғары. Мысалы, мазасыздану бойынша «Көбіне маңызсыз жағдайлар үшін қызарамын», агрессивтілік шкаласындағы пікірлер өшпенділік реакцияларға доминантты қондырғыларды анықтайды, мысалы «Ашу-ызаға бой алдырғанымда өзімді ұстай алмаймын». Ригидтілік шкаласы «Мені сендіру қиын» атты пікірлерден тұрады: 1-10 сұрақ арасы мазасызданудың, 11-20 сұрақ фрустрацияның, 21-30 агрессияның, 31-40 ригидтіліктің деңгейлерін анықтайды.

Нұсқау: Сауалнамада түрлі психикалық күйлер сипатталатын пікірлер берілген. Егер, аталған күйді үнемі сезінсеңіз 2 балл, кейде – 1 балл, мүлдем сезінбесеңіз – 0 балл қойыңыз.

Нәтижелерді өңдеу: Мазасыздану: 0-7 балл – мазасыздануы жоқ; 8-14 балл – орташа; 15-20 балл – мазасыздану жоғары. Фрустрация: 0-7 балл – өзін-өзі жоғары бағалайды, сәтсіздіктерге қарсы тұра алады, қиыншылықтардан қорықпайды. 8-14 балл – орташа; 15-20 балл – өзін-өзі бағалауы төмен, қиыншылықтардан, сәтсіздіктерден қашады, фрустрациясы өте жоғары адам.

Ригидтілік: 0-7 балл –бір істен екіншісіне тез әрі жеңіл қосыла алады; 8-14 балл – орташа; 15-20 балл –ригидті, көзқарастар, сенім мен нанымдарға мінез-құлықтардың тұрақтылығы.

Н.Ф.Калин бейімдеген А.В.Лазукиннің «Тұлғаның өзбелсенділенімін диагностикалау» тесті (Қосымша Д) [172].

Мақсаты: *ЖОО оқытушыларының өзін-өзі белсендіруінің деңгейлерін (жоғары, орташа, төмен) және деңгейлеріне сәйкес оның көрсеткіштерін анықтау.* Сауалнама 100 пікірден тұрады.

Нұсқау: Әр екі нұсқадағы пікірді оқып, Сізге ұнайтын немесе Сіз келісетін пікірді тандаңыз. Мұнда жақсы, жаман, дұрыс немесе бұрыс жауап жоқ. Сіздің бірінші тандаған жауабыңыз дұрысы болып табылады.

Тесттің нәтижелері 11 шкала бойынша анықталады:

1. Уақытқа бағдарлану шкаласы адамның осы шақпен өмір сүріп, істерін «кейінге» қалдырмай, өткен шағынан орын іздемейтін ұмтылысын анықтайды. Жоғары нәтиже өмірдің «қазір және осында» құндылығын түсінуі, болашақ жетістіктерді өткен қуанышты сәттермен салыстырмай қазіргі осы сәттен рахат, қуаныш алуы, осы шақпен өмір сүретін адамдарға тән екенін көрсетеді. Төмен нәтижелер өзіне сенімсіздігін, өткен күйзелістерге невротикалық қатынасын, жетістіктерге жету ұмтылыстарының төмендігімен анықталады.

2. Құндылықтар шкаласы. Аталған шкала бойынша жоғары ұпай жинаған адамдар өзін-өзі белсендіретін тұлғаның құндылықтарын ұстанады. Олар шынайылық, адалдық, сұлулық, тұтастық, екіжүзділіктің болмауы, өмірге құштарлық, әмбебаптылық, кемелденгендік, әділеттілік, тиянақтылық, қарапайымдылық, жеңілдік, әзілдік секілді қасиеттермен сипатталады.

Аталған құндылықтарды ұстанатын адамдар достық қарым-қатынас құруға ұмтылады.

3. Адам табиғатына көзқарас жағымды (жоғары баға) немесе жағымсыз (төмен баға) болуы мүмкін. Аталған шкала адамдардың адамзаттық мүмкіндіктерінің жоғары екендігіне сенімділігін бейнелейді. Жоғары көрсеткіштер тұрақты шынайы және үйлесімді тұлғааралық қарым-қатынастарға негізделеді, адамдардың табиғи сүйіспеншілігін, сенімділігін, адалдығымен суреттеледі.

4. Өзін-өзі белсендірген тұлғалар үнемі танымды қажетсінеді, әрдайым жаңа әсерлерге ашық болады. Аталған шкала болмысты тану қабілетін бейнелейді – жананы іздеу, объектілерге қызығушылық таныту. А.Маслоу мұндай танымға қажеттілікті нақты және тиімді дейді, себебі бұл үдеріс адамның ниеттері, құштарлықтарымен бұрмаланбайды, баға беруге, салыстыруға, талдауға бейім келмейді, көзімен көргенді ғана бағалауға тырысады.

5. Шығармашылыққа ұмтылу немесе зияткерлік – өмірге шығармашылық қарайтын, өзін-өзі белсендірудің міндетті белгісі.

6. Гуманист психологтар бойынша автономдылық психикалық дені сау тұлғаның, оның тұтастығының және кемелденуінің негізгі көрсеткіші. Аталған түсінік Ф.Перлзде өмірге құштарлық пен өзін-өзі қолдаудың, К.Роджерсте

кемелденудің белгісі. Өзін-өзі белсендірген тұлғаның ішкі еркіндігі болады, ол автономды келеді және ешкімге тәуелді емес.

7. Спонтандылық – өзін-өзі белсендірген адамдарға тән өзіне және қоршаған ортаға сенімі. Жоғары көрсеткіштер өзін-өзі белсендіруді мақсат немесе ұмтылыс ретінде көрмей, өмірлік бейнеге айналуы көрсетеді. Спонтанды мінез-құлыққа қабілеті мәдени нормалармен анықталады, оның шынайы табиғи кейпін кішкентай балалардан байқауға болады. Спонтандылық еркіндік, табиғилық, жеңілдік секілді құндылықтармен тең келеді.

8. Өзін-өзі түсіну. Аталған шкаланың жоғары көрсеткіштері адамның құштарлықтары мен қажеттіліктеріне сезімталдығын және сензитивтілігін анықтайды. Мұндай адамдар бойындағы болмысынан алыстатын психологиялық қорғанудан еркін, тәуелсіз болады, жекелік талғамы мен сыртқы әлеуметтік стандарттарын айырбастауға бейім келмейді. Өзін-өзі түсіну, спонтандылық және аутосимпатия шкаланың көрсеткіштері бір-бірімен байланысты. Төмен нәтижелер өзіне сенімсіз, қоршаған ортаның пікіріне көне салатын адамдарға тән. Д.Рисмен мұндай адамдарды: «өзінің ішкі әлеміне карағанда сыртқы әлемге бағдарланған адамдар», – дейді.

9. Аутосимпатия – тұлғаның психикалық денсаулығын мен тұтастығының көрсеткіші. Төмен көрсеткіштер адамның невротикалық, мазасыздануы жоғары екенін, өзіне сенімсіздігін көрсетеді. Аутосимпатия тұрақты өзіне баға беруге қызмет ететін саналы, жағымды «Мен-тұжырымдама».

10. Контакттік шкаласы тұлғаның қарым-қатынасшылдығын, қоршаған ортамен тығыз және достық қатынас құру қабілетін анықтайды. Әдістемеді қарым-қатынасшылдық тұлға қабілетінің коммуникативті немесе тиімді қарым-қатынас деңгейімен сипатталмайды, тұлғаның синергетикалық қондырғысына қажетті өзге адамдармен өзара пайдалы және жағымды байланыс құра білу икемділігін білдіреді.

11. Қарым-қатынастағы иілгіштігі шкаласы қарым-қатынастағы әлеуметтік таптаурындармен парапар өзін-өзі көрсету қабілетінің барымен немесе жоғымен анықталады. Жоғары көрсеткіштерге өзін көрсету қабілеті, қоршаған ортамен шынайы өзара іс-әрекеттер тән. Аталған шкала бойынша жоғары ұпай жинаған адамдар тұлғалық қарым-қатынасқа бағытталуымен, өтірік пен манипуляцияға жол бермеуімен және өзін көрсетуге талап қоймауымен сипатталады. Төмен көрсеткіштерге ригидтілік, өзінің сүйкімділігіне күмәндану, серіктесіне қызықсыз көріну және қарым-қатынасы қанағаттану әкелмейді деп ойлайтын адамдарға тән.

Жоғарыда көрсетілген қасиеттерді анықтау үшін зерттелінуші тесттің сұрақтарында көрсетілген 2 нұсқалы жауаптың бірін таңдау қажет: Мысалы,

а) Мен қарым-қатынаста өзімнің басқаларға деген наразылығымды ашық білдіру керек деп ойлаймын.

б) Мен қарым-қатынаста адамдар өздерінің наразылығын білдірмеу керек деп ойлаймын.

5. «Тұлғаның өзіне қатынасын анықтау тест-сауалнамасы» (В.В.Столин, С.Р.Пантелеев) (Қосымша Ж) [173].

Мақсаты: Оқытушылардың бойындағы өздерінің «Мен» - не қатынасын анықтау.

В.В.Столин, С.Р.Пантелеев берілген пікірлерді құрастыру барысында тұлғаның өзіне қатынасын ашуға мүмкіндік беретін сауалнаманың сұрақтарын дайындады. Сауалнама 57 сұрақтан тұрады. Өткізілуге 30-40 минут уақыт кетеді. Зерттелінуші әр сұраққа «Иә» немесе «Жок» деп жауап береді.

Нұсқау: Әр сұрақты мұқият оқып, пікірмен келіссеңіз оң, келіспесеңіз теріс таңба қойыңыз.

Сауалнаманың шкалалары:

- Шкала S — зерттелінушінің өзіндік «Менін» «қабылдау» немесе «қабылдамау» сезімін анықтайды;
- Шкала I — өзін-өзі сыйлауы;
- Шкала II — аутосимпатия;
- Шкала III — өзіне басқалардан күтетін қатынасы;
- Шкала IV — өзіне қызығушылығы.

Сауалнама зерттелінушінің «Меніне» бағытталған ішкі іс-әрекеттері мен тұрақты қондырғыларын өлшейтін қосымша 7 шкаладан тұрады:

- өзіне сенуі («Мен ойлағанымды жүзеге асыра алатын қабілетім және энергиям жеткілікті»)

- күтетін қатынасы («Таныстарымның ортасында көп адамдарға симпатияны тудыра алуым екіталай»)

- өзін-өзі қабылдауы («Өзіме достық қатынастамын», «Қазіргі күйім өзімді қанағаттандырады»)

- өзін-өзі басқаруы («Өкінішке орай, менің сөздерім осылай іс-әрекет ететінімді білдірмейді»)

- өзін-өзі кінәлау («Ең алдымен қыңырлық мінезді өзіме көрсетемін»)

- өзіне қызығушылығы («Екінші «Менім» болған жағдайда қарым-қатынаста жалықтыратын серіктесім болар еді»)

- өзін-өзі түсінуі («Кейде өзімді толық түсіне алмаймын»)

Барлық факторлар оқытушының өзіне қатынасының деңгейін анықтайды. Әр шкала 6 - 7 пікірден тұрады.

3, 4 және 5-ші факторлар төрт өлшеммен өзіне қатынастың жалпы деңгейін анықтауға мүмкіндік береді:

- Өзін-өзі сыйлауы — «ішкі бірізділікті, жүйелілікті», «өзін – өзі түсіну», «өзіне сенімділігін» бағалауға мүмкіндік беретін 15 пікірден тұрады. Өзінің күшіне, қабілетіне, энергиясына сенімін, дербестігін, өмірін бағдарлай алуын және өзін-өзі түсінуін, өзінің мүмкіндіктеріне эмоционалды баға беруін анықтайды.

- Аутосимпатия — өзінің «Меніне» достық немесе қастық қатынасты, яғни «өзін-өзі қабылдауды», «өзін-өзі кінәлауды» бейнелейтін 16 пікірден, тұрады. Мазмұнына қарай жағымды полюсте өзіне сенімділігін және өзін адекватты бағалауы жатса, жағымсыз полюс – бойындағы әлсіз жақтарын көруі басым, өзін-өзі төмен бағалау, өзін-өзі кінәлау тән. Аталғандар тітіркену, жек көру,

келемеждеу, қорлау, өзіне үкім шығару секілді жағымсыз эмоционалды реакциялармен түсіндіріледі.

- Өзіне қызығушылығы — өзіне жақындығының өлшемін, әдетте өзінің ойларына, сезімдеріне қызығушылық танытуы, өзімен тең деңгейде қатынас жасауға дайындығы. Басқалар алдында өзінің маңызды екендігіне сенімділігін бейнелейтін 8 пікірден тұрады.

- Өзіне басқалардан күтетін қатынасы — қоршаған адамдардың өзінің тұлғасына жағымды немесе жағымсыз қатынасын бейнелейтін 13 пікірден тұрады. Өзіне антипатиялық қатынастағы адам көпшіліктен, таныс емес жерлерден немесе аз байланысқа түсетін адамдардың жағымсыз қатынасын сезеді. Мұндай адам жетістіктерін мойындамайды және сыртқы келбетіне антипатияны үнемі күтеді. Үнемі өзгелердің өзіне деген жағымсыз мінез-қылықтарын көруге бейім келеді. Өзін басқаларға ұқсамайтын, әмбебап екенін, өзін-өзі сыйлау, құрметтеу қажет екендігін алдына міндет етіп қоймайды.

Нәтижелердің интерпритациясы: 45-55 балл – адам өзін адекватты қабылдайды, өзінің мінез-құлығын дұрыс бағалайды. 55-70 балл – өзін жоғары бағалайды, 40-45 балл – өзін төмен бағалайды. 80-нен жоғары және 40-тан төмен алған балдарды есепке алмаған жөн, өйткені мұндай көрсеткіштерге сыртқы факторлар (әлеуметтік қажеттілік) әсер етуі мүмкін.

Эмоционалды интеллектіне анықтауға арналған тест (Н. Холл) (Қосымша К) [172].

Мақсаты: Оқытушылардың кәсіби іс-әрекетінде эмоционалдығын және эмоционалды интеллектінің түрлі жақтарын: өзіне және басқаларға қатынасын, қарым-қатынасқа қабілетін, өмірге қатынасын және үйлесімділікті іздеу секілді қасиеттерді анықтауға мүмкіндік береді.

Бүгінгі таңда эмоционалды интеллект IQ интеллектісіне қарағанда адамның психикалық және физикалық сәттілігін қамтамасыз ететіні фактіге айналып отыр.

Нұсқау: Сіздің өміріңіздің эмоционалды жақтарын бейнелейтін пікірлер берілген: Егер «мүлдем келіспеймін (-3 балла)»; «негізінен келіспеймін (-2 балла)»; «аздап келіспеймін (-1 балл)»; «аздап келісемін (+1 балл)»; «негізінен келісемін (+2 балла)»; «толығымен келісемін (+3 балла)» сәйкесінше бос торкөздерді белгілеңіз.

Әдістеменің кілті:

- «Эмоциядан хабардарлық» шкаласы – 1, 2, 4, 17, 19, 25.
- «Өзінің эмоцияларын басқаруы» шкаласы – 3, 7, 8, 10, 18, 30.
- «Өзіндік мотивация» шкаласы – 5, 6, 13, 14, 16, 22.
- «Эмпатия» шкаласы – 9, 11, 20, 21, 23, 28.
- «Басқа адамдардың эмоцияларын басқару» шкаласы - 12, 15, 24, 26, 27, 29.

Әдістеменің нәтижелерін өңдеу: Нәтижеге сәйкес әр шкала бойынша эмоционалды интеллектінің деңгейлері: «14 және одан жоғары» — жоғары; «8-13» — орташа; «7 және одан төмен» — төмен деп бағаланады. Эмоционалды интеллектінің кіріктірілген деңгейі (барлық шкала бойынша нәтижесі): 70 және

одан жоғары — жоғары; 40–69 — орташа; 39 және одан төмен — төмен екенін көрсетеді.

1. Эмоциядан хабардарлық – эмоцияларын саналы түсінуі, үнемі өзінің эмоция қорын толтыруы. Өзінің эмоциясын жақсы білген адамдар өздерінің ішкі күйлерін де жақсы сезінеді.

2. Өзінің эмоцияларын басқаруы - эмоциясын тез реттеп, эмоционалды иілгіштігі басым, басқаша айтқанда эмоциясын ерікті басқара алуы.

3. Өзіндік мотивация – эмоцияларын басқара отырып, нәтижесінде мінез-құлқын басқара алуы.

4. Эмпатия – өзгелердің эмоциясын түсінуі, басқа адамның ағымдағы эмоционалды күйіне ортақтасуы, қолдау көрсетуі. Адамның күйін бет, қимыл-қозғалыстары, сөз бен дене тұрғысынан түсіне алуы.

5. Басқа адамдардың эмоцияларын басқару – өзге адамдардың эмоционалды күйіне әсер ету біліктілігі.

7. Ассоциативті эксперимент.

Мақсаты: Оқытушылардың «Мен» және «Тұлға» ретінде сипаттайтын қасиеттерін анықтау.

Эксперименталды психологияда ассоциативті әдістерді XIX ғ. соңында кең қолдана бастады. Ассоциативті тест) [174] (Word Association Test) тұлғаны зерттейтін жобалау әдістерінің бірі. Ассоциативный тест алғаш рет Ф.Гальтонмен (1879) «ассоциативтік идеяларды» зерттеуге байланысты зерттелінді. Кейін ол Крепелин (1892), К.Юнг (1906), Г.Кент және А.Розанова (1910)], В.Вундт (1911), А.Р.Лурия (1932), Д.Рапапорт және оның шәкірттері (1946) зерттеулерінде әрі дамыды. Ассоциативті экспериментті ұйымдастыру қарапайым: зерттеуші айтылған сөзге байланысты (стимул) ойланбастан ойға бірінші келген сөздермен (реакция) жауап береді. Осылайшастимул (S) және реакции (R) түсініктеріне сүйенеді: стимул – экспериментатордың зерттелінушіге ұсынатын сөзі, реакция – вербалды қоздырғышқа жауап беретін сөздер.

Ассоциативті тесттің ынталандырушы материалы бір-біріне байланыссыз ынталандырушы-сөздерден тұрады, әрбірін оқу барысында зерттеуші ойына бірінші келген сөздерді айтады (сөз-ассоциация, сөз-реакция). Эксперимент барысында реакцияға кеткен уақыт және зерттелінушінің мінез-құлығында орын алатын іс-әрекеттері, физиологиялық реакциялары хаттамаға тіркеледі.

Ассоциативті экспериментті өткізу үшін экспериментаторда көп және үнемі қолданатын қарапайым сөздердің тізімі, ассоциациялар мен реакцияға кететін уақыттың жылдамдығы туралы мәліметтер болуы тиіс. Аталған реакцияға баяу жауап беру, сөз-қоздырғышты дұрыс түсінбеу, механикалық қайталау, жалпы мінез-құлығында (оқыстан күлу, ұялу, қызару, шағым айту) орын алатын іс-әрекеттер зерттелінушінің тым эмоционалды екендігін көрсетеді. Ассоциативті эксперимент көбіне топтарда өткізіледі. Оны өткізу үшін тізімдегі әр сөзге қарапайым, көп қолданылатын мағынаны анықтау керек.

Жүргізілу барысы: Тапсырмалар жұпта өткізіледі. Қатысушылардың бірі зерттеуші, екіншісі зерттелуші рөлін орындайды. Зерттеуші тізімдегі сөзді

оқиды, ал зерттелінуші айтылған сөзге сәйкес ойларына келген ассоциацияларын айтады. Біз зерттеу жұмысымыздың мақсатына сәйкес оқытушылар үшін стимул болатын екі сөзді ұсындық. Олар: «Мен» және «Тұлға».

8. Стреске тұрақтылық типін бағалау (Қосымша Л) [172].

Мақсаты: Оқытушылардың стреске тұрақтылық қасиеттерін анықтау.

Нұсқау: Әр сұрақ үш жауаптан тұрады: «иә», «жоқ», «білмеймін». Мүмкіндігінше «білмеймін» жауабын пайдаланбауға тырысу қажет. Егер «иә» немесе «жоқ» жауаптарына қиналсаңыз ғана қолдануға болады.

Нәтижелерді интерпретациялау: «иә» - 2 ұпай, «жоқ» - 0 ұпай, «білмеймін» - 1 ұпай. Тестте жиналған ұпайлар қосылып, ортақ нәтижесі шығарылады.

0-10 ұпай. Б типті жан. Бұл типтегі адамдар өздерінің іс-әрекеттерінің мақсатын және оларға жету жолын жақсы біледі. Қиыншылықтармен өздері күресе алады, кез-келген қиыншылықты талдап, дұрыс шешімдер қабылдай алады. Үлкен күшпен көп уақыт жұмыс жасай алады. Уақытты дұрыс пайдалануға ұмтылады. Кездейсоқ жағдайларға қалыпты мінез-құлық танытады. Б типтегі адамдар стреске тұрақты келеді. 10-20 ұпай – Б типтегі адамдарға бейім. Көбіне стреске тұрақты болады, бірақ барлық уақытта өздерін бақылай алмайды. 30-40 ұпай – А типті жан. Мұндай типтегі адамдар мақсаттарына, бәсекелестікке ұмтылады, әдетте өздеріне және жағдайға көңілі толмайды, нәтижесінде бір мақсаты екінші мақсатқа ауысып отырады. Көбіне олар агрессивтілік, шыдамсыздық, гипербелсенділік танытады, сөйлеу манері тез, үнемі бет бұлшық еттері мазасыздану кейіпінде болады. 20-50 ұпай – А типке жақын. Стреске тұрақтылық қабілеті тұрақты емес.

Сонымен, біз эксперименттік зерттеу жұмысымызда авторлық 2 сауалнаманы өңдедік және тұлғалық-кәсіби қасиеттерді анықтауға мүмкіндік беретін валидтілігі мен сенімділігі бар 7 әдістемелер мен сауалнамаларды іріктедік. Осы сауалнамалар негізінде анықтау экспериментін жүргіздік. *Анықтау экспериментін талдау нәтижелеріне* тоқталып өтуді жөн санадық. Авторлық сауалнаманың қорытындысы:

Студенттердің сабаққа мотивациясын арттыратын бірден бір фактор оқытушылардың білім беру ортасын дұрыс қалыптастыра алу біліктілігіне тәуелді екендігі белгілі. Білім беру үдерісіндегі оқытушылардың басты іс-әрекеттерін білу мақсатымен келесі сауалнама жүргізілді:

Кесте 5 – Оқытушылардың білім беру үдерісіндегі қызметі:

Білім беру үдерісіндегі оқытушы:	Оқыт.	Студ.
Қарым-қатынаста эмоционалды оңтайлы орта қалыптастыру керек	15%	40%
Студенттің сұрақ қоюына мүмкіндік беру керек	13%	9%
Еркін өз ойын білдіруге мүмкіндік жасау қажет	22%	30%
Студенттің белсенділігін тудыру, қызығушылығын арттыру керек	50%	21%

Кестеден (4) оқытушылар мен студенттердің жауаптарының арасында карама-қайшылықтың бар екенін байқаймыз. Оқытушылардың тең жартысы (50%-ы) студенттің белсенділігін, қызығушылығын арттыруы қажет деп жауап берді. Бұл қазіргі оқытудың кредиттік технологиясының талабы бойынша оқытушылардың хабардар екендігін көрсетіп тұр. Ал студенттердің 40%-ы оқытушылар қарым-қатынаста эмоционалды оңтайлы орта қалыптастыру керек, яғни оқытушы мен студент арасындағы өзара қарым-қатынастың үйлесімдігін қалайтындарын анықтадық. Расында да, өзара қарым-қатынастың жағымды, үйлесімді болуы студент пен оқытушы арасында сенімді байланысты құруда маңызы зор.

2. 2-ші сұрақ: Менің ойымша, оқытушыларға қажет қасиеттер» атты сұраққа оқытушылар білімді, теория мен тәжірибені ұштастыра білуді, қабілетті, адалдықты, жауапкершілікті, толеранттылықты бастапқы бестікке қойса, студенттер оқытушылардың кемшіліктеріне шыдамды болуды, эмпатияны, өзін-өзі тану мен өзін-өзі дамыту бойынша көмек көрсетулерін қалайтындарын жазды.

3. Оқытушылардың студенттермен қарым-қатынастағы тұлғалық ерекшеліктерін анықтау үшін өзін-өзі белсендіруі дамыған тұлғаны бейнелейтін қасиеттердің тізімін кесте түрінде беріп, аталған қасиеттердің өзара қарым-қатынаста орын алуына байланысты бағалауы сұралды. Оқытушылар мен студенттердің жауаптары төмендегідей нәтиже берді (Кесте б):

Алынған мәліметтерді талдай отырып, студенттер оқытушылардың сыйлауы, қамқор болу, жауапкершілік, шыдамдылық, түсіне алмау қабілеттерін кейде байқататындарын атады. Әсіресе, қарым-қатынаста эмоционалды пен көңіл-күйлерін түсіну деңгейлерінің төмен екендігі анықталды. Бұдан оқытушылардың эмоционалды ригидті екенін байқадық.


5. Оқытушылардың студенттермен қарым-қатынасқа түсуге ұмтылысы өзара біріккен іс-әрекеттің табыстылығының көрсеткіштерінің бірі екендігі белгілі. Студенттердің оқытушылармен және оқытушылардың студенттермен қаншалықты өзара қарым-қатынасқа түсуді қалайтындарын анықтау мақсатымен келесі сұрақ құрастырылды:

Студенттер үшін оқытушылармен және оқытушылар үшін студенттермен қарым-қатынасқа түсу маған ұнайды: бәрімен - 1, кейбірімен - 2, білмеймін - 3, мүлдем ұнамайды – 4 шкала бойынша ұпайлар санын белгілеу қажет еді (Сурет 3).

Студенттердің оқытушылармен қарым-қатынасқа түсу 18%-ы «бәрімен», 51%-ы «кейбірімен», 22%-ы «білмеймін» және 9%-ы «мүлдем ұнамайды» десе, оқытушылардың студенттермен қарым-қатынасқа 48%-ы «бәрімен», 32%-ы «кейбірімен», 12%-ы «білмеймін» және 8%-ы «мүлдем ұнамайды» деп жауап берді. Шамамен есептегенде 10 студенттің 2-еуі ғана оқытушылардың бәрімен, 5-еуі кейбірімен, 2-еуі білмейді және 1-уіне қарым-қатынасқа түсу мүлдем ұнамайды екен.

Кесте 6 – Оқытушылар мен студенттердің бағалауындағы оқытушылардың өзара қарым-қатынастағы қасиеттерінің ерекшеліктері

Қасиеттер	Бағалау							
	4-үнемі, %		3-көбіне, %		2-кейде, %		1-ешқашан, %	
	Оқыт	Студ	Оқыт	Студ	Оқыт	Студ	Оқыт	Студ
Сыйластық сезімі	76	33	15	49	9	10	-	8
Шыдамды	47	18	8	39	5	31	-	12
Сыпайы	46	30	37	59	17	11	-	-
Жауапкершілікті	42	16	49	42	9	33	-	9
Толерантты	64	7	32	43	4	45	-	5
Адал	60	13	36	55	4	32	-	-
Эмоционалды	37	7	44	33	19	40	-	20
Белсенді	34	11	50	42	16	36	-	11
Сабырлы	33	31	56	46	11	20	-	3
Көңіліме (көңіліне) ортақтасады	31	11	49	22	10	50	-	17
Түсіне алу қабілеті бар	33	22	56	38	11	31	-	9
Қамқор болу	31	10	45	48	24	32	-	10



Сурет 3 – Оқытушылар мен студенттердің өзара қарым-қатынасқа түсу ерекшеліктері

6. Оқыту барысында оқытушылардың студенттерге қатынасы маңызды болып табылады. Аталған қатынас эмоционалды оңтайлы орта құруда маңызы зор.

Кесте 7 – Оқыту барысындағы оқытушылардың тұлғалық ерекшеліктері

Пікірлер	Бағалау							
	4-үнемі, %		3-көбіне, %		2-кейде, %		1-ешқашан, %	
	Оқы т.	Сту д.	Оқы т.	Студ. .	Оқыт. .	Студ	Оқы т.	Студ.
Студентті тұлға деп қабылдайды	33	14	57	28	10	51	-	7
Студенттердің кәсіби құзыреттілігін арттыруға көңіл аударады	29	13	56	32	15	33	-	22
Студенттердің бейімделуіне көмектеседі	40	33	22	12	38	43	-	12
Студенттердің болашағына қызығушылық танытады	23	15	72	36	15	30	-	19
Студенттің әлсіз және күшті жақтарын тануға мүмкіндік береді	16	8	44	34	31	45	9	13
Оқытушы мен студент арасында өзара түсіністік орнатылған	23	11	54	43	23	42	-	4

Сонымен, оқытушылардың білім беру үдерісіндегі субъектілердің арасында сенімді, ашық қарым-қатынасты құрудың маңызын, тиімділігін саналы түсінетіндері анықталды, ал студенттердің жауаптарында оқытушылар студенттің тұлғасына емес, пәнге бағытталатынын байқадық. Мұндай нәтижені профессор Н.С.Ахтаева (2008ж) эксперименттік зерттеу барысында ЖОО оқытушыларының жасы ұлғайған сайын олардың студенттердің тұлғасын дамытуға емес, пәннің мазмұнын беруге іс-әрекеттенетінін айтады. *Студент пен оқытушы қарым-қатынасындағы ерекшеліктерді бағалаудағы қарама-қайшылықтар оқытушылардың өзіндік санасы мен өзін-өзі түсінуі төмен екенін, қоғамның сұранысынан туындаған міндеттерді орындай аламыз деген пікірлеріне сенімділігі жоғары және студенттермен өзара іс-әрекет*

барысында орын алатынын, кәсіби іс-әрекеті мен мінез-құлығындағы қателіктерін, кемшіліктерін саналы түсінбейтінін көрсетті. Бұдан оқытушылардың өзін-өзі белсендіруі мен өзіндік дамуын өздері тежейді деген қорытындыға келеміз.

7. Оқыту үдерісіндегі оқытушының стилін суреттеп беріңіз атты сұраққа студенттер оқытушылардың 70%-ы субъективті қарым-қатынас жасайтынын, яғни авторитарлық стильдің басым екендігін, ал оқытушылардың басым көпшілігі (90%) өздерін демократиялық стилді ұстанатындарын жазды.

8. Сабақ барысында оқытушы қандай жағдайды тудырады атты сұраққа студенттердің шамамен 60%-ы оқытушының ағымдағы көңіл-күйіне байланысты десе, оқытушылар жағымды, позитивті деп жауап берді.

9. Оқытушылардың студенттің әдеттегі жағымсыз іс-әрекеттеріне қолданатын тәсілдерге *студенттердің* бірінші бестікке дауыс көтеру, студенттің аудитория алдында намысын түсіру, аудиториядан шығару мен студентке ескерту айтуды жатқызатыны, *оқытушылардың* ескерту жасау, дауыс көтеру, мәселені шешу үшін жекеше сөйлесу, қосымша жазбаша тапсырмалар беру мен тәрбиелеу шарасын қолданатыны анықталды.

10. Тұлғалық-кәсіби даму үшін *оқытушылардың* 11%-ы кітаптар оқимын, 6%-ы тренингтерге қатысамын, 58%-ы –өзімді жетілген тұлға деп есептеймін десе, 13%-ы ештеңе істемейтіндігін көрсетті, Ал, қалғандары теледидардағы бағдарламаларды қараймын, фитнеске барамыз деп жауап берді. Студенттердің 9%-ы тұлғалық өсу, даму бойынша кітаптар оқимын, 5%-ы тренингке қатысамын, 22%-ы өзімді жетілген тұлға деп есептеймін деп көрсетсе, қалғандары «ештеме жасамайтындығын» жасырмады.

11. «Неліктен» деген сұраққа оқытушылардың 66%-ы және студенттердің 56 %-ы уақыттың тапшылығы десе, қалғандарына тұлғалық-кәсіби даму қызықтырмайтыны белгілі болды. Бір қызығы студенттер арасында 4-ші курста оқитын 3 студенттің жауабында дәріс оқитын оқытушысының мәселеге байланысты қызығушылықтарын қалыптастырып және тұлғалық өсуге байланысты кітаптардың авторларын беріп, оқуларын сұрағаны анықталды. Бұдан біз тұлғалық-кәсіби өзін-өзі белсендіретін оқытушының студенттің тұлғалық өсуіне себеп болатынын байқаймыз. Ал, өзін тұлғалық-кәсіби дамыту бойынша оқытушылардың тек 11%-ның кітап оқуы мен 6%-ның тренингтерге қатысуы бізді алаңдатты.

Сонымен, сауалнаманың нәтижелерін қорытындылай келе, оқытушылардың студенттермен қарым-қатынас жасау барысында эмоционалды ригидті және өздерін тұлғалық-кәсіби дамыту бойынша өзін-өзі белсендіруін мақсатты дамытпайтыны анықталды. Қарым-қатынас барысында өзара түсінісуі, мінез-құлықты тану қасиеттерінің төмендігі басым. Студенттер оқытушы жағынан эмоционалдық, көңіліне ортақтасу (эмпатия), шыдамдылық қасиеттерін жеткілікті сезінбейтінін анықтадық. Аталған қорытындылардың ішіндегі негізгісі - оқытушылардың бойында қалыптасқан таптаурындардың бейсана деңгейде студенттерге беріліп, нығайтылуында. Студенттердің тұлғалық даму қажеттілігін түсіне отырып, өзіндік тұлғалық дамуға ұмтылу

керек екендігіне оқытушылардың есеп бермейді деген қорытынды шығардық. К.Г. Юнг: «Өзі тұлға [245, 185 б.] болып қалыптасқан тәрбиеші ғана бала бойындағы тұлғалық өзін-өзі белсендіруінің негізгі факторы (ата-ана, мұғалім) болып табылады. Бойында тұлғалығы жоқ адам баланы тұлға ретінде тәрбиелей алмайды» дейді, демек өзінің бойында қалыптаспаған қасиеттерді оқытушы студент бойына дарыта алмайды, өзімен қоса студенттің тұлғалық-кәсіби дамуын тежейді, дейді [175, 258-264 б.].

Оқытушылардың тұлғалық қасиеттер контексінде тұлғалық-кәсіби деформациямен шартталған агрессия, агрессиялық күйлер, мазасыздану, фрустрация және ригидтіліктің деңгейлері:

Кесте 8 – Басса–Дарки және Айзенк сауалнамаларының нәтижелері

Тұлғалық қасиеттердің көрсеткіштері		Жоғары	Орташа	Төмен
Басса–Дарки сауалнамасы орташасы	Физикалық агрессия	21%	37%	42%
	Жанама агрессия	42%	24%	34%
	Ашушандық	29%	44%	27%
	Негативизм	27%	51%	22%
	Өкпе	35%	42%	23%
	Күдіктенушілік	39%	47%	14%
	Вербалды агрессия	37%	39%	24%
	Кінә сезімі	32%	43%	25%
	Агрессивтілік	31%	35%	34%
	Өшпенділік	38%	43%	19%
Айзенк сауалнамасы	Мазасыздану	53%	34%	13%
	Фрустрация	42%	39%	19%
	Ригидтілік	35%	37%	28%

Кестеде көрсетілгендей, біз оқытушылардың бойындағы тұлғалық қасиеттердің ішінде мазасыздану, фрустрация, жанама агрессия, күдіктенушілік, вербалды агрессия шамамен есептегенде 10 оқытушының 4, 5-де жоғары болатынын анықтадық.

Аталған тұлғалық-кәсіби қасиеттерді біз өзін-өзі белсендіру деңгейлеріне сәйкес өзара байланысын қарастырамыз (Қосымша М, Н):

2. А.В.Лазукиннің Н.Ф.Калин бейімдеген «Тұлғаның өзін-өзі белсендіруін диагностикалау» тесті бойынша оқытушылардың жалпы өзін-өзі белсендіру деңгейінің орташа балы - 63-ті құрады. Алынған орташа бал негізінде оқытушылардың өзбелсенділік деңгейлеріне сәйкес үш фактор анықталды: А (жоғары) – 70-81 балл, В (орташа) – 60-70 балл, С (төмен) – 48-59 балл.


Оқытушылардың өзін-өзі белсендіру деңгейінің нәтижелерін үш топқа біріктірдік: төмен, орташа және жоғары. Оқытушылардың өзін-өзі белсендіруі төмен (С) - 36%, орташа (В) - 35% және жоғары (А) 29%-ды құрады (Кесте 9). Әдістеменің нәтижесі бойынша өзін-өзі белсендіру деңгейі жоғары тұлғаларға өмірдің мәнін түсіну, белсенділік, негізгі құндылыққа даму мен өсуді қоятын, өзін, басқаларды, мамандығын жағымды қабылдайтын, шығармашылық ойлайтын, оқуға, білім алуға, дамуға ашық, қабілеттерін, дарындылығын,

мүмкіндіктерін толық пайдалану сынды қасиеттер тән. Өзін-өзі белсендіруі *төмен* деңгейге конформдылық, субъектінің жеке пікірінің болмауы, шешім қабылдай алмау, нақты уақыт аралығына бағытталу, өзінің қабілеттерін, мүмкіндіктерін, сезімдерін саналы түсіне алмау, қоршаған адамдармен өзара іс-әрекеттесу барысында және мінез-құлығындағы құндылықтарын жүзеге асыру иілгіштігінің төмен деңгейі, өзгерістерге дереу және дұрыс бейімделу қабілетінің төмен деңгейлері тән. Өзін-өзі белсендіруі орташа оқытушылар үшін аталған қасиеттердің көрсеткіштері жағдайға байланысты тұрақсыз болып келеді. Бұл тұлғаның жағдайды қабылдау деңгейіне байланысты анықталады.

Өзін-өзі белсендіруі жоғары, орташа және төмен деңгейлері бойынша оқытушылардың өзін-өзі белсендіру шкалаларының арасындағы байланысты Спирменнің корреляциялық критерийі арқылы анықтадық.

Кесте 9 – А.В.Лазукиннің Н.Ф.Калин бейімдеген «Тұлғаның өзбелсенділенімін диагностикалау» тестісінің нәтижелері

Өзбелсенділенім деңгейі	Жалпы зерттелінушілер саны n=174, 100%
С, %	62, 36%
В, %	61, 35%
А, %	51, 29%
барлығы	174, 100%



Сурет 4 - Оқытушылардың өзін-өзі белсендіру деңгейлерінің көрсеткіштері

Кесте 10 – «Тұлғаның өзін-өзі белсендіруін диагностикалау» тестінің нәтижелері

Өзін-өзі белсендіру шкалалары		Өзін-өзі белсендіру деңгейлері					
		А (n=51)		В (n=61)		С (n=62)	
Өзін-өзі белсендірудің орташа балы		77	-	66		53	
1	Уақытқа бағдарлану	10,4*	0,3	6,1		5,1*	0,31
2	Құндылықтар	8,4	-	6,4		6,1*	0,33
3	Адам табиғатына көзқарасы	7,7	-	6		5,3	
4	Танымға қажеттілігі	9,2	-	9		8	
5	Шығармашылыққа ұмтылу немесе зияткерлік	9,8*	0,27	8,3		7*	0,3
6	Автономдылық	10,3*	0,28	7		6	
7	Спонтандылық	10,3	0,28	6,4		5,8*	0,37
8	Өзін-өзі түсіну	8,6*	0,26	6,2		6	
9	Аутосимпатия	9*	0,26	7		6,6	
10	Контактілік	9,8	-	6,8*	0,24	6	
11	Қарым-қатынастағы иілгіштік	10,2*	0,31	6,8*	0,25	5,8*	0,28
Спирмен критериясы бойынша, «*» - $p = 0.05$, «**» - $p = 0.001$ маңыздылық деңгейі		$p=0.27(0.05)$, $p=0.35(0.001)$		$p=0.23(0.05)$, $p=0.3$ (0.001)		$p=0.3$ (0.05), $p=0.39$ (0.001)	

Сонымен, **А фактор:** «Уақытқа бағдарлану» шкаласының орташасы 10,4-ге тең. Оқытушылар өздерінің осы уақыттағы сәттерін шынайы, дұрыс қабылдайды. Құндылық бағдар шкаласының орташа балы 8,4-ке тең. Осыдан, топтың тұлғалық құндылықтардың қалыптасқанын байқаймыз. Адам табиғатына көзқарасы орташа деңгейден жоғары, оқытушылардың адамдарға сенуі мен мінез-құлықтарында шыдамдылығы басым. Контактілік шкаласы - 9,8-ді құрайды, тиімді өзара іс-әрекеттесуде сенімді, достық, эмоционалды қаныққан тығыз байланыс орнатуға ашық. Қарым-қатынастағы иілгіштік (10,2) жоғары, демек күрделі, қарама-қайшылықты жағдайлар барысында тез жауап беру қабілеті жоғары. Спонтандылық, автономдылық шкалалары бойынша орташа балл -10,3 ке тең, демек, өзінің табиғи кейпін, эмоционалды мінез-құлқын көрсетуде қорқыныш жоқ. Креативтілік шкаласы қалыпты.

В фактор: «Уақытқа бағдарлану» шкаласының орташасы 6,1, демек, оқытушылар өздерінің осы сәттегі уақытын шынайы, дұрыс қабылдайды. Құндылық бағдар шкаласының орташа балы 6,4-ке тең. Топтың тұлғалық құндылықтары қалыптасқан. Адам табиғатына көзқарасы орташа деңгейден төмен, оқытушылардың адамдардың мінез-құлығына сенімсіздік, шыдамсыздығы анықталды. Спонтандылық шкаласы бойынша 6,4-ге тең.

Кейбір сәттерде өзінің табиғи кейпін ұстау, қоршаған ортаға эмоциясын көрсетуге қорқынышы болуы мүмкін. Контакттік (6,8) тиімді өзара іс-әрекеттесуде қиыншылықтарды сезінетіндігі анықталды. Мінез-құлықтағы иілгіштік (6,8) бойынша өзара іс-әрекетте дереу жауап беру қабілеті орташа.

С фактор: «Уақытқа бағдарлану» шкаласы (5,1) орташа. Демек, оқытушылар өздерінің осы уақыттағы сәттерін реалды қабылдамайды, Өткенмен немесе болашақпен өмір сүреді. Құндылық бағдар шкаласы бойынша топтың тұлғалық құндылықтары жеткілікті қалыптаспаған. Адам табиғатына көзқарасы орташадан төмен, оқытушылардың адамдардың мінез-құлығына сенімсіздік, шыдамсыз келеді. Спонтандылық шкаласы 5,8-ге тең, өзінің табиғи кейпінде ұстау, қоршаған ортаға эмоциясын көрсетуге деген қорқынышы жоғары. Өзара іс-әрекеттесудегі қиыншылықтардың орын алатындығы байқалады. Мінез-құлықтағы иілгіштік 5,8-ге тең, өзара іс-әрекет ету жағдайына тез жауап беру қабілеті төмен.

2. Өзін-өзі белсендіруі дамыған оқытушылардың өзіне қатынасы позитивті келеді. Өзіне қатынасы өзін-өзі бағалау, өзін-өзі сыйлау, өзін-өзі түсіну мен түрлі ситуацияларда өзінің іс-іс-әрекеттерін басқаруға ұмтылумен анықталады.

Кесте 11 – Оқытушылардың «Өзіне қатынасын анықтау» тест-сауалнамасының көрсеткіштерінің нәтижелері

Әдістемелердің атаулары	Оқытушылардың өзін-өзі белсенділендіру деңгейлері	Деңгейлері					
		А (n=51)		В (n=61)		С (n=62)	
Өзін-өзі қатынасын анықтау тест-сауалнамасы (В.В.Столин, С.Р.Пантелеев)	Шкала S — өзіндік «Менін» «қолдау» немесе «қолдамау» сезімі	70	-	66	-	64	-
	Шкала I — өзін-өзі сыйлау	62*	0,28	55*	0,24	39*	0,27
	Шкала II — аутоимпатия;	68*	0,29	56	-	42	-
	Шкала III — басқалардан өзіне деген жағымды қатынасты күту;	52	-	56	-	62	-
	Шкала IV — өзіне қызығушылық.	54	-	56	-	44	-
	Өзіне сенімділігі	62*	0,27	55	0,23	52*	0,32
	Күтетін қатынасы	52	-	48	-	44	-
	Өзін-өзі қабылдау	60	-	56	-	50	-
	Өзін-өзі басқару	57*	0,27	48*	0,22	46*	0,3
	Өзін-өзі кінәлау	47	-	62*	0,29	56	-
	Өзіне қызығушылық	60	-	56	-	54	-
Өзін-өзі түсіну	64*	0,29	62	-	56*	0,3	
Спирмер критериясы бойынша, «*» - p = 0.05, «**» - p = 0.001 маңыздылық деңгейі		p=0.27(0.05) , p=0.35(0.001)		p=0.23(0.05), p=0.3 (0.001)		p=0.3 (0.05), p=0.39 (0.001)	

Тұлға өзінің «Мен» бейнесін өмірінің шынайы жағдайларымен сәйкестендіріп мінез-құлқын өзгертіп өзін-өзі тәрбиелеудің мақсаттарын жүзеге асыра алады.

Кестеден өзін-өзі белсендіру деңгейлеріне сәйкес өзіне қатынастың арасындағы байланысты көруге болады. А фактор үшін өзін-өзі сыйлау ($r_s = 0.28$), аутосимпатия ($r_s = 0.29$), өзіне сенімділік ($r_s = 0.27$), өзін-өзі басқару ($r_s = 0.27$), өзін-өзі түсіну ($r_s = 0,29$) қасиеттері тән. В факторға өзін-өзі сыйлау ($r_s = 0,24$), аутосимпатия, өзіне сенімділігі орташа ($r_s = 0,23$), мен өзін-өзі басқару орташадан төмен.

С фактор: өзін-өзі сыйлау орташадан төмен, аутосимпатия жағымсыз, өзіне сенімділігі ($r_s = 0.32$), өзін-өзі басқару ($r_s = 0.3$), өзін-өзі түсіну қасиеттері төмен көрсеткіштер көрсетті.

А. Маслоудың пікірінше, өзін-өзі белсендіруі дамыған адамдар жағымсыз қасиеттерге бой алдырмайды. Психологиялық дені сау адамдар физиологиялық та сау болады.

Тұлға бойындағы деформацияны анықтау мақсатымен Басса–Дарки сауалнамасы және Г.Айзенктің «психикалық күйді өзіндік бағалауын диагностикалау» әдістемесі жүргізілді (Кесте 12).

Сонымен, А фактор: оқытушылары өзгерістерге тез бейімделеді, ригидті емес, фрустрациялары орташа, агрессивтілік те қалыпты.

В фактор: тітіркенушілік орташа, өзін кінәлі сезіну орташадан жоғары, жанама агрессиясы және мазасыздануы орташадан жоғары.

С фактор: жанама агрессия, негативизм, күдіктенушілік, вербалды агрессия және әсіресе мазасыздану ($p=0.39$ (0.001)) жоғары.

Кесте 12 – Басса–Дарки сауалнамасы және Г.Айзенктің «психикалық күйді өзіндік бағалауын диагностикалау» әдістемесінің нәтижелері

Әдістемелердің атаулары	Оқытушылардың өзін-өзі-өзі белсенділендіру көрсеткіштері	Деңгейлері					
		А (n=51)		В (n=61)		С (n=62)	
Басса–Дарки сауалнамасы орташасы	Физикалық агрессия	53	-	54	-	59	-
	Жанама агрессия	51	-	61*	0,26	60*	0,32
	Тітіркенушілік	58	-	56*	0,26	62	-
	Негативизм	48	-	58	-	62*	0,33
	Өкпелегіштік	40	-	49	-	65	-
	Күдіктенушілік	47	-	55	-	60*	0,32
	Вербалды агрессия	42	-	57*	0,24	69*	0,36
	Кінәлі сезіну	56	-	65*	0,25	72*	0,37
	Агрессивтілік	51*	0,25	56	-	63*	0,34
	Өшпенділік	44	-	52	-	63	-
Айзенк сауалнамасы, орташасы	Мазасыздану	13	-	15*	0,39	17**	0,4
	Фрустрация	8*	0,28	14	-	15*	0,35
	Ригидтілік	9*	0,3	15	-	18**	0,4
Спимер критериясы бойынша, «*» - $p = 0.05$, «**» - $p = 0.001$ маңыздылығы		$p=0.27(0.05)$, $p=0.35(0.001)$		$p=0.23$ (0.05), $p=0.3$ (0.001)		$p=0.3$ (0.05), $p=0.39$ (0.001)	

5. К.Роджерстің айтуы бойынша оқытушылардың оқыту-тәрбиелеу үдерісіндегі эмоциясы, эмпатиялық қабілеті маңызды. Өзін-өзі белсендіруі дамыған оқытушылар жоғары деңгейде эмоционалды оңтайлы орта құра отырып студенттердің бойына жағымды қасиеттерді дамытады (Кесте – 13).

А фактор: өзінің эмоцияларын саналы түсініп, үнемі өзінің эмоция қорын толтырып отырады (14,2). Өзінің эмоциясын жақсы түсінуіне байланысты ішкі күйлерін де жақсы сезіне алады (12,6). Өзіндік мотивациясы жоғары (12,5) және студенттермен өзара іс-әрекетте эмпатиясы жоғары (15,4), сонымен қатар студенттердің эмоцияларын басқару қабілеті орташадан жоғары (12,7).

В фактор: эмоционалды интеллектінің жоғары деңгейі тән, өзінің эмоцияларын саналы түсініп, үнемі өзінің эмоция қорын толтыру қабілеті орташа (11,3), эмоцияларын басқара алу қабілеті (9) орташадан жоғары, өзіндік мотивациясы (10) және эмпатиясы (8) орташа, өзге адамдардың эмоцияларын басқаруда (6,7) қиыншылықтар болуы мүмкін.

С фактор: эмоционалды интеллектінің жалпы деңгейі орташадан төмен (55), эмоционалдылық хабардарлық (9) орташа, өзінің эмоцияларын басқара алу қабілеті төмен (7) өзінің мінез-құлқын басқару (6,8) мен студенттердің эмоциясын түсіну, ағымдағы эмоционалды күйіне ортақтасуы, қолдау көрсету мен студенттердің ішкі күйін бет, қимыл-қозғалыстары (6,2), өзге адамдардың эмоционалды күйіне әсер ете алу икемділігі (5,4) төмен екендігі анықталды.

Кесте 13 – Оқытушылардың «Эмоционалды интеллект» әдістемесінің нәтижелері

Әдістемелердің атаулары	Оқытушылардың өзін-өзі-өзі белсенділендіру көрсеткіштері	Деңгейлері					
		А (n=51)		В (n=61)		С (n=62)	
Эмоционалды интеллект	Эмоционалды интеллектінің жалпы деңгейі	0,2	-	72	-	55	-
	Эмоциялық күйден хабардарлық	0,26	-	11,3	-	9*	0,36
	Өзін-өзінің эмоциясын басқара алу	0,24	-	9*	0,25	7	-
	Өзін-өзінің мотивация	0,12	-	10	-	6,8	-
	Эмпатия	0,33	-	8*	0,26	6,2*	0,33
	Өзге адамдардың эмоцияларын басқару	0,22	-	6,7	-	5,4*	0,3
Спирер критериясы бойынша, «*» - p = 0.05, «**» - p = 0.001 маңыздылық деңгейі		p=0.27 (0.05), p=0.35 (0.001)		p=0.23 (0.05), p=0.3 (0.001)		p=0.3 (0.05), p= 0.39 (0.001)	

7. Оқытушылардың өзіндік тұлғалық дамуына байланысты «Мен» және «Тұлға» бейнесіне қатысты түсініктерін анықтау мақсатымен эксперименттік-зерттеу жұмысымызды одан әрі «Ассоциативті эксперимент» әдісінің көмегімен жалғастырдық:

С фактор: «Мен» бейнесін сипаттау барысында тұлғалық сапаларды (жақсы, ақылды, көңілді, қабілетті) мен әлеуметтік беделді (әйел, ер) бейнелейтін түсініктерді қолданды. Ал, «Тұлға» бейнесін суреттеуде қолданылған түсініктер тізімінің көбейгенін байқадық (+ «дүниегекөзқарас» түсініктері). В факторды С фактормен салыстырғанда «Мен» және «Тұлға» бейнесін сипаттауда қолданған түсініктердің ауқымы кеңейген. «Мен» бейнесін суреттеуде тұлғааралық қарым-қатынаста маңызды қасиеттерді (адамгершілік, адалдық, қарым-қатынасшылдық, жауапкершілік) атады. Осы таңда аталған қасиеттерді тұлғалық өзін-өзі белсендірудің деңгейінің көрсеткіші деп атауға болады.

Біздің ойымызша, егер оқытушылар аталған қасиеттерді «Мен» бейнесін суреттеу барысында қолданса, ол оқытушылардың тұлғалық өзін-өзі белсендіру динамикасына анықтайтын ба еді. Бірақ, мұнда «Тұлға» бейнесінің маңыздылығы жоғары екендігін байқаймыз. «Мен» бейнесі- 8, «Тұлға» бейнесі- 15 түсінік анықталды. Тұлғааралық өзара іс-әрекетте жиі кездесетін сөздерге адамгершілік, қарым-қатынасшылдық; ал өзіндік тұлғалық деңгейді жоғарылату құралдарына: ақыл-ой, мақсатқабағыттылық, өзі шешім қабылдау, дербестік, табиғилылығын, тәуелсіздікті атады. Ассоциативті қатардың күрделенуі аталған топ оқытушылары өзінің тұлғалық дамуға ұмтылыстарын көрсетуі мүмкін.

Өзін-өзі белсендірудің жоғары деңгейіне ұмтылатын оқытушылар «Мен» және «Тұлға» бейнесін суреттеуде алдыңғы топтарға қарағанда қолданылатын түсініктер санының жоғарылағандығын байқадық. «Тұлға» бейнесіне кәсіби іс-әрекетті жүзеге асыру үдерісін (өзін-өзі-өзі белсенділендіру және сәттілік) сипаттайтын және кәсібилілікке қажет сапаларды (мақсатқабағыттылық) анықтайтын түсініктер орын алды. Аталған топ оқытушылары «Мен» және «Тұлға» бейнесін сипаттауда түсініктерді көп қолданғанын байқадық. Сонымен қатар, тұлғааралық өзара іс-әрекетте (өзін-өзі сенімділігі) маңызды алғаш рет «Мен» бейнесін суреттеуде кәсібиліктің деңгейін (шебер, кәсіби маман) анықтайтын түсініктерді атады. Аталған түсініктердің «Мен» бейнесінде қолдануы оқытушылардың өздерін кәсіби іс-әрекет субъектісі тұрғысынан өздерінің кәсіби сапаларына, тұлғалық қасиеттеріне сенімділігі жоғары екендігін көрсетті. «Тұлға» бейнесі суреттеу барысында сол қалпы ақыл-ой деңгейі (ақыл), кәсібиліліктің ерекшеліктері (мақсатқабағыттылық, шығармашылық, өз бетіндік) атағандары маңызды.

«Мен» және «Тұлғаға» қатысты семантикалық қатарға ақыл-ой, мақсатқабағыттылық, шығармашылық, жауапкершілік, еңбекқорлық, сенімділік түсініктері кірді. Сәйкесінше, аталған топтың оқытушылары үшін ақыл-ой үдерістері мен кәсібилілікке жетудің жолдары маңызды.

Жоғарыдан ЖОО оқытушыларының тұлғалық қасиеттері өзін-өзі белсендірумен байланысты екені анықталды [176, 254-261 б.].

Аталған бөлімді қорытындылай келе, эксперименттік зерттеу жұмыстарының нәтижесінде барлық таңдама бойынша оқытушылардың өзін-өзі белсендіру деңгейі орташа - 36%-ды құрады. Тұлғалық компонент бойынша мазасыздану, агрессия орташадан жоғары, өзін-өзі сыйлау ($r_s = 0,24$), аутосимпатия, өзіне сенімділігі орташа ($r_s = 0,23$), өзін-өзі басқару орташадан төмен. Кәсіби-танымдық: шығармашылыққа ұмтылу (8,3), танымға қажеттілігі (9) орташа. Әлеуметтік-қарым-қатынас: Контактілік 6,8, тиімді өзара іс-әрекеттесуде қиыншылықтарды сезінетіндігі анықталды. Мінез-құлықтағы иілгіштік (6,8) бойынша өзара іс-әрекетте дереу жауап беру қабілеті орташа. Эмоционалды: өзінің эмоцияларын саналы түсіну қабілеті орташа (11,3), эмоцияларын басқара алу қабілеті (9) орташадан жоғары, өзіндік мотивациясы (10) және эмпатиясы (8) орташа.

Оқытушыларың өзін-өзі белсендіру деңгейі жоғары 29%-ды құрады. Аталған фактор бойынша тұлғалық-кәсіби қасиеттердің компоненттерінің көрсеткіштері де жоғары болды. Тұлғалық компонент: ригидтілік (9), фрустрациялары (8) орташа, агрессивтілік қалыпты. Өзін-өзі сыйлау ($r_s = 0.28$), аутосимпатия ($r_s = 0.29$), өзіне сенімділік ($r_s = 0.27$), өзін-өзі басқару ($r_s = 0.27$), өзін-өзі түсіну ($r_s = 0,29$) қасиеттері тән. Кәсіби-танымдық: танымға қажеттілігі (9,2), шығармашылыққа ұмтылу (9,8) жоғары. Әлеуметтік-қарым-қатынас: контактілігі (9,8), қарым-қатынастағы иілгіштігі (10,2) жоғары. Эмоционалды: өзінің эмоцияларын саналы түсініп, үнемі өзінің эмоция қорын толтыру (14,2), өзінің эмоциясын жақсы түсінуіне байланысты ішкі күйлерін де жақсы сезінуі (12,6), өзіндік мотивациясы жоғары (12,5), эмоцияларын басқару қабілеті орташадан жоғары (12,7).

Өзін-өзі белсендіруі төмен деңгейдегі оқытушылар 35%-ды құрады. Тұлғалық компонент: жанама агрессия, күдіктенушілік, вербалды агрессия және әсіресе мазасыздану ($p=0.39(0.001)$) жоғары, өзін-өзі сыйлау орташадан төмен, өзіне сенімділігі ($r_s = 0.32$), өзін-өзі басқару ($r_s = 0.3$), өзін-өзі түсіну қасиеттері төмен көрсеткіштер көрсетті. Кәсіби-танымдық: шығармашылыққа ұмтылу (7), танымға қажеттілігі (8) орташадан төмен. Әлеуметтік-қарым-қатынас: тұлғааралық қарым-қатынастағы коммуникативті қызметтерінің төмен деңгейі, мінез-құлықтағы иілгіштік 5,8-ге тең, яғни төмен. Эмоционалды: эмоционалды интеллекті орташадан төмен (55), эмоционалды хабардарлық (9) орташа, өзінің эмоцияларын басқара алу қабілеті төмен (7) өзге адамдардың эмоционалды күйіне әсер ете алу икемділігі (5,4) төмен, стрескетұрақтылық қасиеті төмен.

Сонымен, эксперименттік зерттеу жұмысының нәтижесінде зерттеу болжамымызда көрсетілгендей өзін-өзі белсендіруі төмен деңгейлі тұлғалар мен тұлғаның жағымсыз қасиеттері арасындағы тығыз өзара байланыстың барын анықтадық. Бұдан оқытушылардың жағымсыз тұлғалық-кәсіби қасиеттерінің көрсеткіштерін тұлғалық өсу, өзін-өзі белсендіру қажеттілігін дамыту арқылы түзете аламыз деген тұжырымға келеміз.

2.2 Білім беру субъектілері – ЖОО оқытушыларының тұлғалық-кәсіби қасиеттері дамуын психологиялық қамтамасыздандыру

Қазіргі уақыттағы мемлекет саясатында білім беру саласының жетекші ұстанымы – адамның өмірі мен денсаулығын сақтау, жалпыадами құндылықтарға ұмтылатын тұлға тәрбиелеу, тұлғаның еркін дамуын басты мақсат тұтатын ізгілендіру амалын жүзеге асыруды талап етіледі. ХХІ ғасырдың табалдырығында қоғамды ізгілендіру үдерісі өркениетті дамудың негізгі талаптарының бірі. ЮНЕСКО материалында да ХХІ-ші ғасырды «ағарту ғасыры» деп, әмбебаптылықтың үлгісі, эталонына айналған ізгілендіру амалды басты орынға қойып отыр. Білім беру жүйесін ізгілендірудің мақсаты – адамды, оны тұлғалық-кәсіби дамыту болып табылады, өйткені бір адамның дамуы барлық қоғамның дамуын анықтайды.

Тұлғаға-бағдарланған парадигма білім берудің заманауи міндеттеріне жауап бере алатын білім беру кеңістігін құрып отыр. Тұлғаға-бағдарланған модельді дамыту – адамзаттың «қоғамға-бағдарланған модельден» тұлғалық дамуды, салауатты өмір салтын ұстану мен рухани күшті нығайтуды көздейтін «тұлғаға-бағдарланған модельге» ауысып келеді. Осыған орай, әсіресе қазіргі таңда «тұлғалық-кәсіби өсу» мәселесі өзектілігімен алға шықты.

Аталған мәселенің өзектілігі аясында білім мен біліктіліктің белгілі деңгейін дамытумен шектелмейді, тұлғалық сапалары мен қасиеттерін одан әрі дамытуға әлеуетті, өзін бағалай алатын, рефлексиялық талдауға бейім келетін, кәсіби іс-әрекетінде өздігінен білімін жетілдіре алатын, өзін-өзі белсенділендіруге қабілетті мамандарға сұраныстардың жоғарылуымен айқындалып отыр. Н.В.Кузьмина кемелденген адамдардың кәсіби іс-әрекетінде жетістікке жетуін қамтамасыз ету – білім беру жүйелерінің ғана емес, олардың өзара жүйелерін, өзара әрекеттерін реттеу, жалпы алғанда қоғамды тұрақты дамытудың кепілі, екендігін анықтаған болатын [177].

Ұлт жоспары «100 нақты қадам» әлемдік бағдарламасында Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә.Назарбаев: «Ұлттың дамыған мемлекеттердің отыздығына кіруі үшін адам капиталының сапасын көтеруіміз қажет, бұл біздің негізгі байлығымызға айналмақ екенін», - айтты [6].

Ал, әлеуметтану ғылымдарының профессоры В.А.Занятин: «Адамзат капиталын қалыптастыру және дамыту – күрделі және ұзақ үдеріс, сол себепті оған кешенді, жүйелі бағытты ұйымдастыруымыз қажет» – деп, адам қабілетінің құрылымында өзара байланысты, бір-бірімен айқындалатын негізгі базалық бірнеше элементтерді бөліп көрсетеді:

- физиологиялық – денсаулығы, шыдамдылығы, біліктілігі мен дағдылардың жиынтығы;

- психологиялық – темпераменті, мінезі, ерік-жігері, жауапкершілік сезімі және т.б.;

- зияткерлік – ақыл-ойдың дамуы, білімінің деңгейі, жалпы және экономикалық мәдениеті, еңбек моралі;

- әлеуметтік – құндылық бағдарлары, қызығушылықтары, еңбекке қатынасы және тұлғааралық қарым-қатынасы [178].

Қарап тұрсақ, аталған элементтер жеке адамның тұлғалық-кәсіби өсуін, дамуын айқындап тұрғандай.

Біздің ойымызша, *оқытушылардың тұлғалық-кәсіби өсуі, дамуы олардың практикалық психология бойынша білім меңгермейінше мүмкін емес*. Өз кезеңінде ұлы ұстаз К.Д.Ушинский «Психология педагогикаға қосымша жүреді, әрі өзінің қажеттілігімен барлық ғылымдар ішінде бірінші орында тұрады» – десе, Л.С.Выготский: «Болашақта кез-келген мұғалім кәсіби жұмысын психологияның білімдеріне сәйкес құратын болады» - деп, психологияның педагогикалық іс-әрекеттегі өзектілігін көрсеткен [179, 228 б.; 180, 341 б.]. Ш.Құдайбердиев «Тіршілік - жан туралы» еңбегінде: «Сонша білімді адамдардың өзі өздерінің кім екендігін анықтай алмай жүр. Өзіміздің кім екенімізді білу үшін «Психология» атты ғылыми кітапты оқымасақ, жанның сырын анықтап, қасиеттерін білмесек, өзіміздің кім екенімізді анықтай алмаймыз» [181, 172 б.] – деп, бұл ғылымның адамның мінез-құлқын түзетуде, өзін-өзі тануда маңызын айқындап тұр. Бұл – әлемдегі өзінің орнын табуы, өзін-өзі тануы, өзінің мақсатына ұмтылуы, үнемі өзін-өзі белсендіруі мен өзін-өзі дамытуы, өзінің қорқыныштары мен жағымсыз эмоцияларымен күресуі, өзін жеңуі, өзін жүзеге асырудың жолдарын іздеу.

С.Л.Братченконың ғылыми идеяларында тұлғалық өсу – еркін болу, өзін және өмір жолын таба білуі, барлық негізгі тұлғалық қасиеттерін белсендіру және дамыту дейді. Зерттеуші үшін тұлғаның ішкі әлемі сыртқы әлемімен салыстыра қарағанда маңызды емес. Адам үшін өзге адамның тарапынан оның ішкі әлемін сыйлап, құрметтеуі мен қабылдауы маңызды. Демек, тұлғалық өсу тек тұлғааралық тұлғайшілікпен басылмаған жағдайда ғана мүмкін болады [182].

Осыған байланысты С.Л.Братченко тұлғалық өсудің тұлғайшілік және тұлғааралық көрсеткіштерді бөледі.

Тұлғааралық көрсеткіштерге:

- өзіне, өзінің мүмкіндігіне сенімді білдіретін *өзін-өзі қабылдауы*;

- *ішкі әсерлерге ашықтығы*, яғни өзінің ішкі әлеміндегі құбылыстарды субъективті түсіну қабілеті. Адам неғұрлым жан-жақты, кемелденген сайын, соғұрлым бұрмаланған әсерлерге тәуелсіз болады.

- *өзін түсіну*, өзі, өзінің күйі (тілектері, қалауы, ойлары, т.б), сезімі туралы пікірі, ойы; жалған бетперде, рөлдер, қорғаныс қабаттарынан өзін көру және есту қабілеті; баламалы және иілгіш «Мен» тұжырымдамасы, «Мен» – шынайы және «Мен» – идеалды арасының жақындығы, өзгерістер мен жаңа тәжірибелерге сезімталдығы;

- *жауапкершілікпен таңдау*; өзінің таңдау еркіндігіне ие екенін саналы түсініп қабылдауы, жауапкершілік алуы. Бағалаудың ішкі локусы – құндылықтарды таңдай білуі, бағалау жауапкершілігі, сыртқы ықпалға тәуелсіздігі. Соңғысы өзіне адал болу, өзінің дербестігі мен өзіндік ерекшелігі, өзін-өзі белсендіру алдында жауапкершілігі;

- *тұтастығы* – автор бойынша тұлғалық өсудің негізгі бағыты, тұлғаның ішкі әлемінің біртұтастығын білдіреді. Тұтастық пен бәсекелестік – адам өмірін тиімді реттеудің қажетті шарты.

- *динамикалық* – *үздіксіз өзгеру үдерісінде орын алатын тұлғайшілік бірлік, сәйкестік, өйткені жетілген тұлға* – қалыптасу үдерісіндегі тұлға, яғни тұлғаның өсуі, өмір сүру тәсілі. Сол себепті де тұлғалық өсудің маңызды шарты динамикалық болып табылады.

Тұлғалық өсудің интерперсоналдық көрсеткіштеріне:

- *өзгелерді қабылдау* – өзге адамдарға деген қарым-қатынасының динамикасы. Тұлға неғұрлым жетілген сайын, соғұрлым адамдардың болмысын табиғи күйінде қабылдауға қабілетті болады.

- *өзгелерді түсіну* – жетілген тұлға сенім-нанымдар мен стереотиптерге тәуелсіз болады, қоршаған ортаны баламалы қабылдайды. Тұлғалық өсудің негізгі көрсеткіші – тұлғааралық қарым-қатынаста өзгелерді түсіне алуы және көңіліне ортақтаса білу қабілетімен ерекше.

- *әлеуметтенушілік* – адамның үнемі фундаменталды ұмтылысы, тұлғалық өсу – нәтижелі әлеуметтік өзара қарым-қатынастарға әкеледі. Адам өзгелермен қарым-қатынасқа ашық және табиғи кейпін сақтайды, тұлғааралық қарама-қайшылықтарды құзыретті шешуге қабілетті, өзгелермен үйлесімді өмір сүруге тырысады.

- *шығармашылық бейімделу* – жетілген тұлғаның негізгі көрсеткіші, өмірлік мәселелерді қабылдауға дайын және оларды шеше алуы, барлық ішкі мүмкіндіктерін пайдалана отырып, жаңа жағдайға шығармашылық бейімделуі.

«Кейде түрлі өмірлік тәжірибелер, жағымды жағдайлар мен қолайлы сәттердің нәтижесі тұлғайшілік өсудің биік шыңдарына өздігінен шығаруына себеп болады. Алайда, көп жағдайларда бұл өте баяу жүретін үдеріс. Кез-келген сәтте оны саналы іс-әрекеттер мен мақсатқа бағытталған белсенді техникаларды қолдана отырып, жылдамдатуға болады» деген Р.Ассаджолидің пікірімен келісе отырып, біз білім беру субъектілерінің тұлғалық-кәсіби қасиеттерін дамыту үшін психологиялық қамтамасыздандыру мәселесін ғылыми негіздеуге көшеміз.

Бүгінгі таңдағы, ғылыми әдебиеттерді талдай отырып, біз психологиялық қамтамасыздандыру үдерісі (Ж.И.Намазбаева, Н.С.Ахтаева, Н.Б.Жиенбаева, С.М.Джакупов, Х.Т.Шерьяданова, А.Т.Акажанова, А.Р.Ерментаева, Л.О.Сарсенбаева т.б) оқытушылардың әлеуетті мүмкіндіктерін ашатын, тұлғалық өсуін қамтамасыз ететін, жоғарыда айтылған (1.3) тұлғалық көрсеткіштерді мақсатты дамыту-түзетуге болатынын дәйектеген біршама жұмыстардың барын байқадық.

Кәсіби іс-әрекетті психологиялық қамтамасыздандыру И.В.Дубровина, И.В.Вачков, Т.А.Подольский, А.И.Шнейдер т.б еңбектерінде кәсіби іс-әрекеттің, өндірістің тиімділігін жоғарылату, еңбек ұжымының моральді климатын жақсартуға бағытталған әдістер жүйесі деп беріледі [177, 183].

Кәсіби даярлау саласын психологиялық қамтамасыздандыру мәселесімен айналысқан Г.С.Никифорова, М.А.Дмитриева, Л.Н.Корнеева бойынша

психологиялық қамтамасыздандыру дегеніміз – онтогенездің барлық кезеңдерінде кәсіби іс-әрекеттің тиімділігін арттыруға бағытталған психологиялық білімдер жүйесі мен психологиялық әсер ету әдістерінің жиынтығы [183, 172-184 б.].

Сонымен, *психологиялық қамтамасыздандыру – адамның үйлесімді дамуы, табысты жұмыс жасауы мен оқуы үшін нақты әлеуметтік ортада әлеуметтік-психологиялық шарттарды құруға бағытталған, әлеуметтік-психологиялық қамтамасыздандырудың шеңберінде қолданылатын дербес диагностикалық, қалыптастырушы және түзету технологиясынан тұратын кешенді көмек көрсету үдерісі.*

Зерттеу жұмысымыздың нысанына сәйкес, тұлғалық-кәсіби өсуді ұйымдастыру – оқытушылардың тұлғалық, кәсіби құзыреттілігін жоғарылату, психологиялық мәдениетін қалыптастыру мен дамыту бойынша өздігінен білім алуына бағдар беру және өзін-өзі белсендідіруіне қажеттілігін арттыруға бағытталған шаралар жүйесінің жиынтығы. Қазақстанда білім беру үдерісінің субъектілерін психологиялық қамтамасыздандыру мәселесі Ж.Ы.Намазбаева, С.М.Джакупов, Х.Т.Шерьязданова, А.Т.Акажанова, А.Р.Ерментаева, Л.О.Сарсенбаева, Н.С.Лавриненко т.б ғалымдар еңбектерінде қарастырылып, дамыту модельдері нәтижелі қолданылып келеді.

Білім беру субъектілерін психологиялық қамтамасыздандырудың негізгі шаралары психологиялық мәдениетті және психологиялық құзыреттілікті жоғарылату бойынша психологиялық ағарту ісі, психологиялық зерттеу, кеңес беру, дамытушы-түзетуші жұмыстарынан тұрады.

Психологиялық ағарту жұмыстары – білім беру субъектілерінің психологиялық білімге қажеттіліктерін қалыптастыру, өзіндік даму үдерісінде қолдану дағдысына қызығушылықтарын ояту, үйлесімді тұлғалық даму үшін орта құру, тұлғаның тұрақтану барысында мүмкін болатын бұзылыстардың алдын алу.

Психологиялық ағарту жұмыстарының негізгі мәні:

- білім беру субъектілеріне тұлғаның үйлесімді психикалық даму заңдылықтарымен таныстыру;
- жаңа психологиялық зерттеулердің нәтижелерін түсіндіру;
- психологиялық білімге қажеттілігін қалыптастырып, өзіндік дамуға қызығушылығын ояту.
- кәсіби іс-әрекетінде, қарым-қатынаста өзін, өзінің мәнін түсіну дағдысын қалыптастыру [183, 172-187 б.].

Оқытушыларға *психологиялық ағарту шаралардың мақсаты* – оқыту-тәрбиелеу үдерісін ізгілендіруге қажетті психологиялық білім, білік пен дағды қалыптастыру, педагогикалық ұжым мен студенттік ортада үйлесімді психологиялық жағдай құрудың мәні мен тиімділігі туралы ақпарат беру.

Психологиялық зерттеу. Оқытушылардың тұлғалық-кәсіби қасиеттерінің даму деңгейлерін анықтау үшін *мониторинг* өткізу. Оқытушылардың психограммасына сәйкес кәсіби маңызды *қасиеттерді өлшеу.*

Кеңес беру жұмыстары. Оқытушыларға тұлғалық-кәсіби даму, денсаулықты сақтау, жұмысқа қабілеттілікті жоғарылату мәселелері бойынша кеңес беру жұмыстары. Кәсіби іс-әрекетке бейімделу мәселелері бойынша әдістемелік нұсқаулар дайындау, оқытушылардың тәжірибесі мен ерекшеліктерін ескере отырып, оқыту-тәрбиелеу үдерісін ұйымдастыру, педагогикалық ортада және оқыту-тәрбиелеу үдерісінде жағымды психологиялық ортаны қалыптастыру. Жекелік бағдарламаларды өңдеу бойынша ағартушылық жұмыстар дайындау т.б.

Дамытушы-түзетуші жұмыстар. Оқытушылардың тұлғалық-кәсіби даму бойынша көмек көрсету. Педагогикалық ортада өзара қарым-қатынас мәселесі бойынша қолдау көрсету. Кәсіби іс-әрекеттегі дағдарыстық кезеңдерде қолдау көрсету. Дамытушы-түзетуші тренингтік сабақтаржүргізу: мақсатқа жету мотивациясын, өзіне сенімділігін жоғарылату; дау-дамайларды тиімді шеше алу; кәсіби іс-әрекетте психологиялық денсаулықты сақтау мәселелері бойынша білімдер жүйесін қалыптастыру. Дамыту тренингтік бағдарламаларын мақсатты қолдануға баулу. Адекватты кәсіби өзіндік сананы қалыптастыру және оны түзету. Кәсіби іс-әрекетте психологиялық қиыншылықтарды жеңу бойынша жағымды қондырғы қалыптастыру.

Сонымен, *ЖОО тұлғалық-кәсіби қасиеттерін дамытуды психологиялық қамтамасыздандыру* – оқытушылардың тұлғалық-кәсіби дамуының әр кезеңінде психологиялық ерекшеліктерін және тұлғалық деңгейлерін ескере отырып, кәсіби санасын дамытатын, қалыптастыратын, түзететін, зерттейтін кешенді үдеріс.

Маман бойындағы тұлғалық-кәсіби қасиеттер, сапалар өмір бойы дамиды.

Психологияда «даму» түсінігі өмір сүру барысында пайда болатын өзгерістер мен жағдаяттардың реттілігі [184, 305 б.] деп қарастырылады. Ал педагогикада тұлғаның дамуы - ішкі қарама-қайшылықтармен, индивидтің психофизикалық ерекшеліктерімен, әлеуметтік жағдаяттармен детерминацияланған үдеріс, дамудың ішкі үдерісі мен сыртқы шарттардың ерекше өзара байланысы, өзін-өзі жетілдіруге бағытталған өзіндік белсенділігі [185, 201 б.]. Адамның алғашқы белсенділігі жеке өмір жолында түрлі мәселелі жағдаяттарда дұрыс және тиімді шешімді тауып, оны жүзеге асыру қажеттілігі туындаған кезіндегі адамның күйзелістерін бастан кешкенде, қолы жеткен және қажетті даму деңгейінің арасындағы ішкі қарама-қайшылықтардан тұрады. Даму нәтижесінде оның құрамы немесе құрылымы өзгертін объектінің жаңа сапасы пайда болады. Сонымен, «дамыту» түсінігі психологиялық-педагогикалық астарында алға қарай қозғалыс түсінігімен анықталады.

Аталған мәселеге сәйкес, біз оқытушылардың тұлғалық-кәсіби қасиеттерін дамытуды тұтас психологиялық-педагогикалық үдеріс деп қарастырамыз. Оқытушылардың тұлғалық-кәсіби қасиеттерін дамыту тұлғалық және кәсіби өсу деңгейлерін жоғарылатуға бағытталған біртұтас үдеріс.

Зерттеу жұмысымыздың нысанына оқытушылардың тұлғалық-кәсіби қасиеттерін дамыту жатыр.

Алдымен, зерттеу жұмысымыздың негізгі мақсаты бойынша сүйенетін әдіснамалық тұғырларды анықтадық: субъект-субъектілік, ізгілендіру жүйелі-іс-әрекеттік, тұтастық, кешендік, акмеологиялық.

Субъект-субъектілік тұғыр (И.А.Зимняя, Б.Ф.Демченко) – бұл субъект-субъектілік қатынастарға негізделген білім беру үдерісінде білім беретін мамандардың басымдығына сүйенетін оқыту формасы. Зерттеу мәселемізге сәйкес аталған амал білім берудің келесі міндеттерін шешеді: оқыту үдерісін белсендіру, оқуға мотивациясын жоғарылату, ойлауды белсендіру, білім алушы мен білім беруші арасындағы бөгеттерді бұзу, диалогтік қатынастарды жоғарылату, тұлғалық, кәсіби қасиеттердің, ынтымақтастыққа ұмтылыстың және әлеуметтік белсенділіктің байқалуына ықпалдасу.

Ізгілендіру тұғыр (Ж.Ж.Руссо, К.Роджерс, Н.К.Крупская, В.А.Сухомлинский, А.А.Бейсенбаева). Зерттеу жұмысымызда К.Роджерстің гуманистік теориясын басшылыққа алдық. Бұл теорияға сәйкес, әр ағза өз өмірін сақтап, жақсартуға ұмтылады. Адам мінезінің негізін туғаннан іске асатын жағымды конструктивті имульстер құрайды. Өмірлік тәжірибеде басқа адамдармен қатынас жасау арқылы адамға қатысты өзгелер тарапынан өзі туралы түсініктер қалыптасады, ол «Шынайы Менмен» анықталады. Өзінің мүмкіндіктерін іске асыру нәтижесінде адамның қалауы негізінде «Идеалды Мен» қалыптасады. Осы «Идеалды Менге» «Шынайы Мен» жақындауға ұмтылады. Адам бойында өзін-өзі сыйлау мұқтажы бар, сондықтан ол адамдардың өзіне деген оң қатынасын алуға тырысады. Тұлға тепе-теңдік сақтау үшін оның «Шынайы Мені» және оның сезімдері, ойлары, мінез-құлқы келісімді болуы керек. Міне, өзін-өзі белсендірудің мәні осында.

Л.С.Выготскийдің мәдени-тарихи тұжырымдамасына негізделген тұтастық тұғыр бойынша психикалық дамудың негізгісі функция аралық және жекеүдерістердің өзара байланысы басшылыққа алынады. Мұнда интеллект пен аффектінің өзара қатынастарының өзгерісінің маңыздылығы туралы айтылады. Зерттеуші бойынша психика дамуының барлық кезеңдерінде интеллект пен аффектінің өзара бірлігі сақталады. Бұл байланыс динамикалық және үнемі өзгеріп отырады. Бұған қоса, психикалық дамудың әр кезеңінде өзіне тән тұтас және ажырамайтын динамикалық, мағыналы, жүйелік құрылымдар болады. Интеллект пен аффектінің бірлігі мәселесі Л.С.Выготский бойынша адамның жанама мінез-құлығы мен оны реттеу үдерісін қамтамасыз ететін психикалық дамудың негізі ретінде қарастырылады. Аталған қағида психиканың тұтастығымен түсіндіріледі. Мәдени-тарихи теория психикалық қызметтердің сыртқы әлеуметтіктен жекелік-психологиялыққа (ішкі) ауысуымен айқындалады.

Л.С.Выготский тұтастық тұғырды дамыта отырып, тұлғаның жасаралық және жекелік ерекшеліктерін анықтайтын, ішкі және сыртқы шарттардың арақатынасын түсіндеретін дамудың әлеуметтік жағдаяты түсінігін еңгізді. Тұлғаның дамуы «интеллектуаландыру» және «волонтеризация» үдерістерінен тұрады. Мұнда адамға ғана тән ерекше түрткі күш болатын жоғары психикалық қызметтердің жүйесі пайда болады. Тұлға неғұрлым ортаның мүмкіндіктерін

пайдаланған сайын, соғұрлым өзіндік дамуы белсенді және еркін жүреді. Адам үшін орта – ықпал ететін шарттар мен әсерлердің кешені, табиғи әлеуметтік қоршаған ортасы. Осы таңда оқытушылардың алдына педагогикалық іс-әрекеттің әлеуметтік сұраныстарынан туындаған маңызды талаптарды шешу міндеттерін қойып, бойындағы тұлғалық-кәсіби қасиеттерді өз бетімен, дербес дамыту қажеттіліктерін қалыптастыру маңызды.

Аталған тұғырға сәйкес, оқытушылардың тұлғалық-кәсіби қасиеттерінің көрсеткіштері бір-бірімен байланысты және бір қасиеттің дамуы өзге қасиеттің дамуына немесе төмендеуіне әкеледі. Бұдан оқытушылардың тұлғасы тұтастығымен айқындалатынын байқаймыз. Психологияда барлық тұтас объектілер кеңістік пен уақыт континиумында динамикалық жүйеде үздіксіз жүреді.

Сонымен, тұтастық тұғыр танымдық және эмоционалды аспектілерінің өзара іс-әрекетте және бірлікте, өзара байланыста жүзеге асырылуына мүмкіндік береді.

Кешендік (Ж.Ы.Намазбаева) тұғырға сәйкес, дамудың әр кезеңінде өзіне тән көрсеткіштер мен деңгейлер болады. Осы таңда кешенді көмек көрсету үдерісі тұлғаның үйлесімді дамуына мүмкіндік береді.

Жүйелік-іс-әрекеттік тұғыр (А.Н.Леонтьев, Д.Б.Эльконин, П.Я.Гальперин) адамның психологиялық қабілеттері сыртқы заттық іс-әрекетті бірізділі өзгертулер арқылы ішкі психикалық әрекетке айналдыру нәтижесі деген ережеге сүйенеді. ЖОО оқытушыларының тұлғалық-кәсіби дамуы олардың қызметін ұйымдастыру сипатымен анықталады. Жалпы алғанда, ЖОО оқытушыларының тұлғалық-кәсіби қасиеттерінің дамуында жүйелік-іс-әрекеттік тұғыр білім берудің ең басты міндеттерін шешеді – үйлесімді, адамгершілік тұрғыдан жетілген, әлеуметтік белсенді, кәсіби құзыретті және ішкі қорлары арқылы өздігінен дамитын тұлға дамуына жағдайлар жасау. Жүйелік-іс-әрекеттік тұғыр тұлға дамуына, оның азаматтық ұқсастығын қалыптастыруға бағытталған, білім берудің жаңа стандарттарының негізін құратын құндылық бағдарларды анықтауға көмектеседі.

Акмеологиялық тұғыр (Н.Ф.Кузьмина, Т.М.Мажикеев, Н.А.Тифантиди, В.Н.Максимова, А.А.Деркач, А.А.Реан, Н.В.Кузьмина) – тұтас адамды шығармашылық, оқу-танымдық, кәсіби (дәріс беру) және басқару іс-әрекетінің субъектісі ретінде зерттейді.

Сонымен, жоғарыда аталған тұғырлар негізінде тұлғалық өсуге бағытталған психотехнологиялық дамытушы-түзетуші бағдарламасының әдістемесі өңделді.

Қазіргі таңда білім беру жүйесін психологиялық қамтамасыздандыру үдерісінде инновациялық психотехнологиялық әдістер қарқынды дамып келеді. Инновациялық технология [186-189] – жаңа еңгізілімді жүзеге асыратын әдістер мен құралдардың жиынтығы болып табылады. Инновациялық психотехнология тұлғалардың бәсекеге қабілеттілігін жоғарылату мақсатымен инновацияны меңгеруге, игеруге, таратуға бағытталған ғылыми, қаржыландыру, технологиялық және т.б шаралардың жиынтығынан тұрады.

Инновациялық психотехнология – қазіргі уақытта оқыту-тәрбиелеу үдерісінің тиімділігін жоғарылатуға әкелетін, білім беру субъектілерінің іс-әрекеттегі белсенділіктеріне қажеттіліктерін қанағаттандыру үшін диагностикалық, дамыту, түзету және алдын алуға арналған жүйелі үдеріс.

Психотехнологияның көптеген тәсілдері бар және зерттеу мақсатына сәйкес қолдану түрлері де ауқымды. Біз акмеологиялық амал шеңберінде А.П.Ситников [189] өңдеген психотехнологияға сүйенеміз. Оның бұл үлгісі П.Я.Гальпериннің ақыл-ой дағдыларын қалыптастыру теориясының негізінде құрастырылған. П.Я.Гальперин заттық іс-әрекетті түсіну және оны орындай алу қабілеті деп екіге бөліп қарастырады.

А.П.Ситников «психотехнологияның» төрт анықтамасын берді. Негізгі анықтамасы бойынша психотехнология дегеніміз – іс-әрекеттер мен операциялардың жиынтығы болып табылады:

- ретке келтіріліп жүзеге асырылатын іс-әрекеттер мен операциялар ретіндегі психотехнология немесе басқаша оны «психотехнологияны жүзеге асыру» деп атайды;

- бірізді мақсатқа бағытталған нақты іс-әрекеттер мен операциялардың жиынтығын ұйымдастыру тәсілі ретіндегі психотехнология;

- мақсатқабағытталған жүйелі іс-әрекеттердің ғылыми құралдарын сипаттау, олардың ретін анықтау, тиімді қолдануға мүмкіндік беретін іс-әрекеттерді ұйымдастыру тәсілдерінің заңдылықтарын зерттейтін психотехнология. Бұған «психотехнологиялық зерттеуді» жатқызуға болады.

- тәжірибеде іске асыру мақсатын көздейтін іс-әрекеттер мен операцияларды ұйымдастыруды жүзеге асыратын тәсілдерді сипаттаудың нәтижесі. Бұл психотехнологияның мазмұнымен түсіндіріледі.

Сонымен, психотехнология – тұлғаның дамуына бағытталған психологиялық әсер ету әдістерінің жүйесі.

Зерттеу барысында ЖОО оқытушыларының тұлғалық өсуіне арналған психотехнологияның дамытушы-түзетуші бағдарламасының мазмұны жасалды (Кесте 14).

Психотехнологиялық дамытушы-түзетуші бағдарламасын жүзеге асыру 3 кезеңнен тұрады: дайындық, дамытушы-түзетуші және қорытындылау. Әр кезеңнің мақсаты мен жүргізілу барысы және мазмұны төмендегі кестеде берілген (Кесте 15).

Кесте 14 - ЖОО оқытушыларының тұлғалық-кәсіби өсуіне бағытталған психотехнологиялық дамытушы-түзетуші бағдарламасының мазмұны

Бағдарламаның мақсаты	Кезеңдері	Шараның түрлері	Бағыттары	Құрылымы
ЖОО оқытушыларының баспатқы тұлғалық-кәсіби қасиеттерінің деңгейлерін анықтау	I.1 Дайындық	Диагностикалау	ЖОО оқытушыларының өзін-өзі белсенділендіру деңгейлерін анықтау; Тұлғалық-кәсіби қасиеттердің өзбелсенділенімімен байланысын анықтау, нәтижелерін шығару	II.1 Диагностикалық-жобалаушы;
Тұлғалық-кәсіби өсуге бағытталған шаралар жүйесін мақсатты жүргізу	I.2 Дамытушы-түзетуші	Дамытушы-түзету жұмыстары	Психотехнологиялар (Миға шабуыл, Ашық кеңістік, Аквариум, Кейс-стади, рөлдік ойын т.б) ЭПТ	II.2 Мотивациялық; II.3 Мазмұндық; II.4 Ұйымдастырушылық
Кәсіби іс-әрекетке қажет психологиялық білімдер қалыптастыру		Психологиялық кеңес беру, ағарту жұмыстары	1. Дәріс оқу 2. Психологиялық қамтамасыздандыру бойынша әдістемелік құралдар дайындау.	
ЖОО оқытушыларының қалыптасу тұлғалық-кәсіби қасиеттерін анықтау	I.3 Қорытындылау	Диагностикалау	1. Практикалық және бақылау топтары бойынша оқытушылардың тұлғалық-кәсіби қасиеттерінің қалыптасу деңгейлерін анықтау. Арасындағы байланыстың сенімділігін математикалық-статистикалық өңдеу.	II.5 Бағалаушы-диагностикалық.

Кесте 15 – Психотехнологиялық дамытушы-түзетуші бағдарламасын жүзеге асырудың кезеңдері

Шараның кезеңдері	Мақсаты	Шараны жүргізу барысы	Шаралардың мазмұны
Дайындық кезең (4 сағат)	1.Оқытушылардың тұлғалық-кәсіби қасиеттерін дамытуға арналған психологиялық-педагогикалық орта құру.	Дамытушы-түзетуші бағдарламасының мақсаты, міндеттерін анықтау. Психодиагностика-лық зерттеулердің нәтижелерін шығару; Дамытушы-түзетуші бағдарламасының мазмұнын өңдеу.	1. Кіріспе 2. Танысу 3.Оқытушылардың мотивацияларын қалыптастыру; 4.Психодиагностикалық жұмыстар; 5.Анықтаушы эксперимент; 6.Қалыптастырушы экспериментке дейінгі бақылау және практикалық топтарды іріктеу, тұлғалық-кәсіби қасиеттерінің деңгейлерін анықтау, өзара байланыстарының ерекшеліктерін ашу.
Дамытушы-түзетуші кезең (36 сағат) Барлығы 3 сағаттан 12 күнге арналған	Бағдарламаның мақсатына сәйкес шараларды жүргізу.	Психологиялық ағарту жұмыстары, диагностика, ӘПТ, психотехнологияла, тұлғалық мәселе бойынша кеңес беру жұмыстары.	1. Кіріспе 2.Танысу 3. Қыздыру сәті 4.Дамытушы-түзетуші шаралар 5. Қорытындылау
Қорытындылау (4 сағат)	Оқытушылардың тұлғалық-кәсіби дамыту бойынша ақпараттар беру.	Тұлғалық-кәсіби қасиеттерінің динамикасын анықтау.	1. Кеңес беру жұмыстары. 2.Эксперименттік топқа қайта психодиагностикалық жұмыстар жүргізіп, экспериментке дейінгі және эксперименттен кейінгі зерттеу нәтижелерін салыстыру. Математикалық талдау жүргізу.

Психотехнологияның дамытушы-түзетуші бағдарламасының құрылымы

II. 1 Диагностикалық-жобалаушы құрылым тұлғалық-кәсіби қасиеттердің даму деңгейін анықтау және кейінгі оны дамытудың жобалау үлгісін қарастырады. Аталған құрылымның қызметі сандық және сапалық мәліметтерді талдап, соның негізінде дамыту жобасын құрастыру.

II. 1.1 Диагностикалық деңгейде жүргізілетін зерттеу әдістерінің нәтижелеріне сәйкес көрсеткіштер анықталады.

Аталған жұмыстар ғылыми мәліметтерге сүйенген эксперименттік іс-әрекеттерден тұратын психологиялық диагнозды құруға негізделген. Психологияда диагноз – тұтас және жан-жақты зерттеудің негізінде қызмет ету

барысындағы тұлғаның жеке көрсеткіштеріне баға беру. Диагностиканың нәтижелері оқытушылардың тұлғалық қасиеттерін дамыту бойынша болашақ жүргізілетін жұмыстарды даярлауға қызмет етеді.

II. 1. 2 Оқытушылардың тұлғалық-кәсіби қасиеттерін дамытуды жобалау.

Зерттеу мәселесіне сәйкес психотехнологиялық әдістердің жиынтығын қамтитын «Білім беру субъектілерін тұлғалық-кәсіби дамыту» атты психотехнологиялық бағдарламаның құрылымдық-мазмұндық жүйесін логикалық ұйымдастыру, тәжірибеде қолдану оқытушылардың тұлғалық, кәсіби-маңызды қасиеттер тарапынан қойылатын талаптарды қанағаттандыруға мүмкіндік береді.

Психотехнологияның дамытушы-түзетуші бағдарламасының мақсаты: Оқытушыларды тұлғалық-кәсіби өсуін психологиялық қамтамасыздандыру (Қосымша 3).

Тұлғалық өсуге бағытталған психотехнологиялық дамытушы-түзетуші бағдарламаны жүзеге асырудың әдістемесі мазмұны [32, 172, 177, 183, 192, 193, 194]:

Күн 1. Тұлға және кәсіби маман ретінде «Мен»

Сабақтың мақсаты:

1. Тұлға, индивид, субъект, даралық ұғымдары туралы ақпарат беру.
2. Психологиядағы негізгі тұлға теорияларымен таныстыру.
3. Топ мүшелерімен жақын танысу.
4. Қатысушылардың қызығушылықтарын ояту.

Жоспар:

1. Шетелдік тұлға туралы теориялар.
2. Ресейлік, Отандық зерттеушілердің еңбектеріндегі «тұлғаның» мәні.
3. Индивид. Субъект. Тұлға. Даралық.

Сабақ алдында оқытушылардың мазасыздану, үрей, қорқыныш, қобалжу сезімдерін төмендетіп, психологиялық барьерді жеңуге көмектесетін дайындық кезеңі жүргізіледі.

Топ жетекшісі (ТЖ) бастайды: «Бүгін бәріміздің бірге жиналғанымызға қуаныштымын. Қазір демалып, өзіміз және достарымыз туралы ақпарат алатын мүмкіндігіміз бар. Ең бастысы бір-бірімізбен кездескенімізге қуанышты сезімімізді айта аламыз. Қазір бәріміз орнымыздан тұрып, осы қуанышты сәтімізбен бөлісейік!».

Пікір алысу: Сізге кімнің сәлемдесуі ұнады және қандай әсер қалдырды?

Қыздыру сәті. ТЖ: «Қазір нұсқау бойынша мен айтқан пікірлерді қолдайтын адамдар өзара орындарымен алмассын».

1. Таңертең қуанышты сезіммен ояндым. 2. Биыл теңіз жағалауында демалдым.

3. Менің көңіл-күйім керемет! 4. Орманға саңырауқұлақ теруге бардым. 5. Мен әлемдегі ең сұлу жанмын! 6. Биыл егін жинадым. 7. Бүгінгі күн керемет өтетініне сенімдімін! (Рахмет!)

Танысу: ТЖ: Біздің алдымызда біріккен іс-әрекеттерден тұратын жұмыстар тұр. Сол себепті бір-бірімізбен жақын танысып есімдерімізді жаттайық. Осы тренингте шынайы өмірімізде енді мүмкін болмайтын өзімізге «Есім» таңдау сәті бұйырып тұр. Көбіне бізге ата-анамыздың қойған есімі немесе біреулердің атаған есімдері ұнамауы мүмкін. Қазір 30сек ішінде өздерін қалаған, армандаған, ұнаған ойын есімін атауға болады. Алдағы сабақтарда топ мүшелері бір-бірімен осы айтылған есім бойынша қарым-қатынас жасайды.

ТЖ: Есімді анықтап болсақ, бір-бірімізді көре алатындай, шеңбер құрып отырамыз. Барлығымыз ойын есімдерімізді тез жаттап алу үшін, бірінші есімін айтқан қатысушыдан соң, екінші қатысушы өзінің ойын есімімен қатар, алдағы бірінші қатысушының ойын есімін қоса айтады. Жаттығу барлық қатысушылар өздерінің есімдерін айтып болғанға дейін жалғасады, соңғы есімін айтқан қатысушы алдында айтылған есімдердің барлығын қайталайды. Жазып алуға болмайды, есте сақтап есімдерді бір-бірінің көзіне қарап айту қажет.

Танысудан кейін ТЖ әр қатысушының алдағы сабақтардан күтетін және қалайтын тақырыптары туралы сұрайды. Топ мүшелері келесі сөз тіркесін жалғастырады: «Мен мұнда келдім». ТЖ топ мүшелерінің барлық ұсыныстары мен тілектерін жазып алады.

Дәрістің алдында аңыз оқылады:

«Жас адам туралы» аңыз (ертегі терапиясы)

Бір елде қазіргі әлемдегі жағдайлар ұнамайтын және барлық өзінің мүмкіндігімен әлемді өзгертуге шешім қабылдаған ересек адам өмір сүреді. Мектепті, халықаралық қарым-қатынастар институтын алтын медальмен бітіріп, дипломат атанып, бар күшімен әлемді өзгертуге тырысады. 15 жыл өткен соң, күйінішпен әлемнің өзгермегендігін байқайды. Осыдан соң, өзінің әсер ететін кеңістік шекарасын кеміту туралы ойланып, туған өлкесіне оралады. Осы жерде мақсаттарын жүзеге асырады: адамдарға жаңа үй салады, материалдық жағдайларын жақсартады т.б. Тыным таппай жұмыс жасайды. Бірақ 10 жыл өтсе де ауылындағы өмірінің өзгермегенін, адамдардың баяғы күйінше іс-әрекеттенгенін күйінішпен көреді. 5 жылдан кейін де еңбегінің нәтижесін көрмейді. Содан, өзін өзгерту туралы ойланып, өзінің әлемге деген көзқарасын қайта қарайды. Адамдарға деген қатынасын өзгертеді, нәтижесінде адамдардың, әлемнің және қоршаған ортаның өзгергенін байқайды.

Пікір-талас: «Адам өзін өзгертуі керек пе?»

Пікір алысып болған соң, келесі сұрақтар қойылады:

1. Қандай белгілі тұлғаларды білесіздер?
2. Олардың есімдері неліктен белгілі және бойындағы қандай қасиеттерді ерекше атап өтер едіңіз?
3. Сізді тұлға ретінде қандай қасиеттермен сипаттауға болады?

«Өмір туралы шындық» аңыз әңгіме

Бір данышпан аспанға түсіп періштемен кездеседі.

- Жерде қалай өмір сүрдің? - деп сұрады Періште.

- Мен үнемі шынайы дүниелерді, әділдікті іздеумен келем..., - дейді

Данышпан.

- Бұл керемет! — деп мақтайды Періште.
- Ал, осы шындыққа жету жолында не істедің?
- Білімді, даналықты ақылды адамдардан сұрап, жазып отырдым, көп кітап оқыдым, — деп данышпан Періштеге жауап береді. Періште жымияды.
- Данышпандық дін адам арқылы беріледі, сол себепті қасиетті жерлерге барып, жазбаларды талдадым, мешіттерді араладым, - деп Данышпан сөзін одан әрі жалғастырады...
- Періштенің көңіл-күйі көтеріледі.
- Мен жер шарын араладым, басқа данышпандармен айтыстым, соның нәтижесінде жаңа шындықтарды таптым.
- Періште бар көңілімен күледі. Данышпен үндемей қалады... Періштенің жүзі күңгірттеніп, жүзіндегі күлкісі басылады...
- Мен дұрыс жасамадым ба? - Данышпан таңқалып сұрайды.
- Дұрыс, бірақ Сен Махаббат туралы ешнәрсе айтпадың, - дейді Періште.
- Менің оған уақытым болған жоқ, себебі үнемі шындық іздеумен болдым! — деп Данышпан маңғазданып жауап береді.
- Махаббат жоқ жерде шындық та болмайды... Шындық махаббаттан туындайды, - деп Періште мұңлы күйінде жауап қайтарып жоқ болып кетеді.
- Пікір-талас: «Махаббаттың біздің өмірімізде орны»

Психологиялық өмірбаян

Мақсаты: өткен шақтың осы сәтке ықпалын саналы түсіндіру.

Өмірбаян сыртқы жағдайларды тізіп қана қоймайды, ішкі ойларды, толғаныстарды, іс-әрекеттерді суреттеу болып табылады. Жазудың стилі ауқымды болуы мүмкін: хронологиялық тұрғысынан, яғни өмір жылдарына сәйкес: маңызды өмір кезеңдері немесе екеуінің синтезі.

Егер өмірбаянның мазмұны ұзаққа созылып, байланыссыз жазылса, Сіз өз өміріңіздің жолын елестете алатындай қысқа, нұсқа орналастыруға болады.

1. Сіздің дамуыңыз.

Әр өмір кезеңін суреттеңіз... Қалай өзгердіңіз? Қоршаған ортаның Сіз туралы көзқарасы өзіңіз туралы пікіріңізбен сәйкес пе? Қоршаған ортаның сүйіспеншілігіне бөлену үшін немесе олардан алшақ болу үшін бойыңызда қандай қасиеттерді түзеттіңіз?

Бойыңызда ұнайтын және ұнамайтын қасиеттер? Басқа жыныста болсаңыз, Сіз ұнайтын және ұнамайтын жақтар?

2. Арнайы сұрақтар.

Балалық шақта есте қалған оқиға? Оның шынайылығы немесе қиялдан туындағаны маңызды емес. Жағымсыз сезімді тудырған сәтті еске түсіріңіз (мысалы, ауру, өлім, ата-ананың ажырасуы, зорлық т.б) Олардың Сізге қалдырған әсері?

3. Жол және өмірдің мәні.

Өміріңізді суреттей отырып, өмірлік жолыңыздың архетипін анықтауға тырысыңыз. Өміріңіз туралы миф, метафора немесе ертегі ойлап шығаруға болады. Архетип формасында негізгі кейіпкерлерді жазыңыз. Оларға қандай

тақырып берер едіңіз? Өмірлік тәжірибеңізге қосар едіңіз бе? Өміріңіздің мақсаты мен мағынасын қалай көресіз?

Дәрістің қысқаша мазмұны:

Іс-әрекеттік амал (А.Н.Леонтьев, Л.С.Выготский, С.Л.Рубинштейн т.б). Гуманистік теория (А.Маслоу, К.Роджерс). Акмеологиялық амал (А.А.Деркач, А.А.Бодалев, В.Г.Зазыкин). Ж.Ы.Намазбаеваның кешендік амалы.

Индивид. Субъект. Тұлға. Даралық ұғымдары.

Қорытындылау

Үйге тапсырма: 1. Белгілі ғалымдардың жеке адам, тұлғаға байланысты цитаталарын талдау.

2. Әсер ету саласы. Әр салаға барынша көп проблемаларды жазу.

А саласы – өзім шеше алатын проблемалар;

В саласы – өзім шеше алмайтын, бірақ оларға әсер ете алатын проблемалар;

С саласы – басқара алмайтын проблемалар;

А саласы	В саласы	С саласы
А және В	саласына әсер ететін,	кеңейте алатын мүмкіндіктерім
Өзім әсер ете алмайтын факторларды қалай қолдануға болады?		

Көп адамдар өздерін өзгерте алмаймыз деп ойлайды. Нақты тұлғалық ерекшеліктерге байланысты кәсіби салада немесе әлеуметтік қарым-қатынаста қиыншылықтарды сезіп, өздерін тұрақты өзгермейтін абсолютті тұлға деп қабылдауға бейім келеді («Менің осылай үнемі жолым болмайды»).

Өзін-өзі бағдарлау неғұрлым иілгіш болған сайын, адам соғұрлым толық жетіле алады.

Кеңес! Өзінің көңіл-күйі мен мінез-құлығынды белсенді басқару үшін өзінің қабілеті мен мүмкіндігінді жаттықтыру қажет.

Күн 2.

Мақсаты: 1.Топпен жұмыс жасау үшін үйлесімді орта құру;

2. Қатысушылардың өзін-өзі тану мотивациясын қалыптастыру;

3. Кәсіби іс-әрекеттің тұлғалық және жалпы мағынасын саналы түсінуге көмектесу;

4. Тиімді кәсіби іс-әрекетті стимулдайтын немесе кедергі болатын өзіндік тұлғалық ерекшеліктерді саналы түсіндіру.

Қыздыру сәті: «Алтылық» жаттығуы

Қатысушылардың тез жинақталуына және зейіндерін аударуға көмектесетін өте қарапайым және көңілді ойын. Барлық қатысушылар шеңбер жасап тұрады. Топ мүшелері 99-ға дейін кезекпен санайды, 6-ға бөлінетін және соңында 6-сы бар сандар кездескен сәтте үндемей жай ғана орнынан секіріп, қолдарымен шапалақтап, санауды жалғастырады. Қателескен қатысушы ойыннан шығады. Жаттығуды үш зейінді қатысушы қалғанға дейін жалғастыруға болады.

«Өткеншек» жаттығуы

Құрал - жабдықтар: дәптер және қалам.

Тренинг барысында топ мүшелерінің адамдардың алғашқы байланыстағы сезінген күйлері арқылы өздеріне қатысты ақпарат ала алады. Өзі туралы кері ақпарат алу үдерісі келесідей ұйымдастырылады: әр қатысушы өзара іс-әрекеттегі алғашқы күйлерін сезінуі қажет. Барлық қатысушы қолдарына бір дәптерден алып жұптарға бірігеді және қарсы серіктесіне дәптерлерін ұсынады. Серіктестер дәптерге дәптердің иесі туралы алғашқы сезінген сезімдерін, күйлерін жазады. Дәптер өзінің иесіне оралған соң, басқа қатысушыға беріледі. Осылайша, жаттығу барлық қатысушылар бір-бірі туралы ақпарат алғанға дейін жалғасады.

ТЖ бір қатысушыдан екінші қатысушыға дәптердің берілу және тапсырманың дұрыс орындалу ретін қадағалайды.

Жаттығу барысында ТЖ белгі беретін сөздері:

1. Дәптерлеріңмен алмасып, жазуға көшіңіздер...
2. Дәптерлеріңізді қайтарыңыздар ...

Жаттығу үнсіз орындалады. Көп жазудың немесе «Не жазамын?» - деп ойланудың қажеті жоқ. Бұл Сіздің алғашқы сезіміңіз, басқалар үшін оқыс болғанымен құнды болуы мүмкін. Біз әр адамның бізді түрлі қабылдайтынын байқаймыз. Мұны әрқашан есте сақтау қажет.

Орындауға қажет екі ереже:

- Жаттығудың соңына дейін дәптерге қарамау;
- ТЖ бұйрығымен ғана дәптерді келесі адамға тапсыру.

«Адамзат үшін мен сыйлықпын» жаттығуы

Әр адам – әмбебап жан. Әрқайсымызға тән ерекшеліктер бар. Қазір адамзат үшін сыйлық бола алатын бойымыздағы әмбебаптығымыз және қайталанбастығымыз туралы ойланайық.

Келесі сөз тіркесін жалғастырыңыз: «Мен , сондықтан адамзат үшін сыйлықпын».

«Бес қадам» жаттығуы

Мақсаты: қатысушылардың өмір жолындағы және кәсіби іс-әрекетіндегі мақсаттарын жоспарлауға дайындау, өзінің кәсіби мақсаттарын мүмкіндіктерімен сәйкестендіру.

Жаттығу шеңберде орындалады.

Кезеңдері:

- Топ жетекшісі қызықты бір кәсіби мақсатты анықтауды ұсынады. Мысалы, жұмыстың тиімділігін немесе сапасын қалай жоғарылатуға болады? Топтың мақсаты анықталса, тақтаға ілінеді.

- Топ жетекшісі осы мақсатқа жету үшін адамда болуы қажет қасиеттерді анықтауды тапсырады. Қатысушылар оның негізгі ерекшеліктерін келесі ретпен суреттеуі тиіс: жынысы, жасы, кәсіби және тұлғалық қасиеттері, жағдайы, әлеуметтік статусы. Мінеземелер қысқаша тақтаға ілінеді.

- Әр қатысушы жеке параққа мақсатқа жету үшін бес негізгі қадамды бөлуі керек. Оған 5 мин. уақыт беріледі.

- Айтылған пікірлер 4-5 адамнан құралған топтарда талқыланады. Топ ішінде мақсатқа жету әдісі қызықты, ұтқыр деп танылған ұсыныстаранықталады. Кейін мәселе талданып, жаңа параққа ең тиімді бес кадам жазылады. Оған 5-7 минут уақыт беріледі.

- Әр топ өкілі топтық пікірталаста бөлінген маңызды бес кадам туралы өздерінің пікірлерін айтады. Қалған қатысушылар анықтаушы қосымша сұрақтар қояды. Уақыт қалса дискуссия ұйымдастырылады.

- Сабақ соңында әр топтың ұсыныстарын қорытындыланып, ұқсас нұсқалар анықталады. Аталған кадамдардың қаншалықты тиімді, ұтымдылығы, шынайылығы туралы пікір алысады.

«Бізді біріктіреді» жаттығуы

Құрал-жабдықтар: доп

«Сіздің жұмыс күніңіз аяқталғалы жатыр... . Сіз бүгін жақсы жұмыс жасадыңыз, белсенділік таныттыңыз, өзара тәжірибемен алмастыңыз, өзіңізді көрсеттіңіз. Осы күнге дейін бір-біріңізді жақсы таныдыңыздар. Біздің топқа қараңыздар. Бір-біріңізді не біріктіреді? Отырғандардың ішінде қасиеттері Сізге ұқсайтын тұлғалар бар ма?»

Нұсқау: Допты ұстап тұрған оқытушы өзінің бойындағы бір қасиетімен ұқсас топ мүшесіне: «Біз екеуімізді біріктіреді», - деп допты лақтырсын. Допты қабылдаған қатысушы келіссе «Рахмет», ал келіспесе «Мен ойланамын» деп жауап береді. Сонымен бір-бірімізге қарап, ортақ қасиеттерді тауып көрейік!

«Менің кәсіби іс-әрекетім» топтық пікір-талас

Мақсаты: өзінің тұлғалық, кәсіби әлсіз және күшті жақтарын саналы түсіндіру.

Талқылауға арналған сұрақтар:

1. «Кәсіпке сай маман» дегенді қалай түсінесіздер?
2. Мен өзімнің кәсіби болашағымды қалай елестетемін?
3. Кімнің кәсіби іс-әрекеті маған демеу, үлгі бола алады?»
4. Өзімнің әлеуетімді толық ашу үшін маған әсер ететін кедергілер?
5. Мен өз уақытымды тиімді пайдалана аламын ба?
6. Менің жұмысымның және өмірімнің маңызды неде?
7. Менің оқытушы болғаным дұрыс па?
8. Маған оқытушылық қызмет ұнайды ма?

Қорытындылау

Күн 3. Тұлғалық-кәсіби қасиеттер

Мақсаты: 1. Өзіндік диагностика және өзін-өзі көрсету тәсілін игеру;

2. Өзінің тұлғалық ерекшеліктерін саналы түсініп, өзіне және өзінің тұлғасына жағымды қатынасты қалыптастыру.

Қыздыру сәті: «Шиеленіскен бау»

Топ мүшелері шеңберге тұрады. Көздерін жұмып, оң қолдарын алға қарай созады. Түйіскен қолдар бірін-бірі ұстайды. Кейін топ мүшелері сол қолдарын алға қарай созып, өздеріне серіктес іздейді. ТЖ қолдардың бірін-бірі ұстауына

көмектеседі және қатысушының бір емес екі адамның қолын алуын қадағалайды. Топ мүшелері көздерін ашпай, шиеленісуі керек.

«Мен қандаймын?» жаттығуы

Құрал-жабдықтар: әр қатысушыға парақ және қалам

Нұсқау: Бұл сұраққа сын есім арқылы жауап беруге тырысыңыз. Бойыңыздағы қасиеттер төменде аталған бөлімдердің қайсысына жататынын анықтаңыз:

«Мен-физикалық»	«Мен-интеллектуалды»	«Мен-эмоционалды»	«Мен-әлеуметтік».
..., ...,, ...,, ...,, ..., ...

Егер бөлімдер арасындағы айырмашылық 1-2 балды құраса, бұл қалыпты болып саналады. Демек, Сіз өзіңізді адекватты, дұрыс бағалайсыз. Белгілі бір бөлімнің басқа бөлімдерден басым болуы адамның өзіне және қоршаған ортасымен қарым-қатынасына жағымсыз әсер етуі мүмкін. Барлық бөлім арасындаға қасиеттер тең болуы қажет.

«Үйшіктер» жаттығуы

Нұсқау: «Үш адамнан құралған топ құрыңыздар. Әр үштік бір үйшікті құрайды - ортасындағы адам сол үйдің тұрғыны. Жан – жағындағы адамдар бірінің қолын бірі ұстап, үйшікті құрайды.

Біздің өмірімізде түрлі жағдайлар болып жатады. Біз солардың үшеуін қазір көрсетуге тырысамыз. «Көш!» деген бұйрықта үйдегі адамдар үйлерімен алмасады, яғни басқа үйге қоныстанады. Үйшіктер бір орында тұрады. «Жөңдеу!» дегенде үйдегі адамдар бір орында қалады, үйшіктер өзара алмасады. «Жер сілкінді!» дегенде үй адамдары мен үйшіктер жаңа үштік құру қажет. Зейін қойыңыздар, бастаймыз!».

«Үстел үстіндегі әңгіме» жаттығуы

Топ мүшелері бөлмеде еркін қозғалады. ТЖ жағымды атмосферасы бар, дәмханасы керемет ресторандағы үстел үстіндегі әңгімені суреттейді. Кейін ТЖ «Екі адамға арналған үстел» деген бұйрықта әр қатысушы өзіне жақын жұпқа бірігіп, «Мен күшімді қалай қалпына келтіремін?» тақырыбында әңгіме қозғайды. Кейін «Төрт адамға арналған үстел!» деп айтқанда әр жұп басқа жұппен бірігуі қажет. Олар өздерінің есімдерін айтып, «Бос уақытымда ... айналысқанды жақсы көремін» атты тақырыпта әңгімелеседі. Ойынның келесі кезеңі – «Сегіз адамға арналған үстел!» деп аталады. Барлық квартеттер келесі квартетке бірігеді. Қатысушылар бір-бірімен танысып «Менің міндетті түрде баратын жерім» атты тақырыбында әңгіме өрбітеді.

Алған әсерлермен бөлісу:

1. Топ мүшелері туралы мен не білдім?
2. Ең қызық және кенеттен пайда болған жағдайлар?

«Менің бейнелерім» жаттығуы (Ролдік ойын технологиясы)

Мақсаты: өзі туралы ақпаратты толықтырып, өзіне үйреншікті емес ақпаратты қалыптастыруға икемділікті дамыту.

Құрал-жабдықтар: фломастер немесе қарындаш, әр топтың мүшесіне А4 форматтағы парақ.

Өткізу барысы: Қарындаш немесе фломастер, парақ алып, топ мүшелері аудиторияның кез-келген жеріне орналасады. Мүмкіндігінше бір-бірінің қасына отырмасын. Парақтың бетіне «Мен - осы сәттегі оқытушы» және «Мен - идеалды оқытушы» ретінде өздері туралы сурет салуы керек. Суретке кәсіби күйді бейнелейтін, салыстыратын картинаны, табиғатты, фантастикалық әлемді, күрделі сюжетті оқыс оқиғаны салуға болады.

Суретті салу үшін нақты уақыт беріледі, топ мүшелерінің қалауымен сурет салу тоқтатылады.

ТЖ суреттерді жинап, араластырады. Кейін бір суретті алып топта демонстрациялайды. Әр қатысушыдан суретті салған адам туралы пікірлерін сұрайды. Біреулер бір ғана сөзбен, басқалары жан-жақты сипаттауы мүмкін. Барлық топ мүшелері қатысады, суреттің авторы өзінің салғанын білдірмей пікірлерді жалғастыруы қажет.

«Қарым-қатынастағы бетперде» жаттығуы

Жаттығу шынайы және ашық қарым-қатынастағы өзінің дербес іс-әрекетін саналы бақылауға арналады. ТЖ келесі жазулары бар карточкаларды ұсынады:

- а) Қарым-қатынасқа түсуден қашамын;
- ә) Салқынқандымын;
- б) Өзімді жоғары бағалаймын;
- в) Агрессивтімін;
- г) Тыңдаймын, айтқанды орындаймын;
- д) Мейірімдімін немесе эмоционалды күйін түсіне аламын;
- е) Қалыпты көңілді күйдемін.

Енді топ мүшелері өздерінің бетперделерін ашады.

1 нұсқа. Әр қатысушы бетпердені бейнелейтін жағдайды ойдан құрастыруына болады немесе еске түсіруі керек.

2 нұсқа. Әр қатысушы өзіне серіктес алып, бетпердеге сәйкес сөзсіз немесе сөзбен бір жағдайды ойдан шығару. Бетпердені бетте екі минуттан кем ұстау қажет.

3 нұсқа. Жаттығудан соң үйге тапсырма: Сіз өміріңізде қандай бетперделерді жиі киесіз? Оның қарым-қатынастағы маңызы қандай?

«Менің кәсіби іс-әрекетім» топтық пікір-талас

Мақсаты: кәсіби өзіндік сана деңгейін жоғарылату.

Топ мүшелері жоғары оқу орны оқытушы жұмысының жағымды және жағымсыз жақтары туралы пікір алысады: қандай кәсіби және тұлғалық сапалар, қасиеттер кәсіби іс-әрекетті дамытады; топ мүшесінің ортақ жұмысқа қосатын үлесі қандай және өзінің университетінің, факультетінің, кафедрасының жұмысын жетілдіру үшін не істей алады; неліктен жұмысында тұлға болу қажет секілді сұрақтарға жауап береді.

Қорытындылау

Күн 4.

Мақсаты: 1. Ашық, сенімді қарым-қатынасқа түсудің ерекшеліктерімен таныстыру;

2. Ақпаратты қабылдау, кәсіби іс-әрекетте шығармашылық жағдайды қалыптастыру;

3. Түрлі жағдайларға өзінің реакциясын саналы бақылауға мүмкіндік беру;

4. Қоршаған адамдарға қолдау көрсетуді үйретіп, оны қабылдау қабілетін және бірігіп іс-әрекет ету икемділігін дамыту.

Қыздыру сәті: «Көздермен кездесу»

Барлық қатысушылар бастарын төмен түсіріп отырады. ТЖ нұсқауымен бір уақытта бастарын көтереді. Олардың міндеті – бір-бірінің көздеріне қарау.

1. Екі бір-бірімен түйіскен көздер ойыннан шығады.

2. Енді бір-бірінің көздерімен түйіспеген қатысушылар ойыннан шығады.

«Өмірдің тарихы» жаттығуы

Ереже: топ мүшелері бөлмеде бірін-бірі танымайтындай еркін қозғалады. Әр қатысушы өзіне жұп таңдап таныса бастайды.

Жаттығудың міндеті: жұбы туралы барынша көп ақпарат жинау. Көп ақпарат жинаған адам жеңімпаз атанады.

«Менің реакцияларым» жаттығуы

ТЖ: «Жағдайды емес, біздің жағдайға қатынасымыз өміріміздің сапасын анықтайды. Біздің өміріміз қоршаған ортамен немесе сәттілікпен байланысты екенін мойындаған сәтте біз әлсіздікті сеземіз. Тұлғалық түйсінуден – сіз жағдайды басқара алмайтыңызды білсеңіз де, оған қатынасыңызды басқаруға болатынын сезіну керектігін айтады. Біз әр конфликтілік жағдай сайын, өзіміздің тәжірибемізге, темпераментімізге немесе күйімізге сәйкес іс-әрекет жасаймыз».

Кейін топ мүшелеріне кесте сызу нұсқауы беріледі: Бірінші бағанға стрестік реакция тудыратын жағдайларды, екіншіге – осы сәттегі күйді, үшіншісіне – әдетте осындай жағдайдан қалай шығатынын» жазу тапсырылады.

Топ пікір алмасады. Топтың әр мүшесі жауаптарын оқиды.

«Үйренгім келеді» жаттығуы

Жаттығу «Жұптағы интервью» бойынша жүргізіледі.

Нұсқау: Жағымды және үйренуді қалайтын іс-әрекеттер, мінез-құлықтар туралы өзара пікір алысу.

Тапсырма: «Сабақ барысында жұптағы серігіңіздің үйренуді қалайтын іс-әрекеттері туралы айтып беріңіз!».

Тыңдап тұрған оқытушы жағымды бұл мінез-құлықты қалай, кімнен, қай жерде үйренетіні туралы бірнеше нұсқаларды ұсынады.

Пікір алысу. «Біз қалайтын іс-әрекеттерді үйренуге кедергі болатын жағдайлар ...»

«Санамақ» жаттығуы

ТЖ: Қазір әрқайсымыз 1-ден 100-ге дейін санаймыз. Санау барысында 3-ке аяқталатын және 3-ке бөлінетін сандардың орнына «Санамақ» деп айту қажет. Қателік жіберген адам топтың ортасына шығып, топ мүшелерінің тапсырмасын орындайды.

Пікір алысу:

А) Қателік жіберген адамның ортада сезінген көңіл-күйі?

Б) Тапсырма берген топ мүшелерінің сезімі?

«Қатысушылардың көзқарасымен менің бейнем...»

Құрал-жабдықтар: қалам, парақ және түрлі-түсті фломастерлер

ТЖ: «Өзінің психологиялық суретін қалайтын бір қатысушы ортаға шықсын. Мұнда Сіздің жағымды немесе жағымсыз қасиеттеріңіз айтылмайды, шынайы бейнеңіз қағаз бетіне түседі».

ТЖ тілек білдірген қатысушыны ортаға отырғызып, келесі нұсқауды береді: «Қалған қатысушылар суретшілер. Барлығына қалам, парақ және түрлі – түсті фломастерлер беріледі. Ортаған шыққан адамның бейнесін сурет бетіне түсірейік».

Топ мүшелерімен кері байланыс орнатылады.

Күн 5.

Мақсаты: 1. Өзін-өзі дұрыс қабылдау қабілетін, сын тұрғысынан өзін-өзі бағалауын, өзінің дамуына жағымды қатынасын қалыптастыру;

2. Оқыту үрдісіндегі өзара іс- әрекет пен мінез-құлықтың тиімсіз тәсілдерін саналы түсіну.

Қыздыру сәті: «Кез-келген сан»

ТЖ кез-келген қатысушының есімін айтады. Есімі аталған қатысушы топтағы қатысушылардың жалпы санынан 1-ді кемітіп, 1-ден бастап кез-келген санды атайды. Жетекші санды қайталайды, сол кезде айтылған санға сәйкес қатысушылар орындарынан тұруы керек. Мұндағы маңыздысы – «санды» айтқан ТЖ орнынан тұруы да, тұрмауы да мүмкін. Аталған жаттығуды 2-3 рет дұрыс орындалғаннан соң тоқтатқан дұрыс.

«Өзіндік кәсібилілік деңгейін бағалау» жаттығуы

Мақсаты: топ мүшелерінің кәсіби даму деңгейін анықтау.

Құрал-жабдықтар: фломастерлер, көлденеңнен екіге (төменгі жағы кәсібиліліктің төменгі деңгейін, ал жоғары жағы – кәсібиліліктің жоғары деңгейін білдіреді) бөлінген А4 форматты парақ.

Нұсқау: «Қазір әр қатысушы параққа өзінің кәсібилік деңгейін белгілеу қажет. Плакатта ұзын көлденеңнен сызық сызылған. Әр қатысушы кезекпен плакатқа нүкте түрінде өздерінің кәсібилігінің деңгейін белгілейді. Төменгі жағы кәсібиліліктің төменгі, жоғары жағы – кәсібиліліктің жоғары деңгейін білдіреді». Барлығы плакатқа белгілеп болған соң, ТЖ нүктеге байланысты әр топтың мүшесіне келесісұрақ қояды: «Жоғары нүктеде орын алу үшін не қажет?» немесе «Неліктен осыншама жоғары орында тұрсыз?».

Соңында ортақ пікір алысады...

«Менің өмірім» жаттығуы

Құрал-жабдықтар: қалам, А4 форматты парақ.

Нұсқау: «Менің өмірім» тақырыбында сурет салыңыздар.

Суретте өткен, осы және келер шақты белгілеңіз.

Пікір алысу:

1. Суреттегі осы және келер шақ бір-біріне қандай деңгейдесәйкес келеді?
2. Олардың арасында қандай байланыс бар?
3. Әркім өзінің суреті бойынша нені айтқысы келеді?
4. Топ қатысушыларының суреттері қалай ерекшеленеді?

Өмірлік жолыңыздан өткен шақтағы маңызды 2 жағдайды және болашақта қалайтын 2 жағдайды елестетіңіз. Бұл қоғамдағы өзгерістерге немесе кәсіби іс-әрекетке, жеке өміріңізге байланысты болуы мүмкін.

1. Бұл жоспарларды жүзеге асыру кімге тәуелді деп ойлайсыз?
2. Олар қандай уақытта, мезгілде жүзеге асырылуы мүмкін?
3. Егер аталған өзгерістер жүзеге асырылмаса, Сіздің сезіміңіз?
4. Жоспарларды жүзеге асыру үшін кедергі болатын жағдайлар?

Өмірдегі жағдайлар туралы әңгімені «Мен болатындығына сенемін!», «Мен үшін маңызды, өйткені,!», «Мен өте қатты қалаймын!» деген сөйлемдермен бастауға болады.

«Өз жұмысым туралы не білімін» жаттығуы

Мақсаты: маңызды кәсіби сапаларға рефлексия, кәсіби өзіндік сана деңгейін жоғарылату.

Қатысушылар еріксіз формада өзінің жұмысы туралы жазбаша әңгіме құрайды. Әңгімеде келесі сұрақтарға жауаптар жазылуы керек.

- Кәсіби іс-әрекетімнің мақсаттарын толық және нақты білемін бе?
- Аталған жұмысты таңдаған себебім?
- Кәсіби іс-әрекеттің маған ұнайтын жақтары?
- Ұнамайтын, жағымсыз жақтары?
- Осы жұмыста көңілімді түсіретін жағдайлар?
- Өзімнің маңыздылығымды сезінуім үшін қандай жағдайлар болуы қажет?
- Мен өз жұмысымнан нені күтемін?
- Кәсіби іс-әрекетте нәтижелі жетістіктерге жету үшін не істеу керек?
- Жұмысымның басқа өмірлік мақсаттарымды жүзеге асырудағы орны?
- Менің алдағы мақсаттарым?
- 10 жылдан соң мен қалайтын мамандық?
- Қазіргі уақытта кәсіби іс-әрекетіме жетекші түрткілер?

Жаттығу соңында қатысушылармен әңгімені құру барысында кездескен қиыншылықтар туралы пікір алысады. Қатысушылардың қалауымен ортада әңгімелері талқыланады.

Миға шабуыл: «Табысты оқытушы»

Құрал-жабдықтар: парақтар, қалам.

Нұсқау: Қазір «табысты оқытушының» бейнесін жасаймыз. Ол үшін ойларыңызға келген «табысты оқытушыны» сипаттайтын қасиеттер, сапаларды атайсыздар.

«Орындалатын мақсаттар» жаттығуы

Құрал-жабдықтар: парақтар, қалам немесе қарындаштар.

Қатысушылардың қалауымен мақсат туралы әңгімелерін диктофонға жазуға болады.

Уақыты: дайындық - 5 минут, жаттығу – 10 минут, әр қатысушының пікірін тыңдауға 5-7 мин.

Нұсқау: «Қазір Сізге қуаныш сезімін әкелетін мақсаттар туралы ойланайық. Келесі ассоциациялық қатарды қолдана отырып, төрт күйді сипаттаныз:

- «Қыстың мақсаты» – ешкімге көрінбейді, кейде жүзеге асырылады, себебі жердің астында тереңде жатыр. Егер қамқорлық жасасақ әдемі, жүзеге асыруға болатын мақсатты өсіруге болады.

- «Көктемнің мақсаты» – жағдайларға, ортаға байланысты өскен, бірақ гүлдері әлсіз, қорғаусыз, дұрыс қаралмаса жерге жеңіл тапталып қалуы мүмкін.

- «Жаздың мақсаты» – жетілген, гүлдеп тұр, жемісін беруге даяр.

- «Күзгі мақсат» – жемісін беруге дайын, бірақ күнделікті суды қажетсінеді, қажет кезде гүлдеп, жемісін беруге дайын».

Аз уақыттық дайындықтан соң, қатысушы өзінің мақсаттарын параққа түсіріп баяндайды. ТЖ өзінің мақсаты туралы айтудан бастағаны жөн.

Пікір алысу: «Аталған мақсаттар сізге жағымды күй сыйлайды ма?», «Айтылған ойлар шынайы мақсат па немесе мақсатқа жетудің құралы ма?»

Үйге тапсырма: «Бірнеше рет мақсаттарды оқып, маңызды мақсаттардың жазылғанына көз жеткізіңіз, мақсаттар тізіміне жүзеге асырылмайтын немесе маңызсыз мақсаттарды қосқан жоқсыз ба?».

Қорытындылау

Күн 6. Тұлғаның кәсіби деформациясы

Мақсаты: 1. Кәсіби деформация, кәсіби іс-әрекеттегі деформацияның алатын орны туралы білім қалыптастыру;

2. Кәсіби деформацияның дамуына әсер ететін факторлар және даму кезеңдері бойынша ақпарат беру.

Қыздыру сәті: «Жануарлар» ойыны

Қатысушылар шеңберге отырады.

Нұсқау: «Қазір жануарлардың аттары жазылған карточка таратамын. Мұнда бірдей 2 жануардың аттары жазылған карточкалар бар.

ТЖ карточкаларды таратады (ТЖ топтағы қатысушылардың саны тақ болған жағдайда өзі де қатысады).

ТЖ: Өздеріне берілген карточкалардағы жазуды оқып, көрсетпеуге тырысу қажет. Карточканы алып тастаңыз. Міндетіміз – жануарға тән дыбыс шығармай, тек қимыл-қозғалыс арқылы ғана өзінің жұбын табу. Барлығы өз жұптарын тапқанша өздерінің кім екенін білдірмейді. Оны кейін анықтаймыз. Топ мүшелері жұптарын тауып болған соң, ТЖ әр жұптан: «Сіз кімсіз?» - деп сұрақ

қояды. Алдымен жұптар тағы бір рет өздерінің қозғалыстарын бейнелейді, қалғандары табуға тырысады. Таппаған жағдайда жұптың өзі дұрыс жауабын айтады.

«Кәсіби деформацияға өзіндік диагностика жасау» жаттығуы

ТЖ алдын ала дайындалған тор көзді бланктарды топ мүшелеріне ұсынады.

ТЖ: Алдымен бойымыздағы көңіл-күйдің деңгейін анықтап алайық. Бағалау ішкі сезімдеріңізге байланысты субъективті бағаланады. Аталған күй жоғары болған сайын тор көздер де соғұрлым қатты боялады. Өзіндік диагностика жеке орындалады және ортада талқыланбайды.

Топтық пікір-талас: «Кәсіби деформацияға әсер ететін факторлар»

Мақсаты: кәсіби деформация туралы түсінік және адамдармен қарым-қатынас барысына әсерін, психофизиологиялық шаршаудың салдарын саналы түсінуге көмектесу.

Сабак алдында оқытушыларға келесідей сұрақтар қойылады:

- «Деформация» сөзін қалай түсінесіздер?
- Қандай мамандықтар «Кәсіби деформацияға» бейім келеді?
- Өздеріңізде немесе жақын адамдардан «Кәсіби деформацияны» байқадыңыз ба және қалай күрестіңіздер?
- Бұл синдромның қандай белгілерін білесіздер?
- Синдромның симптомдары:
- Әлсіздік, шаршау;
- Тәбеттің қашуы; («ештеңе жегім келмейді»)
- Жалғыз қалғысы келу; («ешкімді көргім келмейді»)
- Ашуланшақтық ; («жайыма қалдырыңдаршы»)
- Ішкі эмоционалды резервуардың босауы; («адамдарды жек көремін»)

Эмоционалды күй синдромы өзіне деген аса жауапкершіліктен болады және ол эмоционалды сәтсіздікке, психосоматикалық бұзылысқа әкеледі.

Мини-дәріс: Кәсіби деформация. Эмоционалды күйіп-пісу синдромы. Пайда болуы мен дамуын талқылау.

Пікір талас: «Кәсіби іс-әрекетімді ұнатуыма не әсер етеді?»

3-5 адамнан тұратын топтарға бөліну. Кәсіби іс-әрекетті жағымды қабылдау үшін кедергі болатын жағдайлар тізімін жазу:

Индивидуалды	Ұжымдық
...	...

Дәрістің қысқаша мазмұны:

Деформация. Кәсіби деформация. Эмоционалды күйіп-пісу синдромы. Ригидтілік. Агрессивтілік. Авторитарлық. Фрустрация. Деформацияның 3 даму кезеңі: бірінші, екінші, үшінші.

Жоспар:

1. Кәсіби деформация
2. Кәсіби деформацияның түрлері

3. Кәсіби деформацияның даму кезеңдері

Миға шабуыл: «Деформацияның салдары»

Нұсқау: қазір «деформацияның салдары» атты сөз тіркесіне барынша көп ассоциациялық қатарды жалғастырамыз:

«Қармақ» жаттығуы

Топ мүшелері көздерін жұмып, өздеріне жайлы, ыңғайлы етіп отырады.

Нұсқау: «Алдынызда барлығын жоятын, күшті селді, қатты толқынды, дауылды теңізді елестетіңіз. Кенеттен алдынызда судың бетіне біресе шығып, біресе толқынның әсерінен көрінбей кететін қармақты көресіз. Қармақ – Сіз, ал өміріңіз – теңіз деп елестетіңіз. Сізді толқындар төмен түсіреді, батырады, бірақ Сіз суға батпай келесіз. Сіз қайта-қайта судың бетіне қалғып шығасыз. Сіздегі сенім мен қуаныш сезімі қармақты рухтандырып, соның күшімен қармағыңыз суға батпай келеді. Сізді жеңе алмаған теңіз ақыры тынышталып, қара бұлттардың арасынан күн шығады. Сіз – қармақсыз және күннің қуанышты сәулелері Сізді баурап келеді. Сіз өміріңіздегі кезекті дауылды өткізіп бұл күресті жеңіп шықтыңыз. Енді Сіз алдағы дауылды елестетіңіз, мұнда да жеңіске жеттіңіз»

Үйге тапсырма: «Кәсіби деформацияны алдын алу» атты нұсқау дайындау

Қорытындылау

Күн 7. Менің эмоцияларым

Сабақтың мақсаты: 1. Мамандыққа деген оқытушылардың қатынасын анықтау, кәсіби іс-әрекетте кездесетін мәселелерді сана деңгейіне шығару;

2. Қалыптасқан жағымсыз эмоционалды күйлерді қайта жаңғыртып, мазасызданудың, стрестің деңгейін төмендету;

3. Психологиялық қолдау көрсету;

4. Кәсіби деформацияны алдын алатын мінез-құлық дағдысын дамыту.

Қыздыру сәті: «От - мұз»

Жаттығу барлық дененің алма-кезек босансуына және мазасыздануына әкеледі. Қатысушылар жаттығуды тұрып орындайды. ТЖ бұйрығымен «От» сөзінде қатысушылар барлық дене мүшелерін қозғалтады. «Мұз» бұйрығы берілгенде қозғалыс кейпіндегі күйін сақтап барлық денені барынша қатайтып, қозғалыссыз бір орында тұрып қалады. ТЖ алма-кезек нұсқаулар береді.

«Шынайы және тілек балансы» жаттығуы

Құрал-жабдықтар: қалам, А4 форматты парақ.

Топ мүшелері бір қағазда екі шеңбер салады.

Нұсқау: Бір шеңбер көрінетіндей парақты ортасынан бөлу қажет. Осы шеңберде қазіргі уақыттағы жұмысыңызбен (кәсіби өмір) жеке өміріңіздің (демалыс, қызығушылықтар) қатынасын анықтап көріңіз. Ол үшін үйіңізде және жұмысыңызда өткізетін уақытты санаудың қажеті жоқ. «Психологиялық уақыт» - сіздің ішкі түйсігіңіздің бағытын қолдану қажет.

Кейін топ мүшелері парақты ауыстырып жаңа шеңберде өздері қалайтын түрлі іс-әрекеттердің қатынасын салу ұсынылады.

ТЖ: «Енді парақта салғандарыңыз туралы айтып беріңіз. Заттардың қазіргі және өздерің қалайтын сурет арасында қандай алшақтық бар? Біреуін екіншісіне жақындату үшін не істеу керек? Оны қалай жүзеге асыруға болады? Ол кімге және неге тәуелді деп ойлайсыз?».

«Мен-үйде, мен-жұмыста» жаттығуы

Құрал-жабдықтар: қалам, А4 форматты парақ.

Парақты екіге бөліңіз. 2 анықтама тізімін жасау (барынша көбірек): «Мен-үйде, мен-жұмыста» Мысалы, «Мен үйде ешқашан», «Мен жұмыста ешқашан». Бұл мінез-құлық пен ойлау үрдісіндегі таптауырындарды анықтауға көмектеседі.

Аталған екі тізім төмендегі сұрақтар бойынша талқыланады:

- ұқсас қасиеттер
- қарама-қарсы қасиеттер
- түрлі деңгейдегі бірдей қасиеттер
- жалпы ортақ белгілердің болмауы
- қандай тізімді жасау жеңіл болды және қайсысының көлемі көп?
- тізімдегі ерекше қарама-қайшылықтарға сіздің қатынасыңыз?

Ескерту! аталған жаттығу топ түшелерінің мамандықтарын жан-жақтан карауға мүмкіндік береді. Біріншіден, қалыптасқан жағдайға өзінің қатынасын, мүмкін болатын мәселелерді анықтайды.

Топтық пікір-талас: «Кәсіби іс-әрекетімнен қанағат алуыма маған не әсер етеді?»

«Стрестік жағдайдағы менің іс-әрекетім» (Аквариум технологиясы)

«Ақ бұлт» жаттығуы

Топ мүшелері көздерін жауып, ыңғайлы отыру қажет.

Нұсқау: «Сіздер жердегі шөптің үстінде шалқаңыздан жатқаныңызды елестетіңіз. Ауа-райы керемет, жаздың бір күні... Сіз ерекше таза көкшіл аспанға қарап жатырсыз... Оның әсемдігіне таң қаласыз... Сіз барынша босансып, барлық дене мүшелеріңіз бос, еркіндікті сезудесіз... Енді алыстан көкжиекте кішкентай ақ бұлттың пайда болып жатқанын көресіз... Сіз оның сұлулығына, әдемілігіне таң қаласыз... Оның сізге жақындап келе жатқанын байқадыңыз... шөптің үстінде барлық дене-мүшелеріңіз босансып жатыр... Ақ бұлт ақырын сізге жақындап келеді... Сіз керемет көкшіл аспанның және ақ бұлттың сұлулығына, әдемілігіне таң қаласыз... Ол дәл қазір сіздің үстіңізде... Сіз барынша босансып және осы кереметке сүйсіне қарайсыз... Ақырын тұрып келесіз. Сіз кішкентай ақ бұлтқа жақындайсыз. Сіз жоғарылап келесіз... Сонымен, кішкентай ақ бұлтқа жеттіңіз, енді оның үстінен бастыңыз... Ақ бұлттың үстінен басып өзіңіз де ақ бұлтқа айналып барасыз... Енді, сіз де ақ бұлтсыз... Сіздің барлық дене мүшелеріңіз босансып, үйлесімділік тапты... Сіз енді аспанда жоғарыда ақ бұлт секілді жүзіп келесіз».

Кейін топ мүшелері көздерін ашып, топқа қайта оралулары сұралады. Жаттығу барысында сезінген күйлері туралы пікір алысады.

«Менің сүйікті жұмысым» жаттығуы

Уақыты: әр қатысушыға 5-7 минут беріледі.

Нұсқау: 1. «Біз қазір қуаныш сезімі туралы ойланайық ...» Топқа қандай жұмыс жасаған және қаншалықты ұнайды? Қандай лауазымды қалайсыз? Мүмкін сіз өте аз жұмыс жасауды және аз жалақымен қанағаттанатын шығарсыз? Үй жұмыстарымен айналысып, Сізді біреудің асырағанын қалайтын шығарсыз? Жұмыс жасауды қаламайтын шығарсыз? 2. «Сіздің жұмысыңызда не маңызды? Сізге жалақы мәселесінің маңызы болмас үшін нені ұсынуға болады?»

Пікір-талас: «Сіз жақсы көретін жұмыс үшін жалақы төлейтін кәсіп түрін ойдан шығара аласыз ба? Мұндай жағдай өткен шағыңызда орын алды ма? Болашақта осындай жағдайдың орын алуы туралы елестете аласыз ба?»

Қорытындылау

Күн 8. Агрессия және оны алдын алу

Мақсаты: 1. Агрессияның көрінуімен байланысты эмоционалды күрделі конфликтілік жағдайларды алдын алу дағдысын қалыптастыру.

Қыздыру сәті: «Австралиялық жауын» жаттығуы

Мақсаты: оқытушылардың бойындағы жағымсыз сезімдерді, күйлерді төмендету.

Қатысушылар шеңбер жасап тұрады.

Нұсқау: Сіздер Австралиялық жауынның не екенін білесіздер ме? Жоқ болса, оның қандай болатынын көрейік. Қазір шеңбер бойымен, менің қозғалысымды бір-бірлеріңізге бересіздер. Олар маған қайтып келген соң, мен келесі қозғалысты беремін. Зейін қояйық!

- Австралияда жел көтерілді (шапалақтап ұру)
- Жаңбыр тамшылады (саусақтарымен қозғалту)
- Жаңбырдың күші жоғарылады (алма-кезек алақанмен кеудеге ұру)
- Жаңбыр қатты жауды (жамбасты екі қолымен ұру)
- Міне, енді бұршақ жауа бастады (аяқтарымен жерді басу)
- Желдің күші басылды (жамбасты екі қолымен ұру)
- Жаңбырдың күші әлсіреді (алма-кезек алақанмен кеудеге ұру)
- жаңбырдың тамшылары сирек жерге түсті (саусақтарымен қозғалту)
- Әлсіз желдің сыңғырғы естілді (шапалақтарымен уқалау)
- Күн шықты (қолдарын жоғары көтеру)

«Халық даналығы» жаттығуы

Жаттығу жалпы психологиялық мәселені саналы түсініп, халық даналығында айтылуын талдап, жанжалдарды конструктивті жеңуге психологиялық белсенділікті туғызады.

Нұсқау: ТЖ зұлымдық, жақсылық пен жамандық, ашу-ыза туралы халық арасында әрдайым айтылады. Қандай мақал-мәтелді басты ұран етіп алуға болады? Топ мүшелері аталған мақал-мәтелдерді өзара талқылайды.

Мақал-мәтелдер:

Жақсының аты өлмейді,
Ақынның хаты өлмейді

Ақылды кісіні аяла,
Ақымақ кісіні аяма.

Адам туа жаман болмайды, Жақсы көргенін мақтап жүрер,
Жүре жаман болады, Жаман көргенін даттап жүрер.

Жақсы кісі текшіл Жақсы қартайса да, ақылынан танбас
Жаман кісі кекшіл. Жаман ат қартайса да, жүрісінен танбас.

Жақсыға ерсең, жетерсің мұратқа Жақсы сынаумен жариды,
Жаманға ерсең, қаларсың ұятқа Жаман сынаумен қариды.
Жақсы кісінің ашуы - шай орамал кепкенше.

Жақсының суы тәтті көлмен тең, Жақсы болсаң - озарсың,
Жаманның желі қатты шөлмен тең. Жаман болсаң - азарсың.

Жақсы өзін қосып сөйлейді,
Жаман босқа бөсіп сөйлейді.

«Эмоционалды көңіл-күй» жаттығуы

Жаттығу педагогикалық іс-әрекетке тән жағдайларды саналы түсінуге көмектеседі. Жеке тәжірибелерді талдай отырып, эмоционалды күйлерді түсінуге көмек береді.

Алдын ала топта талдау үшін педагогикалық іс-әрекет түрлеріне тән эмоционалды күйлер жазылған карточкалар таратылады. ТЖ 3-5 адамнан құралған топшаларды құруды ұсынады. Топ мүшелеріне карточка таратылған соң аталған эмоционалды күйлер қай уақытта, қандай жағдайда орын алады және оның дамуына әсер ететін факторлар туралы өзара пікір алысады. Талқылауға 10-15 мин уақыт беріледі. Кейін, әр топ аталған эмоциялық күйді түсіндіретін бір адамды таңдайды. Барлық күйлер айтылып болған соң, ТЖ барлығына ризашылығын білдіріп, аталған мәселенің маңызы туралы ескертеді.

Эмоциялық күйлер: ашу-ыза, тітіркену, антипатия, реніш, қобалжу, жиіркену, аффект т.б

«Жағымсыз көңіл-күйдегі бейне» жаттығуы

Топ мүшелерінің өздерімен жағымсыз көңіл-күйлерін сырттан бақылауға және талдауға үйретеді. Білікті қалыптастыру арқылы өзге адамның тұлғасын адекватты әлеуметтік қабылдауға көмектеседі.

Нұсқау: Жаттығуды орындау үшін алдымен босаңсып, ыңғайлы жайғасу қажет. Көз алдыңызға жаныңызда отырған қатысушының агрессиялық күйдегі бейнесін елестетіңіз. Ол қандай болуы мүмкін? Қалай көрінеді? Ең бірінші келген бейнені суреттеңіз. Керек деген барлық түстерді қолданыңыз. Сурет дайын болған соң, қатысушылар бір-біріне сыйлайды. Сыйлықты қабылдап, қатысушы сурет үшін ризашылығын білдіру керек. Кейін өзіміздің суретімізге қараймыз. Ол қандай? Бұл Сіз бе, әлде басқа адам ба? Сіздің бейнеңізді

суреттеген қатысушы қандай түстерді қолданған? Суретті талдап болған соң, қасына өздерінің қорытындысын жазу қажет.

«Көңіл-күй» жаттығуы

Кәсіби қондырғаларды түзетуге бағытталады. Өйткені ассоциациялар қатысушылардың тәжірибесін байытып, көріністерді жан-жағынан көруге мүмкіндік береді.

Нұсқау: ТЖ шарды үріп, оған адамның бетін салады. Мынау «Дым білмес», ол қандай?

Шарды бір-бірлеріңізге ұсынып, ТЖ ұсынған сөзге байланысты, бір ассоциациядан айту қажет.

Ереже: ассоциациялар қайталанбауы қажет.

«Менің жағымсыз эмоцияларым» жаттығуы

Жаттығу қатысушылардың эмоционалды-аффекттік тәжірибелерін талдауға мүмкіндік береді. Эмоционалды қиын жағдайларда конструктивті шешу дағдысын қалыптастырады.

Нұсқау: ТЖ қатысушылардың жағымсыз эмоцияларды сезінген сәттерін еске түсіруді ұсынады. Қатысушылар сол сәтті айтады және осы күйден қалай шыққаны жөнінде баяндайды. Барлық топ мүшелері қатысады. Топтың міндеті – мәселені талқылап, аталған жағдайдан шығу туралы кеңестер беру. Мәселесі талқыланған қатысушыға ТЖ рахметін айтып, берілген кеңестің көмегі туралы пікір алысады.

«Интервью» жаттығуы

Оқытушының кәсіби іс-әрекетіндегі күрделі эмоциялық жағдайларды саналы түсінуіне көмек береді.

Нұсқау: Қатысушылар жұппен жұмыс жасайды. Бірі – тілші, екіншісі – оқытушы, кейін рөлдерімен алмасады. Қойылатын сұрақтардың санын және бағытын тілшінің өзі анықтайды.

Интервьюда қойылатын сұрақтар:

- Неліктен студенттер оқытушының көңілін бұзады?
- Неліктен студенттер тек дауыс көтергенге ғана назар аударады?
- Көңіл-күйін болмағанда қалай жұмыс істеуге болады?
- Мазасыздану күйінде өзін қалай ұстауға болады?
- Оқытушының қателік жасауына құқығы бар ма?
- Пәннің талаптары қандай болуы керек?

Кейін қатысушылар өздері қабылдаған жаңа және пайдалы кеңестер туралы пікір алмасады.

Қорытындылау

Күн 9

Мақсаты: 1. Өздерінің сезімдерін саналы түсініп, басқару қабілетін дамыту; 2. Релаксация жасауға дағды қалыптастыру.

Қыздыру сәті: «Сезім» жаттығуы

Қатысушылар параққа бір сезім түрін жазады. ТЖ карточкаларды жинап, араластырады. Кейін әр қатысушы кез-келген карточкада жазылған сезімді мимика немесе қимыл-қозғалыс арқылы көрсетуі керек. Қалғандары табуға

тырысады. ТЖ дұрыс жауапты айтпайды. Әр қатысушы бірнеше сезімді бейнелейді.

Пікір алысуға арналған сұрақтар:

- Сіз сезімдерді адекватты қабылдадыңыз ба?

- Сезімдерді анықтауда қандай кедергілер болды? Неліктен?

Алған әсерлермен бөлісу.

«Коллаж» жаттығуы (Арт-терапия)

Құрал-жабдықтар: ватмандар, журналдар, қайшы, желім.

Қатысушылар аудиторияда жайғасады. ТЖ топ мүшелеріне шығармашылық кейіпте «Менің жұмысым» атты тақырыпта коллаж жасауды ұсынады.

Коллаж дайын болған соң, қатысушыларды 4-4-тен топшаларға бірігіп, талқылайды. Алдымен топ мүшелері коллаж туралы өз ойларын айтады, кейін коллаж авторының пікірі тыңдалады. Әр қатысушының коллажды құрастыру барысындағы мазмұны, өңдеуі және түрлі гаммалар түстерінің арасында айырмашылықты көрсетуі маңызды.

Соңында шеңбер бойымен алған әсерлерімен бөліседі.

«Мен бақыттымын» жаттығуы

Барлық қатысушылар шеңбер бойымен отырады. Бір орындық бос болады. Бос орындықтың оң жағында отырған қатысушы бастайды. Ол бос орындыққа отырып: «О алақай, мен бақыттымын!» деп айтып отырады. Келесі қатысушы: «Мен де», үшінші қатысушы «Мен (кез-келген қатысушының есімін айтады) ... үйрендім!» дейді. Есімі аталған қатысушы дереу орындыққа отырып, көңіл-күйді көтеретін бір әдісті айтады. Кейін бірінші тәсіл бойынша жаттығу одан әрі жалғасады.

Пікір алысу: Көңіл-көтерудің қандай әдісі Сіз үшін қызықты болды?

«Ауырлық сезімі» жаттығуы

Мақсаты: релаксация жасауға дағды қалыптастыру.

Жаттығу үш кезеңнен тұрады.

Бірінші кезең: Қатысушылар аутогенді жаттығуды орындау үшін өздеріне ыңғайлы қалыпты таңдап, көздерін жұмады. Кез-келген тәсілмен зейінді бұрып, өзін еркін, жеңіл сезіну қажет. «Мен тынышпын!». Осы күйді бірнеше минут сезінуге тырысады. Демді алып, шығарып, бірден шапшаң жоғары орнынан көтеріледі...

Барлық жаттығулар 3 минуттан артық орындалмауы керек. Кейін басқа сөздермен ауыстырылып, жаттығу қайталанады. Мысалы: «Мен бақыттымын!», «Мен жақсы демаламын!» т.б

Миға шабуыл: «Көңіл-күйлердің түрлері және олардың пайдасы мен кесірі»

Релаксация:

Релаксацияға арналған әуеннің сүйемелденуімен жүргізіледі.

Бүкіл Әлемдік денсаулық сақтау ұйымының ұсынған антистрестік релаксациясы:

– Қолайлы, тыныш, жарық көлемі аз жерге ыңғайлы жатыңыз немесе отырыңыз; Қимыл-қозғалыстарыңызға киіміңіз кедергі келтірмейтіндей болсын.

– Көзіңізді жұмып, терең және асықпай демалыңыз. Деміңізді ішке тартып он секундтай ұстаңыз. Деміңізді сыртқа шығарғанда маужыраған қалпыңызды ұстап ішіңізден мына сөздерді айтыңыз: «Дем алу – бұл судың тасуы мен басылуы сияқты». Бұл процедураны 5-6 рет қайталау. Содан соң жиырма секундтай қалыпты демалу.

– Ерікті түрде бөлек-бөлек бұлшықеттерді жиырып, он секундтай ұстап тұрып, босату. Осы үрдісті барлық денеңізбен орындаңыз. Бұл процедураны үш рет қайталап, демалыңыз, өзіңізді жайбарақат сезініп, өзге проблемалар туралы ойламауға тырысу қажет.

– Аяқтарыңыздың ұшынан басыңызға дейін демалғанын сезініңіз, осы қалыпты бейнелейтін нақты түйсікті сезініп, елестетіп көріңіз. Ішіңізден: «Мен тынышталдым, қуаныштымын, мені ештеңе мазаламайды» пікірлерін қайталаңыз.

– Тынышталу түйсігі барлық денеңізді жайлағандай сезіну керек. Сіз жағымсыз эмоциялардың алыстап бар жатырғанын сезінесіз. Иығыңыз, мойыныңыз, бет бұлшықеттеріңіз жеңілдеді, бос ұстаңыз (ауызды сәл ашуға болады)... «Шүберектен жасалған қуыршақ» секілді бос жатыңыз. Отыз секундтай осы тәтті түйсік пен сезімді түйсіну.

– Онға дейін ішіңізден санап, әр санды санаған сайын бұлшықеттеріңіз жеңілдеп, босаңсысын. Енді бір ғана міндет – сол босаңсу және керемет күйіңіздің керемет сезімін сезіну қажет.

– Ояну сәті басталды. Жиырмаға дейін санап шығыңыз. Ішіңізден қайталаңыз: «Менің көздерім жиырмаға дейін санап шыққанда ашылады, керемет сезінудемін. Жағымсыз эмоциялар жоғалды».

Бұл жаттығуды аптасына 2-3 рет қайталау ұсынылады.

Оқытушылардың кәсіби іс-әрекеті жоғары стрессогенділігімен өлшенеді. Психологиялық денсаулық – қоғамымыздың құндылықтарының бірі. Психологиялық дені сау адам қоғамда өзгеріп жатқан жаңа ақпараттарды қабылдап, игеріп, өндеп оны жүзеге асыра алады. Салауатты өмір салты – таңертеңнен кешке дейін, апта, ай, жылдармен өлшеніп жатқан күнделікті іс-әрекеттеріміз. Оған біздің іс-әрекеттеріміз, тамақтану тәртібіміз, белсенділігіміз, дем алуымыз, стреске деген реакциямыз жатады. Ендеше, психологиялық денсаулығымыз сыр бермесін десек, стреспен күресейік! [190, 285-288 б.]

Қорытындылау

Күн 10. «Тұлғалық-кәсіби даму»

Сабақтың мақсаты: 1. Өзіндік маңызды кәсіби қасиеттерді талдау, топ мүшелерінің кәсіби іс-әрекетіне қатынасын анықтау;

2. Кәсіби іс-әрекет барысындағы жағдаяттар туралы жағымды көзқарасты қарастыру;

3. Тұлғалық ресурстарды саналы түсініп, дамыту.

ТЖ: Әрқайсымыз өмірге үнемі өсу және даму үшін келдік...

Тұлғалық даму – өмірлік мәннің біріне жатады. Оның көмегімен қажетті бағытқа қарай өзімізді өзгертіп, жағымсыз әдеттерден арылып, эмоцияларымызды басқара аламыз. Тұлғалық дамуды психологиялық білімсіз жүзеге асыру мүмкін емес. Сондықтан аталған тақырыпты өту маңызды. Өзінің жан-дүниесінен басқа денсаулығымызға да көңіл аудару қажет. Денсаулығымызға ұқыптылықпен қамқорлық көрсету бақытты өмір кешуге көмектесетіні сөзсіз. Үйлесімді дамиды адам - шынайы бақытты болатыны анық!

Тұлғалық даму – өзін және өзін-өзі белсендендіру. Ол алға қарай ұмтылуға талаптандырып, сәттілікті көрсететін жол.

Қыздыру сәті: «Траекторияны таңдау»

Аталған жаттығу мінез-құлықты психодиагностикалаудың тәсіліне жатады. Белгілі бір істерге бейімдігін саналы түсінуге көмектеседі.

ТЖ: Адамдардың бойында күрделі тапсырмаларды шешу барысында ойлану үдерісінің жабық, тұйық, белгілі бір траекториямен қозғалатын әдетке айналған бағыт-бағдары қалыптасқан. Біреулер шеңбермен қозғалады (шеңберді көрсетеді), басқалары тірелген бұрылыстар, бұрыштар бойынша жүруді қалайды (квадратты немесе төртбұрышты салады), үшіншілері үшбұрыш бойынша қадамдар жасайды (үшбұрышты салады). Соңғысы, зигзаг траекториясына сәйкес қозғалады. Бірнеше минут бойы аталған траекториялар бойынша бөлмеде қозғалыңыздар... Фигураларды қалауыңызға сәйкес көлемдерін кішірейтуге немесе үлкейтуге болады.

Қатысушылар музыканың сүйемелденуімен қозғалады (бөлменің кеңістігі мүмкіндік берсе)...

ТЖ: әрқайсымыз ішкі түйсігімізге назар аударамыз... (бірнеше рет ескертеді) Әдетте, қатысушыларға таңдау жасау үшін 5-7 минут жеткілікті. Кейін, ТЖ топқа «шеңбер», «квадрат», «үшбұрыш», «зигзаг» деп аталатын бөлменің төрт бұрышын көрсетіп, сол бойынша топтарға бірігуін сұрайды.

ТЖ: Енді Сізбен бір топта жиналған адамдарға қараңыз. Топ ішінде аталған фигураны неліктен таңдадыңыздар, Сіздерді не біріктіреді және аталған фигура Сіздерге несімен ұнағаны жөнінде пікір алысыңыздар.

5 минуттан соң әр топ өзінің таңдауын негіздейді... Қатысушылар аталған фигураны таңдау себебін түсіндіріп, адамдарға мінездеме береді...

Соңында геометриялық фигураларға қысқаша психологиялық мінездеме беріледі:

Квадрат: Квадраттар – жалықпайтын, қажымайтын еңбекқорлар. Еңбексүйгіштік, тиянақтылық, бастаған ісін соңына жеткізетін, жұмысын аяқтайтын ерік-күш – басты ерекшеліктері. Шыдамдылық, төзімділік квадратты өз саласының кәсіби маманы болуына әсер етеді. Бұл ақпаратты қабылдауға, жинауға ниеттерін тудырады. Барлық ақпараттары жүйелі. Квадраттардың өз саласында эрудициялары жоғары болады. Квадраттың күшті жағы – ойша талдау қасиеті. Ұсақ-түйектерге аса зейінді, бір рет ғашық болады, ұқыптылық басым. Күрделі істерге шешім қабылдаумен асықпайды. Рационалдығы,

эмоционалды салқынқандылығы басқа адамдармен байланыс құруға кедергі келтіреді.

Үшбұрыш: Бұл форма лидерлікті білдіреді және үшбұрыштар өздерін осы саланың кәсіби маманы деп сезіндіреді. Ең негізгі ерекшелігі – мақсатқа бағыттылығы. Үшбұрыштар – ұстамсыз, энергиясы күшті, алдына нақты мақсат қоя білетін және сол мақсатқа жететін қайратты тұлға.

Үшбұрыштар – барлық жағдайда бірінші болуға және дұрыс шешім қабылдауға тырысады, өздеріне сенімді. Тек өзінің емес, басқалардың жұмыстарын жасап, үнемі өзгелермен бәсекеге түседі. Кез-келген істегі қондырғысы – жеңіс, ұтыс және сәттілік! Ол шешім қабылдауға асықпайтын жандармен кикілжіңге түседі, шыдамсыз, тәуекелге көп барады.

Үшбұрыштар қате іс-әрекеттерін қиындықпен мойындайды, қабылдамайды. Олар жоғары лауазымды алуға құмар, басқаруды ұнатады. Негізгі жағымсыз жағы – күшті эгоцентризм, өзіне деген бағыттылығы. Олар бірінші болуы үшін әдептілік қатынастарда кінәмшіл емес, сол себепті мақсатына жету үшін ештеңеден бас тартпайды. Үшбұрыштар өзгелерді айналасында жүруге мәжбүрлейді.

Шеңбер. Үйлесімді дамудың мифологиялық символы. Аталған фигураны таңдаған адам үшін ең алдымен тұлғааралық қарым-қатынас маңызды. Негізгі құндылығы – адам және олардың жағдайы. Шеңбер – жұмыс ұжымын, жанұяны біріктіріп, топты бір қалыпта ұстайды.

Сезімталдығы жоғары, эмпатиялық қабілеті дамыған – өзге адамның эмоционалды күйіне ортақтасу, ішкі сезімін терең түсіну қабілеті басым. Барлық адамдар шеңберге тартылады. Шеңберлер адамдарды жақсы таниды және аз уақыт ішінде өтірік алдап тұрған адамды анықтай алады.

Олар тыныштықты қалайды, сол себепті кейде өздерінің пікірінен бас тартуына тура келеді. Шеңбер үшін тұлғааралық конфликтке түсуден асқан бақытсыздық жоқ. Шеңбер – жан-жағындағы адамдар жақсы қарым-қатынас құрған шақта өзін бақытты сезінеді. Сол себепті шеңбер конфликт жағдайда бірінші болып көне салып, келісуі әбден мүмкін.

Шеңберлер шешім қабылдау қабілетімен ерекшеленбейді, саясатқа қатысты сұрақтарда өздерін және өз ұжымында өзін көрсете алмайды. Бұл шеңберді басқаруға әкеледі. Мысалы, үшбұрыштар. Басшылықтың кім болғаны қызықтырмайды. Олар үшін барлық адамдар тату өмір сүрсе, әлемде достық қарым-қатынас орнаса болғаны. Адамгершілік пен әділдікке қатысты сұрақтарға шеңбер өте мұқият және өзінің қатаң ұстанымы бар.

Ойлаудың негізгі стилі – мәселелердің субъективті факторларына (құндылықтар, бағалау, сезімдер т.б.) және қарама-қайшы көзқарастардың өзінде ортақ келісімге келуге тырысады. Шеңберді туғаннан психолог деп айтуға болады.

Зигзаг. Барлық фигуралардың ішінде әмбебаптылықты, креативтілікті, шығармашылықты бейнелейді. Зигзагтың негізгі ойлау стилі – синтетикалық стиль. Түрлі бірнеше ойларды, пікірлерді біріктіріп, жаңаны ойлап шығару зигзагтарға тән ерекше берілген қабілет. Шеңберлерге қарағанда, конфликтілік

жағдайлардан айтқанға көне салу жолымен емес, керісінше – пікірлер мен идеяларды қақтығыстырады. Өздерінің табиғи сөзтапқыштығын қолданып, жаңа шешім қабылдауда «өзгелердің көзін ашуға» қабілеті жоғары болады.

Зигзагтар жақсы ұйымдастырылған жағдайларда тиімді іс-әрекет ете алмайды. Оларды нақты ережеге бағынатын көлденең немесе тігінен ұйымдастырылған байланыстар, үнемі міндеттелген жұмыс тәсілдері аса тым тітіркендіреді. Жұмыс орнында түрлі және жоғары деңгейде стимулдау қажет. Басқаларға тәуелді болуды қаламайды. Осы кезде ғана зигзагтар қуат алып, негізгі іс-әрекеттерін орындайды – жаңа идеялар және жаңа жұмыс тәсілдерін ойлап табады. Осы шаққа қарағанда болашаққа ұмтылады.

Зигзагтар – өздерінің идеялары бойынша талмай жұмыс жасап, айналасындағыларға мотивация беруге қабілетті келеді. Бірақ, ұстамдылық қабілеті төмен: шыдамсыз, ұстамсыз, өздерінің ойларын бүркемей айтады. Салдарынан идеялары өмірде жүзеге асырылмай жатады. Нақты деталдарды өңдеуде әлсіз және бастаған істерін аяқтауға шыдамдылық таныта қоймайды. Бұл жаңа идеялардың туындап, қызығушылықтарының басқа салаға ауысуымен түсіндіріледі.

«Тиімді оқытушы» топтық пікір-талас

Мақсаты: тренинг-семинардың негізгі мәселесіне қызығушылықтарын оятып, өзіндік сапаларын талдау.

Топ жетекшісі қатысушыларды екі топқа бөледі.

ТЖ: «Қазір топтарыңыздың ішінен «Оқытушыны кәсіби маман ретінде анықтайтын тұлғалық қасиеттер» атты тақырыпта пікір алысасыздар. Топ ішінде әр қатысушының пікірі айтылуы керек».

Пікір алысып болған соң, әр топтың пікірлері талқыланады. Топ жетекшісі қатысушылардың пікірлерінің мағынасын ашу үшін келесі сұрақтар қояды:

- «Тиімді оқытушы» деген кім?
- Не үшін кәсіби іс-әрекетінің шебер маманы болуы керек?
- Жас маманға қажет қасиеттер қандай?
- Кәсіби маман болуға мүмкіндік беретін қасиеттер қандай? (мысалы, оқытушылық қызмет, шаштараз, етікші т.б...)

«Тірек» жаттығуы

Құрал-жабдықтар: парақтар, қаламдар.

- Белгілі бір жетістікте жеткенде өзімізге деген сенім жоғарылайды. Мұны қалай түсінесіздер? Ол үшін сізге қажеттінің бәрін параққа түсіріңіздер.

- Өзімізді белсендендіру, дамыту - бойымыздағы әлсіз жақтарымызбен күресу және қателерімізді талдау арқылы жүзеге асырылады деп ойлауды әдетке айналдырдық. Бірақ, өзімізді дамытудың тағы бір маңызды жағы бойымызда көмекші-досымыздың бар екенін түсіну қажет. Кейбір адамдар өздеріне ішкі тіреу болатын бойындағы сапаларының бар екенін мойындамайды. Осындай ішкі тіреуге мінез-бітістердің жағымды жетістіктеріңізді жатқызуға болады.

- Қазір 3-4 минут ішінде түрлі өмірлік жағдаяттарда тірек болатын ішкі сенімді сезімді тудыратын «күшті жақтар» туралы ойланып, ортаға салу керек.

Сұрақтар:

- Жаттығуды орындау барысында қандай сезімде болдыңыз?
- Қатысушылардың пікірлерінің ішінде айтылған ортақ ойлар?

«Хабарландыру» жаттығуы

Әр қатысушы 5 минут ішінде өзге маман ұсына алмайтын, кәсіби әмбебаптылығын бейнелейтін өзінің кәсіби қабілеті мен тұлғалық қасиеттері туралы хабарландыру құрастыру қажет.

Кейін 1 минут ішінде топ алдында хабарландыру оқылады. Топ оқып жатқан маманды қызметке алуға сенімді болуы үшін хабарландырудың мазмұнына қатысты кез-келген сұрақтар қоя алады.

«Мен бейнесінің айқын бейнесін құру» жаттығуы

Қазір бәріміз тіке тұрып, көзімізді жұмып, барлық зейінімізді денелік түйсіктерімізге бұрамыз. Барлық түйсіктеріміз жас, әдемі шыбыққа тән деп елестетейік. Өзімізді осы шыбық деп сезінейік. «Мен жас әрі әдемі шыбықпын!»

Өмірлік энергия барлық денемізді бойлап, өрлей қуат беріп жатыр... Бұл күш аяқтан кіріп, барлық дене мүшелерімізден өтіп жатыр... Энергия денені төменнен жоғарыға дейін толықтырып келеді... Қуат күші денеміздің әр клеткасын жұпар иісімен және сергектік, ширақтық сезімімен толықтыруда...

Организм осы өмірлік қуатты бар сараңдығымен өзіне сіңіріп жатқандығын сеземіз... Барлық организм тіріліп, ұйқыдан оралды. Төс кеудеміз ақырын босаңсып, иықтарымыз өздігінен төмен түсіп келеді... Төс кеудемен барынша толық тыныс алғыңыз келеді (терең тыныс алу және еркін тыныс шығару).

Денеміз ақырын, баяу, тұзу өз қалпына түсті... Омыртқамыз тік қалыпты орнына түсіп келеді. Мойынымыз ыңғайлы орналасып, иығымыз түсіп, басымыз тіке, қалыпты орнына түсіп келеді... Жас шыбық барлық өзінің табиғилығымен күнге, жарыққа, қуанышқа, бақытты өмірге тартылып келеді.

Аталған күйді сезініп, іштей қалау қажет: «Мен-күштімін, белсендімін, мақсатқа жететін тұлғамын!», «Мен жаңа әрі қуанышқа толы өмірді қабылдауға дайынмын!», «Мен әр секунд, әр минут сайын қазір және осы жерде өмір сүремін», «Мен өмірлік қуаттың барлық денеме таралғанын сезінемін», «Әр сәтте мен, жаңа күш пен сергектікті сезініп келемін». Организм ұйқыдан оянады. Терең тыныс алып, тыныс шығару барысында барлық денемізбен жоғары тартыламыз! Қуаныш сезіммен жоғары тартыламыз! Тағы да терең тыныс алып, тынысты шығару барысында жоғары тартыламыз. Осы жағымды сезімді сезінеміз. Барлық денені бір сілкіндіріп, көзімізді ашамыз!

Бір-бірімізге қараймыз. Сыртқы бейнемізде қандай өзгерістерді байқадық? Жаттығуды орындау барысында қандай күйлерді сезіндік? Қандай жаңа сезімдер пайда болды?

Қорытындылау

Күн 10. Кәсіби іс-әрекеттегі тұлғалық-кәсіби дамудың орны

Сабақтың мақсаты: 1. Оқытушыларға тұлғалық, кәсіби даму туралы ақпарат беру.

2. Психологиядағы негізгі тұлғалық даму сатыларын және кәсіби даму кезеңдерімен таныстыру.

3. Сабаққа оқытушылардың қызығушылықтарын ояту;

«Қиыншылықтар туралы әңгіме» (ертегі терапиясы)

Бір күні оқушы ұстазынан: «мақсатқа жету жолында неге кедергілер, қиыншылықтар орын алады?» - деп сұрайды. Сонда ұстазы былай жауап береді:

- Сенің қиындық деп тұрғаның, мақсатыңның бір бөлігі. Онымен күресуді доғар. Үнемі жолды таңдау барысында, өзінді садақтан оқ атып жатқанындай көр. Нысана алыста орналасқандықтан оны таңғы қалың тұманның салдарынан көре алмайсың. Сен тұманмен күресесің бе? Жоқ, желдің тұманды басқа бағытқа сейілткенін күтесің. Енді, нысан көрінгенімен, кенеттен пайда болған жел сенің садағынды басқа жаққа бұрады. Осы кезде желмен күресесің бе? Жоқ, садақтың бағытына түзету еңгізесің. Сенің садағын ауырлығынан оны тартуға күшін жетпейді. Сен садақпен күресесің бе? Жоқ, садақтан оқ ату үшін бұлшықеттеріңді жаттықтырасың, - деп Ұстаз жауап берді.

- Бірақ, тұмансыз, желсіз күні жеңіл садақпен оқ ататын адамдар болады емес пе? Неліктен, менің жолымда ғана кедергілер тұрады? Неліктен бүкіл әлем менің алға қарай өсуіме қарсы? – деп Оқушы ренжіңкіреп сұрайды.

- Ешқашан басқаларға қарама, - деп жымыды Ұстаз. Әр адамның жеке оғы, садағы, нысаны болады. Біреулер өздерін нысананың дәл ортасына тигізуді, басқалары – атуға үйрету мүмкіндігін мақсат қояды.

Ұстаз дауысын төмендетіп, оқушыға басын бұрып:

- Мен саған бір құпияны ашайын балам. Тұман сенің садағына кедергі келтіру үшін пайда болмайды, жел садағынды жан-жаққа итеру үшін желдетпейді, садақтың ауырлығы сенің әлсіздікті сезінуің үшін жасалынбайды... Мұның барлығы өздігінен жүзеге асырылады. Сен осындай жағдайлардан шығатындығына сеніп, өзін осы жолды таңдадың. Сол себепті де, қиындықтарға шағымдана бермей, садақты ат! Немесе өзінің тәкәппарлығыңды тый да, жеңіл жолды таңда.

Пікір-талас: «Сіз қандай бағытпен дамып келесіз?»

Сабақ алдында оқытушыларға келесідей сұрақтар қойылады:

1. Тұлғалық даму деген ұғымды қалай түсінесіздер?
2. Кәсіби әрекетте дамуға әсер ететін жағдайлар?
3. Неліктен адам өзін дамытуы қажет?
4. Кәсіби даму мен тұлғалық дамудың айырмашылықтары?

Жоспар:

1. Даму. Дамудың кезеңдері
2. Кәсіби әрекеттегі тұлғалық даму және оның маңызы
3. Кәсіби дамудың кезеңдері

Пікір-талас: «Сіз қандай жолмен дамып келесіз?»

Миға шабуыл: «Тұлғалық-кәсіби даму үшін оқытушы қандай істермен айналысу керек?»

Қорытындылау

Күн 12.

- Мақсаты: 1. Өзін-өзі басқару, өзін-өзі түзету, өзгеру икемділігін дамыту;
2. Тұлғалық және кәсіби дамудың күнделікті іс-әрекетте жағымды қатынасын қалыптастыру;
3. Шығармашылық өзін көрсету қабілетін дамыту;
4. Өмірді саналы жоспарлау және осы жоспарларды жүзеге асыру қабілетіне сенімді қалыптастыру.

Қыздыру сәті: «Молекулалар» жаттығуы

Топ мүшелері бөлмеде еркін қозғалады. Кейін бір-бірлерімен соқтығысқан реттерін санай отырып, арқаларымен алға қарай қозғала бастайды. Топ жетекшісінің бұйрығымен қатысушылар айтылған санға сәйкес адамдармен бірігіп, «молекуланы» құрау керек. Кейін, қозғалыстарын жалғастырып, топ жетекшісінің бұйрығын күтеді («екі», «бес», «он екі»).

«Өзім туралы мақтаулар» жаттығуы

Нұсқау: «Парақ алып, денеңізді бос ұстап, тынышталуға тырысыңыз, қажет болса айнаға қарауыңызға болады. Өздерімізге мақтаулар жазайық. Жақсылық, денсаулық, іс-әрекеттерімізге сәттілік тілейік. Шығарманың формасы 5-10 сөзден құралған өлең немесе шығарма түрінде де болуы мүмкін.

Қатысушылар өздерінің әсерлерімен бөліседі.

Үйге тапсырма: «Өздеріңізге әдемі мақтаулар жазып, қажет болса фотосуретті жиектемеге салып, көрінетін жерге іліп қойыңыз. Күнде таңертең мақтауларды ойша немесе дауыстап оқу қажет. Оқу барысында көңіл күйіңіздің жоғарылап, өмірлік күштің сізді баурап, қоршаған әлемнің жарық, қуаныш сыйлап жатқан айналадағы құбылыстарды сезініңіз».

«Мен неге үйрендім» жаттығуы

Келесі аяқталмаған сөйлемдері жазылған плакат ұсынылады:

Мен үйрендім Мен... .. екенін білдім.

Мен дәлел таптым, себебі Мен ... анықтадым.

Мен ... таң қалдым. Маған ... ұнады.

Менің көңілім толған жоқ. Мен үшін маңызды.

ТЖ: Топта жұмыс жасап, үйренген дағдылары туралы ойлануларын сұрайды. Плакаттағы кез-келген аяқталмаған сөйлемді еркімен таңдауға болады.

«Чемодан» жаттығуы

Топтың бір қатысушысы бөлмеден шығады, қалғандары шыққан қатысушы үшін ұзақ жолға «чемодан» дайындайды. Чемоданға шығып кеткен оқытушының тұлғалық және кәсіби өсуіне мүмкіндік беретін жағымды мінездемелер салынады. Сонымен қатар, аталған адамға жағымсыз әсер ететін және оның болашақта жұмыс жасап, түзетуді қажет ететін қасиеттерге қатысты пікірлер айтылады.

«Хатшы» таңдалады. Ол паракты тігінен екіге бөліп, «+», «-» белгілерін қояды. Жақсы чемодан дайындау үшін әр жаққа 5-7 сөзден кем емес қасиеттер жазылады. Кейін топтағы қатысушы оралып, дауыстап тізім оқылады.

Кеңес! Өмірлік мақсат

1 - қадам. «Мен өмірден не алғым келеді» атты сұраққа 5-10 минут уақытыңызды бөліңіз. Көп ойланбай, алғашқы келген барлық идеяларды жазып алаңыз. Содан соң 2-3 минуттың ішінде тізімге тағы қосатын пікірлерді анықтаңыз.

2 - қадам. Тізімнің ішінен алдағы үш жылыңызды арнайтын мақсатты таңдаңыз. Содан соң тағы тізімді толықтыруға немесе өзгертуге болады.

3 - қадам. Алдағы алты айда орындауды қажет ететін мақсатты бөліңіз. Содан соң тағы тізімді толықтыруға немесе өзгертуге болады.

4 - қадам. Мақсаттардың нақты құрылғанын қараңыз. Уақыты және жеке ресурстары қаншалықты сәйкес келеді. Содан соң тізімді толықтыруға немесе өзгертуге болады.

Тұлғалық өсудің негізгі қағидаларының бірі: тұлғалық тиімділікті жоғарылату жүйесін өз қолыңызбен құру, - дейді Роберто Ассаджиоли.

Роберто Ассаджиоли ұсынған тұлғалық дамудың моделіне назар салайық:

1-ші кезең: Өзін қалайтын «Меннің» идеалды моделін таңдау;

2-ші кезең: Барлық энергетикалық ресурстарды конструктивті қолдану;

3-ші кезең: Жеткілікті дамытылмаған сапаларды толықтыру немесе дамыту. Ол: Ішкі жол – өзін-өзі сендіру.

Сыртқы жол – іс-әрекет арқылы қалыптастыру және қажетті сапаларды нығайтудан тұрады.

4-ші кезең: Тұлға құрылымының үйлесімділігі (жеке ноталардан біріктірілген әдемі күйді шығару немесе таңдаған идеалды «Мен» моделіне сәйкес түрлі сапаларды өзіне бағындыру)

«Студентті өзін-өзі дамытуы үшін қалай қызығушылығын қалыптастыруға болады?(кейс-стади)

«Тренингке қатысу Маған не берді» әңгіме құру

Қорытындылау. «Рахмет айту» жаттығуы

Нұсқау: Қазір, бәріміз топта жүре бастаймыз. Барлығымыз бір-бірімізге: «Рахмет, Сенімен жұмыс жасау маған ұнады және жеңіл болды!» - деп, қол алысамыз. Осы қарапайым сөйлемді ғана айтамыз. Артық сөздерді қосуға болмайды. Жаттығудың ережесі: топтағы бір қатысушының қолын алған соң, екінші қолымен басқаның қолын ұстағанда ғана бірінші адамның қолын жібере аласыз. Басқаша айтқанда Сіз үздіксіз топ мүшелерімен байланысты болуыңыз керек.

II. 2. Аталған міндеттердің тиімді шешілуі оқытушылардың мотивациясына тәуелді.

Мотивациялық аспект оқытушылардың тұлғалық-кәсіби қасиеттерін дамыту бойынша тұрақты мотивациясын және қызығушылықтарын қалыптастыруды жүзеге асырады.

Психотехнологиялық бағдарламаны оқытушыларға ұсыну барысында келесідей мотивациялық факторлар анықталды:

– Тұлғалық-кәсіби өсу, даму туралы білімдердің жеке өмірімізде алатын орны;

– Тұлғалық-кәсіби өсу арқылы өз өмірінің басшысына айналу;

– Өз өміріміздің басшысына айналып, кәсіби іс-әрекетте оң нәтижелерге жету;

– Тұлғалық-кәсіби тұрғыдан өзін-өзі белсендіру арқылы психологиялық, физиологиялық денсаулықты дамыту.

Аталған мотивацияның нәтижесінде оқытушылардың тұлғалық-кәсіби қасиеттерін дамытуға қажеттіліктерін қалыптастыра отырып, білім алушы субъектілерінің тұлғалық-кәсіби өзін-өзі дамуы үшін үйлесімді орта құруына мүмкіндік жасауға үлесімізді қоса аламыз.

II. 3. Мазмұндық құрылым.

ЖОО оқытушыларының тұлғалық-кәсіби қасиеттерін дамыту үдерісінің мазмұнын анықтайды. Аталған құрылым психологиялық әсер етудің әдістері, формасы, құзыретті жүргізуге қойылатын талаптардан тұрады. Ол тұтас үдерісті реттеуге және басқару үшін дамыту бағдарламасының мазмұны мен кезеңдерді, сабақтың құрылымы, ұстанымдары, ережелері мен дамытушы-түзетуші бөлімді қамтиды.

Жүргізілетін шараларда қолданылатын әдістер: оқыту дәрістері, қыздыру ойындар, психотехнологиялық жаттығулар, топтық дискуссиялар және тренингтер.

- *Оқыту дәрістері* – белгілі мәселе бойынша теориялық-ғылыми тұрғыдан талдау жасау, сипаттау, дәрістің тақырыбына байланысты негізгі тірек ұғымдарына анықтама беру.

- *Қыздыру сәті* – топ жетекшісінің сабақ алдында топ мүшелерінің белсенділігін арттыру, аталған сабаққа оқытушылардың қызығушылықтарын ояту, жағымсыз эмоциялық күйлердің (мазасыздану, үрей, қорқыныш) деңгейін төмендету. Қыздыру сәті сабақ тақырыбына кіріспе болатын ойындардан тұрады. Тиімді жұмыс үшін қыздыру ойындарына терең, мағыналы ой беретін немесе ойлануды қажет ететін жаттығуларды өткізбеген дұрыс.

- *Топтық дискуссия* – кез-келген мәселені жан-жақты қырынан көруге, өзара ұстанымын нақтылап, жаңа ақпаратты қабылдауда туындаған кедергілерден арылуға, қарама-қарсы пікірлер туындаған шақтағы ортақ шешім қабылдау үшін топ қатысушыларының қарым-қатынасын ұйымдастыру тәсілі. Аталған жаттығу оқытушыларды шынайы жағдаяттарды талдауға, тыңдау икемділігі мен қоршаған ортамен өзара қарым-қатынас жасауға баулиды, мәселелердің түрлі шешілу жолдарын көрсетеді.

- *Психотехнологиялық жаттығулар* – бейсана деңгейдегі жағымсыз сезімдер мен ойларды шығаруға, анықтауға көмектеседі, адекватсыз эмоционалды реакцияларды жойып, өзге адамдардың ерекшеліктерін дұрыс қабылдауға, өзін-өзі тануға, өзін-өзі реттеуге үйретеді.

Зерттеу жұмысымызда «Миға шабуыл», «Ашық кеңістік», Кейс стади, «Интегратор», «Рөлдік ойын», «Сегіз қадам», «Алты телпек», «Қарым-қатынасты үйлестіру» технологиялары қолданылды [177, 191, 192].

«Миға шабуыл» технологиясы.

Аталған технологияның негізгі идеясы – ойға келіп түскен идеялардың санын шектемей және оларды сыни тұрғысынан бағалауға жол бермеуге үйрету.

Оқытушылар 4 – 10 адамнан тұратын топшаларға біріктіріледі.

Миға шабуыл технологиясы үш кезеңнен тұрады:

Қатысушыларға шешімін табуды қажет ететін педагогикалық іс-әрекетте, жеке өмірде орын алатын мәселені шешуге байланысты тақырып немесе ситуация беріледі. Миға шабуыл үдерісі өтеді. Міндеті: мәселеге байланысты барынша көп идеялар алу. Мұндағы басты ереже: кез-келген тіпті ақылға сыймайтын, қате идеялар да қабылданады, сын тұрғысынан бағалау қабылданбайды. Керісінше, кез-келген ойға түскен дұрыс және дұрыс емес пікірлерді бағалау қажет. Мұндай жағдайда шығармашылық үдерістерді стимулдау, қолдау қажет. Топ жетекшісі шараның жүргізілуін белсендіреді, эмоционалды қыздырады.

Талдау кезеңі. Алынған идеялар санымен ($n = \dots$) анықталады. Ең көп идеяларды айтқан топ жеңіске жетеді.

«Ашық кеңістік» технологиясы (АКТ).

Аталған технология топтардың немесе тұлғалардың кәсіби іс-әрекетте тиімді жұмыс жасауына, тұлғалық-кәсіби дамуына, өмірлерін саналы талдауға және мәселелерді шешу дағдысын қалыптастыруға, жетілдіруге көмектеседі. Тұлғаның әлеуетін толық ашуға және қажетті жағдайда пайдалануға септігін тигізеді.

АКТ-ның ұстанымы «Екі аяқты заңдылық» бойынша жұмыс жасайды: «Егер сіз жұмысыңызға пайдалы үлесіңізді қоса алмасаңыз немесе бір нәрсеге үйрене алмайтын жағдайға тап болсаңыз, онда екі аяғыңызды пайдаланып, оны жүзеге асыра алатындай ортаға (жерге) ауысыңыз».

Кейде өзіміз жағымсыз жағдайдан, сезімдер мен күйлерден арыла алмасақ та, бірақ ойымызды, жанымызды, рухымызды басқа жерге ауыстыруымызға болады.

АКТ-ның 4 қағидасы (кейде оларды өмірдің фактілері деп атайды):

- Кім келсе де – бұлар дұрыс адамдар;
- Қандай жағдай болмасын – бұл бізбен ғана басқаша болуы мүмкін емес жағдай;
- Ол қашан басталса да, бұл дұрыс уақыт;
- Ол аяқталса, демек уақыттың да таусылғаны.

Аталған қағидалар топтың бойында бар тұлғалық қасиеттерді жағымды бағалауға шақырады.

АКТ өту барысы: аталған технологияны өткізу үшін алдын ала тақырып дайындалмайды. АКТ келесідей басталады: тапсырыс беруші – шараны ұйымдастырушы – әдетте сөзді бастап, кейін сөзді фасилитаторға береді. 15 минут ішінде шараның өту барысы туралы айтады және топтың қатысушыларын шараға қатысу үшін қызығушылықтарын оятады. Топ мүшелерімен өзекті немесе қызықтыратын тақырып анықталады және қатысушылар шеңберге жиналады.

– Фасилитатор кез-келген адамның сессияда жұмыс жасауы үшін тақырып тандай алатынын айтады. Қатысушылар шеңбердің ортасына шығып, парақтың бетіне өздерінің атын және тақырып жазу ұсынылады. Бұл қатысушының тақырыпты таңдауға үлес қосқаны және нәтижесі жазбаша таңдалған тақырып үшін жауапкершілік алғанын білдіреді.

– Кез-келген қатысушы топқа тақырыпты ұсынып, парағын алдын ала дайындалған «Қоғамдық хабарландыру тақтасына» іледі.

– Кейін өздері құрған топтарда мәселені шешуге кіріседі. Қатысушылардың уақыттарын, кеңістіктерін, энергияларын бақылау өздеріне тапсырылады.

– Жұмыс аяқталған соң, есептер «Қызу жаңалықтар» деп аталатын тақтаға ілінеді. Бұл қатысушылардың пікір-талас нәтижелерімен танысу үшін қажет.

– Қорытынды кезеңінде қатысушылар шеңберге жиналып, үйренгендерімен бөліседі немесе өздерінің жеке пікірлерін айтады.

АКТ нәтижелері: нәтижелер жиналыстың міндеттеріне, ұзақтығына байланысты шешіледі. Аталған технологиядан байқауға болады:

1. ЖОО оқытушыларын мазалайтын сұрақтар анықталады.
2. Сұрақтарға жауап алу мүмкіндігі бар.
3. Топтағы пікір-таластың нәтижелері «Есептер кітабында» көрініс табады.
4. Байланысты сұрақтар біріктіріледі.
5. Кейінгі іс-әрекеттер үшін жауапкершілікті адамдар анықталады.

«Интегратор» технологиясы.

Жаңа немесе қарама-қайшы ақпараттардың барлық танымдық деңгейлерін қабылдауға көмек береді.

Өту барысы: Әр қатысушыға өздері таңдаған түсініктерге байланысты келесі сұрақтар қойылады:

1. Бұл не? (оны қалай түсіндіресіз?)
2. Мен мұны қайдан білемін?
3. Кейін барлық сезім мүшелеріне байланысты аталған түсінікке қатысты сұрақтар қойылады.

- мен оны қалай көремін?, - ол қалай тыңдалады?, - сол кездегі менің сезімім? - түсінікке байланысты ассоциациялық қатарлар жазылады.

4. Алынған материалдарды жинақтау.

Топта 4 оқытушыдан құралған топшалар құрылады. Солай, нәтижесінде түсінікке анықтама беріледі. Топтар арасында түсініктің анықтамасына қатысты сұрақтар қойылады және жауаптар алынады.

Психологиялық кеңес беруде аталған технологияны қолданған тиімді.

Кейс стади технологиясы.

ЖОО оқытушыларының бойына шынайы немесе жалған оқиғалардың негізінде жаңа сапалар мен біліктілікті қалыптастыруға арналған қысқа мерзімді интерактивті технология.

Мақсаты: топты тыңдауға, ақпаратты талдауға, туындаған мәселенің негізгісін бөліп алуға, бағдарламалық іс-әрекеттерді бағалауға, дұрыс шешімдерді табуға үйрету.

Технологияны өткізу барысында нақты бір жағдай бейнеленеді. Оқытушы мәселемен танысып, оны шешудің тәсілдерін анықтауы қажет. Бұл технология қолданбалы кәсіби міндеттерді, кейбір тұлғалық мәселелерді шешуге дайындайды және өзге технологиялармен бірігіп, кәсіби іс-әрекетті табысты жүзеге асыруға тұлғалық қасиеттерді белсендіруге мүмкіндік береді.

Жағдайларды талдау технологиялары:

Жағдайларды талдау – мәселелі жағдайлармен жұмыс істеу.

Мұнда келесі сұрақ туындауы мүмкін: «Біз әрдайым түрлі жағдайларды талдаймыз, бұл үшін арнайы технологиялардың қажеті неде?». Мұның себебі - талдаудың нәтижелі болып шығуында.

Жағдайларды талдау технологияларының бірнеше әдістері бар, срлардың тиімді 3 түріне тоқталамыз:

- «Сегіз қадам» - күрделі жағдайлардың шешімін табу мен талдау.

- «Алты телпек» - маңызды шешім қабылдау қажеттілігі туындайтын жағдайларды талдау.

- «Тәуекелдің бағасы» - тәуекелді бағалау қажеттілігін талдау және оған қарсы құрал табу.

«Сегіз қадам» технологиясы.

Берілген технология Мин Басадурдың қағидасына сүйенеді. Шешімі күрделі мәселені топ болып шешуге бағытталған әдіс. Мұнда мәселенің шешімі көрсетілмейді, технология жүзеге асыру ретімен 8 қадам бойынша топ іс-әрекет етеді. Нәтижесінде топ мүшелерінің ойлары, пікірлері топтастырылады.

Технологияны жүргізу уақыты – 2-2,5 сағат. Қажетті құралдар: тақта, түрлі-түсті маркер. Топ мүшелері жартылай шеңберге отырады, ТЖ тақтаның алдына тұрып, топтың ойларын жазып тұрады.

Міндеті: әр қадам сайын мәселені шешуге арналған талқылау ретін нақты әрі дұрыс ұйымдастыру және әр қадам сайын топ мүшелерінің негізгі ойларын жазып алу.

Бірінші қадам «Тұманды ситуация».

Негізгі міндеті: мәселені топ мүшелерінің ойлары, пікірлері мен ұсыныстары бойынша құрастыру. ТЖ белгілі тақырып бойынша мәселе ұсынып, топ мүшелерін аталған мәселеге сәйкес өздерінің көзқарастарын білдіруін сұрайды. Эмоционалды сөздерге тыйым салынады.

Кейде кейбір топ мүшелері мәселені шешу бойынша өздерінің нұсқаларын ұсынады. Сол кезде ТЖ: «Құрметті әріптестер, қазір біз мәселе бойынша өз ойларымызды ғана айтамыз, оны шешпейміз. Себебі, біз мәселе жайлы толық білмейміз және сіз тым эмоционалды күйіндесіз. Шешімге сәл кейін тоқталамыз. Дегенмен, ойыңызға рахмет!» - деп, одан әрі топтың іс-әрекеттерін қадағалайды.

Талқылауға берілген уақыт: 10-15 минут. Барлығының ойларын тыңдалады.

Екінші қадам. «Дәлелдерді іздеу».

Қадамның міндеті: «Тұманды мәселе» қай жерде көрінеді?» - деген сұраққа нақты жауап беру.

Енді топ мүшелерін «эмоция мониторингіне» назар аударту. «Қадірлі әріптестер, сіз өз ойларыңызды эмоционалды тұрғыда айттыңыздар, енді тек қана дәлелмен сөйлейік. «Эмоция мониторингі» жайлы ұмытпаңыздар. Тек қана проблемаға қатысты дәлелдер. Әрбір дәлелді мен тақтаға жазып отырамын».

Проблемалар анықталған барлық дәлелдер тақтаға жазылған соң, топ мүшелеріне: «Құрметті әріптестер, біз сіздермен барлық дәлелдерді жинадық, тағы бір мәрте оқып шығыңыз, кейін осы «проблемалар болмаған жағдайда не болар еді?» -деген сұраққа жауап беріңіз. Әрбір айтылған сөздеріңізді мен жазып отырамын».

Талқылауға берілген уақыт: 10 минут. Проблеманы суреттеуді жалғастырамыз, «тұманды құрылым»: Осы проблемалар болмаған жағдайда: Өміріміз тыныш болар еді; 100% алдын-ала төлемді төлемеуіміз мүмкін; Жұмыс сапасы жоғары болар еді; Үшінші қадам «Проблемаларды анықтау. Міндеті: проблемаға белсенді құрылым беру.

ТЖ топ мүшелеріне үшінші қадамға өткендерін айтады және шешілген проблеманың бейнесін сипаттайды, алдында қойылған сұраққа берілген жауапты қайта оқып шығуларын сұрайды. Кейін проблеманың шешілуінде қауіп жоқ па? Содан соң, сіз топқа «Неге бізде осындай қауіп бар?» - деп сұрақ қояды. Сосын, қауіптің пайда болу себебі мен шешілген проблеманың бейнесін ұштастырып, оған жағымды құрылым ойлап табады.

Кейін, топқа проблеманың «тұманды құрылымы» оқылып, оны қазіргі құрылыммен салыстыру ұсынылады. Мысалы: «Басында қандай проблеманы шешуге тырыстық, қаншама энергия жоғалтқанымызды көрдіңіздер ме? Ең алдымен, проблеманы дұрыс құрастырып, кейін ғана оны шешуге кірісуге болады. Сонымен, қазір келесідей бейнеде анықталатын проблеманың шешімімен жұмыс істейміз...»

Талқылауға берілген уақыт: 25 минуттан көп емес.

Проблеманы анықтау: ең маңызды қадам, себебі, проблема дұрыс құрылса, топ мүшелері әрі қарай не істеу керектігін біледі. Проблема бірнеше кезеңдерге бөлінеді. Бұл жағдайда топ проблеманың бүгін шешілетін жағын және қалған проблеманы қашан шешетіні жайлы жоспар құрады.

Төртінші қадам «Идеялар жолын құру».

Міндеті: неғұрлым көп идеялар айту және оның шешу жолын табу.

Бірақ, қаншалықты «ойға сыймайтын» болса да идеяларды бағалауға болмайды. Талқылауға берілген уақыт: 20 минуттан көп емес.

Бесінші қадам «Бағалау және жіктеу».

Міндеті: идеялардың жіктеу көрсеткіштерін анықтау және оның шынайылығын бағалау.

Талқылауға берілген уақыт: 10-15 минуттан көп емес.

Алтыншы қадам. «Шешім бейнесі». Міндеті: жүзеге асырылған практиканың неғұрлым шынайы сценарийін құру.

Талқылауға берілген уақыт: 10 минуттан көп емес.

Жетінші қадам. «Іс-әрекет жоспарын құру».

Міндеті: таңдалған сценаридің практикасына бағытталған нақты жоспар құру. Ыңғайлы болу үшін тақтаға немесе ватманға келесідей кесте толтырыңыз:

Не істеу керек?	Кім оны істейді?	Қашан істеу керек?	Қалай істеу керек?	Қайда?
Ойлағанды жүзеге асыруға арналған іс-әрекеттер мен іс-шаралар тізімі.	Әр іс-шара кезінде оған жауапкершілік ті адам тағайындалады.	Әр іс-шараның нақты мерзімі көрсетіледі.	Әр іс-шара үшін керекті құралдар, сызба нұсқалар жасалынады.	Іс-шара болатын орын анықталады.

Сегізінші қадам «Іс-әрекет және оның бағасы». Бұл қадам жүзеге асырылған практика мен келесі іс-әрекетті бағалау. Нәтиже шыққаннан соң, топ қайта шеңберге жиналып, келесідей сұрақтар қойылады:

- Күткен нәтижеге жеттіңіз бе?
- Сценариді жүзеге асыру үдерісінде қандай қиыншылықтар кездесті?
- Барлық қиындықтар мен қауіптер басында айтылды ма? Жоқ болса, неге?
- Сценариді жүзеге асыру үдерісінде қандай жаңалықтар ашылды?
- Топтық тәжірибе неге үйретті?

«Алты телпек» технологиясы.

Берілген технология Эдвард Де Бонаның ұсынған қағидаларына негізделген. Маңызды шешім қабылдау қажеттілігі туындағанда топпен жүзеге асырылады. Мәселенің шешімі неғұрлым дұрыс, объективті болуы үшін ситуацияны жан-жақты қараған дұрыс. Бұл жерде «жан-жақты» дегеніміз «телпектер»:

- Ақ телпек тек нақты дәлелдермен, сандармен, оқиғалармен жұмыс істеуге үйретеді. Ақ телпек ойды бұзатын эмоциялардан арылуға, объективті болуға көмектеседі.

- Қара телпек проблеманың шығуын, жағдайдың жағымсыз жақтарын көруге үйретеді; қауіпті бағалауға мүмкіндік береді.

- Сары телпек керісінше, жағдайдың дұрыс жағын, ресурстарды ашуға көмектеседі; жағдайдың «жағымды» жағын көрсетеді.

- Қызыл телпек проблеманың шығуын, жағдайды ашық, эмоционалды түстерде көруге мүмкіндік береді; жұмысқа кедергі келтірмейтін, эмоцияға әсер ететін жағдайлар қалыптастырады.

- Жасыл телпек шығармашылық ойды белсенділендіреді, тапсырманы шешуде қалыпты емес жолдарын іздеуге, көруге мүмкіндік береді, жаңа тәсілдер мен әдістер жүзеге асырылады.

- Көк телпек адамның іс-әрекетінің мағынасын түсінуіне көмектеседі; ойлау үдерісін басқарады; тәжірибені жалпылауға үйретеді.

Сонымен, топқа күрделі проблеманы шешу немесе кейбір тапсырманы орындау қажет болған жағдайда, топ шеңберге отырады, әр телпектің мағынасы

түсіндіріледі, телпектерді киіп көру арқылы әртүрлі ситуацияны қарастыру ұсынылады.

«Алты телпек» технологиясы пікір алмасу арқылы нақты шешімдерге келіп, жоспар құруға көмек береді.

Психотехнологиялық дамытушы-түзетуші бағдарламасына сәйкес әр сабақ төмендегідей ұстаным бойынша жүзеге асырылды:

Сабақтың ұстанымдары:

– **сабаққа өз еркімен қатысу ұстанымы** – сабақтарға өз еркімен қатысу;

– **белсенділік ұстанымы** – сабақ барысында белсенділік таныту;

– **зерттеушілік, шығармашылық көзқарас ұстанымы** – топтық жұмыстарда өзгелерге ұқсамау, еліктемеу, жаңа жолдар табуға ұмтылу. Өмірлік тәжірибені жаңа білімдермен толықтыратын ұстанымдардан, қондырғылардан арылудан қорықпау;

– **өзара іс-әрекет ұстанымы** – сабақ уақытында тұлғааралық байланысқа ұмтылу, бірін-бірі сыйлау, құрметтеу, сенімділік білдіру;

– **субъект-субъектілік қатынас ұстанымы** – қатысушылардың қызығушылықтарын ескеру, құндылықтарын, сезімдерін, көңіл-күйлерін сыйлау;

– **іс-әрекетті саналы басқару ұстанымы** – сабақ барысында кері байланысты жүзеге асыру, өзін-өзі бақылау және өзін-өзі талдау үдерісінде импульсивті деңгейден объективті деңгейге ұмтылу;

– **өзіндік диагностика ұстанымы** – сабақта өзін-өзін көрсету, маңызды мәселелерді саналы түсінуге ұмтылу.

Әр сабақ барысында топ мүшелеріне топтың ережелері туралы ақпараттар берілді.

Сабақтың негізгі ережелері:

– **сенімді қарым-қатынас стилі** – барлығына ортақ «Сен» қарым-қатынасы.

– **қарым-қатынастың «Қазір және енді» ұстанымы** – осы уақыттағы күйін, сезімдерін немесе жағдайын ғана айту.

– **өзінің атынан сөйлеу** – «Менің көп достарым ... ойлайды», «Көп адамдардың пікірінше ...» орнына «Менің ойымша ...», «Менің тәжірибем көрсеткендей ...» атты сөйлемдерді қолдану.

– **қарым-қатынастағы шынайылық** – өзге қатысушылардың іс-әрекеттеріне шынайы сезімдерімен қарым-қатынас жасау.

– **құпия сақтау** – жаттығу барысындағы жағдайларды топтан тыс жерлерге шығарма және жәрия жасамау.

– **тұлғаның күшті жақтарын анықтау** – әр қатысушы алдымен топтағы серігінің жағымды сапаларын айрықша көрсетіп, кемшіліктерін атауда сыпайы, әдепті болуы қажет.

– **өзіндік бағалауға жол бермеу** – топ мүшелерінің тұлғасын емес, іс-әрекеттерін бағалау қажет (мысалы, «Сен маған ұнамайсың» сөйлемнің орнына «Сенің маған қарым-қатынасың ұнамайды» т.б).

Психотехнологиялық дамытушы-түзетуші бағдарлама негізінде әр сабақтың өту барысы қатаң тәртіппен алдын ала дайындалған құрылым бойынша жүзеге асырылды.

Сабақтың құрылымы:

Кіріспе. Әр сабақтың мақсаты, міндеттері, ұстанымдары, ережелері айтылып, сабақтың тақырыбына байланысты негізгі терминдерге анықтама беріледі.

Танысу. Топ мүшелерінің бір-бірімен танысуы. Топта жағымды эмоционалды күйді орнату үшін түрлі тапсырмаларды орындау (алғашқы күндерде).

Қыздыру сәті. Топ мүшелерін белсендіруге, ішкі мазасыздану деңгейін төмендетіп, жағымды эмоционалды күйлерді жоғарылататын ойындар жүргізіледі.

Дамытушы-түзетуші. Дамытуш-түзетуші бағдарламаның маңызды кезеңі. Дамытушы-түзетуші бөлім әр сабақтың мақсатына сәйкес алдын ала дайындалған психотехнологиялардан тұрады.

Қорытындылау. Сабақтағы жаттығуларға рефлексия. Рефлексия келесі сұрақтардан тұрады:

- Бүгінгі сабақтан не үйрендіңіз?
- Бойыңызда қандай жаңа ерекшеліктерді байқадыңыз?
- Сіз үшін топ мүшелерінің қандай қасиеттері ашылды және жаңа қырынан танылды?
- Жаттығуды орындауда сезінген эмоционалды күйлеріңіз туралы айтып беріңіз.
- Келесі сабақтан не күтесіз?

II. 4. Ұйымдастырушылық құрылым түрлі әдістер, әдістемелер, құрал-жабдықтар мен олардың формаларын жүзеге асыру арқылы орындалады. Қызметі – жүзеге асырылатын психологиялық әсер етудің мазмұнын беріп, қайта жаңғырту.

Ұйымдастырушылық құрылымға әдістер, әдістемелер, құрал-жабдықтар мен формалардың көмегімен жүзеге асырылатын тұлғалық қасиеттерді дамыту бойынша оқытушылардың іс-әрекеттері жатады. Жоғарыда аталған барлық элементтер бір-бірімен тығыз байланысты және аталған құрылымның ұйымдастырушылық қызметін қамтамасыз етеді.

Зерттелінетін жұмыстарды жүзеге асырудың тиімділігі алға қойылған мақсат пен қол жетімді нәтижелердің сәйкестік дейгейлері ескеріліп анықталады.

II. 5. Бағдарламаның бағалаушы-диагностикалық құрылымы алынған сандық және сапалық нәтижелердің көрсеткіштерінен тұрады. Аталған құрылым барысында зерттелінетін үдерістің нәтижелері тексеріледі, бағаланады, мақсаттан тыс нәтижелер мен олардың пайда болу себептері анықталады және қажетті түзетулер енгізіледі.

Бағалаушы-диагностикалық құрылым зерттеу барысында анықталған тұлғалық-кәсіби қасиеттердің орташа және төмен деңгейдегі көрсеткіштерін

түзету-дамыту жолымен жоғарылату үшін дамытушы-түзетуші қызметті қамтамасыз етеді.

2.3 Қалыптастырушы эксперименттік зерттеудің нәтижелері

Қалыптастырушы экспериментке Қ.Жұбанов атындағы Ақтөбе өңірлік мемлекеттік университетінен өз еркімен 72 оқытушы қатысты. Олардың 30-ы эксперименттік, 42-сі бақылау тобына біріктірілді. Психотехнологиялық дамытушы-түзетуші бағдарлама 3 сағаттан 12 күнге арналған. Қатысқандардың 85%-ын 1-5 жыл жұмыс өтілдері бар оқытушылар құрады. Сондай-ақ экспериментке оқытушылық қызметте жұмыс жасаған, қазіргі уақытта магистратурада білім алып жүрген магистранттар қатысты.

Қалыптастырушы эксперимент 3 кезеңнен тұрды:

1 кезең: психодиагностикалық әдістер мен әдістемелерді іріктеу;

2 кезең: тұлғалық өсуге бағытталған психотехнологиялық дамытушы-түзетуші бағдарламаны жүзеге асыру;

3 кезең: психотехнологиялық дамытушы-түзетуші бағдарламасын жүзеге асыруға дейінгі және кейінгі бақылау, эксперименттік топтарының тұлғалық-кәсіби қасиеттерінің ерекшеліктері мен деңгейлерін анықтау.

Анықталған зерттеу қорытындыларының сенімділік деңгейі математикалық-статистикалық талдау бойынша жүзеге асырылды. Эксперименттік-зерттеу жұмысының маңыздылығының статистикалық сенімділігін анықтау мақсатымен Стьюденттің Т-критерийі қолданылды.

Қалыптастырушы эксперименттік-зерттеу жұмысының нәтижелері:

1. Басса-Дарки әдістемесінің нәтижелері

Кесте 16 – Басса-Дарки сауалнамасының көрсеткіштерінің динамикасы

Басса-Дарки сауалнамасының көрсеткіштері	Экспериментке дейін		Эксперименттен кейін	
	Ұпайларының орташа көрсеткіштері			
	Эксперименттік топ (n=30)	Бақылау тобы (n=42)	Эксперименттік топ (n=30)	Бақылау тобы (n=42)
Физикалық агрессия	49	47	44	49
Жанама агрессия	60	58	53	56
Негативизм	52	53	49	42
Күдіктенушілік	47	48	41	47
Ашушандық	54	53	48	47
Өкпе	50	48	48	47
Кінә сезімі	63	62	55	60
Өшпенділік	50	52	44	52
Агрессивтілік	56	54	50	53


Кестеден, дамытушы-түзетуші бағдарламадан соң, эксперименттік топтың көрсеткіштерінің төмендегенін байқаймыз.

Н.Ф.Калин бейімдеген А.В.Лазукиннің «Тұлғаның өзін-өзі белсендіруін диагностикалау» әдістемесінің нәтижелері (Кесте 17) эксперименттік топта (60,33 → 66,1) өзін-өзі белсендірудің жалпы деңгейі бойынша көрсеткіштерінің жоғарылағанын байқатты. Демек, оқытушылар өзін-өзі белсендірудің кәсіби іс-әрекетте және тұлғалық дамуында маңызын саналы түсінгендігі анықталды.

Өзін-өзі белсендірудің көрсеткіштерінің арасында әсіресе уақытқа бағдарлану (7,3 → 8,3), танымға қажеттілігі (7,95→9,5), қарым-қатынастағы иілгіштігі (7,7 →9), аутосимпатия (7,76 → 10,2) қасиеттерінің жағымды оң нәтижеге жоғарылағанын көреміз. Аталған өзін-өзі белсендірудің құраушылары арасындағы байланыстың сенімділігін Стьюденттің Т-критеріі ($t_{ЭМП} = 2,1, p \leq 0.05$) арқылы дәйектелді.

Кесте 17 – Топтардың экспериментке дейін және эксперименттен кейінгі психодиагностикалық әдістемелердің нәтижелері

Әдістеменің атауы	№	Тұлғалық-кәсіби қасиеттердің көрсеткіштері	Экспериментке дейін		Эксперименттен кейін	
			Эксперименттік топ (n=30)	Бақылау тобы (n=42)	Эксперименттік топ (n=30)	Бақылау тобы (n=42)
			Ұпайларының орташа көрсеткіштері			
Тұлғаның өзбелсенділігін диагностикалау	1	Өзін-өзі белсендіру	60,33	61,2	66,1	61,7
	2	Уақытқа бағдарлану	7,3	6,7	8,3	7,1
	3	Құндылықтар	7,63	7,8	8,1	7,9
	4	Адам табиғатына көзқарасы	7,4	7,5	8,1	7,9
	5	Танымға қажеттілігі	7,9	8,5	9,5	8,2
	6	Шығармашылыққа ұмтылу немесе зияткерлік	7,6	7,9	9,5	8
	7	Автономдылық	8,7	8,2	9,1	8,4
	8	Спонтандылық	7,87	7,5	8,2	7,7
	9	Өзін түсіну	7,65	7,8	8,6	7,8
	10	Аутосимпатия	7,76	7,9	10,2	7,4
	11	Контакттік	8	7,8	8,6	8
	12	Қарым-қатынастағы иілгіштік	7,7	8,1	9	8




1- уақытқа бағдарлану; 2- құндылықтар; 3- адам табиғатына көзқарасы; 4- танымға қажеттілігі; 5 - шығармашылыққа ұмтылу немесе зияткерлік; 6- автономдылық; 7- спонтандылық; 8- өзін түсіну; 9- аутосимпатия; 10- контактілік; 11- қарым-қатынастағы иілгіштігі.

Сурет 5 – Эксперименттік топтың өзін-өзі белсендірудің көрсеткіштері бойынша экспериментке дейін және эксперименттен кейінгі нәтижелері

Кесте 18 – Г.Айзенктің «Психикалық күйді өзіндік бағалауын диагностикалау» әдістемесінің нәтижелері

Әдістеменің атауы	№	Тұлғалық-кәсіби қасиеттердің көрсеткіштері	Экспериментке дейін		Эксперименттен кейін	
			Эксперименттік топ (n=30)	Бақылау тобы (n=42)	Эксперименттік топ (n=30)	Бақылау тобы (n=42)
Психикалық күйді өзіндік бағалауын диагностика	1	Мазасыздану	11,2	13,2	10	13,8
	2	Фрустрация	12,1	10,8	10,5	12
	3	Ригидтілік	10,5	11,8	9,7	12,1
	4	Агрессивтілік	13,3	13	11,3	14
Ұпайларының орташа көрсеткіштері						




Сурет 6 - Г.Айзенктің «Психикалық күйді өзіндік бағалауын диагностикалау» әдістемесінің нәтижелерінің динамикасы

Диаграммадан оқытушылардың жағымсыз эмоционалды күйлерінің төмендегенін байқаймыз. Атап айтсақ, мазасыздану 11,2 → 10-ға, фрустрация 12,1 → 10,5-ке, ригидтілік 10,5 → 9,4-ке, агрессивтілік 13,3 → 11,3-ке төмендеген. Оқытушыларға психотехнологиялық дамытушы-түзетуші бағдарламаны жүргізу барысында «Кәсіби деформация» атты тақырыптағы сабақтарда белсенділік танытып (дәріс оқу барысында сұрақтар қою), қосымша материалдар сұрап, қызығушылықтарының артқандығын байқаған болатынбыз.

Эмоционалды интеллектіні анықтауға арналған тесттің (Н.Холл) нәтижелері:

Кесте 19 - Эмоционалды интеллектіне анықтауға арналған тестінің нәтижелері

Әдістеменің атауы	№	Тұлғалық-кәсіби қасиеттердің көрсеткіштері	Экспериментке дейін		Эксперименттен кейін	
			Эксперименттік топ (n=30)	Бақылау тобы (n=42)	Эксперименттік топ (n=30)	Бақылау тобы (n=42)
Ұпайларының орташа көрсеткіштері						
Эмоционалды интеллектіне анықтауға арналған тест	1	Эмоциялық күйден хабардарлық	10,7	10,7	14	10,9
	2	Өзіндік мотивация	9	9,4	13,8	9,4
	3	Эмпатия	9,9	9,4	10,8	9,7
	4	Өзге адамдардың эмоцияларын басқару	8,3	9	10,5	9,5



Сурет 7 – Оқытушылардың эмоционалды интеллектісінің көрсеткіштері

Мұнда эмоциялық күйден хабардарлық (10,7 → 14) пен өзіндік мотивацияның (9 → 14) деңгейлері жоғарылаған (Кесте 20).

Стреске тұрақтылық типін анықтау барысында, эксперименттік топта экспериментке дейін А тип – 8, Б тип – 4, АБ тип – 18 болса, эксперименттен кейін А тип – 3, Б тип – 13, АБ тип – 14 оқытушыны құраған. Яғни, эксперименттік топта оқытушылардың стреске тұрақтылық қабілеттерінің оң өзгергенін Стюденттің Т-критеріі ($t_{эмп} = 2,33, p \leq 0.05$) арқылы анықталды.

Кесте 20 – Эксперименттік топтың стреске тұрақтылық типінің динамикасы

Стреске тұрақтылық типін анықтау		
эксперименттік топ, (n=30)	Экспериментке дейін	Эксперименттен кейін
А тип (саны, %)	8, 27%	3, 10%
Б тип (саны, %)	4, 13%	13, 43%
АБ тип (саны, %)	18, 60%	14, 47%

Ассоциативті эксперименттің нәтижелері.

Ассоциативті эксперимент эксперименттік және бақылаушы топтарына эксперименттен кейін өткізілді. Мұнда да анықтаушы эксперимент барысында қолданылған ассоциациялар қатары берілді. Бақылаушы тобындағы оқытушылар қалыптастырушы эксперименттің нәтижелерінен айтарлықтай өзгерістерді байқаған жоқпыз.

Ал, эксперименттік топтың «Мен» және «Тұлға» бейнесіне қатысты оқытушылардың көзқарастарының кеңейгенін аңғардық. Психотехнологиялық бағдарламаға қатысқан оқытушылардың жауаптары анықтау эксперименті барысында өздерін жоғары деңгейде жетілдірген оқытушылардың пікірлерімен

сәйкес келді. Олар «Мен» түсінігіне қатысты шебер маман, қабілетті маман, басшы, құзыретті, әлеуетті т.б секілді қасиеттер тұрғысынан баға берді. Әсіресе, «өзімді танымын», «кемелденген тұлғамын», «өзіме сенемін», «мен басшымын» және т.б жағымды өздері туралы пікірлері біраз көбейген, яғни таптаурындары өзгерген. Егер, анықтау эксперименті барысында оқытушылар жауап беруге қиналып, қосымша сұрақтарды көп қойса, ендігіде оқытушылар бірден сенімділіктен жауап берді. Бұдан біз оқытушылардың өздерін кәсіби маман ретінде және өздеріне сенімділіктерінің қалыптасқанын байқадық. Ал, «Тұлға» түсінігіне қатысты тұлғалық-кәсіби қасиеттердің ішінде өзін жетілдірген тұлғаны сипаттайтын қасиеттерді (жауапкершілік, төзімділік, адалдық, қарым-қатынасшылдық, креативтілік, өзін сын тұрғысынан бағалау т.б) атағандары бізді қуантты. Демек, оқытушылар өздерін тұлға тұрғысынан анықтау барысында өздері атаған тұлғалық қасиеттердің мәні мен мағынасын саналы түсінгендерін көрсетті.

Оқытушылардың өзіне деген қатынасын анықтау үшін Өзіндік қатынасын анықтау тест-сауалнамасын (В.В.Столин, С.Р.Пантелеев) өткіздік.

Сонымен, оқытушылардың өзіне жағымды қатынас қалыптасқанын байқадық. Шкалалардың ішінде әсіресе, өзін-өзі сыйлау, аутосимпатия, өзін-өзі түсіну бойынша көрсеткіштері жоғарылаған.

Кесте 21 – Оқытушылардың «Өзіне қатынасын анықтау» тест-сауалнамасының көрсеткіштерінің нәтижелері


№	Шкалалар	Экспериментке дейін		Эксперименттен кейін	
		Эксперименттік топ (n=30)	Бақылау тобы (n=42)	Эксперименттік топ (n=30)	Бақылау тобы (n=42)
Ұпайларының орташа көрсеткіштері					
1	Шкала S —өзіндік «Менін» «қолдау» немесе «қолдамау» сезімі	65	67	72	65
2	Шкала I — өзін-өзі сыйлау	52	54	61	56
3	Шкала II — аутосимпатия;	58	49	63	51
4	Шкала III — басқалардан өзін-өзіне деген жағымды қатынасты күту;	54	56	58	54
5	Шкала IV — өзіне қызығушылық.	52	57	59	53
6	Өзіне сенімділігі	58	47	65	50
7	Күтетін қатынасы	49	51	56	52
8	Өзін-өзі қабылдау	60	58	62	58
9	Өзін-өзі басқару	44	42	46	42
10	Өзін-өзі кінәлау	66	66	60	64
11	Өзіне қызығушылық	66	59	68	60
12	Өзін-өзі түсіну	60	61	72	62

Эксперименттік топтың өзін дамыту бойынша қабілеттерінің жоғарылағанын Стьюденттің Т-критеріі ($t_{ЭМП} = 2, p \leq 0.05$) арқылы анықталды.

ЖОО оқытушыларының тұлғалық-кәсіби қасиеттерінің компоненттерін топтастыру барысында келесіні анықтадық (Кесте 22):

Кесте 22 – ЖОО оқытушыларының тұлғалық-кәсіби қасиеттерінің компоненттерінің көрсеткіштері

ЖОО оқытушыларының тұлғалық-кәсіби қасиеттерінің компоненттері	Экспериментке дейін		Эксперименттен кейін	
	ЭТ (n=30)	БТ (n=42)	ЭТ (n=30)	БТ (n=42)
Тұлғалық	42%	45%	64%	47%
Кәсіби-танымдық	62%	66%	72%	64%
Әлеуметтік-қарым-қатынас	41%	49%	66%	51%
Эмоционалды	52%	48%	73%	47%



Сурет 8 — ЖОО оқытушыларының тұлғалық-кәсіби қасиеттерінің компоненттерінің динамикасы

Сонымен, кестеден ЖОО оқытушыларының тұлғалық-кәсіби қасиеттерінің компоненттерінің көрсеткіштері (тұлғалық 42 → 64, кәсіби-танымдық 62 → 72, әлеуметтік-қарым қатынас 41 → 66, эмоционалды 52 → 73) жоғарылағанын байқаймыз. Жоғарыда көрсетілген көрсеткіштерден психотехнологиялық дамытушы-түзетуші бағдарламасының тиімділігін байқадық.

ҚОРЫТЫНДЫ

«Білім беру субъектілерінің тұлғалық-кәсіби қасиеттерін дамыту» атты диссертациялық зерттеу жұмысының ғылыми болжамы дәлелденіп, бірнеше теориялық және қолданбалы ұғымдар жинақталды. Сонымен, жүргізілген теориялық-әдіснамалық және эксперименттік зерттеу жұмысының нәтижелері төмендегідей қорытындылар жасауға мүмкіндік берді:

Оқытушы – білімді жеткізуші ғана емес, білім алушының бойында адами қасиеттерді қалыптастыратын, адамды жасау борышы міндеттелген жоғары санатты маман. Психологиялық-педагогикалық әдебиеттерде оқытушылардың тұлғасы, оның құрылымы, кәсіби іс-әрекеті мәселесінің жан-жақты қарастырылғанын, оның тұлғалық-кәсіби дамуында алдымен кәсіби деформацияны анықтау мен оны болдырмау және жою мәселерінің зерттеу қажеттілігін көрсетті. Оқытушылардың кәсіби іс-әрекеті – бұл психологиялық, педагогикалық, өндірістік-технологиялық қызметтерден тұратын кіріктірілген іс-әрекеттер жиынтығы. Кәсіби педагогикалық іс-әрекетінің нәтижесі оның көпқызметтілігімен анықталады: дидактикалық (педагогикалық технология, сабақтар, техникалық құралдар және т.б.), психологиялық (жекелік тәжірибие, психологиялық жаңашылдықтар, қабілеттерінің дамуы және т.б.). Оқытушыларының кәсіби іс-әрекеттерінің негізгі нәтижесі тұлғаны кәсіби дамыту болып табылады. Ал, олардың кәсіби іс-әрекетінің негізгі мақсаты – студентке кәсіби білім беру және кәсіби өзін-өзі дамыту үшін үйлесімді орта қалыптастыру болып табылады. Кәсіби іс-әрекетінің пәніне тұлғаға бағдарланған білім беру мен ізгілендіру үдерісін атасақ, негізгі нәтижесі – студенттің тұлғасын дамыту болып табылады. Демек, ЖОО оқытушысы шығармашыл, өзін-өзі дамыта алатын, бәсекеге қабілетті тұлға, мәдениет адамы, тәрбиеші, әдіскер, зерттеуші, субъект болуы қажет.

ЖОО оқытушыларының тұлғалық-кәсіби қасиеттері – өзін-өзі белсендіру контексінде тұлғалық, кәсіби-танымдық, әлеуметтік-қарым-қатынас және эмоционалдық компоненттерден тұратын жүйелі психологиялық білім.

Ғылыми әдебиеттерде тұлғаның қалыптасуына оның оқу мен кәсіби іс-әрекетінің жағымды ықпал ететіні туралы зерттеулер кең орын алған. Алайда тұлғаның жетілуі мезгілімен пайда болатын ішкі және сыртқы, аумалы кезеңдер барысында кәсіби векторының өзгерісіне ұшырайды. Әрбір даму үдерісі сияқты, адамның кәсіби қалыптасуында оның жетілуі мен психикалық жаңашылдықтарға ерісумен қатар тұлғаның деструктивтік өзгерістеріне әкелетін ауытқушылықтары орын алады.

Тұлғаның кәсіби деформациясы - кәсіби іс-әрекеттің табыстылығы мен тұлғаның дамуына жағымсыз әсер ететін іс-әрекет пен күрделі тұлға құрылымының өзгерісімен анықталады. Оқытушы тұлғасының бойындағы бұл өзгерістер оның өмірлік, кәсіби жолында (пайда болу, даму, алдын алу және түзету, жену) пайда болатын тұлғалық қасиеттерінен талап етіледі. Зерттеу жұмысының нәтижесінде біз ЖОО оқытушыларының тұлғалық-кәсіби қасиеттерін анықтап, аталған қасиеттер контексінде кәсіби деформациясын

төрт кеңістікте пайда болатын (тұлғалық, кәсіби-танымдық, әлеуметтік - қарым-қатынас, эмоционалды) өзгеріс деп қарастырамыз.

Әр қоғамның дамуына сәйкес оқытушының тұлғалық-кәсіби қасиеттері мен сапаларына қойылатын талаптар да өзгеріп отырады, теориялық және эксперименттік зерттеу нәтижесінде тек өзін-өзі белсендіретін тұлға ғана қоғамның сұраныстарын қанағаттандыра алады деген қорытындыға келдік. Демек, ЖОО оқытушыларының өзін-өзі белсендіруіне қажеттілігі жоғары болған сайын, кәсіби табыстылығының көрсеткіштерін айқындайтын жағымды тұлғалық қасиеттердің деңгейлері жоғары, ал деформация ретінде орын алатын жағымсыз тұлғалық ерекшеліктердің деңгейлері төмен болатыны математикалық-статистикалық зерттеу нәтижесінде дәйектелді.

ЖОО оқытушылары үшін тұлғалық өсуге бағытталған психотехнологиялық дамытушы-түзетуші бағдарламаның тиімділігі қалыптастырушы эксперименттік жұмыстарының нәтижесінде алынған көрсеткіштердің сандық және сапалық талдау барысында анықталды.

Бұған қоса оқытушылардың тұлғалық өсуге бағытталған психотехнологиялық дамытушы-түзетуші бағдарламасы кәсіби іс-әрекетті тиімді орындауға мүмкіндік беретін кіріктірілген тұлғалық-кәсіби қасиеттерді тұтас дамытуға болатындығын көрсетті. Бұл зерттеу жұмысының маңыздылығын арттырды. Өйткені зерттеу барысында оқытушыларға қажет тұлғалық-кәсіби қасиеттердің сан-алуандығы мен әрбір қасиетті дамытуға арналған уақыт пен ортаны ұйымдастыру жұмыстарының күрделі екені анық.

Аталған қорытынды негізінде бірқатар *ұсыныстар* анықталды.

1. Оқытушылардың тұлғалық-кәсіби қасиеттерін дамытуда олардың тұлғалық-кәсіби дамуына ықпал ететін субъективті факторларды дамытуға бағытталған жұмыстарды жүргізу қажеттілігін ескеру қажет.

2. Психотехнологиялық дамытушы-түзетуші бағдарламасын білім беру саласындағы қызметкерлерді психологияландыру үдерісінде пайдалануға болады.

3. Зерттеу нәтижелері оқытушылардың тұлғалық-кәсіби қасиеттерін дамыту және аталған бағыттағы жаңа зерттеулер жүргізуге негіз бола алады.

Алынған зерттеу нәтижелерін жоғары оқу орындарында, педагогикалық колледждерде және білім беру қызметкерлерін қайта даярлау мен біліктілігін арттыру мекемелерінде қолдануға болады.

Зерттеу мәселесі өзектілігімен қоса күрделі болғандықтан, оның барлық салаларын қамту мүмкін емес. Жаңа психотехнологиялар негізінде оқытушылардың тұлғалық-кәсіби қасиеттерін дамыту, болашақ мұғалімдерді психологияландыру сияқты мәселелерді зерттеу келешектің ісі болып табылады. Өйткені, аталған жұмыста психотехнологияларды кәсіби іс-әрекетінде жүзеге асыру тұлғалық факторды ескеруді талап ететіндігін көрсетті. Біздің ойымызша, мұның өзі әрі қарай зерттеу пәні бола алады.

ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ

- 1 Қазақстан Республикасының «Білім туралы» 2007 жылғы 27 шілдедегі № 319-III Қазақстан Республикасының Заңы (2015.21.07). берілген өзгерістер мен толықтыруларымен) // http://online.zakon.kz/Document/?doc_id=30119920.
- 2 Жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандартын бекіту туралы Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2010 жылғы 19 наурыздағы №130 бұйрығы. – 2010, наурыз // http://online.zakon.kz/Document/?doc_id=30617424.
- 3 Қазақстан Республикасында білім беруді дамытудың 2011-2020 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасын бекіту туралы (2014.12.08. берілген өзгерістер мен толықтырулармен) // http://online.zakon.kz/document/?doc_id=30861872.
- 4 Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә.Назарбаевтың «Қазақстан - 2050» Стратегиясы қалыптасқан мемлекеттің жаңа саяси амалы атты Қазақстан Халқына Жолдауы (желтоқсан, 2012ж) // <http://zholdau.kz/> .
- 5 Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә.Назарбаевтың «Қазақстан жолы – 2050: Бір мақсат, бір мүдде, бір болашақ» атты Қазақстан халқына Жолдауы. - 2014, қаңтар - 17 // http://www.akorda.kz/kz/addresses/addresses_of_president/page_215751_kazakstan-respublikasynyn-prezidenti-n-a-nazarbaevty-n-kazakstan-khalkyna-zholdauy-2014-zhylhy-17-kantar.
- 6 Қазақстан Республикасының президенті Н.Ә.Назарбаевтың Ұлт жоспары «100 нақты қадам» бағдарламасы. - 2015, мамыр - 20 // <http://kazgazeta.kz/?p=30112>.
- 7 Аймауытов Ж. Психология. – Алматы: Рауан, 1995. – 312 б.
- 8 Жұмабаев М. Педагогика. – Алматы: Рауан, 1993. – 154 б.
- 9 Тәжібаев Т. Жалпы психология: оқу құралы. – Алматы: Қазақ ун-ті, 1993. – 240 б.
- 10 Әл-Фараби. Таңдамалы трактаттар / құраст. Ә.Нысанбаев, Ғ. Құрманғалиева, Ж. Сандыбаев. – Алматы: «Арыс» баспасы, 2009. – 656 б.
- 11 Баласағұн Ж. Құтты білік. – Алматы: Өлке, 2006. – 640 б.
- 12 Иүгінеки А. Ақиқат сыйы. – Алматы: Ғылым, 1985. – 152 б.
- 13 Яссауи Қожа Ахмет. Диуани хикмет. – Алматы, 1993. – 260 б.
- 14 Алтынсарин Ы. Таңдамалы педагогикалық мұралары. – Алматы: Ғылым, 1995. – 280 б.
- 15 Абай тағлымы / құрастырған ф.ғ.д., профессор Н.Ғабдуллин. – Алматы: Жазушы, 1986. – 426 б.
- 16 Уәлиханов Ш. Шығармалар жинағы. - Алматы, 1981. – Т. 1. – 388 б.
- 17 Хмель Н.Д. Педагогический процесс как объект профессиональной деятельности учителя. – Алма-Ата, 1978. – 115 с.
- 18 Фрейд З. “Я” и “Оно” // Труды разных лет. – Тбилиси, 1991. – Книга 2. – 425 с.

- 19 Юнг К.Г. Аналитическая психология. - М.: Изд-во МГУ, 1986. – С. 142 - 170.
- 20 Маслоу А. Мотивация и личность. – 3-е изд. – СПб.: Питер, 2003. – 352 с.
- 21 Выготский Л.С. Собрание сочинений: в 6 т. Научное наследство / под ред. М.Г. Ярошевского. – М.: Педагогика, 1984. - Т. 6. - 400 с.
- 22 Леонтьев А.Н. Деятельность. Сознание. Личность. – М.: Изд. полит.литературы, 1975. – С. 176-183.
- 23 Психология индивидуального и группового субъекта / под. ред. А.В.Брушлинского, М.И. Воловиковой.– М., 2002. – 368 с.
- 24 Ананьев Б.Г. Человек как предмет познания. – Л., 1987. – 264 с.
- 25 Сарыбеков М.Н. Теория и практика экологической подготовки будущих учителей: автореф. ... док. пед. наук. – Тараз, 1998. – 42 с.
- 26 Калюжный А.А. Психология формирования имиджа учителя. - Санкт-Петербург, 2004. - 224 с.
- 27 Бейсенбаева А.А. Теория и практика гуманизации школьного образования. –Алматы: Ғылым, 1998. – 225 с.
- 28 Бекмағамбетова Р.К. Личностно-ориентированное образование как педагогическая пролема // Абай ат.Қаз. ҰПУ Хабаршы «Бастауыш мектеп және дене мәдениеті» сериясы. - 2009. - №4(23). – Б. 63-66.
- 29 Хан Н.Н. Теоретические основы сотрудничества в педагогическом процессе образовательной школы: дис. ... док. пед. наук. – Алматы, 1998. – 312 с.
- 30 Жайтапова А.А. Научно-теоретические основы профессионального роста учителей в условиях системы повышения квалификации: дис. ... док. пед. наук. – Алматы, 2005.
- 31 Беркімбаев К.М., Сихымбаева Ж.С., Ахметова Ж. Экологиялық білім беруде ақпараттық-коммуникациялық технологияларды қолдану // Білім. – 2008. - №2. – Б. 22-24.
- 32 Намазбаева Ж.И., Каракулова З.Ш., Лавриненко Н.С. Личностно-профессиональное развитие личности преподавателя в современном вуза: учебное пособие. – Алматы: Каз НПУ им. Абая, 2010. – 90 с.
- 33 Ахтаева Н.С. Теория и практика психологической подготовки преподавателя вуза. – Алматы: Изд. Ұлағат, 2011. – 327 с.
- 34 Урунбасарова Э.А. Эмоционально-волевая сфера личности как важный фактор готовности ппс к профессиональной деятельности // «Жоғары оқу орынынан кейінгі білім беру жағдайындағы ғылыми-педагогикалық әлеуетті дайындаудың өзекті мәселелері» атты халықаралық ғылыми-эксперименттік конференция материалдары. – Алматы, 2012. – 341 с.
- 35 Кусаметова Г.С. Педагогические особенности формирования имиджа преподавателей: дис. ... канд. пед. наук. – Алматы, 2010. – 156 с.
- 36 Зеер Э.Ф., Сыманюк Э.Э. Психология профессиональных деструкций: уч. для вузов. – М.: Академич. проект, 2005. – 240 с.

- 37 Кузьмина Н.В. Предмет акмеологии. – 2-е изд. – СПб.: Политехника, 2002. – 189 с.
- 38 Милорадова Н.Г. Психология и педагогика: учебник. – М.: Гардарики, 2005. – 335 с.
- 39 Психология. учеб. для гуманит. вузов. - 2-е изд. / под общ.ред. В.Н.Дружинина. – Питер, 2009. – 656 с.
- 40 Петровский А.В. Возможности и пути построения общепсихологической теории личности // Вопросы психологии. – М., 1987. - №4. – 192 с.
- 41 Иванников В.А. Понятие личности в психологии // Вопросы психологии. – М., 2009. - №3(1). – С. 4-9.
- 42 Сатова А. К. Теоретико-методологические основы развития личности одаренных старшеклассников и студентов: дис. ... док. псих. наук. – Алматы, 2008. – 240 с.
- 43 Шадриков В.Д. Введение в психологию: мир внутренней жизни человека. – М., 2010. – 352 с.
- 44 Зыкова Н.М. Психология высшей школы: учеб. пособие. – Алматы, 2011. – 126 с.
- 45 Оллпорт Г. Личность в психологии. – М.; СПб.: КСП + Ювента, 1998. – 345 с.
- 46 Қазақстан ұлттық энциклопедиясы / бас ред. Б. Аяған. – Алматы: «Қазақстан энциклопедиясының» редакциясы, 2006. – 704 б.
